ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

А. Ш. Алтаев

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РК "ПОСТРОИМ БУДУЩЕЕ ВМЕСТЕ» - НОВЫЙ ЭТАП СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

Основным лейтмотивом ежегодного Послания Президента РК "Построим будущее вместе» является то, что благодаря, проводимой в республике политике, удалось добиться поступательного экономического роста Казахстана и запустить целый ряд программ по развитию социальной инфраструктуры страны и повышению благосостояния населения.

Н.А. Назарбаев постоянно подчеркивает, что рост материального и социального благосостояния населения является стратегической целью ускоренной модернизации, необходимой предпосылкой и важнейшим условием её успешной реализации.

Из его Послания народу Казахстана, характерен такой лишь один интегрированный показатель прогресса страны. В 1994 году ВВП на душу населения у нас составлял чуть более $700. А к первому января 2011 года он вырос более чем в 12 раз и превысил $9000”

Если во всем мире идет сокращение выплат сотрудникам бюджетной сферы, то в Казахстане с 1 июля 2011 года студенческие стипендии и зарплата бюджетникам будут повышены на 30%.

Отличительной особенностью послания является тот факт, что Президент уделили особое внимание не просто проблемам материального благосостояния народа Казахстана, но и всей социальной сфере республики. В частности, к 2015 году доля объектов жилой недвижимости, требующих капитального ремонта должна снизиться с 32% до 22%, Кроме того, будет проведена масштабная модернизация систем водо-, электро- и газоснабжения, а также обеспечено создание оптимальной модели жилищно-коммунальных отношений. Доля объектов, требующих капитального ремонта, снизится с 32% до 22% к 2015 году. Протяженность модернизированных сетей к 2015 году будет составлять в целом по стране свыше 31 тыс. км”. Важно отметить, что реализация программы модернизации ЖКХ позволит дополнительно создать до 10 тыс. новых рабочих мест ежегодно. В целом в ее реализации примет участие 1,5 млн человек, жителей многоквартирных домов.

Как всегда особое внимание президент уделил состоянию здоровья населения. “В Казахстане будет внедрен комплекс национальных программ наблюдения за состоянием здоровья целевых групп населения”. В первую очередь, по словам президента, такие программы должны быть нацелены на детей, подростков и женщин репродуктивного возраста. “Особенно необходимо сделать расширение доступности медицинской помощи для сельских жителей”, - добавил глава государства.

Отличительной особенностью, предложенных Президентом государственных программ, в первую очередь индустриально-инновационного развития, является наличие четкого механизма, а также экономических и политических условий их реализации. Программы лидера нации не просто декларации, а вполне реальные, имеющие четкую экономическую основу, направления действий. Только в сфере индустриализации “До 2014 года планируется реализовать 294 инвестиционных проекта на сумму более 8 трлн тенге. Будет создано 161 тыс. постоянных рабочих мест, 207 тыс. – на период строительства “Уже есть конкретные результаты реализации индустриальной программы. Мы ввели в эксплуатацию 152 предприятия, обеспечили постоянной работой более 24 тыс. казахстанцев. Всего в стране создано порядка 800 различных производств”, - отметил глава государства. По его словам, “мы начали процесс активного восстановления развития химической и легкой промышленности, совершили рывок в переработке сельхозпродукции”. При этом значительную роль в реализации государственной программы индустриально-инновационного развития отводиться бизнесу. У сильного государства должен быть сильный бизнес, считает глава государства Нурсултан Назарбаев.

Совершенно не случайно, уже сейчас известные специалисты и аналитики, представляющие крупнейшие и авторитетные международные организации, говорят о «казахстанском экономическом чуде».

Не вызывает никакого сомнения, что вряд ли кто-то из действующих политиков, причем не только в нашей республике, но и на всем постсоветском пространстве, сможет предложить более сильную социально-экономическую и политическую платформу.

Для нас, работников образования, очень большое значение имеет поручение Президента правительству разработать механизм перехода университетов к инновационной деятельности. «Необходимо разработать накопительную систему, подобную той, что мы развиваем в "Жилстройсбербанке" в системе ипотечного кредитования. Казахстанцы должны иметь возможность накапливать деньги для обучения своих детей и получать бонусы от государства".

Со времени обретения независимости, казахстанцы убедились, что программы, предложенные Президентом, всегда неукоснительно исполнялись. Мы уверены, что озвученные Главой государства новые грандиозные цели и задачи, вселяющие всему многонациональному народу Казахстана надежды на лучшую жизнь, будут претворены в жизнь. Тем более Президент обещал, "что если мне позволят силы и здоровье, если будет такое единодушие и поддержка народа, я буду работать столько, сколько мне позволят".

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 20 ЖЫЛ

Үстіміздегі 2011 жылы еліміздің тәуелсіздігіне 20 жыл толады. Оқырмандарымызға ел тәуелсіздігінің қандай жолмен келгенін түсіндіру, тәуелсіздік жолында бар өмірін күреспен өткізген тұлғалармен таныстыру, 20 жыл ішінде еліміздің қол жеткізген жетістіктерін насихаттау мақсатында журналымыздың жаңа санынан бастап **«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 20 жыл»** деген жаңа айдар ашып отырмыз. Осыған орай, біз Хабаршының ғылыми редакторы, тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жакен Қожахметұлы Таймағамбетов пен елімізге белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, Қазақ халқының ежелгі және ортағасырлардағы тарихы кафедрасының меңгерушісі, профессор Талас Омарбековке бірнеше сұрақ қойған едік.

1. *Сіздің ойыңызша тәуелсіздікке біз қалай қол жеткіздік, оның қандай алғышарттары болды?*
2. *Тәуелсіздік жолында күрескен қандай тұлғаларды ерекше атар едіңіз?*
3. *1991 жылдың 16 желтоқсаны күнін еске алып көріңізші, ел тәуелсіздігі туралы хабарды естіген кезде қандай әсерде болдыңыз?*
4. *Өзіңіз тарихшы ретінде ел тәуелсіздігінің нығаюына қандай үлес қостым деп ойлайсыз?*
5. *Тарихи тұрғыдан алғанда 20 жыл көп уақыт емес, соған қарамастан еліміздің осы уақыт ішінде қандай жетістіктерін баса айтар едіңіз, қандай бағыттарға көңіл бөлінбей жатыр деп ойлайсыз?*
6. *Отандық тарих ғылымы сіздің ойыңызша 20 жыл ішінде қандай табыстарға қол жеткізіп, қалай дамуда?*



Тарих ғылымдарының докторы, профессор Жакен Қожахметұлы Таймағамбетов

1. Многие ошибаются, когда думают, что независимость пришла к нам случайно или ее нам преподнесли. Однако, это не так. Борьба казахского народа за свою независимость была перманентной. На каждом историческом отрезке времени она видоизменялась. Если в XIX веке эта борьба носила характер вооруженного противостояния и востании, то в начале XX века национальная буржуазно-демократическая интеллигенция стала добиваться статуса автономии законным путем, путем реформ и реструктуризации госуправления. Пример, первый пункт Программы партии Алаш «О государственном устройстве», где декларировалось, что Россия должна стать федеративной республикой с президентским правлением, а Казахстан должен был входить в её состав как национально-территориальная автономия. В советский период казахскому народу приходилось вести постоянную борьбу за сохранение своей идентификации. В 30-е годы наша независимость была «оплачена» жизнями миллионов казахов погибших от голода и репресии. Немного позже, чуть не сгинул весь цвет нации! Можете ли Вы представить сегодня культуру и науку казахов без М. Ауезова, К. Сатпаева, М. Тулебаева, Е. Бекмаханова и многих других, которым удалось выжить в жерновах сталинских репрессий. А ведь за одну только игру на домбре и изучения творчества учеников Абая людей обвиняли в феодально-буржуазной пропаганде. Но все равно, несмотря ни на какие испытания в «лаборатории дружбы народов», как называли республику, нам удалось сохранить свою культуру, язык, обычаи и традиции. И этого наши предшественники добивались в борьбе, когда отстаивали свои позиции и взгляды перед центром по поводу организации немецкой автономии на территории Акмолинской области, и

тогда, когда в декабре 1986 года казахская молодежь встала на защиту своих прав и достоинства! И как после этого можно говорить о каких-то случайностях в обретении независимости?

2. На мой взгляд, уместно назвать султанов Керея и Жанибека, затем наиболее крупных казахских ханов Касым-хана, Тауекел-хана, Тауке-хана. Особенно выделить хана Абулхаира, Аблая, Кенесары, затем интеллигенцию прошлого столетия. В первую очередь, хочу отметить всех представителей движения «Алаш» - А. Бокейханова, А. Байтурсынова, М. Жумабаева и многих других. Люди которые отдали свои жизни за идею автономии и свободу своего народа. И самое главное, они добились признания автономии большевиками и мы получили свою свободу.

Особо хочу отметить небезизвестного политического деятеля Жумабека Ташенева. Вот это личность, бросить вызов самому Н.С.Хрущеву. Сегодня целостность территории Республики Казахстан это полностью его заслуга. И конечно, выделить выдающегося Д.А. Кунаева, многие годы руководившегося республикой. Весь наш потенциал который мы имеем сегодня складывался в годы его руководства.

Так же, хочу отметить, казахских писателей и композиторов, которые своим творчеством сохранили народный дух свободы, национальную гордость и непреклонность! Это не «дворцовые» поэты и писатели. Это те, кто наперекор советскому режиму творил и писал о народе и для народа. Это И. Есенберлин, М. Магауин, К. Жумадилов, Ш. Калдаяков и все те, у кого главным героем их произведении выступает народ, кто писал о национальных интересах.

3. В политическом плане это было очень сложное время. Августовский путч 1991 года, закулисные игры и полнейшая неразбериха в руководстве Советского Союза. И здесь хотелось бы отметить усилия Н.А.Назарбаева по недопущению хаоса в стране, сохранению целостности, его инициативы по заключению добровольного экономического союза. Но, тем не менее, распад союза состоялся. И 16 декабря 1991 года, когда был принят Закон «О государственной независимости» Республики Казахстан, я был рад за свой народ, страну и горд за своего Президента. И в этом году мы празднуем 20-летний юбилей независимости. Наша страна доказала всему миру свою состоятельность. Независимый Казахстан – сильное, стабильное и развивающееся молодое государство с большим будущим.

4. Я никогда не ставил целью своей работы выполнять что-либо ради какого-то события, я просто честно и добросовестно стараюсь делать свою работу. В начале 90-х годов многие, в силу объективных, экономических причин ушли из науки. В это трудное время, мне помогли российские коллеги-археологи, директор Института археологии СО РАН академик Деревянко А.П., который в течении нескольких лет выделял финансовые средства на проведение археологических исследований на территории Казахстана и помог опубликовать около 10 монографий в издательстве своего Института, не говоря о десятках научных статьях. Я не предал казахстанскую науку. В этом, наверное, частица моего вклада в укрепление независимости страны. Постепенно наше государство увеличивало финансирование на научные исследования. Все проблемы решены с момента принятия программы «Культурное наследие». В 2004 году учеными Казахстана, в том числе и КазНУ им. аль-Фараби, проведена большая работа по созданию целостной системы изучения культурного наследия страны, воссозданию значительных историко-культурных и архитектурных памятников. Первый этап проекта предполагал работы по поиску, обследованию и сбору архивного, историко-археологического материала. На втором этапе накопленный материал, уже в виде открытых и отреставрированных памятников истории и культуры, через средства массовой информации, опубликованных научных работ стал широко известен обществу. В 2008 году принята Концепция национального стратегического проекта «Культурное наследие» на 2009–2011 годы, что, по сути, является третьим этапом национального проекта. Если первый этап — это поиск, второй этап — унаследование и введение результатов в научный оборот, то третий этап — это вовлечение и реализация полученных выводов в учебный процесс не только высших учебных заведений, но и общеобразовательных школ республики.

5. Большим достижением независимого Казахстана следует считать то, что история Казахстана за эти годы состоялась как научная дисциплина и предмет обучения. В связи с этим нужно признать труд и усилия ученых-историков страны. Есть академическое многотомное издание «История Казахстана», хорошие учебники, пособия, монографии, которые написаны в независимом Казахстане.

История Казахстана как научная дисциплина еще молода, и, как и во всяком новом деле,

нужно еще многое сделать для ее развития. Например, необходимо много работать в плане усиления теоретико-методических аспектов, категориального аппарата, особенно это касается учебников на казахском языке, где нет четкости в терминологии, переводах и т.д.

6. Считаю целесообразным увеличить количество академического времени на изучение дисциплин по истории Казахстана, как для студентов-историков, так и для студентов неисторических факультетов. Для этого необходимо к обязательной базовой дисциплине «История Казахстана» дополнительно ввести курс по изучению истории независимого Казахстана. Это позволило бы студентам изучать историю Казахстана с древнейших времен до современности в контексте евразийского и центральноазиатского исторического, государственного, политического и этнокультурного процесса. Это также позволило бы им понять эволюционную спираль поступательного развития государства от племенных союзов к полиэтническому сообществу современного типа, осмыслить параллели истории казахского народа с сопредельными регионами и дальним зарубежьем, изучить историю построения суверенного и независимого государства.

На мой взгляд, на сегодняшний день в преподавании исторических дисциплин в стране на современном этапе имеются существенные позитивные сдвиги. Прежде всего, это приоритет изучения отечественной истории, воспитание национального самосознания, личностная ориентация исторического образования, отказ от догматизированной парадигмы. Это также ориентация исторического образования на результативность, на формирование модели образования, требующей смены роли ученика с пассивного получателя знаний на активный субъект образовательного процесса.



Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков

1. Тәуелсіздік оңайға түскен жоқ, оның алғы шарттары, әрине Мәскуден басталған қайта құру мен жариялылық науқаны болды. Осы кезеңде халқымыз жылдар бойы ішіне сақтап келген ұлттық намысын сыртқа шығаруға мүмкіндік алды. Қазақ тіліне байланысты, тарихымыздың айтылмай келген «ақтаңдақтарының» жариялануына мүмкіндіктер туды. Коммунистік партияның ұлтқа қарсы бағытталған екі жүзді саясатының сынауға да жағдайлар жасалды. Бірақ ұлттың арманы толық орындалған жоқ. Әсіресе саяси мәселелер, мемлекеттік тәуелсіздік мәселесі бұрынғыша назардан тыс қала берді. Бұл 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінде айқын көрініс берді. Халық қазақ ұлты мемлекетінің тәуелді екендігін айқын байқады. Оның үстіне Мәскеудің ашық қарсылығы, қандайда да болмасын ұлттық талаптарды күшпен жаныштап тастауға бейім тұруы елдің наразылығын өршіте түсті. Менің ойымша мұның өзі елдің тәуелсіздікке деген құштарлығын арттыра түскен негізгі алғышарт болды.

2. Әрине, алғашқы орында тәуелсіздік алудың саяси жолдарын іздестіреген Елбасымыз тұр. Ол кісі Қазақстанға тәуелсіздік алу мүмкіндіктерін бейбіт жолмен реттеуге тырысқан бірден-бір көреген қайраткер. Сонымен бірге елді тәуелсіздік үшін күреске жұмылдырған «Азат», «Желтоқсан» тәрізді қозғалыстармен партияларды ұйымдастырған азаматтарды айтпауға болмас. Олардың арасында Сәбетқазы Ақатаев, Хасен Қожа-Ахмет, Михаил Есеналиев, Мұхтар Шаханов тәрізді азаматтар бар. Олар елдің ұлттық намысын ұштап, халықты тәуелсіздікке жету жолындағы күрестерге жұмылдыра білді.

3. Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге алған сене қоймадым. Алайда солай болғанын түсінгеннен соң еліміздің тәуелсіздік алатынына ешбір күдіктене қойған жоқпын. Оның үстіне біздің тәуелсіздігімізді алғашқы болып Түрік мемлекетінің қолдауы саяси болашаққа сенімді арттыра түсті. Ұзақ жылдар бойы көкейде жүрген арман -тілектің жүзеге асқаны осы болар деп жүрегім жарыла қуандым.

4. Қайта құру жылдарында тарихымыздың айтылмай келген ақтаңдақтар туралы алғашқы мақаларды жариялай бастадым. Олардың ішінде кейбіреуі біздің мәңгүрттенген және Коммунистік партияға адал берілген зиялылар арасында түсінбеушілік және наразылық тудырды. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Голощекин геноциді» атты мақалам Партия тарихы институты қызметкерлері тарапынан ашық сынға ұшырады. Соған қарамастан ұлтымыздың қасіретін ашық көрсететін тарихи зерттеулер шоғырын көбейте түстім. Ақырында дүниеге «Тарих тағылымы не дейді?», «Зобалаң», «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» тәрізді іргелі монографиялар дүниеге келді. Мұның өзі халқымызға өзінің тарихын жақсырақ білуге көмектесіп қоймай, онымен бірге тәуелсіз елімізде ұлттық сананы қалыптастыруға да едәуір ықпал етті деп ойлаймын.

5. Ең үлкен табыс тәуелсіз елімізде саяси билікке қазақ халқы келді. Қазір Қазақстанды қазақ ұлты басқарып отыр. Бұл біздің ең үлкен жетістігіміз. Екінші жетістігіміз, ана тіліміздің салтанат құруына қол жеткізу. Аса сақтықпен, кейде жалтақтық жасап бұл бағытта да алға басып келеміз. Үшінші жетістігіміз, Қазақстанды мекендейтін басқа халықтар қазақ халқының бұл мемлекеттегі құқығын және жетекші рөлін ашық мойындай бастады. Ендігі мақсат – басқа халықтарды қазақтардың төңірегіне топтастыруға қол жеткізу. Дегенмен де алда тұрған міндеттер аса ауқымды. Ғылым саласында гуманитарлық ғылымдардың маңызын түсіну жағы қоғамда әлі де жетісе бермейді. Тарихымыз, оның ішінде қазақ деген халықтың тарихы әлі де жүйелі түрде жазылған жоқ. Мұнан басқа да алдымызда міндеттер көп. Оларға мән беру жаңа ұрпақтың басты мақсаты болса керек.

6. Тарих саласындағы табысымыз онша елеулі емес. Ең бастысы, көп томдық тарихымызды жазуға жеткілікті мән бермей келеміз. Кеңестік жүйе тұсында қысқа мерзімде жарық көрген 5 томдық «Қазақстан тарихын» он жылдың көлемінде жарыққа шығара алмадық. Тіптен тәуелсіздікке қол жеткізе қоймаған Татарстан тарихшылары қысқа мерзімде 7 томдық «История татар» атты көлемді монографиялық зерттеулерді дүниеге келтірді. Қазақ халқының тарихы туралы еңбектер көптеген қателіктерге жол беріп, тарихымызды толықтырудың орнына оны бұрмалай түсуде. Мықты ғылыми орталық және ғылыми мектеп болмаған жерде мұндай кемшіліктер алда да бола бермек. Осыны ексере отырып олқылықтарды жоюға барынша күш жұмсауымыз керек.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

Г. К. Көкебаева

ТАРИХТЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ: МӘНІ, ҚАЛЫПТАСУЫ, ДАМУЫ

Тарихтың философиясы – тарихи процестің табиғатын анықтаумен, тарихи болмыстың бастаулары мен іргелі принциптерін, тарихтың мәнін іздеумен, тарихтың бағыттарын және көпөлшемділігін айқындаумен, тарихтағы объективтілік пен субъективтіліктің арақатынасын анықтаумен айналысатын философиялық білімнің бір саласы. В.М. Хвостовтың еңбегінде тарихи процесс теориясы мен тарих философиясы мазмұны бірдей түсініктер ретінде берілген [1]. И.А. Гобозов тарих философиясы қоғамға философиялық-тарихи талдау жасайтын ғылым деп түсіндіреді [2]. И.А. Гобозовтың анықтамасы бойынша, тарих философиясы адамзат қоғамы дамуының ішкі мәнді логикасын, тарихи процестің заңдарын, бірлігі мен көптүрлілігін, тарихтың мәнін анықтау, әлеуметтік детерминизм мен әлеуметтік прогресс, тарихи таным, тарихи уақыт және тарихи кеңістік мәселелерін зерттейді. Тарихи процестің табиғатын анықтау, тарихтың мәнін іздеу – тарих философиясының іргелі мәселесі, тарихтың дамуының философиялық концепциялары осы сұрақтарға берген жауаптарына орай жіктеледі. Тарихи процесті түсіндіру болмыс пен сананың, материалдық дүние мен рухани өмірдің, ұжым (халық, топ) мен жеке адамның тарихтағы рөлінің, т.с.с. арақатынасын анықтаудың қандай философиялық заңдылықтарына сүйенеді деген мәселе, сонымен қатар тарихи процесс үнемі прогресті түрде жоғарылау жолымен дами ма әлде оның дамуында қалыптасу, өрлеу, құлдырау, өшу, қайта жандану сияқты циклдар бола ма деген сұраққа көзқарас тарихи зерттеулердің методологиялық әдісін құрайды.

Тарихтың философиясын екі салаға бөледі: біріншісі – тарихтың онтологиялық (субстантивтік) философиясы; екіншісі – тарихтың сыни (аналитикалық) философиясы. Тарихтың онтологиялық (субстантивтік) философиясы мынадай мәселелерді зерттейді: 1) тарих қозғалысының табиғаты, ерекшелігі, себептері және факторлары; 2) тарихтағы қажеттіліктер мен кездейсоқтықтар; тарихтың бағыттылығы және мәні; 3) тарихи процестің қозғаушы күштері; тарихи дамудың жобалық модельдері; 4) тарихтың мазмұны мен ырғағын; өткеннің, қазіргінің және болашақтың арақатынастарының сипаты; 5) тарихи даму жолдарын таңдау мәселесі. Тарихтың сыни (аналитикалық) философиясының зерттеу өрісіне мынадай мәселелер кіреді: 1) тарихи танымның табиғаты және ерекшелігі; тарихи сипаттаудың ерекшелігі; 2) тарихты түсіну және түсіндіру; ғылымға дейінгі және тарихи ғылыми білім; 3) тарихи білімнің құндылық және мәдени маңызы; 4) тарихи білімдегі рационалдық және иррационалдық бастаулар; тарихи білімнің құрылымы мен әдістері; 5) тарихи фактілердің орны мен маңызы; 6) тарихи танымдағы детерминизм, ерік күші, т.б. мәселелер. Аталған мәселелер топтамасы тарихтың онтологиялық (субстантивтік) философиясының зерттеу өрісі тарихи болмысқа қатысты болса, тарихтың сыни (аналитикалық) философиясы тарихи санаға, тарихи танымның логикасына қатысты екендігін көрсетеді (тарихтың сыни немесе аналитикалық философиясын гносеологиялық бағыт деп те атайды).

Тарихтың субстантивтік және аналитикалық философиясы түсініктерінің мәнін және тарих философиясы мен тарихтың арақатынасын анықтау мәселесіне тоқталайық. А.С. Данто тарих философиясы мен тарихтың айырмашылығын былайша түсіндіреді: тарих философиясы бүкіл тарихты тұтастай қарастырып, оның теориясын жасайды, ал тарих бүкіл өткенді тұтастай алып, оның толық бейнесін жасайды [3]. А.Данто «бүкіл тарих» ж»не «бүкіл өткен шақ» деп екі түрлі түсінік беріп отыр. «Бүкіл тарих» дегені – тарих ғылымы, демек, тарихтың философиясы тарих ғылымының ғылымның философиялық мәселелерін зерттейді; ал «бүкіл өткен шақ» дегені – адамзат тарихында болған барлық тарихи оқиғалар мен құбылыстар. (Осы жерде «тарих» түсінігінің өзі екі мағынада қолданылатынын еске түсірейік: 1) тарих – адамзат тарихында болған барлық оқиғалармен құбылыстар; 2) тарих – адмазат тарихын зерттейтін ғылым). Тарихтың теориялық мәселелерін А.Данто «сипаттау теориясы» және «түсіндіру теориясы» деп екіге бөледі. Сипаттау теориясы өткен шақтағы тарихи оқиғалардың құрылымын, ұқсас-

тығын, қайталаушылығын анықтайды, ал түсіндіру теориясы осы оқиғалар құрылымының пайда болу, қайталану себептерін анықтайды. Тарихтың философиясы осы сипаттау және түсіндіру теорияларын жасай отырып, сол арқылы өткен тарихтың бүгінгісі мен болашақтағы даму нышандарын анықтауға талпыныс жасайды. Тарих ғылымы адамзат тарихының, жеке аймақтар, мемлекеттер мен халықтардың тарихының тұтас бейнесін жасаса, тарих философиясы адамзат тарихының пайда болуы, дамуы және перспективаларын түсіндіретін концепцияларды негіздейді. Тарих философиясы зерттейтін мәселелерді қысқаша былайша топтастыруға болады:

– тарих туралы тарихи кезеңдерге қатысты арнаулы терминдер шегінде ой қорытуға мүмкіншілік беретін жалпы философиялық тарихи түсініктер;

– тарихтың біртұтас құрылымын негіздейтін ерекше принциптер;

– тарихтағы еркіндік, қажеттілік және себептілік сияқты философиялық мәселелерді шешуге көзқарас;

– тарихқа философиялық, тарихи және жаратылыстану ғылымдары тұрғысынан талдау жасаудың ерекшеліктері;

– философиялық-тарихи дүниетанымның теориясы мен методологиясы;

– тарихтағы құндылық және тарихтың өзіндік құндылығы;

– тарихтың әлеуметтік-психологиялық мәселелері;

– тарихтың теориясын негіздеу.

Бұл жерде тарихтың философиясы мен историософияның арақатынасын анықтау қажет. Историософия – адамзат тарихын философиялық тұрғыдан ой елегінен өткізу жүйесіндегі өзекті ілім, ол адам, оның тағдыры және міндеті, тарихтың мәні мен мақсаттары, тарихтың басталуы мен аяқталуы сияқты мәселелерді қарастырады. «Историософия» деген түсінікті алғаш рет поляк философы А. Чешковский 1838 жылы Берлинде шыққан «Историософияға кіріспе» деген еңбегінде қолданған болатын. XX ғ. басында шыққан шеттілдерден енген сөздердің анықтамалықтарында және Ф.А. Брокгауз бен И.А. Ефронның энциклопедиялық сөздігінде историософияны «тарихтың философиясы» деп түсіндірген. В.П. Филатовтың түсіндірмесі бойынша, историософия мен тарихтың субстантивтік философиясының мағынасы да, атқарар міндеті де бірдей [4]. В.П.Филатов историософиялық ой түйіндерін христиандық ілімнен табады, ал кейінгі кезеңдерде Дж. Вико, О. Кант, И.Г. Гердер, Г.В.Ф.Гегель, О. Конт, К. Маркс ілімдерінен, П.Я. Чаадаев, А.С. Хомяков, Вл.Соловьев, К.Н.Леонтьев, Н.Я. Данилевскийдің еңбектерімен байланыстырады.

Тарихты философиялық тұрғыдан түсіндіру мифтік санадан философиялық санаға өтуден басталды**.** Адамзат тарихының циклдық даму идеясы мифтік санадан туған болатын. Шумердің Гильгамеш туралы аңыздарында (бұл жалпы адамзат тарихындағы алғашқы мифтік шығарма) тірліктің циклдық сипаты бейнеленген. Ежелгі дәуірдегі Батыс мәдениетінде болмыс ғажайып табиғат, ғарыш әлемі ретінде бейнеленді де, тарих айрықша шындық ретінде қабылданбады. Тарихты Гесиод, Сенека және басқа ежелгі авторлар «алтын заманнан» бастау алатын оқиғалардың тізбегі ретінде қарады, ал Платон, Аристотель сияқты философтар тарихтың дамуын табиғаттағы сияқты пайда болу, даму, жоғалу құбылыстары үнемі қайталанып отыратын циклдар түрінде бейнеледі. Циклдық даму идеясы орта ғасырлық Шығыста жалғастырылды. Мәселен, Әл Бируни үлкен тарихи циклдар идеясын сипаттады, ал Ибн Халдун «Үлгілі мысалдар кітабын» жазып, онда циклдық даму концепциясынына негізделген тарих философиясын жасады. Еуропада христиандық идеяның ықпалымен тарихтың біртұтас сызықтық бейнесі жасалды: тарих дүниенің жаратылуынан бастау алатын құдайдың еркімен болып отыратын тарихи оқиғалар бейнесінде сызық бойымен дамиды, сызықтың соңы «Қатаң сотқа» («Страшный суд») әкеледі, бұл тарихтың аяқталуы, жер жүзіндегі тірліктің бітуі болады. Әлемнің және адамзат тірлігінің аяқталуы, ақырзаманның келетіндігі туралы пайымдайтын ілім ғылымда эсхатология деген атауға ие болды. Эсхатологиялық ұғымға табиғатта жасырын әрекет жасайтын күштің бар екені, қайырымдылық пен зұлымдықтың күресі туралы түсініктер енгізілген. Бұл ілім тарихтың қозғаушы күші – Жазмыш (Провидение), адамзатты алдын-ала белгіленіп қойылған түпкі мақсатқа жетуге итермелейтін Құдайдың бұйрығы. Еуропа мәдениетінде тарихи процестке философиялық талдау жасау дәстүрін Аврелий Августин (Sanktus – Блаженный) бастады, ол тарихқа жазмыштық (провиденциализм) тұрғысынан қарады [5]. Жазмыштық (провиденциализм) – тарихты діни тұрғыдан түсіну, құдайдың адамзатты құтқару мақсатындағы бұйрығымен, болашақты «жазып қоюымен» түсіндіру. Августин адамзат қауымының екі түрін көрсетеді: біріншісі – құдайға емес, өзіне сенген, өзін сүйетін дүнияуи қауым, екіншісі – құдайды сүйетін, өзін төмен санайтын рухани (құдай-

шыл) қауым. Осы рухани қауым адамзаттың тарихи жолын Құдай жолын түсіріп, оларды біріктіруге жетелейді. Августин адамзат тарихын «Библия» негізінде алты кезеңге бөледі. Алтыншы кезең «Қорқынышты сотпен» аяқталады. Ежелгі дәуірде және орта ғасырларда тарих философиясы термині қолданылған жоқ, алайда Гесиод, Аврелий Августин, Ибн Халдунның еңбектерінен тарихи процес туралы философиялық ойлардың элементтерін көреміз.

Тек Өркендеу дәуірінде ғана тарихты дербес шындық ретінде қарау басталды, ал Ағартушылық дәуірінің философтары христиандық эсхатологияға қарсы прогресс туралы идеяны негіздеді. Дж. Вико тарихи процестің және тарихи танымның философиялық теориясын жасады []. Вико тарихи білімнің де ақиқаттылығы табиғаттың ақиқаттылығынан кем түспейтінін дәлелдеу үшін «верум-фактум» принципін ұсынды. Бұл принцип бойынша, кезкелген затты жасаушыға сол затты тану мүмкіндігі де берілген. Тарих, Виконың айтуынша, «азаматтықтың әлемі» болып табылады және оны адамдар жасайды, демек, адамдарда тарихты тану мүмкіндігі де бар. Тарихтағы барлық оқиғалар мен құбылыстар адамның әіс-әрекетінің жемісі, адамдар тарихтың материясы мен формасын жасайды, соның нәтижесінде адамның табиғаты да өзгереді. Алайда адамдар тарихты өз беттерінше, өз қалауы бойынша өзгерте алмайды, өйткені тарихта адамдарға тәуелсіз өзіндік ретжүйе, заңдылықтар мен логика бар. Вико негіздеген тарих философиясында трансценденттік мазмұн бар.

«Тарих философиясы» деген терминді ғылыми айналымға алғаш рет енгізген – француз ағартушысы Вольтер. Вольтер тарихшы оқиғаларды сипаттаумен шектелмей, тарихи процесті философиялық тұрғыдан талдауға, тарихи болмысқа философиялық түсініктеме беруге тиісті деген ой түйінін жасады. Вольтер негіздеген «тарих философиясы» түсінігі дүниежүзілік тарихтың бірлігі мен жалпы бағдары туралы флософиялық ой-түйіндер жасау, тарихи таным туралы философиялық ой қорыту ретінде қолданылды. Жан Жак Руссо тарих философиясының айрықша үлгісін жасады. Руссоның түсіндіруі бойынша, тарих адамдардың табиғи қарабайырлық сәттен шығып, өркениеттік жолға түсуінен басталады. Тарихтың басталуының себептері әртүрлі болуы мүмкін, ал тарихтың болуының мүмкіндігі адамның екі қасиетіне қатысты: біріншісі – адамға ойына келгенін жасауға мүмкіншілік беретін еркіндік, екіншісі – өзін өзі жетілдіруге қабілеттілік. Осы соңғы қасиет адамды табиғи қарабайырлықтан шығарды, адамның бүкіл іс-әрекеті, жақсы әректі де, жаман әрекеті де осы қасиетінен туады. Руссоның еңбектеріндегі тарих философиясын негіздеген ойлардың ішіндегі айрықша маңызды екі идеяны атау қажет, олар – тарихи процестің ішкі қайшылықтарының болатыны туралы және тарихты тоқтату», шегіндіру, қайталату мүмкін еместігі туралы ойлар. Тарихтың қайта оралуының, бұрынғы кезеңді, бұрынғы жағдайды қайта қалпына келтірудің мүмкін еместігінің себебі адамның табиғатындағы өзгерістерге байланысты. Тарихтың әрбір кезеңі, алғашқы қауымдық немесе өркениеттік кезең адамның табиғаты мен дүниетанымының өзгерісінен туған, демек, адам енді өз табиғатына өзі қарсы шығып, алғашқы қарабайырлық кезеңге қайта алмайды. Руссоның бұл ойлары оның тарихты адамның табиғатының, дүниетанымының, көзқарастарының, рухани дүниесінің өзгерістерімен байланыстыратынын көрсетеді.

Неміс философы И.Г. Гердердің «Адамзат тарихы философиясына қатысты идеялар» деген көлемді еңбегі [6] тарих философиясының жеке пәнге айналуына негіз жасады. Гердер аталған еңбегінде тарих философиясын адамзаттың пайда болған сәтінен басталатын біртұтас тарихын зерттейтін ғылым ретінде сипаттайды. Гердер евроцентризмді сынай отырып, тарихи процестің көптүрлілігі, көпнұсқалылық концепциясын негіздеді, тарихтың жалғастылығына, әрбір тарихи кезеңнің өзіндік құндылығына айрықша назар аударды. Әрбір кезеңде тарихи-мәдени дамудың барлық мүмкіншіліктері мен долдары пайдаланылады, мұның өзі тарихи дамудың әртүрлі нұсқаларын қалыптастырады. Гердер адамзат тарихының біртұтастығы идеясын жоққа шығармайды, ол тарихтың біртұтастығы халықтардың дамуының бір ғана жолы, бір ғана түрі бар дегенді білдірмейді, тарих көптүрліліктің бірлігі деген озық ой айтты.

Неміс философы Г.В.Ф. Гегельдің «Тарих философиясы бойынша дәрістер», «Тарих философиясы» атты еңбектері тарихи процестің логикасын ашуға, адамзат тарихының мәнін іздеуге арналды. Гегельдің философиялық ілімінің өзегі – диалектианың әмбебап заңдары мен әлемдік рух идеясы. Рухани және материалдық дүние үнемі дамып отырады, бұл даму мынадай бір ережеге негізделеді: кезкелген құбылыс міндетті түрде өзіне қарама-қарсы құбылысты туғызады. Осы қарама-қарсылықтар өзара күреседі, бұл күрес олардың жаңа, неғұрлым жоғары деңгейде бірігуіне әкеледі, ал осы бірігуден пайда болған жаңа құбылыс өз

кезегінде тағы да қарама-қарсылық туғызады, тағы да күрес басталады, т.с.с. Диалектикалық даму принципі шындықтың барлық қырларын, соның ішінде тарихтың қозғалысын, адам ойының дамуын, табиғатың динамикасын түсіндіруге мүмкіндік береді. Дүниені танудың ең жоғарғы сатысы – әлемдік ақыл-ой, әлемдік рух. Гегель әлемдік тарихты әлемдік рухтың өзіндік даму процесі ретінде бейнеледі. Гегель «әлемдік философиялық тарих» терминін енгізді. Әлемдік философиялық тарихты нақтырақ бейнелеу үшін Гегель тарихнаманы алғашқы тарих, рефлективтік тарих, философиялық тарих деп үш түрге бөлді. Алғашқы тарихтың өкілдері ретінде Гегель Фукидид пен Геродотты атйды, олар өздері куә болған тарихи оқиғаларды баяндады, сондықтан бұл тарихшылардың еңбектерінің мазмұны кеңістік жағынан шектеулі болды. Рефлективтік тарихта материалды баяндау сол оқиғаларға тарихшының қатысуымен байланысты емес. Рефлективтік тарихты Гегель жалпы тарих, прагматикалық тарих, сыни тарих деп бөледі. Философиялық тарихтың (немесе тарихтың философиясының) міндеті тарихты ой елегінен өткізу. Тарихтың философиясы бүкіл әлемдік тарихқа тән жалпы принциптерді іздейді, осы реттегі ең басты принцип – ақыл-ойға сиымдылық. Ақыл-ойа сиымдылық деп Гегель тарихи процестің даму заңдылықтарын айтады. Гегельдің ойынша, шындық атаулының барлығы ақыл-ойға сиымды, ал ақыл-ойға сиымдының барлығы шындық. Келесі принцип – түпкілікті мақсатты іздеу, ал түпкілікті мақсат – еркіндік. Осыдан келіп Гегель мынадай қорытынды жасайды: «әлемдік тарих – еркін санадағы прогресс», бұл прогресті біз оның қажеттілігі арқылы танып-біле аламыз. Тарихтың философиясы халықтар мен мемлекеттердің үнемі еркіндікке ұмтылғанын, сол еркіндік үшін ұзақ уақыт бойы қаншама құрбандықтарға ұшырағанын көрсетеді, дейді Гегель. Тарихтың философиясы еркіндікке жетудің жолдарын іздейді, сондықтан ол адамдардың нақты шын тарихын зерттейді, өйткені адамдардың іс-әрекеті олардың қажеттіліктері мен мүдделерінен туады [7]. Адам-субъект белгілі бір мемлекетте тұрады, сондықтан тарих философиясының басты назары мемлекеттер тарихына аударылады. Тарихтың философиясы мемлекеттер тарихын, әлем тарихын үнемі даму үстінде қарастыруға тиісті. Осылайша Гегель тарихи динамика теориясын жасады. Гегель мен оның неміс тарих философиясындағы ізбасарлары әмбебап тарихи процесс бейнесін жасауға тырысты.

Тарих философиясының даму барысына позитивизм айрықша ықпал жасады. Позитивизм жаратылыстану ғылымдарының орасан зор табыстарға жеткен кезеңінде пайда болды. Чарльз Дарвиннің «Түрлердің табиғи сұрыптау жолымен пайда болуы» деген еңбегі шыққан соң табиғаттың тұрақтылығ туралы идеялардан бас тартып, эволюцияға айрықша көңіл бөлінді. Осылайша бұрын өзгеру, даму тек қана тарихқа қатысты қарастырылса,енді табиғи сфераға да даму, өзгеру тұрғысынан қарайтын болды, демек, тарих пен табиғатқа ортақ «эволюция» түсінігі қолданылатын болды. Мұның өзі тарихты зерттеуге жаратылыстану ғылымдарының әдістерін қолдануға болады деген ой туғызды. Сөйтіп тарихи таным мен жаратылыстану арасындағы принциптік айырмашылық жойылғандай болды. Позитивистердің ойынша, ғылым екі элементтен тұрады: 1) фактілерді анықтау; 2) фактілерді жалпылау жолымен ой қорытып, заңдар жасау. Тарих тек қана фактілерді анықтау мақсатын көздесе, ол ғылым бола алмайды. Жаратылыстану ғылымдары әуелі фактілерді ашады, одан кейін олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға ұмтылады. Сол сияқты тарих та қоғамдық дамудың заңдарын ашуға тиісті. Позитивистер тарихтың міндеті қоғамның өткені мен қазіргісін түсіндіретін және болашағын жобалайтын әмбебап заңдарды ашу деп тапты. Француз позитивизмінің көрінекті өкілі Огюст Конт тарихты жеке ғылым ретінде емес, әлеуметтанудың бір бөлігі ретінде қарауды ұсынды. Әлеуметтануды Конт «ең жоғарғы деңгейдегі тарих» деп атады. Әлеуметтану ғылым тарихшылар тапқан адам өмірінің фактілерінің арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды талдай отырып, тарихты ғылым деңгейіне көтереді. Конт адам рухы дамуының «үш стасыс» туралы әмбебап заңды негіздеді. Ол тарихтың дамуын ежелгі заман мен орта ғасырлардағы теологиялық ойлаудың, XVI-XVIII ғасырлардағы метафизикалық ойлаудың, жаңа дәуірдегі ғылыми (позитивистік) ойлаудың кезектесіп отыруы түрінде бейнелейді. Ойлаудың осы үш түріне қоғам дамуының үш сатысы сәйкес келеді. Конттың түсінігі бойынша, тарихи процесс прогрессивті сызықтық қозғалыс, ал тарихи заңдар физикалық заңдарға ұқсайды. Конт эволюциялық принциптерге айрықша мән берегендіктен тарихтағы революциялардың жағымды маңызын жоққа шығарады. Кейіннен позитивистік көзқарас Ипполит Тэн мен Фердинанд Брюнетьердің мәдени-тарих мектебінде жалғасты. Бұл мектептің өкілдері мәдениетте адамның еркі мен санасынан тыс табиғи

күштердің әрекет жасайтыны туралы идея көтерді, сондықтан олар «позитивистік натуралистер» деген атауға ие болды. Позитивистік натурализм тарихты жаратылыстану ғылымдарының әдісімен зерттеуді тым әсірелеп, абсолюттік шындыққа айналдырды да, соның салдарынан жеке тұлғаның тарихтың субъектісі ретіндегі рөлі мүлде ескерілмей қалды. Ағылшын позитивизмінің өкілі Герберт Спенсер қоғам мен тірі табиғатты салыстыра келіп, қоғамның дамуында да қайталаушылық бар екенін байқап, тарихи фактілерді де себеп-салдарлық тұрғыдан түсіндіруге болады деген ойға келді. Спенсер сыртқы табиғи жағдайлар мен ішкі психологиялық факторлардан жеке адам мен қоғам арасындағы өзара қатынастарды анықтайтын екінші факторлар пайда болады дейді.

Позитивистердің тарихтың ғылым ретіндегі маңызын төмендетуіне француздық «Анналдар» мектебінің өкілдері қарсы шықты. Люсьен Февр мен Марк Блок тарих оқиғаларды сипаттаумен шектелмейді, ол мәселелерді көтереді және шешеді, гипотезалар жасайды деді. Олар тарих ғылымының басты міндеті адам өмірінің барлық жақтарын қамтитын, бүкіл әлеуметтік ғылымдардың өзегі болатын жалпы ауқымды тарих жасау деген идеяны көтерді. Мұндай міндетті орындау үшін тарихтың басқа барлық адам туралы ғылымдармен кең түрде байланыс жасауын қамтамасыз ету қажет [8]. Февр тарих пен барлық әлеуметтік ғылымдардың арасында ішкі мазмұндық бірлік бар деп сенді.

Тарих өте күрделі, көп қатпарлы, көпқырлы процесс, ол адамзат өмірінің материалдық, мәдени-рухани, тағы басқа салаларының барлығын қамтиды. Сондықтан қоғамның дамуындағы басты, өзекті факторды табу қиын. Ал мұндай факторды таппай тұрып, адамдардың іс-әрекетінің мәнін, себеп-салдарын, тарихтың логикасын анықтау мүмкін емес. Ойшылдар сан ғасыр бойына осы факторды іздеумен болды, бұл процесс әлі де жалғасуда. Карл Маркс адамзат қоғамы дамуының өзекті факторы адамдардың материалдық мүдделері деп есептейді. Адамдардың өмір сүруінің көзі – адамның өзі өндіретін материалдық игіліктер, ал қоғамның саяси, рухани, әлеуметтік, т.с.с. салаларының барлығын адамның осы материалдық игіліктерді иемденуге ұмтылушылығы анықтайды.

Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну идеясы алғаш рет К. Маркс пен Ф. Энгельстің 1845-1846 жылдары бірлесіп жазған жұмысы «Неміс идеологиясында» баяндалды. Бұл еңбекте тарих «әрқайсысы өзінен бұрынғы ұрпақтан қалған материалдарды, капиталды, өндіргіш күштерді пайдаланатын жеке ұрпақтардың ауысу жалғастылығы» ретінде түсіндіріледі. Соған орай тарихтың дамуының әрбір кезеңі материалдық игіліктерді өндіру әдістерінің өзгеруімен сипатталды. К. Маркс және марксист зерттеушілер тарихтың дамуын өндіріс құралжабдықтарына меншіктің формасына, таптар мен мемлекеттің дамуына негіздеді. Соған орай қоғамдық-экономикалық формациялардың ауысу тұжырымдамасы жасалды, адамзат тарихының дамуы алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік және социалистік (коммунистік) формациялардың даму тарихы ретінде түсіндірілді. Бір формациядан екінші формацияға өту өндіргіш күштердің даму факторымен анықталды. Қоғамдық-экономикалық формациялар туралы теориясын жасау барысында К. Маркс адамзат қоғамының тарихын кезеңдерге бөлудің басқа критерийлерін де ескерген. Мәселен, «Гегельдік құқық философиясына сын» атты еңбегінде осындай критерийдің бірі ретінде азаматтық қоғам мен мемлекеттің арақатынасы мәселесі аталған. Осы критерий негізінде ежелгі дүние, орта ғасырлар, жаңа дәуір және болашақтың бейнесі көрсетілген. Тарихтың даму бағдарын реттейтін заңдылықтар негізінде болашақты анықтау (детерминизм) марксистік формациялық теорияның басты кемшіліктерінің бірі, өйткені, Р.Дж. Коллингвуд ескерткендей, «тарихшының міндеті – болашақты емес, өткенді зерттеу; егер тарихшылар әлі болмаған болашақ оқиғаларды анықтауға ұмтылса, онда олардың концепциясының кемістігі бар туралы қорытынды жасауға болады». [9]. Әрине, марксизмнің тарихи үрдісті объективтендіру бағытындағы, тарихи үрдістің нақты саласын – әлеуметтік-экономикалық қатынастарды түсіндірудегі жетістіктерін жоққа шығаруға болмайды. Карл Маркс пен Фридрих Энгельс тарихты материалистік тұрғыдан түсіндіру жүйесін жалпы алғанда Людвиг Фейербахтың материализмі мен Гегельдің диалектикасын негізге ала отырып жасады. Жалпы алғанда тарих философиясының марксистік мектебінің ең басты жетістігі ретінде олардың тарихты зерттеудегі материалистік әдісті негіздеуін атау керек. Алайда тарихи үрдісті талдаудың бір ғана тұжырымдамасын мойындап, оны абсолюттендіру, даусыз «таза ғылым» дәрежесіне көтеріп, әрі қарай шығармашылықпен дамытудың орнына таптаурын үлгіге айналдыру кез келген идеяның мәнін өзгертіп, құнсыздандырып жіберетіні белгілі. Тап осы жағдай қазіргі кезде Маркстың тарихты материалистік тұрғыдан

түсіндіру идеясының басынан өтіп жатыр. К.Маркстің өзі кезінде материалистік әдіс оны тарихи зерттеулердегі жетекші өзек ретінде қолданылмай, тарихи фактілерді сапырылыстырып кесудің таптаурын үлгісі ретінде пайдаланылса, онда ол мүлде кері бейнеге ие болатындығын ескерткен болатын.

1. Хвостов В.М. Теория исторического процесса: Очерки по философии и методологии истории. Курс лекций. – Изд.4. –М., 2006. – С.6.

2. Гобозов И.А. Философия истории: проблемы и перспективы // Философия и общество. – 1997. – №2. – С. 163.

3. Данто А.С. Аналитическая философия истории. – М., 2002. – С.11-13.

4. Филатов В.П. История, историософия и методология истории // Наука глазами гуманитария. Сб. ст. – М., 2005. – Глава XVIII.

5. Қараңыз: Августин А. Исповедь Блаженного Августина, епископа Гиппонийского. Пер. с лат. – М., 1991.

6. Гердер. Идеи к философии истории человечества. – М., 1977.

7. Гегель Г. Лекции по философия истории. – СПб., 1993. – С. 71-72.

8. Февр Л. Бои за историю. – М., 1991. – С. 37.

9. Коллингвуд Р.Дж. Идея истории. Автобиография. – М., 1980. – С. 54.

* * *

Статья посвящена изучению поблемы возникновения и становления философии истории. Анализируется сущность философии истории и историософии, взгляды представителей различных философских школ.

* * *

The article is devoted to studying problems of occurrence and formation of history philosophy. The essence of history philosophy and historisophia, sights of representatives of various philosophical schools are analyzed.

Г. Е. Сабденова

АРМЯН ТАРИХШЫСЫ КИРАКОС ГАНДЗАКЕЦИДІҢ ЕҢБЕГІНДЕГІ «МОҢҒОЛ-ТАТАРЛАР» ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Отандық тарихнамада жеткілікті дәрежеде қарастырылмай келе жатқан деректемелердің бірі армян дереккөздері болып табылады. Әрине, кезінде олардың бір бөлігі өткен жүзжылдықтарда-ақ ортағасырлық мәселелерді көтерген бірқатар мамандардың еңбектерінде көтерілді, алайда кеңестік тарих ғылымында моңғолдардың ролін төмендетіп бір жақты, тіпті сыңаржақты қарастыру салдарынан көпшілік жайттарды зерделеуде азды-кемді кемшіліктер орын алғандығы да белгілі. Сондықтан да болар осындай олқылықтардың орнын толтырып, «идеологиялық» тарихнаманың кемшін тұстарын тарих зердесінен қайта өткізу, ортағасырлық дереккөздерінің ғылыми әлуетін қалпына келтіру бүгінгі күннің көкейкесті мәселесіне айналып отыр. Осы ретте кейбір дереккөздері Гетикци, Аравелци деп көрсететін Ганзактық Киракостың «Армения тарихы» атты еңбегі де біршама қызығушылық тудырады. Себебі онда «моңғол-татарлар», олардың тілі мен мәдениеті, Кавказ өңірінде жүргізген ішкісыртқы саясаты, Армения аумағын моңғолдардың жаулап алу тарихының сан қырлы сауалдары көрініс тапқан.

Егер ең алдымен Киракос Гандзакецидің өмір белестеріне тоқталып кететін болсақ, бірқатар зерттеушілердің ұйғарымынша ол (Гандзактық Киракос; армянша Կիրակոս Գանձակեցի) шамамен 1200-1271 жылдары өмір сүрген. Көпшілік зерттеушілер тарапынан оның қайтыс болған жылы нақты анықталғанымен, туған жылдары дәлме-дәл анықтала қойған емес, бірқатар еңбектерде аталмыш жайт 1200-1202 жылдар аралығын қамтиды. Шығыстанушы-мамандар Киракос Гандзакеци өмір жолын былайша жіктеп шыққан: 1215-1225 жылдары Хоранашат шөлді аймағында тіршілік еткен, 1236 жылы жазда моңғолдарға тұтқынға түсіп, күзде қашып шыққан. 1241 жылы 19 мамырда «Армения тарихы» атты шығырмасын жазуға кіріскен. 1250 жылы Нор Гетиктегі диірменші Давидте анафемаға түскен. 1255 жылы Батый мен Мөңке ханға барып, қайтып келе жатқан Хетуммен кездескен. Одан кейін 1260 жылдары Нор Гетиктегі қауымның өміріне белсене араласып, 1268/1269 жылдары Четьи-Минея бойынша жұмысын аяқтаған [1; 2].

Ғылыми айналымға Киракос шығырмасының енуінің де өзіндік тарихы, мәселенің тарихнамасы да бар. Тоқтала кететін бір жайт, армян тарихшысының еңбегі 1858 жылы өз тілінде Воскан Тэр-Георгян Иованнисян басылымымен Мәскеуде жарық көрген. Ал 1865 жылы

Г.Алишан оны Венецияда жарыққа шығарған. Содан соң 1909 жылы Тифлисте (Тбилисиде) қайта басылып шыққан. Бұдан кейін 1946 жылы Бакуде Т. Тер-Гриорьян аударып, жариялаған [3]. Алайда осы нұсқаларды салыстырып тарихшының шығармасын мейлінше кеңінен зерттеп қарастырған мамандардың бірі К.А. Мелик-Оганджанян болып табылады [1]. Ол өз зерттеулерінде еңбек нұсқалары арасындағы азды-кемді өзгешеліктерді түзеді, алғысөз жазып, деректемедегі бірқатар жайттарға тоқталды, тарихшы қарастырған ежелгі және ортағасырлық дереккөздерінің мәнін ашты, тарихи тұлғаларға қатысты түсініктемелер берді.

Айта кететін бір жайт, Киракос Гандзакеци еңбегі толымды түрде жарыққа шықпас бұрынақ патшалық Ресей тарихнамасында да, кеңестік армян тарих ғылымында да мамандар арасында (Патканов, Григорян, т.б.) біршама танымал болған еді. Ондағы мағлұматтар әсіресе армян тарихын жазуға мамандар тарапынан ішінара пайдаланылып келді. Бұл жерде Я.А. Манандян [4], Г.Г. Микаелян [5], А.Г. Иоаннисян [6], т.б. зерттеушілердің еңбектерін ерекше атап кетуге де болады. Олар іргелі еңбектерінде жекелеген проблемаларды қаузауда Киракостың еңбегін кеңінен пайдаланып, оған үнемі сүйеніп отырды.

Ал К.А. Мелик-Оганджанян басылымынан кейін, армян тарихнамасында аталған дереккөзіне біршама кеңінен талдау жасалына бастады. Кейбір мамандар еңбекті жоғары бағалай келіп, ондағы мәліметтер бойынша «моңғол-татарларға» қарсы ұлт-азаттық көтерілістерге ерекше мән берді. Солардың бірі Л.О. Бабаян [7; 8] дереккөзін армян халқының ұлт-азаттық көтерілістерін сипаттайтын және де XIII ғасыр орта тұсындағы таптық күресті де баяндайтын шығарма деп те бағалады. Ол еңбектін құндылығын осы мәселелерді ашып көрсетуімен ғана байланыстырды. Сол себепті де Л.О.Бабаян еңбегінде азды-кемді кеңестік «таптық» идеология көрініс тапқан деп пайымдау жасауға да болады.

Жекелеген мамандар еңбектегі жайттарды ғылыми тұрғыдан нақтылап, текстологиялық ескертулер жасай білді, түзетулер енгізе алды. Бұл бағытта тың зерттеулер жүргізген тарихшылардың арасынан В.Д. Аракелянды айрықша атап кетуге болады. Бұл зерттеуші өз кезегінде Киракос Гандзакеци жете мән бермеген жайттардың мән-жайын таразылап, еңбекті талдаған зерттеушілер жіберген бірен-саран қателіктерге тоқталды да, деректануда қалыптасып отырған проблемалардың кемшін тұстарын саралап өтті, нәтижесінде түйіні түйіткілді біраз мәселелердің басын аша алды [9; 10]. Сондықтан да біздің тарапымыздан В.Д. Аракелян қаламынан туындаған еңбектер қарастырылып отырған осы «Армения тарихын» зерделеуге қосылған қомақты үлес ретінде сипатталынады. Сонымен қатар А. Галстянның «Армянские источники о монголах» атты жинағынан да бірқатар армян дереккөздері, соның ішінде біз қарастырып отырған деректемеден де мәліметтер ұшырасады [11].

Мәселе тарихнамасына қысқаша тоқталғаннан кейін дереккөзін аздап талдап кетуге көшпес бұрын айта кететін бір жайт, Киракос Гандзакеци еңбегі екі бөліктен тұрады. Шығарманың бірінші бөлімінде көне дереккөздері бойынша армян халқының тарихына шолу жасалынса, екінші бөлімінде өзі білетін, өзі көзімен көрген оқиғалар, тарихи құбылыстар сипатталынады. Бірінші бөлімдегі шығарма мәтініне қарағанда, Киракос Гандзакеци көне деректемелермен өте жақсы таныс болған, ол діни еңбектерді, тарихи жазбаларды толығымен меңгерген. Ал жазба ескерткішінің екінші бөлімінде XIII ғасырдағы оқиғалар жан-жақты баяндалынады [1; 2]. Онда армяндық билеушілердің моңғол хандарымен жеке қарым-қатынастары мен еларалық байланыстар, кейбір тарихи кейіпкерлердің ғұмырнамасы сипатталынады, яғни онда «тұлғатануға» көп басымдық беріледі. Автор бірқатар тарихи кейіпкерлер өмірбаяны арқылы XIII ғасырдағы саяси оқиғаларды, құбылыстарды баяндаған, соғыс апаттарын, моңғолдар жүргізген салық жүйесінің зардаптарын, т.б. сипаттап шыққан. Бұған қоса Киракос Гандзакеци христиан болғандықтан, ислам дініне «менменсіне» қарайды, Мұхаммед пайбағамдарды «жалған» пайғамбар, хақ дініміз исламды «жалған» дін ретінде үнемі көрсетіп отыруға тырысады. Христиандар жасаған кез келген іс-әрекеттердің барлығын мақтап, дәріптеп кетуден аянбайды. Автордың бұл әрекетін оның діндарлығымен де түсіндірсе болады. Сонымен қатар «моңғол-татарларға» қатысты жайттарды баяндаған кезде де «мансұқтық» танытады. Алайда оның мұндай қылықтарына назар аударудың қажеті жоқ екендігі де белгілі, тек дерек мәтінін талдаған кезде, барлығына сыни көзбен қарап отырған абзал. Сонда ғана тарихи шындыққа қол жеткізе аламыз.

Киракос Гандзакецидің «Армения тарихы» еңбегіндегі бірқатар тараулар отандық деректануға тікелей қатысы бар. Оның ішінде әсіресе моңғолдардың түр-түсі мен тіліне, дініне қатысты айтқандары қызықты. Бұған кезінде К.А. Мелик-Оганджанян да назар аударып,

Киракос Гандзакецидің «Армения тарихы» еңбегі моңғолтануға қосылатын сүбелі үлес деп бағалаған болатын [1, 87]. Алайда армян тарихшысының айтқан әңгімелерінің кей тұстары нақтылап кетуді қажет ететіндігі де жасырын емес.

Ортағасырлық бұл тарихшы шығармасының «Татарлардың түр-түсінің қысқаша сипаттамасы» атты 32-тарауында «моңғол-татарларға» қатысты қызықты этнологиялық мағлұматтар жинақталған, онда автор былай деп жазады: «Олардың сыртқы келбеті тозақтай болды және жан түршігерлік. Сақалдары өспейді, тек кейбіреулерінің ернінде немесе иегінде бірнеше тал сақал өскен, көздері кішкентай және тез-тез қимылдайды, дауыстары жіңішке және өткір. Олар ұзақ өмір сүреді. Жейтін тамақ болған кезде, олар жиі тамақтанады, қомағайлана ішіп-жейді, ал тамақ жоқ кезде төзімділік танытып аштыққа шыдайды. Адал не арам екендігіне қарамай барлық жануарларды жей береді, әсіресе жылқы етін жегенді ұнатады, оны бірнеше бөлікке жіліктеп, тұзсыз суға қайнатады немесе пісіреді, одан соң майдалап турап, тұзды суға малып алып жейді. Олар түйе секілді отырып та, тізесімен шоқиып та тамақтанады, ал басқалары жай ғана отырып тамақ іше береді. Бір тағамды мырзаларына да, қызметшілеріне де бере береді. Қымыз не шарап ішпес бұрын олардың бірі үлкен ыдысты бір қолымен ұстап, келесі қолына шағын тостаған алады да, оны үлкен ыдысқа батырып алып, ішіндегі сусынды алдымен аспанға, содан соң шығысқа, солтүстік пен оңтүстікке себелейді. Тек осыдан кейін барып, себелеген адам аздап ішеді де, тостағанды үлкендеріне ұсынады. Егер біреу-міреу оларға тағам әкелсе, уланудан сақтанып алдымен тамақты алып келген адамға ішкізіп-жегізеді, тек содан кейін барып өздері жейді және ішеді. Олар қалағандарынша әйел ала береді, алайда әйелдерімен ашыналық қатынасқа түскендерді өлтіреді, ал өздері кездескен жерінде-ақ қымсынбай өзге тайпалық әйелдермен өмір сүре береді. Ұрлыққа жандары қас, тіпті бұл үшін кінәліні өлтіреп те тастайды». Бұл айтылған жайттар, әрине, бірнеше мәселелерді түйіндеуге мүмкіндік береді: біріншіден, автор моңғолоидтық расаны сипаттаған; екіншіден, «моңғол-татарлардың» тағамдану мәдениетіне тоқталған; үшіншіден, отбасылық қатынастарды тізбелеген; төртіншіден, құқықтық қатынастардың бір парасын баяндаған. Аталып көрсеткен жайттар арасынан «бөгде адамның әйелімен жыныстық қатынастарға түскені үшін өлім жазасына кесуді» Шыңғысхан қалыптастырған «Яса» заңдар жинағынан толық көруге болады. Ясаны зерттеген зерттеушілердің барлығы (Г.В. Вернадский, т.б.) ең алдымен осы баптан бастайды. Түркі-моңғолдарда осы баптың ертеден-ақ болғандығын әл-Мәкризи, Рубрук, т.б. жазғандығын және қытай деректемелері бойынша YI ғасырдағы түркілерде де дәл осындай құқықтық әдет болғандығын Садр Максуди Арсал да келтіреді [12].

Сонымен қатар, армян тарихшысы аталған тарауда «моңғол-татарлардың» діни көзқарастары туралы да хабарлама жасаған. Алайда ол аздап қателіктерге бой алдырған, себебі мәтіннің бір жерінде оларда құдай жоқ десе, келесі бір жерінде құдайларының аты «тәңір» деп көрсетеді, нәтижесінде өз сөзіне өзі қарсы шығып отырады. Осыған орай шығарма мәтініне жүгінер болсақ, онда былай деп көрсетіледі: «Құдайға құлшылық ету оларда жоқ, олар ешкімге табынбайды, бірақ құдай есімін жиі айтады, кез келген уақытта атайды. Олар шынайы құдайды мадақтайды ма, жоқ әлде басқа құдайды шақырады ма ол жағы бізге белгісіз, оны тіпті олардың өздері де білмейді. Бірақ әдетте мынаны айтады: олардың билеушісі – қағанға жерді беріп, өзіне аспанды алған Құдайдың туысы». Дегенмен, Киракос Гандзакеци татарлардың діни наным-сенімдерін толық сипаттап бере алған жоқ, сонымен қатар тарихшы келтірген мәліметтерден «моңғол-татарларды» дінсіз етіп көрсетуге ұмтылушылық та байқалатын сияқты.

Алайда тарихшы жерлеу ғұрпына қатысты назар аударарлық мағлұматтар қалдырған. Бұл жөнінде былай делінген: «Ал олардың ішінен біреу қайтыс болса немесе өлтірілсе, бірнеше күн бойы оның мәйітін өздерімен бірге алып та жүреді, өйткені олардың ойынша оған кіріп кеткен жын-пері аузына келгенін айтып, ұзақ уақыт сөйлей береді. Мәйітті өртеген жағдайлар да кездеседі, көбіне мүрдені жерге көмді, терең шұңқырға қойды, қасына қару-жарақ, киім-кешек, алтын, күміс және оның барлық олжасын /мүлкін/ қоса көмді. Егер ол ақсүйектердің бірі болса, құлдар мен күңдерді өлтіріп, онымен қоса жерледі, мұны олар оған қызмет жасауы тиіс деп түсіндіреді. Аттарды да қоса көмді, өйткені олардың айтуынша, онда қантөгіс шайқас болады. Ал қайтыс болған адамды есте сақтап қалу үшін, жылқының қарнын жарып, сол жерден сүйексіз еттердің бәрін алады, бұдан соң ішкі құрылыстар мен сүйектерді өртеді де, бүткіл денесі секілдендіріп терісін тікті. Осыдан кейін, ұзын сырықты үшкірлеп, оны жылқы қарнынан аузына қарай өткізді және оны ағашқа

көтеріп қойды немесе биіктеу жерге орнатты». Бұл жерден қазіргі таңда археологиялық мағлұматтар бойынша анықталып отырған орта-ғасырлық көшпенділердің жерлеу ғұрпын нақты аңғаруға болады. Автор олардың мәйітті өртегенін немесе жерге көмгенін айтады. Мұның өзі «моңғол-татарлардың» көп этникалық құрылым болғанын, олардағы діни көзқарастар алуандығын да аңғартады, яғни белгілі бір тайпалар мүрдені өртесе, келесілері мүрдені жерлегендігі анық. Сонымен қатар, армян тарихшысының мүрдені сүйретіп алып жүрді деуі бекер сияқты, мұнда туысқандарының сүйегін елімізге жеткіземіз деген туыстардың әрекеті болуы да ықтимал. Ал ақсүйектердің жанына құлдар мен күндерін қоса жерлеу ілкі замандардан бері сақталып қалған жосын-жоралғылардың бірі секілді. Мұндай ғұрпты скифология тарихнамасынан жиі кездестіруге болады. Ал мүрдемен бірге жылқыны қоса жерлеу ерте темір дәуірінде кеңінен таралған. Армян тарихшысы айтып отырған «есте сақтау» жоралғысы, кәдуілгі «ас» беру екендігінде дау жоқ. Сонымен қатар теріден тұлып жасау да этнологияда жиі кездесетін құбылыс екендігі белгілі.

Тоқтала кететін бір жайт, тарихшының айтуынша, «татарлардың» тілі жабайы және түсініксіз, сонда да болса ол «моңғол-татарлардың» бірнеше сөздерін былайша атап кетеді: «бога они называют тангри, человека – эрэ, аран, женщину – эме, апджи, отца называют эчка, мать – ака, брата – ага, сестру – акатчи, голову – тирон, глаза – нигун, уши – чикин, бороду – сахал, лицо – йюз, ниур, рот – аман, зуб – схур, сидун, хлеб – отмак, быка – окар, корову – унэн, барана – гойна, ягненка – гурган, козу – иман, лошадь – мори, мула – лоса, верблюда – таман, собаку – нохай, волка – чина, медведя – айтку, лису – хонкан, зайца – таблга, тула, курицу – тахеа, голубя – кокучин, орла – буркуи-гуш, воду – усун, вино – тарасун, море – наур-тангыз, реку – моран-улансу, меч – иолту, лук – ныму, стрелу – сыму, царя – мелик, патрона – ноин, великого патрона – екка ноин, страну – эл, иркан, небо – гога, солнце – наран, луну – сара, звезды – сарга, хутут, свет – отур, ночь – сойни, писца – битикчи, сатану – барахур, элэп и тому подобные варварские названия». Егер мұқтият қарар болсақ, айтылған сөздердің көпшілігі түрік тілді халықтарда осы күнге дейін қолданылып келеді. Моңғолдар да осы аталған кейбір сөздерді әлі күнге дейін сөздік қорында қолданып отыр. Мұнымен қатар бізге белгілі кейбір сөздерді моңғолдар қазіргі таңда басқаша атайды, мысалы аю – баавгай; теңіз – далай; аспан – тэнгэр; әке – аав, эцег; ана – ээж, эх; іні – дуу; аға – ах; тіс – шүд; нан – талх; су – ус; шарап – архи; ай – сар, т.б. Біз бұл жерде армян тарихшысы тарапынан айтылған сөздердің барлығы түрік сөздері деп кесіп айта алмаймыз, себебі ғасырлар қойнауынан бері тілдік атрибуттар, оған қатысты т.б. жайттар өзгерістерге ұшырап отырған. Бұл тарихи заңдылық. Біз тек моңғолдардың құрамында түрік тілді тайпалардың басым болғандығын, олардың сөздерін естіген армян тарихшысы барлығын «татарлық» деп атағандығын, сондықтан да азды-кемді қателіктерге бой алдырғандығын, кейбір сөздердің жазылуын дұрыс бере қоймаған болуы ықтимал екендігін ғана айтып отырмыз.

Шығармасының 20-тарауында Киракос Гандзакеци «татарлардың» қайдан келгендігі жайлы сөз өрбітеді. Ол Қарақорым елінде Шыңғыс-хан қайтыс боларының алдында әскерін және үш ұлын шақырып алып, менің орныма үш ұлымның біреуін таңдаңдар деген кезде, олар кіші ұлына бас иіп, соны хан етіп таңдап алыпты деп жазады. Сонымен қатар, тарихшы оның түрлі жабайы тайпалардан қисасыз көп әскер жинап, жер-жерді жаулап алуға жібергендігін айтады. Нәтижесінде бірқатар елдерді басып алып, олардың Кавказға да жеткендігін сипаттайды. Дегенмен, Киракос Гандзакеци еңбегінде сыни зердеден өткізетін жайттар бар, олардың бірі Шыңғыс-ханның үш емес, төрт ұлы болғандығы тарихи еңбектерден белгілі, алайда мұның өзі таққа мұрагерлік Жошы қайтыс болғаннан кейін көтерілгендігін де аңғартады.

Сондай-ақ Киракос Гандзакеци қалдырған қызықты мағлұматтардың бірі Мөңке ханның тұсында жүргізілген санақ болып табылады. Автор бұл жайлы еңбегінің 57-тарауында былай дейді: «в 703 (1254) году армянского летосчисления Мангу-хан н великий военачальник Батый послали востикана по имени Аргун (получившего еще повелением Гиуг-хана должность главного сборщика царских податей в покоренных странах) и еще одного начальника из рода Батыя, которого звали Тора-ага, с множеством сопровождающих их лиц провести перепись всех племен, находившихся под их властью. И те, получив такой приказ, отправились во все страны исполнить [поручение]. Добрались они до Армении, Грузии, Агаанка и окрестных областей. Начиная с десяти лет и старше всех, кроме женщин, записали в списки». Бұл мәтіннен бірнеше жайттарды аңғаруға болады: біріншіден, билік тізгінін қолға алғаннан кейін

моңғолдық билеушілер санақ жүргізуге мүдделі болды; екіншіден санақ жүргізуге арнайы адамдар тобы бөлініп, мемлекеттік санақ жүргізілді; үшіншіден, санақ жүргізуде өзіндік ерекшеліктер болды, яғни 10 жастан бастап ер адамдар ғана тізімге алынды, әйел адамдар саналған жоқ. Мұның барлығы да тиімді салық саясатын жүргізудің бастамасы еді.

Өз кезегінде автор салық саясатына қатысты да көптеген ақпараттар легін келтіреді. Оның жазуынша, алым-салық салу барысында салықшылар халықты тонаған, оларға қосылып аймақтардың билеушілері де халықты үнемі қанап отырған, нәтижесінде халық күйзеліске ұшыраған. Салықты қоғамның барлық мүшелері (қолөнершілер, балықшылар, кеншілер, ұсталар, т.б.) төлеген. Салықшылар қастарына парсыларды (ирандықтарды) ертіп жүрген. Бұлар арабша хат танитын, есеп-қисапқа жүйрік және алынған алым-салықты есептеп отыратын сауатты адамдар болуы да ықтимал, алайда Киракос Гандзакеци оларға жеккөрінішпен және христандар жауы ретінде қарайды. Расында да, моңғолдар жүргізген салық саясаты қандай еді, оны жүргізу барысы, негізгі бағыты мен нәтижелерінің сипаты қандай деңгейде болды деген проблема отандық тарихнамада көтеріле қоймай жатқан тақырыптардың бірі. Келешекте бұл сауал арнай зерттелуі тиіс.

Киракос Гандзакеци еңбегінің 44-тарауында ханнан келген салық жинаушылардың іс-әрекетін сипаттайды. Олардың арасында шектен шыққан салықшылардың ісін баяндайды. Дегенмен осы тарауда ол Күйік ханнан келген салықшылар табыстың оннан бірін жинағандығын жазады. Мұның өзі ортағасырлық көптеген елдерде болған салық саясаты екендігі белгілі. Сонымен қатар Киракос Гандзакеци салықтан діни қызметкерлердің босатылғандығын да жазады. Ал мұның өзі шіркеу секілді мекемелердің ешқандай кедергісіз дамуына, өзінің ішкі-сыртқы діни саясатын жүргізе беруіне кедергі келтірмегенін де аңғартады.

Ол ортағасырлық Қазақстанның қала мәдениетіне қатысты да жайттарды баяндаған. Бұл жерде Киракос Гандзакеци қазіргі Қазақстан аумағындағы бірқатар қалаларды Хетумнің мағлұматтарына сәйкес атап өтумен шектеледі. Осы жерде оның негізгі мақсаты Хетум саяси ісін дәріптеу болғандығын да ескерген абзал. Еңбегінің 58-тарауында Хетуммен кездесіп сөйлескенін, оның біршама жерлерді (соның ішінде еліміздің аумағындағы Сығанақ, Сауран, Зернұқ, т.б. қалаларда) аралап шыққанын, ханнан шіркеулерден алым-салық алмау жөнінде грамота алғандығын және ол баяндаған қызықты оқиғалар туралы жазады. Сонымен қатар, оның жүрген, келген мерзімін, барған мемлекеттерін толығымен жазып шығады. Сол себепті де Киракос Гандзакецидің еңбегін Хетум сапарының хронологиялық дерегі ретінде де сипаттауға да болады.

Жалпы алғанда, Киракос Гандзакеци шығармасынан көптеген тарихи деректерді кездестіруге болады. Онда Қарақорымнан бастап, Мысырға дейінгі аралықтағы тарихи оқиғалар баяндалынады артық айтпаған болар едік. Еңбекте Арменияда басқа Грузия жерінің де тарихы толымды түрде сипатталынады. Сонымен қатар аталмыш дереккөзінің «тұлғатану» бойынша құндылығы зор. Армян тарихшысы көптеген тарихи тұлғалардың басынан кешкендерін тиянақты түрде сипаттап жазған. Ол Сартақ, Берке, Құлағу, т.б. көптеген мемлекеттік қайраткерлердің тарихын кеңінен тәппіштеп баяндай алған. Мемлекеттік билік үшін тартыстарды, «моңғол-татарлар» тарапынан қалалардың жаулап алыну тарихы, т.б. сауалдар тарихшы назарынан қағыс қалмаған.

Қорыта айтқанда, армян тарихшысы Киракос Гандзакецидің «Армения тарихы» атты еңбегі ортағасырлық кезеңнің құнды дереккөзі болып табылады. Ол қалдырған тарихи ақпараттар легінде ортағасырлық Қазақстан тарихына да қатысты мағлұматтар баршылық, біз олардың бір парасына ғана деректанулық шолу жасап өттік. Келешекте армян тіліндегі дереккөздерін отандық тарихнамада кеңінен пайдалану қажет.

1. Киракос Гандзакеци. История Армении. Предисловие и научно-критический текст К. А. Мелик-Оганджаняна. – Ереван, 1961. – 426 с.

2. Киракос Гандзакеци. История Армении. – М.: Наука, 1976. -357 с.

3. Киракос Гандзакеци. История. Пер. Т. Тэр-Григорьяна. – Баку, 1946.

4. Манандян Я.А. Критический обзор истории армянского народа. – Т. I-III. – Ереван, 1945-1960.

5. Микаелян Г.Г. История Киликийского армянского государства. – Ереван, 1952. – 473 с.

6. Иоаннисян А. Г. Очерки истории армянской освободительной мысли. – Кн. I-II. – Ереван, 1957-1959.

7. Бабаян Л.О. Очерки истории средневековой Армении. – Ереван, 1966. – С. 120-146.

8. Бабаян Л. О. Социально-экономическая и политическая история Армении в XIII-XIV веках. – М., 1969. -336 с.

9. Аракелян В.Д. Текстологические исправления в «Истории Армении» Киракоса Гандзакеци // Историко-филологический журнал, 1969. – № 2.

10. Аракелян В. Д. Киракос Гандзакеци // Историко-филологический журнал, 1972. – № 1.

11. Армянские источники о монголах / Пер.: А.Г. Галстян. - М., 1962. -155 с.

12. Садри Максуди Арсал. Тюркская история и право. – Казань: «Фэн», 2002. - 403 с.

* * *

Статья посвещена труду армянского историка XIII века Киракоса Гандзакеци. Труд этого ученого сообщает достоверные сведения о положении Закавказья и Армении накануне монгольского нашествия, их налоговой политике, взаимоотношениях с господствующей верхушкой завоеванных стран, междоусобной борьбе в этих странах. Имеются в нем сведения по истории Казахстана.

* * *

The Article is sourced from the Armenian history of the XIII century written by Kirakos Gandzaketsi. Work of this scientist gives reliable information on the situation in Transcaucasia and Armenia on the eve of the Mongol invasion, including their tax policy, political and social relations with the dominant apex of the conquered countries, the war in these countries. The history of Kazakhstan during the considered period is also recorded.

Г. А. Сексенбаева

ФОТОДОКУМЕНТЫ: ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

Фотодокумент фиксирует лишь одно мгновенье снимаемого объекта, нередко выявляя мельчайшие детали происходящего события и поэтому может в какой-то мере приравнен к одному кинокадру. Отличительная черта фотодокумента – его способность запечатлеть в статичной, пространственно кадрированной форме мгновение реальности. Исходя из этого исходного момента, характеризующий сугубо техническую особенность фотодокументов как одного из средств запечатления действительности посредством фототехники, исследователь В.М. Магидов выделяет следующие специфические черты фотодокумента:

- способность мгновенно запечатлеть на пленочном или другом носителе информации некоторые факты реальной действительности (что очень важно, учитывая преходящий характер явлений). Отдельный фотокадр в этом случае выступает как техническая репродукция действительности;

- способность остановить «мгновенье» в определенной мере ограничивает возможности познания того, что осталось за пределами фотокадра;

- наличие вполне определенных границ фотокадра, основные компоненты которого находятся в пределах изображенного в фотодокументе. Это особенность учитывается при анализе содержания фотодокумента;

- фотогеничность, характерная для фотодокументов, позволяет запечатлеть одно мгновенье события, явления или факта с присущим им ритмом, движением, что производит впечатление схваченного на лету;

- возможность посредством информации, заключенной в фотодокументе, не только образно представить событие, но и осмыслить его с учетом своеобразия передачи движения в фотографии, её композиционной, пространственно-временной целостности, использования различных приемов съемки;

- наличие разнообразия информации, заключенной в фотодокументе, создает возможность интегрированного представления о действительности, причем этот процесс осуществляется в наиболее активной для восприятия форме;

- широкая доступность изготовления и использования фотодокументов в различных целях;

- возможность использования различных технических средств, способствующих искажению содержания фотоизображения и приводящих в результате к фальсификации событий и фактов, отраженных в фотодокументе (ретушь, фотомонтаж, инсценировка и др.);

- взаимосвязь эстетической и познавательной ценности фотодокументов [1, с. 107].

Таким образом, фотодокументы принадлежат к типу изобразительных источников, способных точно зафиксировать момент реально происходящего процесса или события. Передавая зрительную сторону исторического факта, фотодокумент обычно выхватывает довольно существенные мельчайшие детали события или факта, фиксируя важные подробности свершившегося события.

Специфические, родовые свойства фотографии – её способность запечатлеть быстротекущее мгновение, которое может вобрать в себя образ факта, события, быть обобщением целого ряда явлений, делают фотодокументы одним из своеобразных изобразительных источников и

служат отправным моментом для дальнейшей интерпретации сущности фотодокументов как исторических источников.

Основной массив фотодокументов, которыми комплектуется национальный аудиовизуальный архив, в большинстве своем представляют документальные фотоснимки общественно-политического характера, а также фотодокументы, характеризующие различные сферы экономики, культуры, науки, здравоохранения и т.д. Значительный объем фотодокументов образуется в деятельности редакции газет и журналов. Независимо от тематической направленности и специализации ни один выпуск газеты (общеполитические, специализированные – сельскохозяйственные, транспортные, по вопросам культуры, литературы и т.д.) или журнала (общеполитические, литературно-художественные, отраслевые и др.) практически не обходятся без фотоснимков.

Газеты и журналы как органы периодической печати служат средством массовой информации, агитации и пропаганды о наиболее актуальных событиях, явлениях, фактах общественно-политической, экономической, культурной жизни в нашем обществе и за рубежом. Фотодокументы являются неотъемлемой органической частью газеты и журнала.

Вполне определенная направленность деятельности газет и журналов накладывает отпечаток на использование фотодокументов на их страницах как составного и весьма существенного элемента. Обычно фотодокументы выступают в газетах и журналах в качестве:

- исторического источника о событии или факте общеисторического значения;

- уникального по своему содержанию документа (в особенности это характерно для газет и журналов специализированного профиля);

- разнохарактерной информации о событиях, происходящих в данном обществе и за рубежом, содержание которой может быть с документальной точностью передано фотоизображением;

- иллюстрации литературного текста;

- произведения искусства.

Значение и содержание фотодокументов, помещенных в газете или журнале, находится в прямой зависимости от масштаба периодических изданий и их тематической направленности. Учитывая, что перед газетой и журналом стоят различные задачи в освещении событий и фактов действительности, следует выделить те особенности, которые отличают их деятельность друг от друга и влияют на характер и содержание фотодокументов, публикуемых на их страницах. Для газет характерно:

- оперативное отражение в фотодокументах текущих событий и фактов;

- наиболее доступная для массового потребителя (как по формату, так и по объему издания) популяризация важнейших фотодокументов общеисторической значимости;

- отражение с помощью фотодокументов наиболее типичных, характерных сторон происходящего события или факта;

- использование автором снимка для этой цели максимально выразительных фотографических средств без акцента на незначительные детали;

- использование черно-белых изображений.

Таким образом, фотодокументы, публикуемые в газетах, отвечают основным требованиям прессы: сочетать актуальность и информативность с эмоциональной образностью.

Напротив, для фотодокументов журнального профиля типично:

- менее оперативное, чем это делает газета, освещение событий в фотодокументах;

- отражение отдельных наиболее важных событий и явлений действительности с привлечением для этой цели большего, чем в газете, количества разнообразных по тематике фотоизображений;

- менее широкая сфера издания;

- использование наряду с черно-белыми цветных фотоизображений.

Учитывая вышеуказанные специфические черты газет и журналов, под этой разновидностью фотодокументации понимаются фотодокументы, созданные по заданию редакции республиканских, областных и др. газет и журналов и отложившиеся в фототеках этих учреждений, отражающие различные аспекты жизни общества.

Анализ практики публикации фотодокументов газет и журналов показывает, что они поступают в редакции из двух основных самостоятельных источников:

- от собственных и специальных (в некоторых случаях от внештатных) корреспондентов газет и журналов;

- из редакции фотоинформации республиканских агентств.

Следует отметить, что фотодокументы большинства редакции газет и журналов создаются согласно общередакционному плану. Фотокорреспонденты составляют свои авторские планы в соответствии с заявками отделов

редакции, характером предстоящих событий, а также со своей специализацией и творческими наклонностями.

При изучении фотодокументов необходимо учитывать процесс производства, основные этапы (стадии) создания фотоснимков. Важность этой работы определяется тем, что каждый новый, самостоятельный этап документируется в строгой логической последовательности, в соответствующих видах и разновидностях документов. При документировании каждого этапа сообщается определенная информация об отображенном на пленке факте или событии. Так, в процессе создания фотодокументов намечаются следующие этапы:

- оформление заявки фотокорреспондента;
- выбор фотокорреспондентом объекта съёмки;
- съёмочный процесс и обработка отснятого материала;
- составление фотокорреспондентом аннотации изображения (так называемой текстовки к изображению);
- подготовка комплекта фотоснимков (негативов и позитивов) и аннотации для публикации и других целей.

В связи с последним, актуализируется изучение внешних особенностей фотодокументов, так как помимо изобразительной стороны фотодокументов важное значение для исследователя приобретает определение качественного состояния оригинала изображения, которое может измениться с момента его создания.

Изучение взаимосвязи между отдельными стадиями создания фотодокументов позволяет конкретизировать источниковедческую оценку документов. Существенное значение отводится текстовой сопроводительной документации, возникающие в процессе производства фотодокументов. Текстовая сопроводительная документация не является главным компонентом фотодокументов, однако она играет существенную роль при источниковедческой оценке документа, так как от её наличия и качества зависят степень представления о происхождении и содержании фотодокумента. В аннотации изображения указываются основные сведения об отснятом событии или факте, авторстве, месте события, дате.

При анализе фотодокументов автором было обращено внимание на тот факт, что в комплекте документов отсутствуют статьи, очерки, обычно сопровождающие фотоснимки, которые оказались бы весьма полезными при расшифровке и оценке содержательной стороны источника. Целесообразно в этой связи поставить перед архивом и фототеками вопрос об изменении подобной практики. Для анализа же всех факторов происхождения, источниковед привлекает для этой цели дополнительные сведения других исторических источников, и, в первую очередь, периодические издания, научную, мемуарную литературу и др.

Для правильной и глубокой источниковедческой оценки фотодокументов, как и для других типов источников, большое значение имеет анализ определяющих факторов происхождения, содержания и его композиционно-выразительная сторона. Для оценки фотодокументов немаловажную роль играет характер деятельности учреждения (редакции), по заявкам которого создаётся фотопродукция. Обращение к письменной документации редакции позволит более достоверно оценить значение фотодокументов, так как предварительную оценку им дает редакция-заказчик, которая исходит из:

- актуальности представленного автором снимка;
- идейно-политического содержания фотодокументов как источника информации;
- того, насколько объективно отражаются в фотодокументах события и факты окружающей действительности;
- оценки художественных достоинств, т.е. авторского почерка, его творческого «видения» события, а также мировоззрения фотокорреспондента с учетом того, что снимки наиболее талантливых авторов могут экспонироваться на различных фотовыставках;
- оценки качества исполнения снимка, его фотографических достоинств, в результате которой устанавливается насколько удачно идея снимка выражена в изобразительной форме, и насколько она доступна для эмоционального восприятия [2, с. 196].

Наряду с определением значения и важности зафиксированного в фотодокументе события или факта, внимание обращается на выявление степени новизны отраженных в фотосъёмке событий, их оригинальность. В связи с вышеизложенным, при источниковедческом анализе особую значимость приобретает авторский аспект. Фотография не бесстрастное зеркало мира, художник в фотоискусстве способен выразить своё личное отношение к запечатленному на снимке явлению через ракурс съёмки, распределение света, светотени, передачу своеобразия природы, умение правильно выбрать момент съёмки и т. д.

Специфику фотографии как вида искусства составляет документальность, достоверность изображения, возможность увековечить мгновение. Фотография даёт образ, сочетающий в себе художественную выразительность с достоверностью и в застывшем изображении воплощающий существенный момент действительности.

Документализм, подлинность, реальность - это главное в фотографии. В этом коренном её свойстве кроется причина глобального влияния фотографии на современную культуру. Нехудожественная фотография, т. е. документальная по используемым приёмам и журналистская по функциональному назначению, помимо информационной нагрузки несёт ещё и эстетическую. В фотожурналистике, когда речь идёт о фотохронике - исчерпывающей, протокольно точной информации о событии – индивидуальность автора снимка себя не обнаруживает. Она целиком подчинена фиксации факта, предельной достоверности его отображения. Другое дело в фотопублицистике. Здесь фотограф тоже имеет дело с фактами действительности, однако, их подача осуществляется принципиально в авторском видении, они окрашиваются личной оценкой автора. Документальность и художественность в сфере фотоискусства сливаются, перекрывают друг друга. В целом же современная фотография существует в единстве всех её сторон - идейной и художественной, смысловой и выразительной, социальной и эстетической.

В выборе цвета, жанра, изобразительного языка, специфических приёмов обработки фотоматериалов, личностного отношения фотографа к создаваемому произведению и т. д. проявляются стиль автора.

Направление, характер и сила авторского отклонения от натуралистической, чисто отражательной фотографии и определяют стиль в фотопроизведении. Он может быть сугубо индивидуальным или соответствующим определённой школе, традиции, художественной программе [3, с. 206].

С проблемой стиля тесно связан вопрос о национальном своеобразии фотоискусства. Различные направления в фотографии в разной степени обнаруживают зависимость от национальной культурной традиции. Так, например, репортажная или этнографическо-репортажная фотография непосредственно связана с культурной жизнью народа, с ритмом повседневной жизни, с душой народа в её каждодневных проявлениях.

Своё фотовидение мира автор передает через постижение характера портретируемого. Он должен уловить момент его самораскрытия, уметь находить сокровенное самоизъявление в позе, мимике, выражении лица, фоне и ракурсе подачи, чтобы полнее раскрыть его внутренний мир и своё отношение к нему. Планомерно и последовательно работая над темой, создавая цикл произведений, фотограф не просто фиксирует документальные моменты, со временем превращающиеся в историческую ценность. Не только создаёт информативный банк изобразительных данных, который в зависимости от социологического, этнографического, историического характера может быть по-разному использован. Не просто создаёт художественное произведение, но и выступает как исследователь определённой темы, использующий такую интересную и богатую по своей познавательности и возможностям форму искусства, как фотография. Она превращается при этом в способ художественного познания и оценки снимаемого явления.

В современной теории фотографии как социально-художественного феномена рассматриваются различные аспекты:

- социология фотографии (фотография как документ эпохи, фотопублицистика, способ межличностного общения и средство массовой коммуникации, публицистическое начало в фотографии, на этой основе можно найти и выработать критерии социальной значимости фотопроизведения);

- культурология фотографии (фотография как феномен современной культуры и её место в системе культурных ценностей; в этой сфере определяются критерии культурного значения фотопроизведения);

- психология фотографии (фотография как фиксированная зрительная память и фактор «присутствия» отсутствующего, этот аспект помогает выработать критерий личностной значимости);

- гносеология фотографии (выбор объекта и специфика его отражения в фотографии, безусловное и условное в фотографии, «приближение» и «отдаление» от реальности в фотографии; с этим связаны проблемы жизнеподобия - критерии художеств, правды);

- аксиология фотографии (возможности субъективного отношения к объекту в фотографии, проблемы оценки изображаемого; на этом уровне формируются критерии оценки художественности);

- семиотика фотографии (язык фотоискусства, его алфавит, морфология, синтаксис, грамматика; здесь определяются критерии информативности);

- эстетика фотографии (фотография как эстетический феномен, образно-художественные возможности фотографии, эстетическое богатство мира и его художественное освоение в фотографии, в этом находят выражение критерии эстетической значимости).

Информационный потенциал фотодокументов, как своеобразных источников, сохраняющие для последующего поколения неповторимые факты минувшей и современной истории, неисчерпаем. Его использование в исторических исследованиях предполагает всестороннее источниковедческое изучение этих видов визуальных документов.

1. Магидов В.М. Кинофотофонодокументы как исторический источник //Отечественная история. - 1992. - № 5. – С. 104-116.

2. Пондопуло Г. Фотография и современность: проблемы теории. - М., 1982. – 226 с.

3. Чибисов К.В. Очерки по истории фотографии. - М., 1987. – 336 с.

* * *

Мақалада фотоқұжаттардың деректанулық аспектісіне назар аударылған. Фотоқұжаттар бейнелік деректер көзіне кіреді, олар белгілі бір сәтті және белгілі бір оқиғаны сол күйінде бейнелейді. Тарихи бейнелік фактілерді беру арқылы, болған оқиғаны дәл сол күйінде, болған кезеңмен сәтті толық көрсете алады.

Фотосуреттердің ерекшелігі мен өзіне тән өзгешілігі құбылыстарды болған күйінде бейнелеп, оларды тарихи дерек ретінде құндылығын арта түседі.

* * *

The article analyzes the source study aspects of documentary photographs. Photographs belong to the type of visual sources, the ability to accurately record the time of actual ongoing process or event. Transmitting the visual side of historical fact, photographs are usually quite substantial catches the smallest details of the event or fact, capturing important details of what happened events.

Specific, generic properties of the photos - its ability to capture the swift moment, which can absorb the image of facts, events, to be a generalization of a number of phenomena that make the photographs a distinctive visual sources and serve as a starting point for further interpretation of the essence of documentary photographs as historical sources.

Ф. М. Шамшиденова

«СІБІР ФРОНТИРІ» МӘСЕЛЕСІНІҢ ШЕТЕЛ ТАРИХНАМАСЫНДА СИПАТТАЛУЫ

Қазіргі кезде тарих ғылымында формациялық парадигма өркениеттілікпен қосымша толықтырылды. Осы контексте тарихшылар арасында фронтир теориясы кең етек алуда. Бұл терминді американ зерттеушісі Ф. Тернер Солтүстік Америка штаттарының кеңейту үрдістерін талдау барысында алғаш рет ғылыми айналымға енгізді [1]. Ф. Тернер фронтирді отарлаушы мен жергілікті халық арасындағы өзара әрекет жүзеге асатын жабайылық пен өркениеттің түйіскен жері деп түсінді [1, p.25]. Мұндай әрекет нәтижесінде жаңа қоғам қалыптасады. Ф. Тернердің негізгі концептуалды ұстанымдарын кейіннен Р.А. Байллинтон, М. Ридж, Т.Д. Кларт сияқты американдық зерттеушілер дамытты [2].

Бұл теорияның әдістемелік артықшылығы уақыт пен өнімді компаративизм, тарихи динамизм арасындағы маңызды байланыс мүмкіндігін жасағандығында. Егер жаулау және бейбіт түрде қосылу тұжырымдамасы өткенді сипаттауда нақты болса, ал фронтир теориясы түрлі тәсілдерді қолданып, объективизмге сүйеніп жаңа территорияны игерудің күрделі де көп жақты үрдісін сипаттайды. Осы концептуалды әдіске сәйкес отарлау үрдісінің негізгі факторы синтездеу, қоршаған орта мен абориген халықты игерудегі отаршылардың әлеуметтік практикасы нәтижесінде жаңа қоғам пайда болады. Мұндай тәсіл алғашқы қоныстанушыларды ұзақ уақыт олардың ұрпақтарымен байланыстырады, одан әрі дамудың ерекшелігін түсіндіреді. Фронтир тұжырымдамасы болашағы бар жерлерде отарлау үрдісін салыстыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі тарих ғылымында фронтир теориясы қалыптасу сатысында деп есептейміз. Сібір тарихына қатысты алғанда фронтирді зерттеуде Д.Я. Резунның ғана еңбегін атауға болады [3]. Бұл жұмыс 2001 ж. жазылған, сібір тарихшыларының еңбектеріне сапалы түрде тарихнамалық талдау жасауына қарамастан, осы мәселе

бойынша қазіргі кезде жарияланған еңбектердің бәрін қамтымағанын байқауға болады. Демек, сібір фронтирі жөніндегі жұмыстарды тарихнамалық жағынан сипаттау әлі де қажет деп санаймыз.

Ресей тарих ғылымында Сібірді отарлау тарихына қатысты фронтир теориясын қолдану XX ғ. 90-жж. басына жатқызуға болады. «Сібір фронтирі» контексінде орындалған алғашқы жұмыстарды Томск мемлекеттік университетінің ғалымдары жазды [4]. Одан кейін Ресей Ғылым академиясының Тарих институтының Сібір бөлімшесі және басқа Сібір тарихын зерттеушілердің арқасында бұл тұжырымдама үш ғылыми жинақта [5] және Д.Я. Резунның монографиясында дамыды [6]. Бұл еңбектерде фронтир термині Сібір мен АҚШ-ғы отарлау үрдістерін салыстырғанда ұтымды қолданылған.

Иркутск ғалымы А.Д. Агеев «сібір фронтирінің» ерекшелігін анықтауда өз көзқарасын айтқан алғашқы тарихшылардың қатарына жатады. Автор «сібір фронтирін» «өркениетті түрде қирату» ұғымымен теңестіреді. Ол «өркениетті түрде қирату» «орыс-сібір» және «американдық» фронтир қозғалысы бетпе-бет келген Тынық мұхиттың солтүстік жағында болды деген пікір айтады [7]. Бірақ өркениеттің кездескен жері деген көзқараспен келісе қою қиындау, әрі бұл қирату емес, әлеуметтік тәжірибенің түрлері алмасқан байланыс аймағы болған деген дұрыс болады деп ойлаймыз. Бұл зерттеудің деректік негізі аз. Батыс және орыс отарлауының түйісуі және қарама-қайшылығы деген мәселеге автор баса назар аудара отырып, фронтир мен ішкі отарлау қозғалысы болған үрдістердің жалпы динамикасына мүлдем көңіл қоймаған. А. Агеев әділ, дегенмен де дау туғызатын мына пікірді айтады: «фронтирдің» ерекшелігін анықтайтын үш басты фактор: климат, кеңістік және капитал [7, с.31]. Бұл пайымдама шындыққа сай келмейді, өйткені орыстар Тынық мұхитқа дейінгі аралыққа 50 жылда жетті, ал американ отаршыларына 125 жылдай уақыт керек болды. Батыстан шығысқа дейін созылып жатқан Сібір территориясында метрополия мен периферия арасында коммуникация желісін жасау қиын болды. Бұл жағдай нарықтық қатынастың даму қарқынын төмендетіп, XX ғ. дейін патриархалды натуралды шаруашылық элементтері сақталды.

Сондықтан А.Д. Агеев «сібір фронтирінің» ерекшелігін анықтайтын бірқатар теориялық ережелерді бөліп қараса да, біздің пікірімізше, ол Оралдың ар жағындағы территорияны түрлі дәуірде игеруге тән үрдістердің ерекшелігін бөліп қарамай сібір тарихын біртұтас сипаттаған.

Москвалық зерттеуші Н.Ю. Белаш солтүстік американдық және сібірлік фронтирлердегі үрдістерді салыстырмалы түрде қарастырады [8]. Автор бірінші жұмысында американдық фронтир – американ қоғамының қалыптасу символы, ал ресейлік территорияны игеру тек мемлекеттік вотчинаны кеңейту болды деп санайды [8, с.39]. Н.Ю. Белаш американ қоғамының қалыптасуы Солтүстік Американың абориген халқын оқшауландыру арқылы қалыптасты, ал Ресейдің негізгі халқы бірден мемлекеттік вотчинаның немесе сібір қоғамының бөлігіне айналғанын айтады. Бірақ автор отарлау үрдісінде жеке инициативаның, сонымен бірге сібірдің ерекшелігін шет жақтағы мемлекеттермен салыстырғанда оның рөліне мән бермейді. Автор келесі мақаласында фронтир ұғымын жинақтап, оның территориясын және фронтир халқының ерекшелігін жүйелеуге талпынады [9]. Бұл еңбегінде автор орыс және ағылшын тіліндегі (Д.Бурстин, Т.Джефферсон, Р.Билингтон, М.Бассин, Д.Стивенсон, Ф.Тернер) деректерді көп қолданған. Оның пікірінше, фронтирдің мәні «тұрақсыз тепе-теңдіктің» факторы болғандығында [9, с.82-83]. Тарихшы «фронтир» ұғымының көп деңгейлі болатынына назар аудармайды, сонымен қатар «тұрақсыз тепе-теңдік» деген сипаттамасы түсініксіз. Әрине, автор фронтир «ерекше әлеуметтік шарттың зонасы, ол мемлекеттің юрисдикциясында жатқан территория шекарасы емес, сондықтан тіпті тұрғындары жайғасқан территорияның шекарасы емес» деген маңызды түсініктеме жасайды [9, с.77]. Зерттеуші Сібір мен Америкадағы халықтың фронтирінің ментальды белгілеріне талдау жасайды. Автордың ойынша, «…на краю обжитой территории оказались люди сходной закваски…степенных и благопристойных граждан туманные окраины не манили ни в Америке, ни в России» [9, с.78]. Бұл жерде зерттеуші Л.Н. Гумилевтің пассионар теориясын осы адамдарға қатысты дәлелдеуде қолдану керек еді. Америка мен Сібірдің пассионарилерін жақындастырғаны дұрыс, алайда отарланатын территорияға олардың қатынасын дұрыс сипаттамайды. Оның ойынша, американдық фронтир бейнесінің мәні Америка туралы түсінік «жеруйық», ал Ресейдегі фронтир «қайшылықты өлке (крамольная окраина)» ретінде қабылданды [9, с.78]. Англия мен Ресей бұл жерлерді айдау мен каторга жері деп есептегені белгілі, сондықтан бұл қарама-қарсы қоюына келісе қоймаймыз. Фронтир адамдары да ертегі-

дей жерді прерияда да, Сібірдің қойнауында да ие болғысы келді. Автордың қорытындыларына жасалған талдауларына әдеби бағыт кедергі жасаған сияқты.

«Сібір фронтирі» теориясына Д.Я. Резун айтарлықтай үлес қосты. Оның пікірінше, сібір фронтирінің қалыптасуына климат, рельеф, кеңістік, тарихи фон әсер етті [10]. Оның көзқарасының А.Д. Агеевтен айырмашылығы бар. Тарихи фонның сібір фронтиріне әсерін негіздеу контексінде автор Сібірді игеру бір орталыққа бағынаған Орыс мемлекеті жағдайында жүзеге асып, XVII-XIX ғғ. бойы оның әсері сезілді деген пікір айтады. Автордың «фон» деген сөзді қолдануы түсініксіз, неге отарлау үрдісіне әсер еткен фактор ретінде орталыққа бағынған Ресей мемлекетінің даму деңгейі деп көрсетпейді. Ол фронтирді Ресейдің Сібірдегі мемлекеттік иелігінің шекарасына балауға болмайды, өйткені шекара қарапайым түрде бұлай болмайды деп санайды. Территория ретінде фронтир ұғымы, зерттеушінің ойынша, XVIII ғ. басында салынған бекіністерден төмен жатқан жерлерге қолдануға болатынын айтады. Біздің ойымызша, фронтирдің бұл жергілікті көрінісі, өйткені фронтир территориясы келімсектер мен абориген халықтардың арасындағы қандай да бір бейбіт қатынас болғанда пайда болады. Автор Сібір мен Америка фронтирі арасындағы айырмашылық территория жағынан алғанда ақ американдықтар игерген территория «ешкімдікі емес» болған, шекаралық жер отаршылардан бөлінді; Сібірде адам қоныстанбаған, игерілмеген жерлерді орыс иеліктеріндегі шекарада да, оның ішкі жағынан да кездестіруге болатын. Әрқашан оны игеру Сібір экономикасының дамуындағы жаңа кезең болатын [3, с.40]. Бірақ бұл пайымдама жекені жалпымен теңестіріп, фронтирдің негізгі ұғымын таяздатады.

Фронтирдің территориялық факторы туралы Д.Я. Резунның сипаттамасы, біздің ойымызша, отаршылар мен жергілікті халықтың өзара әрекетіндегі әлеуметтік жағдайдың жетекші ролі туралы пікірді әлсіретеді [3, с.39]. Сайып келгенде Д.Я. Резун фронтирді даму деңгейі әр түрлі екі мәдениеттің кездесу сәті немесе орны («жылжымалы шекара») ретінде анықтайды. Оның пікірінше, біреулер жеріне мән берсе, біреулер өркениеттің кездесу сәтіне назар аударады, бірақ осының бәрі өзара байланысты, өйткені тарихи үрдіс уақыттан және кеңістіктен тыс дами алмайды. Нақ осындай кездесу ақ нәсілдер мен Солтүстік Америкадағы үндістер өркениеті, Оңтүстік Америкадағы испан және үндістер, Сібірде орыстар мен аборигендер өркениетінің кездесуі болды деп түсіну керек [6, с.16]. Сонымен қатар, жеке шекараны terra nullius (ешкімнің жері емес) белгілейтін қоныстанусыз (жаппай миграциясыз) фронтирдің болуы мүмкін емес.

Академик А.А. Алексеев жетекшілігімен шыққан «Азиатская Россия в геополитической и цивилизационной динамике. XVI-XX вв.» ұжымдық зерттеуде «сібір фронтирі» тұжырымын дамытуда жаңа қадам басталғанын байқауға болады. Өзінің алдындағы зерттеушілердің негізгі пікірлеріне ден қоя отырып олар «фронтир облыстары» деген жаңа терминді ұсынады. Авторлар «Фронтир облыстары – бұл құрылу және күйреу зоналары, әлеуметтік өзгерістердің көзі болған ядро мен периферия құрылысының қарама-қайшылығы», - деп бекемдейді [11, с.208].

Бұл терминде фронтир кеңістігінде игерілетін территорияның одан әрі дамуын анықтайтын үрдістер қалыптасты деген идея жатыр. Жоғарыда атлған зерттеушілер фронтирге қарағанда отарлау кең ұғым екенін айтады. Сібірге қатысты Ресей тарихнамасында отарлаудың анықтамасы кешенді сипатта болады. Ол қосылатын территориялар әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани жағынан игеріледі. Фронтир түсінігі тар мағынаны білдіреді, ол автохтонды халықтың отаршылармен кеңістік-жергілікті территориялық өзара әрекетін анықтайды.

Орыс тарихнамасында Сібір тарихындағы болып өткен үдерістерге қатысты отарлау дегеннің орнына «орыс шебі» (русское порубежье) терминін қолданады. Бұл терминдердің өзара қатынасына қатысты анықтамалар да әр түрлі. Мысалы, А.Д. Агеев бұл ұғымдардың мағынасы әр түрлі деп санайды. Д.Я. Резун фронтир мен «орыс шебі» бір мағына береді деп, мынадай тұжырым жасаған: «Тарих ғылымы идеологияға бағынған кезде (Кеңес үкіметі кезеңі. – Ш.Ф.) бұл мәселені объективті түрде зерттеу қиын болды. Идеология былай бұйырды: фронтир – жаман, «орыс шебі» - жақсы» [12, с.3].

Кейіннен басқа да Сібір тарихшылары сыртқы фронтирден басқа ішкі және ішкі өркениет фронтирін бөліп көрсетті. Сөйтіп, олар «фронтир» және «орыс шебі» арасындағы айырмашылықты көрсетіп, мағынасын анықтады.

Қорыта айтқанда, Сібір фронтирі теориясы қалыптасу сатысында болса да, бұл контексте бірнеше жұмыстар жазылғанын жоғарыда сипаттадық. Бұл мәселе бойынша ресейлік тарихнамада негізгі үрдіс жалпы теориялық жұмыстардан ауытқып, фронтир теориясы

аясында сібір тарихының жеке мәселелері сипатталатын еңбектерге көп мән бергенін байқауға болады. Тұжырымдаманың теориялық жағы толық жасала қойған жоқ, сондықтан әлі де талдауды қажет етеді. Сібір фронтирі теориясы негізінде әлі күнге дейін тарихи еңбектерде сипаттала қоймаған этномәдени және этноәлеуметтік үдерістерді зерттеу қажет деп есептейміз.

Идеологиялық ұстанымдарға тәуелсіз кезде болып жатқан пікірталастар орыс тарихының негізгі фактісі – отарлауды теориялық жағынан дамытуға талпыныс жасайды.

1. Turner F. G. The Frontier in American History. N.Y., 1920.

2. Billington R.A. The American Frontier. Wash., 1965; Billington R.A., Ridge M. Westward Expansion: A History of the American Frontier. N.Y., 1982.; Clart T.D. Frontier America: The Story of the Westward Movement. N.Y., 1959.

3. Резун Д.Я. О некоторых моментах осмысления значения фронтира Сибири и Америки в современной отечественной историографии // Фронтир в истории Сибири и Северной Америки в XVII-XX вв. общее и особенное. Новосибирск,2001. - Вып.1. - С.29-54.

4. Американские исследования в Сибири. Томск, 1990.- Вып.1.; Американский и сибирский фронтир. Томск, 1997.-Вып.2.

5. Фронтир в истории Сибири и Северной Америки в XVII-XX вв. общее и особенное. - Новосибирск, 2001-2003.- Вып. 1-3.

6. Резун Д.Я. Сибирь, конец XVI – начало XX века: фронтир в контексте этносоциальных и этнокультурных процессов. - Новосибирск, 2005.

7. Агеев А.Д. Американский «фронтир» и «сибирский рубеж» как факторы цивилизационного разлома // Американский и сибирский фронтир. - Томск, 1997. - Вып.2. - С.30-31.

8. Белаш Н.Ю. Образ фронтира в США и России // Американский и сибирский фронтир. - Томск, 1997. - Вып.2. - С.37-44.

9. Замятина Н.Ю. Зона освоения (фронтир) и ее образ в американской и русской культурах // Общественные науки и современность. - М.,1998. - №5. С.75-88. (*1996 ж. Белаш Н.Ю. қыз кезіндегі фамилиясын Замятинаға өзгертеді*).

10. Резун Д.Я. Предисловие // Фронтир в истории Сибири и Северной Америки в XVII-XX вв. общее и особенное. Новосибирск,2003.-Вып.3.- С.7-8.

11. Азиатская Россия в геополитической и цивилизаионной динамике. XVI-XIX вв. / В.В. Алексеева, Е.В. Алексеева, К.И. Зубкова, И.В. Побережникова. – М., 2004.

12. Ламин В.А., Резун Д.Я. Предисловие // Фронтир в истории Сибири и Северной Америки в XVI-XIX вв. Общее и особенное. – Новосибирск, 2001. – Вып. 1.

* * *

В статье автор рассматривает основные подходы, существующие в зарубежной исторической науке, к проблеме – «сибирский фронтир». На основе работ современных историков-сибиреведов, сделан анализ таких направлений их исследований, как теория фронтира, его содержание в сущностном, социокультурном (цивилизационном), пространственно-временном и терминологическом аспектах.

* * *

The author writes about the fundamental positions of the theory of Siberian frontier, which exist in the modern foreign historiography. The author uses the works of modern Russian, Siberian historians and analyses the theory of frontier, its social, cultural, temporary characteristics.

С. К. Игибаев

ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА

Творческое наследие замечательного сына казахского народа, выдающегося мыслителя, ученого, просветителя-демократа, поборника прогресса и дружбы с русскими и другими народами, путешественника, востоковеда-историка, этнографа, публициста, фольклориста Чокана Чингисовича Валиханова охватывает самые разные аспекты истории народов Центральной и Средней Азии, Казахстана и Западной Сибири.

Чокан Валиханов (полное его имя – Мухаммед – Ханафия, Чокан -прозвище, данное матерью), родился в ноябре 1835 г. в фамильной усадьбе, Срымбете, в доме, построенном по поручению Александра I Айганым-вдове хана Валия. В 1847-1853 гг. Чокан учился в Омском кадетском корпусе. После окончания кадетского корпуса работал в течение пяти лет в Западно-Сибирском генерал-губернаторстве. Ч.Валиханов в возрасте 22 года (27 февраля 1857г.) был избран действительным членом Русского географического общества.

С апреля по июль месяцы 1856 г. Чокан Валиханов принимает участие в составе Иссык-Кульской военно-научной экспедиции. На Иссык-Куле Валиханов интересовался остатками древней городской культуры, оросительных систем, изучал каменные изваяния и памятники архитектуры.

После иссык-кульской экспедиции, в августе 1856 г. Чокан был отправлен в Кульджу для переговоров с китайскими властями относительно налаживания торговых отношений с Китаем, прерванных после того, как была сожжена русская фактория в городе Чугучаке.

По рекомендации Семенова Тянь-Шанского он получает секретное поручение проехать в Кашгарию, закрытую для европейцев. В 1858-1859 гг. Валиханов совершил отважное путешествие в Восточный Туркестан под видом купца.

Попытки европейских ученых проникнуть в Кашгарию заканчивались неудачно, а порой и трагически. Так, в 1857 г. в Кашгаре погиб известный немецкий путешественник и исследователь Адольф Шлагинтвейт. Первые достоверные сведения об обстоятельствах его гибели были доставлены Ч.Валихановым.

Ч.Валиханов в своих исследованиях затрагивает актуальные, но до сегодняшнего дня, слабоизученные вопросы истории народов, живших на огромном пространстве Центральной Азии в древности, средневековье и новое время. За 220 лет до Р.Х. с границ северо-западного Китая, с Долгой стены двинулись на запад юечжи,- утверждает автор. Они заняли территорию Восточного Туркестана: Илийский округ, Семиречье и озеро Иссык-Куль, вытеснив народ сэ, т.е.саков. Эти места –прекрасные стойбища для кочевых народов, конечно, были любимыми кочевьями их с древнейших времен. По китайским источникам,- пишет ученый-востоковед,- через эти места проходили, на этих местах утвердились и сильные орды. Усуни, изгнав юечжей, основывают здесь свою орду. Усуни были сильные. Семь столетий здесь жили усуни. В VI веке утвердились тут гаогюй (уйгуры) и после дулцы (дулу - древнейшее тюркское племя Алтая и Семиречья). Мнение Ч.Валиханова относительно этнической принадлежности юечжи отличается от общепринятого утверждения, рассматривающего юечжи как восточную ветвь ираноязычных сакских племен, обитавших на территории Восточного Туркестана.

Ч.Ч.Валиханов считал, что юежчи являются тюркским народом: « Нет сомнения, что юечжи кочевой народ, занявший нынешний Хорезм, где и ныне кочуют туркмены, и потом распростершый свое влияние на весь Туран, были тюрки, низвергавшиеся впоследствии на Азию под именем селджуков, османов, каракойлу и аккойлу. Кангюй и западные дулгасцы тоже утвердились в Туране, и , по свидетельству китайцев, последние граничили далеко на западе с Фолинь (Византией)» [1, с.284].

На основе использования сочинения Абулгазы (1603-1664 гг.) Ч.Валиханов рассуждал о древних жителях Иссык-Куля : «Огузхан (т.е. правитель гуннов Модэ –И.С.) имел здесь зимовье. У Абулгазы, в сказаниях его о тюрках, озеро Иссык-Куль является колыбелью тюрков. До нашествия Чингиз-хана тут были канглы. Озеро Иссык-Куль, Чуй и Талас суть кочевые места канглов»[2, с.28].

По мнению Ч.Валиханова, еще в древние времена, часть населения Илийской долины, Семиречья вела оседлый образ жизни. В средние века оседлость здесь сильно распространялась, особенно в Илийской долине. Города Алмалык (ныне Туркестанское селение), Хонакай и Кайнак (существующая и теперь) и Алмату (где ныне укрепление Верное) были известны по своей торговле и служили станциями на большой дороге, по которой ходили генуэзские купцы в Китай и кипчаковские послы к великому хану [3, с.332]

В отличие от общего мнения, Чокан Валиханов считал, что Чудские копи – древние выработки, характеризующие горное дело эпохи бронзы, разрабатывали скорее не финны, а предки тюрков. «Исторические данные нам говорят, напротив, более в пользу тюрков, чем финнов, потому что тугю, по свидетельству китайцев были рудокопами жужанского дома, а при покорении Сибири одно тюркское поколение было названо кузнецким, потому что оно исключительно занималось сплавкой руд и снабжало металлическими изделиями соседних монголов и финнов» [1, с.224]. Эту версию Ч.Валиханова ранее высказывали В.Татищев, П.С.Паллас.

Ч.Валиханов подчеркивает, что Алтай и Енисей были колыбелью тюрков и монголов, и племена, живущие в юго-восточной Сибири, сохраняли до сих пор чистоту тюркского языка и обычаев [4, с.294].Страна эта, наши степи, были заняты до монгольского периода истории тюрками коренными. Были народы, которые по происхождению принадлежали к другому поколению, но подчинились тюркскому языку и тюркским нравам.

Важное место занимает вопрос о времени сложения казахского народа и образования казахского государство - ханства. Валиханов писал: Все три орды, составляющие союз *казах*, считают своим родоначальником некоего Алача, что значит чужеземец, или, буквально, не наш. Кто такой был Алача, откуда он взялся,

народное предание повествует различно [5,с.308]. Исследователь старался установить время сложения казахского народа на основе использования народных преданий в качестве источников. Алаш, согласно казахским преданиям, был объединителем союза казахов: «Предание говорит определеннее: Аксак Темир (Тамерлан) в первый свой поход на Тохтамыша, проходя через кочевье казаков Каракума, заметил их, разгромил их улусы и повесил двух ханов – *Амета* и *Самета* – и отправил к ним для распространения истинных правил веры и для искоренения шаманства учителей машаиха» [6, с.159]. Амет и Самет по Жалаири, первые казахские ханы, казненные Тимуром во второй половине XIV века [7, с.372].

По мнению Валиханова, сложение казахского народа и время правления Алаш-хана приходятся к середине XIV века. Он рассуждал: если Тамерлан в первый свой поход в 1392 году на Тохтамыша убил детей Алача и первого хана казачьего, то приблизительно можно полагать, что сам Алач мог жить в середине XIV столетия [6, с.151].

Ч. Валиханов считал, что «начало союза *Алач*, татарских казаков // как казачества, я принимаю вполне и думаю, что миф киргизский о алаче и Аласе, как выражение этого начала, имеет основание». У народов азиатских свобода и независимость могли обусловливаться только в лице отдельного хана и своего родоначальника. Усиление казахов союзом разных выбежавших племен от орд Кипчаковской и Туркестанской, конечно, делалось и образовалось постепенно, исподволь [6, с.152].

Ч. Валиханов в «Записках о киргизах», затрагивая время правления Жанибек хана, писал: «Джанибек был, по преданию, первый хан казаков из дома чингизидов-джучиханидов. Абульгази, подтверждая эти предания, детей его называет казакскими ханами» [2, с.62].

Однако, он в работе «Киргизское родословие» выразил свое сомнение в том, что Жанибек был первым ханом казахов из дома чингизидов. Об этом свидетельствуют следующие его рассуждения. По преданию казахов неизвестно, когда явилась к ним фамилия *Уруса* и кто из детей его был первым ханом казахским. Предания казахов, хотя и говорят о Джанибеке, как о своем хане, но не менее того не сообщают ничего ясного на вопрос: сам ли он пришел к ним первый, или его предки. В «Сборнике летописей» мы не находим также ничего определенного, только на странице 14 говорится, между прочим, что правое крыло войск Уруса составляли канглы в числе 2000, а левое – народ Алач-Мены [6, с.160]. Ч. Валиханов в работе «Извлечения из Джами'ат-таварих», делая ссылку на работу Кадыргали-бия, записал: «В (стр.170). Правая и левая рука (крыло) Урус-хана [изображена так] : [левая], [правая] алач-мены – 3 сана [большое число]; канлы – 2 сана. У народы канглы между ними до сего времени знатные есть. Но между алач-мены старшие с гребенчатой тамгой джалаиры должны быть»[8, с.242-243]. Примечание Валиханова: Если тысяча мира, означает всю массу человечества, то Алач-мены – тысяча Алачей значит союз, общество Алач. Джалаирец никогда не употребляет название своего народа, говоря о султанах и ханах казахских, он говорит: в том народе царствовал, у того народа…, только в конце повествует, что джалаиры было почетное племя у народа Алач-мены [6, с.161].

Приведенные данные свидетельствуют, что левое крыло войск Урус-хана (Акниязхана) состояло из алашевцев. Как заметил Ч. Валиханов, их было много, если учесть, что в XIV веке, возможно, один *сан* состоял из 10 тысяч человек, то Урус-хан имел на левом крыле 30 тысяч алашевцев, а на правом – 20 тысяч сарбазов, состоящих из канглы, тоже из казахов, как утверждал ученый Н.Я. Бичурин. Он на основе анализа китайских сведений о Кангюй дает свое собственное пояснение: «Владение Кангюй занимало степи от Сырдарьи к северу, на которых ныне кочуют Большая и Средняя казачьи (казахские) Орды. Надобно полагать, что казачьи поколения, ныне известные в России под названием киргиз-кайсаков, недавно приняли народное название казак, потому папские послы, бывшие в Шара-Ордо (Каракоруме) у хана Куюка в 1246 году, еще называли их кангитами»[9,с.156]. Бичурин предполагал, что канглы имеют прямое отношение к казахам.

Ч. Валиханов, говоря о Жанибеке, отмечал: По преданиям известно, что Джанибек был государь мудрый [аз], вот отчего казахи называют его не иначе, как с эпитетом Аз [Джанибек], и известно, что визирем его был умный и красноречивый Джиренче Чечен. Его изречения употребляются казахами и теперь, как пословицы, а самое название его сделалось нарицательным именем оратора.

После детей Алача были у них ханы – это несомненно, но кто они? – задает вопрос Ч. Валиханов, и сам дает следующий ответ: О фамилии Уруса исторически известно вот что: фамилия, из которой происходит Урус, по

свидетельству Абульгази, была младшая отрасль джучиханидов; родоначальник ее был Тогай-Тимур. Григорьев (История монголов, стр. 41) говорит, что Урус по прямой линии происходит от Батыя и что он вел войну с Тамерланом, мстя за смерть сына своего Бугай-салтана [6, с.162].

По данным Абулгазы Урус-хан, сын Бадакул-углана, по другим данным Урус-хан является сыном правителя Ак орды Чимтай хана, который после смерти отца захватил Сарай и воссел на трон Золотой орды [10].

Ч. Валиханов высказал свое мнение о времени образования казахского народа и казахского ханства очень конкретно и связывал этот исторический процесс с XIV веком. «Народ казак (так называем себя мы) образовался от союза разных племен турецких и монгольских во время междоусобий в Орде, начавшихся тотчас после смерти Бердибека, а не народ древний, о котором писал Фирдоуси» [11, с.164]. По мнению исследователя, в тот период этноним «казах» был еще не устойчив и «общего народного названия, как можно догадаться, не имели, каждое племя сохранило свое название, например, кунраты, найманы, кипчаки и проч.» [11, с.167]

Конечно, в условиях кочевого образа жизни казахи отдавали предпочтение племенной, родовой принадлежности, несмотря на то, что характерные черты, объединяющие их в один этнос – казахский были налицо: общность языка, территории, культуры, символики – значки, обычаи, традиции, образ мышления, религиозная и нравственная идентичность, особенность хозяйственного и семейного уклада и поэтому соседи, в том числе узбеки, называли казахов – джете, учитывая характерное их миропонимание.

Ч. Валиханов дал следующее определение понятию «казах»: «Имя казак, которое, как можно полагать из Шейбани-намэ, в то время имело значение довольно почтенное и означало возвышенность духа, здравость – соответствовало европейскому рыцарству. Кочевой степняк, для отличия от своих городских родовичей – соседей, узбеков и ногайцев, гордился именем *казака* – свободного степняка, кочевого человека» [6, с.152]. В древности слово *казак* встречается в смысле вольный и вольница; я, - подчеркивает Ч. Валиханов, - не смею в этом сомневаться [12, с.286].

Ч. Валиханов, рассматривая вопрос о времени сложения казахских жузов, орд, ссылается на предание: «До Ишима Храброго (1636) все орды были объединены и управлялись одним ханом»[13, с.276].

Ч. Валиханов обратил внимание на народно-освободительные восстания казахов против колониальной политики царизма. Упразднение достоинства ханов, разделение степи на округа и введение для управления казахской степью сибирского учреждения, стало быть, совершенно нового порядка вещей, как и надо было ожидать, обошлось не без смятений. Султан Касым в 1825 г. и впоследствии дети его Сарджан и Кенесары во главе недовольных подняли мятеж и производили беспокойства до 1846 г., прекращенные оружием. Кенесары, отважнейший из мятежников, преследуемый отовсюду казачьими отрядами, бежал в горы Кунгей Алатау и пал в ужасной стычке с дикокаменными киргизами, народом хищным. Несмотря на волнения, введение сибирского учреждения шло с большим прогрессом, и около 1844 г. все отпавшие волости возвратились. Баян-Аульские казахи оставались не без участия в мятеже. Увлеченные, в 1842 г., они после двухгодичного скитальничества по пескам голодной и безводной степи, лишенные скота и имущества, против воли Кенесары решились преклонить повинные свои головы. Тайджан Азнабаев, засдатель от казахов в Баян-Аульском приказе, как чиновник, изменивший присяге, расстрелян в Акмолах в пример другим [14, с.312].

В исследованиях путешественника рассматривается расселение казахских и других племен. В работе «О киргиз-кайсацкой Большой орде» автор отмечает, что Большая орда, кочевавшая по Таласу и далее к Ташкенту, под начальством Аблай-хана двинулась на восток и после удачной и продолжительной борьбы вытеснила джунгар за Малый Алатау и заняла свои давние места. Итак, эти места, по сказаниям кайсаков, вновь заняты Большою ордою у калмыков, и, следовательно, притязания китайцев на эту страну несправедливы, так как с появлением исконных жителей она стала независимою [13, с.181].

Исследователь отмечал, что в числе родов казахских, находящихся в пределах Китая, Кереи, суть самые углубленные; они кочуют около Хобды, близ города Манаса, и управляются вместе с торгоутами на одних и тех же правах [15, с.247].

Ч. Валиханов, высказывая свое мнение о подготавливавшейся судебной реформе в казахской степи, писал о том, что реформа

должна соответствовать особенностям и казахского народа, так как: изо всех инородческих племен, входящих в состав Российской империи, первое место по многочисленности, по богатству и, пожалуй, по надеждам на развитие в будущем принадлежит нам – казахам. Мы занимаем одну обширную сплошную территорию, между тем как другие инородцы разбросаны среди русского населения [16, с.80].

По мнению Ч. Валиханова, реформы должны способствовать улучшению материального положения народа. В наше время, замечает Ч. Валиханов, - самым важным и близким для народа считаются реформы *экономические* и *социальные*, прямо касающиеся насущных нужд народа, а реформы политические допускаются как средства для проведения нужных экономических реформ, ибо каждый человек отдельно и все человечество коллективно, стремится в развитии своем к одной конечной цели – к улучшению своего материального благосостояния, и в этом заключается так называемый прогресс. С этой точки зрения полезны только те реформы, которые способствуют улучшению быта человека [16, с.78].

Обратив внимание на антинародный характер судебной реформы, он высказывает мысль, что проект реформы отражает мнение султанов, биев и других знатных казахов, т.е. привилегированного слоя населения, а «ненужные и вредные для народа преобразования и изменения» не отражают интересы простого «черного» казахского народа [16, с.82].

Результаты научных изысканий о Кашгарии были подробно изложены в его капитальном исследовании «О состоянии Алтышара или шести восточных городов китайской провинции Нан-Лу (Малой Бухарии) в 1858-1859 годах», где впервые сообщались сведения о Восточном Туркестане, даны географический обзор страны, описание административных округов. Весьма содержательным разделом этой работы является исторический очерк Восточного Туркестана, охватывающий большой хронологический период, начиная со второго века до н.э. и включая конец 50-х годов XIX века. В историческом очерке Ч. Валиханов поднимал важные проблемы Малой Бухарии, падение Джунгарии и охарактеризовал сложную ситуацию в Кашгаре, описал правительственную схему и политическое состояние края [17, с.97-218].

Актуальные вопросы истории народов центральной Азии, исследованные Ч.Валихановым, должны быть использованы наравне с мнениями других историков в преподавании истории Казахстана.

1. Валиханов Ч. Ч. О западном крае Китайской империи //Собрание сочинений в 5 т.-т.2.-Алма-Ата, 1985.

2. Валиханов Ч.Ч. Записки о киргизах//Собрание сочинений в 5 т.-т.2.-Алма-Ата,1985.

3. Валиханов Ч .Ч. Очерки Джунгарии//Собрание сочинений в 5 т.-т.3.-Алма-Ата, 1985.

4. Валиханов Ч .Ч. [Заметки по истории южносибирских племен] //Собрание сочинений в 5 т. -т.1. -Алма-Ата, 1984.

5. Валиханов Ч.Ч. О Баян-Аульском округе (Письмо из Омска. 10 марта 1857 г) // Собрание сочинений в 5 т. – Т.2. – Алма-Ата, 1985.

6. Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Собрание сочинений в 5 т. – Т.2. – Алма-Ата, 1985.

7. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 т. – Т.2. – Алма-Ата, 1985. – Комментарий..

8. Валиханов Ч.Ч. Извлечения из Джами'ат-таварих // Собрание сочинений в 5 т. – Т.1. – Алма-Ата, 1984. – С. 242-243.

9. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы, 1998.

10. Капаев И. Бессмертная степь. – Астана, 2008.

11. Валиханов Ч.Ч. Письмо профессору И.Н. Березину // Собрание сочинений в 5 т. – Т.1. – Алма-Ата, 1984.

12. Валиханов Ч.Ч. [О формах казахской народной поэзии] // Собрание сочинений в 5 т. – Т.1. – Алма-Ата, 1984.

13. Валиханов Ч.Ч. Предания и легенды Большой киргиз-кайсацкой орды // Собрание сочинений в 5 т. – Т.1. – Алма-Ата, 1984.

14. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 т..– Т.2. – Алма-Ата, 1985.

15. Валиханов Ч.Ч. Западный край Китайской империи и город Кульджа [Дневник поездки в Кульджу 1856] // Собрание сочинений в 5 т. – Т.2. – Алма-Ата, 1985.

16.Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 т. – Т.4. – Алма-Ата, 1985.

17. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5 т. – Т.3. – Алма-Ата, 1985.

* * *

«Ш. Уәлиханов зерттеулеріндегі Орталық Азия халықтары тарихының проблемалық сұрақтары» атты мақалада ертедегі Юечжи халқының этникалық тегі, көне түріктердің Алтайдың тау-кен қойнауларын ашып, игергені жөніндегі зерттеушінің көзқарастары қарастырылады. Ш.Уәлихановтың қазақ халқының қалыптасуы, қазақ халқының қалыптасуы, қазақ хандығының құрылу кезі, «қазақ» деген этнонимге берген анықтамасына ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар ғалымның Ресейдің Қазақстанда жүргізілетін реформалар жобасына деген көзқарасы, Кашгария жөніндегі ғылыми зертеулерінің нәтижелері сарапталынған.

* * *

In the "Problematic issues of Central Asian nations' history in C. Valikhanov's research" article of Professor Igibayev views of research on Yuezhi ancient people ethnicity, the role of the ancient Turks in the development of Altai ore deposits are presented.

Particular attention is given to the C. Valikhanov's

opinion concerning the time of Kazakh people, Kazakh Khanate formation and to his definition of "kazakh" ethnonym.

The C. Valikhanov's views on forthcoming reforms of Russia in Kazakhstan were analyzed, the results of the scientist's scientific research on Kashgariya were given.

Э. Т. Телеуова

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛІК МӘСЕЛЕСІ

Билік мәселесі адамзат қоғамы тарихының кез-келген кезеңін қамтитын және күрделі қоғамдық қатынастардың, оның ішінде басқару қызметінің қалыптасуын ерекше қарастыруға мүмкіндік туғызады. Билік және ел мәселесі отандық тарихшылар және өзге ғылым салаларының зерттеушілерінің үнемі назарында болды. Бұл мәселенің кейбір аспектілері арнаулы тарихи зерттеулерде, әлеуметтік-саяси тарихты зерттеушілер тарапынан қарастырылған.

Билік мәселесін зерттеу тарих ғылымының бөлігі ретінде қарастыру қажет. Себебі қазақ мемлекеттілігі, оның эволюциясы, тарихи қызметі мен маңызы ғылыми ғана, емес сонымен қатар қоғамдық маңызға ие. Оның ішінде Қазақстанның ортағасырлар кезеңін ерекше атау қажет. Осы тұста қазақ қоғамындағы билік жүйесінің ерекшелігі және механизмдері қалыптасты.

Көшпелі тіршіліктің ықпалындағы жекежеке тайпалар белгілі бір кезде одақ болып бірігуі негізінде елді басқаруда жаңа ұйымдар қалыптасып, олармен бірге жаңа құқықтар мен жаңа билік ережелері тәріздес түрлі категориялар да туып отырған, соның нәтижесінде қоғам мүшелері жаңа бір қоғамдық тәртіп билігіне түсу арқылы жалпы халықтық мәдениетке қарай бұрынғысынан гөрі бір қадам болса да ілгерілеп, жаңа бір қоғамдық сананың тууына негіз қалаған. Осындай негіздің алтын арқауы үзілмей жалғасып келе жатқан заңдылық, ұлан байтақ қазақ жерін мекендеген ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының әр кезеңде өрлеп, күшейіп билік құрғаны болып табылады. Қазақ даласында ел болып бірігіп, өзінің мемлекетінің тұғырын қалауға ұмтылған тайпалар билік жүйесінің негізгі тетіктерін қалыптастырып қана қоймай , оны жетілдіруге тырысты.

Түрік дәуірінің өзінде билік мәселесіне аса мән берген. Осы заманның құнды жазба мұраларында билік қандай жағдайда тиімді және билеушінің бойында қандай қасиеттер болу тиіс деген сұрақтарға жауап іздеген. Елхан және бек сияқты қолында билігі бар саяси-әлеуметтік топтың қызметі бұл шығармаларды нақты көрініс тапқан.

Ел-басқару-бектің ісі қашаннан, 4010
Заң тәртіптің күшімен ол жасаған
Бек дегенің білікпенен берік тұр,
Білік кетсе бек қалады-желі құр..... /1/. 4000
деген Жүсіп Баласағұн.

Ал М.Қашқари Жер тірегі –тау, ел тірегі-бек деп атап өтеді.

Түрік қағанатының құрылу тарихын қарастырғанда, оның сол дәуірге тән барлық саяси жүйесі мен билікті жүзеге асыратын тетіктердің нақты қызметі болғандығына ерекше көңіл аудару қажет.Қытай деректерінде кездесетін Бумын қағанның заңы бұл мәселеге ерекше назар аударуға мүмкіндік туғызады/2/.

Монғол ұлысында билікке келген Шыңғыс хан жаңа жерлерді жаулап алып қана қоймай, осы жерлерде өзінің және мұрагерлерінің билігін мойындатуды көздеді. Ел ішінде билікті қалай жүргізу қажеттігін Шыңғыс хан өзінің мұрагерлеріне өсиет түрінде қалдырды. Рашид-ад-Дин «Шыңғыс ханның жеке басының мақтаныш тұтатын қасиеттері және оның әр түрлі жағдайларға қатысты қалдырған біліктері» атты бөлімінде өсиетті әңгімелері деп берген. Шыңғыс ханды тарихи тұлға ретінде жаңа бір қырынан қарауға оның қалдырған біліктерін талдау арқылы мүмкіндік аламыз. Мұнда өзінің ұрпақтарына елді басқару әдісі мен жаулап алған жерлерге тәртіп орнату тәсілдері жөнінде өсиет қалдырған. Мемлекет ішіндегі биліктің реттігі отбасынан басталатынын Шыңғыс ханның мына бір өсиеті мақұлдай түседі:

«Ұлдары әкелерінің билігімен жүрмеген, кіші бауырлары үлкен ағаларының сөзін сөйлемеген, күйеуі әйеліне арқа сүйемей, ал әйелі күйеуінің еркіне көнбеген, енелері келіндерін жақтыртпаған, ал келіндері енелеріне құрмет көрсетпеген, үлкендері кішілерді қорғамай, кіші толқын үлкендердің айтқандарын тыңдамаған, ұлылары құдайға құлшылық етушілердің жүректеріне жақын жүре тұрып, бұл ортадан алыс жүргендерді өз жағына тартпаған, адамдары дүниенің игілігін қолында ұстай отырып, өз елінің жақсы өмір сүруіне жағдай жасамаған, оған қолдау көрсетпеген, салт-дәстүрді (йусун), заңды (йаса) сақтамаған және осы себеппен мемлекет басшыларының қарсыласына айналған халық: мұндай елде ұрылар, айлакер-өтірікшілер, жаулар және бұзақылар сол халықтың паналаған жерінің күнін күңгірттендіреді, басқаша айтқанда, өз халқын тонап, оның жылқылары мен басқа да табындарына маза бермей, жорыққа аттанарда алдыңғы қатардағы жауынгер сабының аттары шаршайтындықтары соншалық, олар көтерем болып құлап, өліп, шіріп жоқ болатындай дәрежеге жеткізеді»/3/.

Шыңғыс ханның біліктері мемлекеттегі билік жолын түсіндіріп қоймай, осы басқару ісінде қандай әрекеттер жасау қажеттілігіне бағыт сілтейді. Билеушінің өз қарамағындағыларға қамқорлық жасау керектігі түсіндіріледі. Оған отбасында, ел ішінде қандай істер атқару керек, қандай адам әскер басқара алатынын, бейбіт өмірдің билеушісіне тән қасиеттер, өзін қалай ұстаса жақсы болады деген сұрақтарға жауап беріледі. Осы жерде оның айтып өткен біліктерін келтірген жөн: «Бейбіт халықтың ішінде кішкентай бұзаудай тыныш болыңдар, ал соғыс майданында өзінің олжасына түйірілген қырандай шайқасыңдар»; «Жыл басында және соңында келіп Шыңғыс ханның билігіне мойынсұнып, кері қайтатын түмен, мыңдық, жүздіктердің әмірлері ғана әскер басшылығында тұра алады. Ал, өз жұртында отырып, билікті мойындамайтындар терең суға түсіп кеткен тасқа немесе қалың шөпке қарай атылған жебеге ұқсайды, екеуі де ізсіз жоғалады ғой. Мұндай кісілер басшылық жасауға жарамайды».

Қазақ хандығының дәуірінде билік шыңғыстық мұрагерлікпен жүзеге асты дегенмен жеке хандардың бойындағы қасиеттің мемлекеттің нығаюына немесе әлсіруеіне ықпал жасады. Қасым, Хақназар, Тәуекел, Тәуке хандардың өз елінде жүргізген билігі сол заманның шығармаларында дәріптелсе, жеке хандардың ішкі және сыртқы саясатындағы сәтсіздіктер сынға алынды.

Орта ғасырларда нығайып, қалыптасқан билік дәстүрінің кейінгі кезеңдерде қолданыста өзгеріске түсуі қоғамның билікке деген көзқарасын өзгертті. Осындай себептер қатарына Тұрсын Сұлтановтың сөзімен айтқанда «келте хандардың» пайда болуы, жүздердегі биліктің билерден сұлтандарға өтуі және Ресейдің отарлау саясатының ықпалын атау қажет.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары да дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік мәселесіне арнайы тоқталмаса да, осы мәселе төңірегінде өздерінің көзқарасытарын білдірді. Қазақ зиялылыларының қазақ халқының жағдайына қатысты мәселелер көтеру барысында ортағасырлық билік мәселесіне көңіл бөлуі заңды деп түсінеміз. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұлттық мемлекетті құру жолындағы күресінде ортағасырда қазақ халқының біріктіруші ұраны болған «Алаш» атауын қолдануының өзі осының айғағы. Қазақ зиялылыры ортағасырдағы билікті дәріптеп, оның әділдік сипатын ашатын мақалалар жазды. Олардың ерекше назарына қазақ мемлекеттілгі жөнінде, дәстүрлі қазақ қоғамының билеушілері хан, би, батырларды бірі дәріптесе, екіншілері сынға алды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы «арға ие басшының соңынан еріңдер» десе, Міржақып Дулатов «халықты тура жолға басталықта» деген үнделер тастады.

Құрбанғали Халиди, Ғ.Мұсағалиев. Шәкәрім Құдайбердиев, Міржақып Дулатов, қазақ даласындағы бұрынғы биліктің әділдігі, халыққа деген қызметін, «Алаш» атауының пайда болуы, қазақ тарихының ұлт үшін маңызын айта келіп, қазіргі заманның биліктегі келеңсіз жағдайларын сынға алған болатын.

«Алаш ұранды қазақ-қырғыз бұрын патшаларына бағынбай заманасы тарылмай, Сарыарқаны ен жайлап, төрт түлікті малды айдап, өз салтымен дәурен сүріп жүрген заманыыда өз арасынан нелер данышпан, нелер шешен, тапқыр билер шыққан. Ердің құны екі ауыз сөзбен бітіретін билер болып, олардың билігі айтқанынан да оңай орындалады екен. Бұлай болудың бірнеше себептері болған. Мәселен:

1. ол кездегі билер ешкім сайлап қойған емес, жүйрік жорға секілді жаратылысынан би болып туған желаяқтар;

2. табиғи билігінің үстіне халықпен бірге өсіп, біте қайнасып, тұрмысына әдет-ғұрпына жетік болғандар;

3. билікті кәсіп етпей, әділ би атануды мақсұт көргендер;

4. атақты билердің көбі зеректігінің үстіне, жуан, күшті рудан шыққандар.

Бұл ескі билердің билігі теп-тегіс қазіргі заманға лайық, шын әділдік таразысына тартқанда, мінсіз демесекте заманына қарай, іздесе таптырмайтын билік еді»/4/. деген қорытынды жасайды.

Патшалық Ресей үшін тиімді билер, халық қамын емес қалтасының қамын ойлап биліктің қадірін кетірді деп пайымдауы әбден орынды.

Міржақып Дулатов қазақ- XX ғасырдың ар жағында көп заман бұрын өзінің хандары болып, өзін-өзі билеген және даланың тарихындағы елеулі ел бола білгендігін баса айтады. Осы мәселелерді көтере келе «Қазақ зиялылары» атты мақаласында халықты құр тәтті сөзбен асырамай, түзу саясат, жемісті жұмыстармен соңына ертіп, ел билеп отырған ортақшыл азаматтардың көп болуын «көбейсін ортақшылдар! Көркейсін алаш армандарының бірлігі» деген өлең жолымен аяқтайды.

Алаштың ірі қайраткері Әлихан Бөкейханов ортағасрлардағы билік жүйесін өзінше сынға алды. Орыстарға жер беріп, қазақты осы мүшкіл хәлге жеткізген сол хан, билердің дұрыс билік жүргізбеуінде деп көрсетті. Ендігі жағдайда біз халық жағдайын ойласытыруымыз қажет. Ол үшін барлық мүмкіндіктермізді пайдаланумыз керек деген ұсыныстар жасады.

Профессор М.Қ.Қойгелдиев «Алашорда үкіметі ғасыр басындағы қазақ қоғамында көзге ұрып тұрған экономикалық, әлеуметтік және рухани мәселелері қазақ оқығандары тарапынан терең ұғыну арнасында пайда болған және сол мәселелерді шешуге бар күш-жігерін жұмсауға даяр ұлтжандылық пиғылды билік еді» /5/ деп орынды баға берді.

Әрине Кеңес өкіметі Алаш азаматтарының ұлттық мемлкеттік тұтастықты қалпына келтіру үшін және қазақтың өзін-өзі билеуге ұмтылушылығына тосқауыл жасады.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұлттық мемлекетті қалпына келтіру және өз билігі өз еліне тиген заман үшін күресі қазір іс жүзіне асты. Мемлекетіміздің тәуелсіздік тұғыры берік орнаған ел ретінде, билік жүйесінің заңды дамуына шүбән келтірмейміз.

1. Жүсіп Баласағұн Құтты білік. Алматы,1986,378 б
2. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. Алматы 1996, Т.1. 234 бб.
3. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.1, кн.1. М-Л, 1952. 259-266 бб.
4. Міржақып Дулатұлы.3 том. Алматы,2003. 44 бет.
5. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. А,1994.66 бет.

М. Д. Байдавлетова

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ (XIX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX Ғ. БАСЫ)

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы Қазақстан тарихындағы күрделі кезеңдердің бірі болып табылады. Бұл кезеңде Қазақстанның, соның ішінде қазақ халқының жағдайы қиын болды десек, қателеспейміз. Бұл кезеңде жүргізілген әртүрлі саясаттың халқымыздың дамуына кері әсерлерін тигізбей қоймады. Сондай күрделі мәселелердің бірі – Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі болып табылады. Ал біз қарастырып отырған кезеңдегі Қазақстанның денсаулық сақтау ісіндегі мәселелердің шынайылығын сол кезде өз шығармаларында арнайы жазған, зерттеген қазақ зиялыларының еңбектері негізінде біліп, анықтай аламыз. Себебі, көп жылдар бойы қазақ зиялыларының еңбектерін оқуға, зерттеуге тыйым салынып, олар зерттеушілердің назарынан тыс қалып отырғаны белгілі. Сондықтан да XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басындағы Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі мәселелері қазақ зиялыларының еңбектері негізінде арнайы зерттелмеді деуге болады.

XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы Қазақстандағы денсаулық сақтау ісі мәселелерін қазақ зиялыларының еңбектері негізінде зерттеу біздің мақсатымыз болып табылады. Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер туындайды:

- XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басында Қазақстанда таралған аурулардың түрлері, олардың шығу және таралу себептерін анықтау;

- халық емшілігі және оның алатын орнын көрсету;
- денсаулық сақтау орындары және олардың қызметін талдау.

XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басында Қазақстанда көбінесе, чума/1/, шешек, қызылша/2/ трахома/3/, сары кезік/4/, сүзек/5/, сонымен қатар ревматизм, чахотка и сифилис/6/ аурулары таралған.

Осы аурулардың ішінен ең көп таралып, көп адамның өмірін алған ауру шума. Шумадан өлгендердің саны туралы М.Дулатовтың мына мәліметін келтірсек: Шума Орал гүбернесінде 1904-інші жыл басталды. Сол жылы Сарайшықта 406 адам өлді. 1907-інші жылы Қызыл молада 11 адам өлді. Жымпыйтыда да 1909 жыл 218 адам, 1910 жыл 5 адам, 1911-інші жыл 14 адам, 1912-інші жылы 55 адам өлді. Кыназ ауданында 1913-інші жылы 405 адам, 1914-інші жылы 17 адам өлді»/7/. Бұдан көретініміз, тек шума ауруынан Орал губерниясында 1904-1914 жж. Аралығында, яғни 10 жыл ішінде 1131 адам өлген.

Біз қарастырып отырған кезеңдегі Қазақстанда таралған аурулардың шығу себептеріне байланысты қазақ зиялылары әртүрлі көзқарас білдіреді. Қазақ зиялыларының бір тобы (Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, Қ.Кемеңгерұлы) жұқпалы аурулардың қазақ арасында көп тарауына көшпелiлiктен отырықшылыққа көшуінен, соның әсерінен киіз үйлердің тар, дымқыл жер үйлерге ауыстырылып, аурудың шығуына көп септігін тигізгендігін жазады/8/.

Мысалы, Х.Досмұхамедов былай деп жазады: «Қазақтың қазір күн көріп жүргені жаз киіз үйге шығып, көшіп жүргенінен. Қазақ қала болып, көшуді тастап, осы күнгідей жер үйлерде отыратын болса, жұқпалы аурудың құртымен айрылмайтын дос болар. Бұны құрттар кетіре алмайтын құтсыз қонақ болар, талай қысаға себеп болар. Көшуді тастап қалада отырған қазақтардың жайы бізге мағлұм, бұлардың тұрмысын құдай басқа бермесін/9/.

Ал келесі бір тобы аурулардың шығуының түрлі себептерін көрсетеді. Оған тазалықтың жоқтығы/10/, Орал облысында аурулардың шығуына жарамды ауыз суының жетіспеуі/11/, жан-жануарлардан жұғуы/12/, елдің аштыққа ұшырауы/13/, шаруаның төмендеуі/14/ де әсер еткендігін айтады.

М.Дулатовтың «Шума қандай ауру. Одан қалай сақтану керек» атты еңбегінде былай деп жазады: «Тышқан, балпақ, саршұнақ, қара бауырлар шумамен ауырғыш болады. Шуманы елге жаюға осылар да себепкер»/15/.

Ал аурудың таралу себептеріне келсек, ол аурудың халін сұрап барып, ауру жұқтыру/16/, аурудан өлген адамның киімін алу/17/ және т.б. түрлері болған.

Оған мына мысал дәлел: «Біздің қазақ халық аурулардан сақтану ғамалын білмейді. Жұқпалы аурулардың хал-қадірін сұрайды. Өлсе сүйегіне кіреді, сөйтіп бір кісі ауырса жүз кісіге жұғады/18/.

XIX ғ. екінші жартысы XX ғ. басындағы Қазақстандағы халық емшілігіне келетін болсақ, сол кездегі тәуіптер мен бақсылар туралы қазақ зиялыларының арнайы мақалалары жарық көрген болатын.

Белгілі қазақ ағартушыларының бірі Ш.Уалиханов бақсылардың емдеу тәсілдерінің өлімге апарып соғатынын жазса/19/, «Дала уалаятының газетіне» шыққан «Тәуіптер мен бақсылар» атты мақалада бақсылардың, қашқын ноғайлардың қазақтарды әдейі пайдаланып, байымаққа шыққандығын, докторлардың дәрісі қуатсыздығын, ауруға шипа болмайтындығын айтып, қазақтарды сендіретіндігін айтады/20/. Ал, О.Әлжанов бақсылардың бұрынғы кезде қоғамда жоғары орын алғанын, қазіргі кезде пайда табу мақсатымен шығатынын және азая бастағанын, халықтың сенімінің төмендегенін/21/, Ғ.Қараш халықтың ұл-қызы сауаттанса, надандықпен келген ғадеттің жоғалатынын айтады/22/.

«Қазақ» газетінде шыққан мақалада «бақсыларының, емшілерінің емінен пайдасы аз болғанда, зияны да аз болушы еді. Емшілердің орнын ноғайлардан, сарттардан, башқұрттардан, басқалардан шыққан алдауыш емшілер алды/23/, - деп ноғай, башқұрт емшілердің зиянды әрекеттерін әшекерелейді.

С.Садуақасов «Нужды аулы (Очерки киргизской жизни)» (1919) еңбегінде: «Обычно знахарь-лекарь соединял в себе и знахаря-предсказателя. Знахари, смотря по «специальности» носили разные названия: «кумалакши», «тамырчи», «ктаб котергиш», «жауырынчи». Лекарства, приписанные больным, представляли из себя смесь ядовитых средств, как киноварь, мышьяк, сулема и т.п. Пользуясь невежеством киргиз «табибы» обирали обильную дань за свое часто вредное лечение/24/, - деп зиянды әрекеттерін әшкерелейді.

Қазақстандағы ауруханалар мен дәрігерлер туралы айтатын болсақ, бұл да сол кездегі өзекті мәселелердің бірі болған.

Қазақ докторы Д.Күспекалиев Самарада 1914 ж. 1-9 наурыз аралығында болған облостной съезде баяндама жасап, онда Оралдағы

ауруханың аздығы, дәрігерлердің аздығы, халықты емдеу мәселелерін көтереді/25/. Ол баяндама бойынша: «Орал облысының жері статический комитеттің есебі бойынша 224 936 шаршы шақырым, қазағы 481067 адам. Орал облысының 4 уезінде бұрын бір-бірден ғана уездной врач (доктор) бар еді, бұлардың қасында бір фельдшер, бір кіндікші әйел һәм бір неше шешек егушілер болушы еді. Жымпитыда қазақ ақшасына салынған 25 кроватты бір аурухана бар.

1907-інші жылы Гурьевте һәм сонымен бір кезде Қаңбақтыда һәр бірі 10 кроватты аурухана ашылды. 1908 жылы 30 кроватты қазақ земский ауруханасы ашылды». Бұдан көріп отырғанымыздай, Орал облысының жерінің көлемінің үлкендігіне қарамастан, ауруханалардың тіпті аз болғаны. Ал бұл өз кезегінде халық денсаулығына көңіл бөлінбей жатқандығын көрсетеді.

Қазақ зиялылары мақалаларында дәрі-дәрмектің өте тапшы екендігін сондықтан, олардың көбіне тамыр дәрі пайдаланатынын, бірақ оны дәрігерлердің аз қолданатынын жазады/26/.

1913-1914 жж. дәрігерлердің өте аздығы мен ауруханалардың жоқтығын/27/, дәрігерлерге берілген жалование өте аз болғандықтан дәрігерлер табу тым қиындығын, әсіресе, дәрігерлердің орны қазақ арасында бос тұратынын/28/ жазылған. Оны мына мысалдан көруге болады: «Торғай уезінде 100 мыңнан астам жаны бар елге, 150 мың шамалы шаршы шақырым жерде, бір ғана доктор бар. Елдің шеті доктор тұрған қаладан 400-500 шақырым. Әрине бұл қазаққа жоқ доктор/29/.

Сонымен қатар С.Садуақасовтың еңбегінен мына үзіндіні оқимыз: «В 1909 г. в Акмолинской обл. с пространством, равным 4702200 кв. верст было для всего населения (исключая казаков) 9 больниц, а к 1 января 1919 г., т.е. через 15 лет, насчитывалось уже 28 врачебных участков и 61 фельдшерский пункт. Безусловно, увеличение порядочное, но отсюда нельзя заключить, что в отношении медицинской помощи население в достаточной мере обеспечено и по прежнему ощущается острая нужда в опытных врачах и фельдшерах, а главное, в необходимых медикаментах/30/.

Қ.Кемеңгерұлы: «Осы уақыта шейін екпінді түрде елге арналып істелген денсаулық сақтау жұмыстары болған жоқ. Ауру қарайтын көшпелі отрядтар өткен жазда ғана тұңғыш шыққандығын/31/, уезде ашылған пункттердің бәрі орыс поселкелерінде деуге болатындығын/32/ жазады.

Т.Рыскулов «Современный Казакстан» (1926) еңбегінде: «в области здравоохранения больным местом является опять-таки разбросанность территории. Сеть врачебных пунктов и больниц не может охватить население расположена больше в городах и поселенных пунктах. По данным 1924 г. Имеющаяся сеть в деревне могла удовлетворить только одну пятую часть потребности (нормы), а в казакской части – одну восьмую, тогда как потребности города удовлетворялись нормально. В кочевых районах помощь обставлена хуже. Есть районы, которые совершенно не имеют врачебной помощи»/33/.

Ал мемлекеттің Қазақстандағы ауруларды емдеуге бөлінген ақшалай көмегіне назар аударсақ. Ә.Бөкейханов «Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстарында бұл күнде халық саны 7 миллионнан асады, осы жеті миллион жұрт шешекке қарсы қам қылғандағы шығыны 14 490 сом. Бұл кісіге бір сомнан келеді. Уфа губерниясында шешек шығыны адам басына 1 сомнан»/34/, - деп жаза келе, земство құру керектігін айтса, С.Садуақасов та халыққа көмек көрсету үшін тек земствоға үміт артуға болатынын айтады/35/.

Н.Нұрмақов: «Бәлнесте жатып қарататын бір орынға қанша адамнан келетіндігін мынадан көруге болады: Қырымда – 414, Дағыстанда – 1900, чувашта – 782, Татарстанда – 786, Башқұртстанда – 836, Қазақстанда – 2400 адам, деп Ресей үкіметінің Қазақстанға жеткілікті көңіл бөлмей келгендігін айтады/36/. Бұл үзінділерден көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы денсаулық сақтау ісіне көңіл бөлінбегендігін көреміз.

Сонымен жоғарыда айтылған қазақ зиялыларының пікірлеріне қорытынды жасар болсақ:

- XX ғ. басында жарық көрген қазақ зиялыларының еңбектерінде қазақтардағы аурулардың шығуының маңызды себебі ретінде көшпеліліктен отыршылыққа көшуі мен тазалықтың аздығынан деп ашып көрсетті;
- Қазақтарда аурулардың таралу себептерін жан-жануарлардан ғана емес, салт-дәстүріне де байланыстылығын айқындады;
- Ұлттық интеллигенция ноғай, башқұрт бақсылары мен тәуіптері пайда табу мақсатымен қазақты алдап емдеп жүргендігін, оның теріс әсерлерін ашып жазды;
- Қазақстандағы денсаулық сақтау орындарының, дәрігерлерді аздығын айта келіп, Ресей үкіметінің денсаулық сақтау ісіне жеткілікті көңіл бөлмегендігін ашып жазды.

XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басындағы Қазақ-

стандағы денсаулық сақтау ісіне байланысты қазақ зиялыларының еңбектерін талдау барысында мынадай қорытындыға келдік. Біздің ойымызша, Қазақстандағы аурулардың шығу және таралу себептеріне тек отырықшылыққа көшуі ғана емес, мұжықтардың көптеп көшіп келуі, тазалықтың дұрыс сақталмауы және әлеуметтік жағдайдың төмендігі, бақсылардың ем жасауы, дәрігер мамандардың өте аз болуы да әсер етті.

1. Мадияр. Шума қандай ауру. Одан қалай сақтану керек. – Қызылорда, 1927. -3 б.
2. М.Д. (Міржақып Дулатов). Чума съезі (Доктор Д.Күсепқалиевтың докладынан) // Қазақ. 1914. 23 март. - № 55. -2 б.
3. Қыр баласы (Ә.Бөкейханов). Трахома // Қазақ. 1914. №56. 30 март. -4 б.; Студент Есенғали (Есенғали Қасаболатов). Көз ауру (Трахома) // Қазақ. 1915. - №116. 4 апрель. -3-4 бб.
4. Халел (Халел Досмұхамедов). Сары кезік – сүзек // Қазақ. 1914. №64. -4 б.; Халел (Халел Досмұхамедов). Сары кезік – сүзек // Қазақ. 1914. №65. -4 б.
5. М.Д. (Міржақын Дулатов). Оренбург, 8 июнь // Қазақ. 1914. 8 июнь. - №65. - 1 б.
6. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы: Алаш, 2003. -13 б.
7. Мадияр (Міржақып Дулатов). Шума қандай ауру. Одан қалай сақтану керек. – Қызылорда, 1927. -3 б.
8. Қыр баласы (Ә.Бөкейханов). Трахома // Қазақ. 1914. №56. 30 март. -4 б.; Халел. Жұқпалы аурулар хақында // Қазақ. 1914. №62. -4 б.; Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - Т.2. Оқу құралы. – Алматы: Алаш, 2005. -59-60 бб.
9. Халел (Халел Досмұхамедұлы) Жұқпалы аурулар хақында // Қазақ. 1914. №62. -4 б.
10. Айтбакин. Чума // Киргизская степная газета. 1900. - №2. 9 января. С.3.; 1900. - №3. 23 января. С.3.; 1900. №4. 30 января. -3-4 с.; 1900. - №5. 6 февраля. -2-3 с.
11. М.Д. (Міржақып Дулатов). Чума съезі (Доктор Д.Күсепқалиевтың докладынан) // Қазақ. 1914. 4 апрель. - № 57. -2 б.
12. Мадияр (Міржақып Дулатов). Шума қандай ауру. Одан қалай сақтану керек. – Қызылорда, 1927. -11 бет.
13. М.Д. (Міржақып Дулатов). Чума съезі (Доктор Д.Күсепқалиевтың докладынан) // Қазақ. 1914. 23 март. - № 55. -2 б.
14. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - Т.2. Оқу құралы. – Алматы: Алаш, 2005. -167 б.
15. Мадияр (Міржақып Дулатов). Шума қандай ауру. Одан қалай сақтану керек. – Қызылорда, 1927. -6 б.
16. Халел. Жұқпалы аурулар хақында // Қазақ. 1914. №60. -4 б.; Халел. Жұқпалы аурулар хақында // Қазақ. 1914. №63. -4 б.
17. Халел. Жұқпалы аурулар хақында // Қазақ. 1914. №63. -4 б.; Доктор Д.Кісбеліұғлы // Қазақ. 1913. №8. -4 б.
18. Ғұмар Қараш. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. -186-188 бб.
19. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. – Алма-Ата, 1984. с. 528.
20. Табибы и баксы // Киргизская степная газета. – Алматы: Ғылым, 1994. -325-326 с.
21. Альджанов О. Баксы и дуана // Киргизская степная газета. – Алматы: Ғылым, 1994. -325-326 с.
22. Ғұмар Қараш. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. -186 б.
23. Алдау // Қазақ. 1915. №104. 15 февраль. -1 б.
24. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы: Алаш, 2003. -14 б.
25. Доктор Халел Досмұхамедұлы. Тамыр дәрі хақында // Қазақ. 1913. №13. 8 май. -4 б.
26. Доктор Халел Досмұхамедұлы. Тамыр дәрі хақында // Қазақ. 1913. №13. 8 май. -4 б.; М.Д. (Міржақын Дулатов). Оренбург, 8 июнь // Қазақ. 1914. 8 июнь. - №65. - 1 б.;
27. М.Д. (Міржақып Дулатов). Чума съезі (Доктор Д.Күсепқалиевтың докладынан) // Қазақ. 1914. 23 март. - № 55. -2 б.
28. Алдау // Қазақ. 1915. №104. 15 февраль. -1 б.
29. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы: Алаш, 2003. -14-15 бб.
30. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - Т.2. Оқу құралы. – Алматы: Алаш, 2005. -168 б.
31. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - Т.2. Оқу құралы. – Алматы: Алаш, 2005. -168 б.
32. Рыскулов Т. Современный Казакстан // Новый восток. 1926. №12. с.118.
33. Қыр баласы (Ә.Бөкейхано). Шешек (Қорасан). // «Қазақ» газеті. / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. -131-132 бб.
34. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы: Алаш, 2003. -16 б.
35. Нурмаков Н. Строительство Казахстана. Доклад и заключительное слово на 3-й сессии Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета 13 созыва. 24-26 ноября 1928 г. // Нұрмақов Н. Шығармалар. – Алматы: Алаш, 2006. с.119.

* * *

В данной статье автор рассматривает проблемы здравоохранения Казахстана второй половины XIX – нач.XX вв. на основе трудов казахской интеллигенции. А также автор описывает положение медицины в Казахстане. Автор приходит к выводу, что к концу 20-х годов XX в. медицина Казахстана была не достаточно развита.

* * *

In this article the author examines the problem of public health in Kazakhstan second half of 19 - beginning of 20 centuries, based on the study of the Kazakh intelligentsia. Also, the author describes the situation of medicine in Kazakhstan. The author concludes that by the end of the 20-ies of XX century medicine of Kazakhstan was not sufficiently developed.

М. Д. Байдавлетова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТ КЕШТЕРІ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ (XX Ғ. БАСЫ)

XX ғ. басындағы Қазақстанның мәдени өміріне тоқталар болсақ, мәдениет салаларының бірі – қазақ зиялылары ұйымдастырып отырған әдебиет кештері туралы сөз қозғамау мүмкін емес. Қазақ халқы әрбір мерекелік шараларын ән-күйсіз, ақындар айтысынсыз өткізбеген болса, осы алғаш өткізіле бастаған қазақ әдебиет кештеріне халықтың рухани мұралары негіз болған. Ал біз қарастырғалы отырған әдебиет кештері туралы мәліметтерді XX ғ. басында мерзімді басылым беттерінде жарық көріп отырған қазақ зиялыларының еңбектерінен аламыз. Себебі, қазақ зиялыларының өздері алғашқы әдебиет кештерін ұйымдастырып, оған өздері белсенді қатыса отырып, өнеріміздің өркендеуіне зор үлес қосқан болатын.

Осыған байланысты біздің алдымызда мынадай мәселелер туындайды:

- алғаш әдебиет кештерінің өткізілуі;
- әдебиет кештеріндегі қойылымдар мен олардың авторлары;
- әдебиет кештеріне қатысқан қазақ жасары.

Ал енді әдебиет кештерінің қазақ зиялылары еңбектерінде қарастырылуына нақтырақ тоқталсақ.

Қазақстанда 1860 ж. Орал қаласында тұңғыш орыс театры ұйымдастырылып, оның негізгі мақсаты «жергілікті халыққа әсер ететін құралдың бірі ретінде» болса, жылжымалы татар труппаларының гастрольдері өнерге ұмтылған қазақ жастарына сахналық үлгі берген болатын/1/. Қазақ жерінде ашылған театрлардың алғашқы легі орыс театрлары болғанмен, қазақтың ұлтжанды зиялылары ана тілінде әдебиет кештерін XX ғ. басынан ұйымдастыра бастаған болатын.

Ал алғашқы әдеби кештердің қазақ жерінде қойылуына байланысты М.Дулатов «Қазақ» газетіндегі «Абай» атты мақаласынан оқимыз. Онда «қазақтың белгілі ақыны А.Құнанбаевтың опатына дәл он жыл толуына орай 26 ғинуарда Семей қаласында Географический общества ондағы оқыған қазақ жастарының жәрдемімен, Абай құрметіне әдебиет кешін өткізіп, ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші»/2/, - деп жазады. Мұнан кейін әдебиет кештері бірнеше рет Семейде, Орынбор, Омбы, Атбасар және Торғай қалаларында өткізіле бастаған болатын.

Біз қарастырып отырған кезеңде қазақ әдебиет кештерін өткізуге рұқсат алу қиын болғанын көруге болады. Оған қазақ әдебиет кештерін ұйымдастырушылардың бірі Назипа Құлжанованың мына пікірі дәлел болады: «Семейде 13-інші фиуралда болған қазақша ойынның рұқсаты артықша қиындықпен алынды: ойында айтылатын өлең, сөйленетін сөздер де драматический цензура (ойынға кіртін жазба сөздердің рұқсаты) болмағандықтан, бұл өткен әдебиет кешінде тек Ыбырайдың сөздері ғана өтіп, басқа жақсы-жақсы сөздер, таңбасыз малша бұл базарға кіре алмағандығы себеп болды/3/. Сонымен қатар Атбасарда өткен кештің де әкімнің рұқсатымен/4/ өткенін көруге болады. Осыған байланысты «Қазақ театрының тарихы» еңбегінде: «қойылатын пьесаны немесе басқа шығармаларды сахнаға шығару үшін, ең алдымен, губернатордан рұқсат алу керек болған. Кейде губернатор рұқсат еткен дүниенің өзін сахнаға қойып жатқанда полиция таратып жіберіп отырған/5/, - деп қазақ зилыларының пікірлерін растай түседі.

Алғаш өткізілген әдебиет кештеріне халық өте көп келіп, көбіне билеттің жетпей қалғанын зиялылар мерзімді басылым беттерінде жазып кеткен болатын. Осындай кештерді өткізуден түскен қаржының әртүрлі мақсаттарға жұмсалғанын көруге болады. «Қазақ» газетінде: «Бұл кеште жиылған ақша Петербурда Русия мұсылманы атынан ашылған соғыс ауруханасы һәм мұқтаж оқушы қазақ жастары пайдасына берілмекші еді. Кеш көңілді жақсы болып, 917 сом, 69 тиын ақша жиналды»/6/, - деп жазылған.

Х.Болғанбайдың «Қазақ» газетіне жазған мақаласында: 11-ші апрель күні Орынборда шаһар театрында, 10 проценті жаралы әскерлерге берілу шартымен, Орынбордағы «оқушыларға жәрдем жамиғаты» пайдасына әдебиет кеші жасалды. Кешті жасаушылар – мұндағы ноғай, қазақ жастары/7/. Сонымен қатар «Атбасардағы ойыннан өнген ақшаның жартысы соғыс пайдасына, жартысы мұқтаж оқушылар пайдасына берілмек еді»/8/, - деген мәліметтерді де көреміз. Ал «Қазақ театрының тарихы» атты еңбектен «жергілікті әкімшілік орындары сол ойын-сауықтардан түскен түсімнің жартысын «жаралылар пайдасына» деген сылтаумен жинап алып отырған» деген сөздерді оқимыз/9/. Жоғарыда айтылғандардан көріп отырғанымыз-

дай, қазақ әдебиет кештерінен түскен түсімнің белгілі бір бөлігі жаралы әскерлерге берілу шартымен жинап алынып отырса, қалған бөлігі оқушыларға жәрдем ретінде берілген.

Ал әдебиет кештерінің бөлімдері мен қойылымдарына келер болсақ, Абай Құнанбайұлына арналған әдебиет кешінде Татьянаның хаты, «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?»/10/, одан басқа кештерде Абайдың «Қыс», «Бұлбұл мен есек», Ыбырайдың «Жаз», «Қарға мен түлкі» «Өсиет сөз», «Балғожа бидің оқудағы баласына жазған хаты» оқылып, надандық жайынан сөздер/11/ айтылса, «Әридаш», «Шілде», «Ғалия»/12/, «Ырғақты», «Толқыма», «Гауһар тас»/13/ атты қазақ әндерімен қатар күйлер де орындалған болатын. Сонымен қатар ХХ ғ. басында көп қойылатын қойылымдарға Біржан сал мен Сараның, Жанақ пен баланың айтысы жататын/14/.

Әдебиет кештерінің қойылымдары өткізілген қаласына да тығыз байланысты болатын. Қазақстан қалаларында өткізілген әдебиет кештері қазақ тіліндегі қойылымдар мен әндерге арналса, ал Омбы, Орынбор қалаларындағы кештер ноғай, қазақ, башқұрт жастарының ұйымдастыруымен өткендіктен, осы үш ұлттың тіліндегі өлеңдер мен қойылымдар қойылған болатын/15/.

ХХ ғ. басында алғаш ұйымдастырыла бастаған әдебиет кештерінің ерекшеліктерінің біріне – әр облыстардың келіншектері өз киімдерімен көрсетіліп/16/, бақсы, шамандық ойынының қойылғанын қазақ зиялыларының еңбектерінен көруге болады/17/. Мұндай әдебиет кештеріне арнайы жазылған пьесалар болмағандықтан, алғашқы кездері осындай қойылымдар көрсетілген.

Ал театр кітабының қажеттілігіне байланысты М.Дулатов: «Бұлардың бәрінде де өлең айту, ән салу, домбыра тартудан басқа нәрсе жоқ еді. Сондықтан соңғы кездерде қазақша театр кітабы болса деген тілек барлығы сезіне бастаған еді, - деп жазады/18/. Осы кезде баспаға шыға бастаған пьесаларға келетін болсақ, К.Төгісов «Қайғы» деп аталатын мақаласында: «көп надандықтың бірер жарымын қолдан келгенінше «ойын кітабына» (пьеса) жазып қазақ жастарына арнағым келеді. Кітаптың аты «Надандық құрбаны»... Бұл кітап жақын арада басылып шығады, кітап баспаханасына берілді. Қазақтарға ойнап өз көздеріне көрсетсе мұндай надандық жолдан тартылар еді деп үміт қыламын/19/, - деп жазады. Бірақ, К.Төгісовтың бұл пьесасына байланысты: «сөйтіп тұңғыш көрген театр кітабымыз өлі туды. Мұны әдебиет кештерінде қоюға жарайды деп айтуға ауыз бармайды», - деп М.Дулатов кітаптың жарамсыздығын айтқан болатын/20/. Сонымен қатар «Айқап» газетіне қазақ тілінде шыққан Лихановтың «Манап» драмасына байланысты М.Дулатов мынадай пікір білдірген: «Манап» драмасы үлгілі қазақ әдебиеті қатарына қосыларлық емес,- дей келе, «Манапты» шығарушы Лихановтың қазақ жайынан еш нәрсе білмейтіндігін жаңылмай айтуға болады»,- деп жазады/21/. Ал, екі пьесаның сахнаға қойылуы туралы жазба мәліметтерді кездестіре алмадық, - деп жазған «Қазақ театрының тарихының» авторларының айтқанына назар аударсақ, бұл еңбектердің баспаға шыққан алғашқы театр кітаптары болғанына қарамастан, сол кезде айтылған сынға төтеп бере алмағандығын байқауға болады.

Алғашқы әдебиет кештерін ұйымдастырушылар – қазақ мәдениетін өркендетуге белсене қатысып жүрген зиялыларымыз болатын. Оны М.Дулатовтың мына сөздерінен көре аламыз: «Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші болып һәм бірінші қазақ әйелі (Нәзифа ханым Құлжанов жамағатының) майданға түсіп берген өрнегі еді»/22/, - десе, тағы бір мақаласында «бұл әдебиет кешін бас болып істеуші Назифа ханым мен Нұрғали Құлжановтар еді»/23/, - деп жазады. Ал «Қазақ» газетіндегі мақаладан Семей қаласында өткізілген әдебиет кешін оқығандар һәм саудагерлер жасағандығы/24/ туралы оқимыз. Яғни, қазақ әдебиет кештерін өткізуге қазақ зиялыларымен қатар оқудағы жастардың және саудагерлердің қатысқандығы белгілі болып отыр.

Ал осы кештерге қатысқан ойыншыларға тоқталар болсақ, олардың арасында оқудағы қазақ жастарымен қатар, зиялыларымыз да өз үлесін қосқан. Х.Болғанбайдың мақаласынан «...қолына сырлы домбырасын ұстап алаңға ардақты «арғын» (А.Б.) ақын шықты. Халық «арғын» ақынды көргеннен-ақ қол шапалақтап қарсы алды, - дей келе, «арғын» ақынның сахнаға 2 рет шығып өлең айтқанын жазады. Ал «...қазақ ханымдарынан Ғайнижамал Дулатова һәм Жаңыл ханым Кәдірбаевалар шығып, олардың екі реттен өлең айтқандығынан мәлімет береді. Ханымдар бұрын мұндай топ алдында шықпауына алаңға шықпауларына қарамай, көңілдегідей шығара алды/25/, - деп жазуы кеште ойнаушылардың зиялылар ғана емес, халық ішінен шыққан дарынды әншілер мен өнерге бейімді адамдар екенін көрсетеді.

Ал Атбасарда өткен әдебиет кешінде 25-тей кісі ойнаған болса, оның он жетісі ер адамдар

болса, қалғаны әйел адамдар болған/26/. Ж.Темірбековтың өзі қатысқан кештің де көпшілік ойнаушылары ер адамдар болған/27/. Мұның өзі алғашқы кездері әдебиет кештерінде ер адамдардың басымдығын көрсетсе, ол кездегі қазақ қоғамында әлі де қазақ әйелдері мұндай кештерге белсене қатыспаған. Мұның себебін мына мәліметтен көруге болады: «Нұрғали мырза Құлжанов шығып, ақсақалдардан, қажылардан ғафу өтінді: алдыңызға келіп өлең айтатын келіндеріңізді айыпқа бұйырмассыздар, игі жұмыс үшін істелген кеш қой деп; Сара қыз бен Біржан салдың жөнін айтты»/28/.

Сонымен жоғарыда айтылған қазақ зиялыларының пікірлерін қорытындылар болсақ:

- алғашқы әдебиет кештері Қазақстанның Семей, Торғай, Атбасар қалаларында ұйымдастырыла бастаса, ал Орынбор, Омбы сияқты оқушы қазақ жастары көп шоғырланған жерлерде ноғай, башқұрт жастарының бірігуімен де кештер өткізіліп, осы қалаларда қазақ өнерпаздары жақсы өнер көрсеткендігін жазады;

- қазақ ұйымдастырушылары әдебиет кештерін өткізуге рұқсатты әкімшіліктен қиындықпен алғанмен, кештен түскен түсімді билік орындары соғыс ауруханаларына көмек ретінде алып отырса, қалған бөлігін оқудағы қазақ жастарына көмек ретінде беріп отырғандығын айтты;

- алғашқы өткізіле бастаған әдебиет кештерінде Абай, Ыбырайдың шығармаларын кеңінен насихаттаса, сонымен қатар домбырада қазақ әндері мен күйлері орындалып, ақындар айтысы қойылғандығын жазады;

- баспаға шыққан алғашқы қазақ театр кітаптары сол замандағы өзекті мәселелерді негізгі өзегі етіп алса да, театр шығармаларына қойылатын талаптарға сай келмегендігін ашып көрсеткен;

- әдебиет кештеріндегі алғаш ойнаушыларды халық ішінен шыққан дарынды өнерпаздар құрады, бірақ олар кәсіби ойыншылар болмағандығын жазды.

Қазақ жерінде алғаш ұйымдастырыла бастаған әдебиет кештерінің алғаш Семей, Торғай, Атбасар сияқты қалаларда жиі өткізілуіне осы қалаларда зиялылар мен оқушы жастардың көп шоғырланғандығы себеп болғандығын көруге болады. Әдебиет кештеріне алғаш негіз болған қазақ халқының рухани мұрасы бұл кезде де өз жалғастығын тауып, театр өнерін қалыптастыруға зор әсер еткені анық. Дегенмен мұндай кештерді ұйымдастыруда қиыншылықтардың болғанына қарамастан, қазақ әдебиет кештері болашақ қазақ театрының қалыптасуына басты негіз болған.

1. Қазақ театрының тарихы. – Алматы, 1975. - Т.1. -37 б.
2. Дулатов М. Абай // Қазақ.1914. №67. -1 б.
3. Назифа (Құлжанова). Бір керек іс // Қазақ. 1915. №125. 9 май. -1 б.
4. Шопауов Д. Атбасарда театр // Қазақ. 1916. №166. 24 январь. -2 б.
5. Қазақ театрының тарихы. - Т.1. -39 б.
6. Ішкі хабарлар // Қазақ. 1915. №110. 9 март. -3 б.
7. Бортаң (Х.Болғанбаев). Әдебиет кеші // Қазақ. 1915. №119. 15 апрель. -4 б.
8. Шопауов Д. Атбасарда театр // Қазақ. 1916. №166. 24 январь. -3 б.
9. Қазақ театрының тарихы. - Т.1. -39 б.
10. Тілші. Семейде әдебиет кеші // Қазақ. 1914. №51. 21 февраль. -4 б.
11. Ішкі хабарлар // Қазақ. 1915. №110. 9 март. -3 б.
12. Ішкі хабарлар // Қазақ. 1915. №110. 9 март. -3 б.
13. М (М.Дулатов). Қазақ әдебиет кеші // Қазақ. 1915. №114. 28 наурыз. -2 б.
14. Ішкі хабарлар // Қазақ. 1915. №110. 9 март. -3 б.
15. Бекмұхамед Серкебайұлы. Омбыда әдебиет кеші // Қазақ. 1915. №122. -26 апрель. -3 б.
16. М (М.Дулатов). Қазақ әдебиет кеші // Қазақ. 1915. №114. 28 наурыз. -3 б.
17. Тілші. Семейде әдебиет кеші // Қазақ. 1914. №51. 21 февраль. -4 б.
18. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. -278 б.
19. Төгісов К. Қайғы // Ай-қап. 1915. №14. -206 б.
20. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. -281 б.
21. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. -262 б.
22. Дулатов М. Абай // Қазақ.1914. №67. -1 б.
23. М (М.Дулатов). Қазақ әдебиет кеші // Қазақ. 1915. №114. 28 наурыз. -3 б.
24. Ішкі хабарлар // Қазақ. 1915. №110. 9 март. -3 б.
25. Бортаң (Х.Болғанбаев). Әдебиет кеші // Қазақ. 1915. №119. 15 апрель. -4 б.
26. Шопауов Д. Атбасарда театр // Қазақ. 1916. №166. 24 январь. -3 б.
27. Юсуф Темірбеков. Торғайда әдебиет кеші. Қазақ. 1916. 24 январь. №166. -3 б.
28. М (М.Дулатов). Қазақ әдебиет кеші // Қазақ. 1915. №114. 28 наурыз. -3 б.

* * *

В данной статье автор рассматривает литературные вечера, которые были организованы с начала 20 века, на основе трудов казахской интеллигенции. Сравнивая труды казахской интеллигенции, автор приходит к выводу, что казахские литературные вечера были основой становления казахского театра.

* * *

In this article the author examines the literary evenings, which were organized since the early 20 th century, based on the labors of the Kazakh intelligentsia. Comparing the works of Kazakh intellectuals, the author concludes that the Kazakh literary evenings were the basis for the formation of the Kazakh theater.

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Б. Б. Кәрібаев

ЖАЛАҢТӨС БАҺАДУР ЖӘНЕ XVII Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Ортағасырлық Қазақстан тарихының Қазақ хандығы дәуірі деп аталатын XV-XVIII ғғ. аралығындағы тарихи кезеңінде халық жадында есімдері сақталып қалған тұлғаларымыз жеткілікті. Олардың ішінде билеуші әулет өкілдері – хандар мен сұлтандардың, ірі дін басыларының есімдері негізінен ортағасырлық шығыс жазба деректерінің мәліметтерінде сақталса, қарапайым халықтан шыққан тұлғалар – батырлар мен билердің, ақындар мен жыраулардың, әулиелер мен ишандардың және тағы басқа тұлғалардың есімдері көбінесе халық ауыз әдебиетінің материалдарында бейнеленіп, күні бүгінге дейін жетіп отыр. Ал есімдері әрі жазба деректерде, әрі ауыз әдебиетінің материалдарында қатар айтылатын осы кезеңнің, әсіресе, XVI-XVII ғасырлардың тұлғалары некен-саяқ қана. Бұл кезеңде көбіне-көп атақты хандар мен сұлтандардың есімдері ғана дерек түрлерінде жиі кездеседі. Сондай бір заңдылыққа қарамастан билеуші әулет өкілі болмаса да, қарапайым халықтан шығып өзінің тарихи бейнесі мен есімін жазба дерек мәліметтерінде де, ауыз әдебиетінің материалдарында да қалдырған тұлғаларымыздың бірі – Жалаңтөс батыр.

Өзі өмір сүрген жылдарында тек бір елдің тарихында ғана емес, бүкіл Орталық Азия халықтарының тарихында өшпестей із, өнегелі іс қалдырған Жалаңтөс батырдың есімінің терең сақталынуы заңдылыққа жатады. Оның жүргізген саясаты мен атқарған қызметтері сол дәуірдің ағымындағы саясатқа, ахуалға қалай әсер етсе, артында қалдырған мәдени мұралары қазіргі дәуірде де дәл сондай ықпал етуде. Сол себепті де Жалаңтөс баһадур секілді тарихи тұлғалар есімдерінің ел есінде де, тарих беттерінде де сақталынып қалуын осылай ғана түсінуге болады. Мұндай тұлғалардың өмірі уақыт өткен сайын кейінгі ұрпақты бірлікке, татулыққа, ынтымаққа жетелеп отырады. Соған байланысты біз төменде осындай ірі тарихи тұлғаның тарихына қатысты бір мәселеге – оның XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси өміріне тигізген ықпалы мен әсері мәселелеріне мәселесіне тоқталып өтпекшіміз.

Жалаңтөс батыр – Кіші Жүздің Әлім тайпалық бірлестігіндегі Төртқара тайпасына жататын әрі белді, әрі белгілі әулеттің өкілі. Оның шығу-тегіне ғылымда алғаш назар аударған ғалымдарымыздың бірі, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының бірі – Халел Досмұхамедұлы болды. Ол өзінің көпшілікке кең танымал болған белгілі мақаласында оның шежіресін былайша көрсетеді: «Әлімнен – Жаманақ, Ұланақ, Қарамашақ, Айнық, Тегінболат; Қарамашақтан – Оразгелді, Ораз, Жаншоқыр, Қараш; Ораздан – Ақбан, Тоқбан; Тоқбаннан – Тоғамыс, Шобан, Сейітқұл; Сейітқұлдың Сары бәйбіше атты қатынынан – Сейтімбет, Төлес, Ақша би; Ақша биден – Байбек, Шалым; Байбектен – Әйтеке би; Қаракемпір атты қатынынан – Қожағұл, Жалаңтөс, Қалматай, Түрікпен, Дүйсеней, Кенже, Семейтей»(1). Кіші жүзде Әлімдер аға баласы делініп, ерекше құрметке ие болса, Әлім ішінде төртқалар билер көп шыққан тайпа ретінде белгілі. Мұның растығына бір ғана Сейітқұл бидің кіндігінен тараған – Ақша би, Байбек би, Әйтеке би, Жалаңтөс би, Қара абыз билерге қарап көз жеткізуге болады. Ал осы әулеттен XVIII-XIX ғғ. шыққан билердің саны қаншама! Жалаңтөстің де осы әулеттен шығып, би болуын – тектілік дәстүрдің сақталынуы мен жалғасын табуынан деп түсінеміз.

Шежірелер мен тарихи әдебиеттер Жалаңтөс батырдың туған жылын 1576 жыл деп көрсетеді. Ал әкесі - Сейітқұлды әрі би, әрі қазы және қазақ ханы Шығайдың жанындағы өте ықпалды тұлға болған деп баян етеді. Шежіре бойынша Жалаңтөс – Сейітқұл бидің он ұлының бірі. Біздің ойымызша оның шын есімі басқа болған да, Жалаңтөс - оның лақап есімі болған. Тарихта белгілі тұлғалардың тек лақап есімімен кең танымал болғандығы жөнінде мысалдар өте көп. Жалаңтөс деген лақап оған ұрыстар мен шайқастарға сауытсыз-ақ қойып кетіп, жеңіп шыққаннан кейін берілген есім сияқты. Жалпы Жалаңтөс деген ұғым батырлықтың, ержүректіліктің, қайсарлықтың синонимі іспеттес.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінің материалдарында Жалаңтөс «батыр» деп аталынса, шығыс жазба деректерінің мәліметтерінде ол – «бахадур» «би», «қолбасшы» және «аталық» секілді лауазымдармен кездеседі(2). Мұндай лауазымдар Жалаңтөс батырға жайдан-жай берілмей, оның өмір жолындағы жеткен жетістіктері мен алған асуларын айғақтап көрсетеді. «Батыр» мен «бахадур» деген атақ оның жекпе-жектердегі жеңістері мен ерліктерін дәлелдесе, «қолбасшы» деген лауазымды түсіндірудің өзі бұл жерде артықтау. Ал «би» деген лауазым-XVII ғасырда әрі әкімшілік, әрі сот биліктерін иеленген тұлғаға берілетіні белгілі. «Аталық» лауазымы болса, арнайы ханның жарлығымен хан ұлдарының бірін әскери өнерге, ел басқаруға, мемлекетті билеуге тәрбиелейтін, баулитын адамға ғана берілетін болған. Ондай адамның әрі батыр, әрі би, әрі өмірлік тәжірибесі мол болуы міндетті. Жалаңтөстің әрі батыр, әрі қолбасшы, әрі би және аталық секілді лауазым мен атақтарды иеленуі оның қандай тұлға болғандығын айтпай-ақ көрсетіп тұр.

Осындай атақ-лауазымдарды иеленген тұлғаның мемлекеттің саяси тарихына, оның барысына тікелей әсер етпеуі мүмкін емес. Төменде осы мәселелерге тоқталалық.

1576 жылы дүниге келген Жалаңтөс батыр XVI ғасырдың соңында-ақ белгілі тұлғаға айнала бастайды. XVI ғасырдың соңғы жылдары Қазақ хандығы мен оның оңтүстіктегі көршісі Мауереннахр үшін өте елеулі оқиғаларға толы болды. Қазақ ханы Шығайдың билігі тұсында Мауереннахрдағы шайбанилық әулеттің билеушісі Абдулла хан ішкі жауларына қарсы күресте қазақ билеушілерін одақтастыққа шақырады да, Мауереннахрдың бір аймақтарын оларға сый ретінде беріп отырады. Жазба дерек мәліметтері Ходжент аймағының қазақ ханына берілгендігін баяндайды.(3) Шығай ханның ықпалды адамдарының бірі болған Жалаңтөстің әкесі Сейітқұл бидің қазақ жерінен Мауереннахрға қоныс аударуы осы кезеңге тұспа-тұс келіп, мүмкін осы оқиғаға тікелей байланысты болған шығар. Көп ұзамай, 1598 жылы Абдулла хан, алты айдан соң оның мұрагері Әбдмомын хан қайтыс болғаннан кейін Мауереннахрдағы шайбанилық әулет өз билігін түпкілікті тоқтатады. 1598-1599 жылдары Тәуекел ханның Орта Азияға жорықтары басталып, Ташкент, Самарқан, Ферғана қалалары қазақтардың қолына өтеді де, Бұқара қаласы қоршауға алынады. Бірақ та Тәуекел ханның қаза табуы Орта Азияны толығымен бағындыруды жүзеге асыртпайды. 1599-1600 жылы Орта Азияға жаңа әулет - Аштарханилық әулеттің билігі орнап, әулеттің алғашқы билеушілері Қазақ хандығымен бейбіт келісімдерге келеді.(4) Түркістан, Ташкент қалалары мен аймақтары Қазақ хандығының құрамына енгізіліп, Ферғана, Бұқара, Самарқан аймақтары Аштарханилық әулеттің иелігіне беріледі. Самарқан аймағы сол тұста Қазақ хандығымен шекаралас болғандықтан, онда қазақтардың ықпалы сақталынып қалады. Алғашқы Аштарханилық билеушілер – Дінмұхаммед ханның (1599-1600), Бекмұхаммед ханның (1600-1605) және Уәлімұхаммед ханның (1605-1611) ішкі саясаты әулеттің билігін тұрақтандыру болды.(5) Ал сыртқы саясатының басты бағыты - Хорасан мен Балх аймағын Иранннан қорғап қалу болды. Мұндай жағдайда оларға жергілікті ішкі этно-саяси күштермен одақтасу, жақындасу өте қажет еді. Соның нәтижесі ретінде Самарқан аймағы мен қаласында ықпалы күшті болған қазақ тайпаларының өкілі Жалаңтөс батыр 36 жасында қала әкімі боп тағайындалады. Осы қызметінде ол 40 жылдан аса отырып, Аштарханилар мемлекеті мен Қазақ хандығының сыртқы саяси тарихында терең із қалдырады.

Жалпы, XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы мен Мауереннахрдағы Аштарханилық әулеттің арасындағы саяси қарым-қатынастардың сипатын салыстырмалы түрде біршама бейбіт деуге болады. Мұндай бейбіт саяси қатынастардың қалыптасуының обьективті және субьективті себептері жоқ емес.

Қазақ хандығы бір жарым ғасырдай уақытқа созылған күрестерден соң XVI ғасырдың соңында Сырдария өзенінің орта ағысы бойындағы қалаларды (шығыс жазба деректерінде бұл аймақ осы дәуірде жалпылама атаумен-Түркістан атауымен атала бастаған) және Ташкент аймағын өзінің құрамына қосады. Бұл жаңа қалыптасқан саяси жағдайды аштарханилық әулеттің өкілдері ресми түрде мойындауға мәжбүр болады. Сөйтіп, Қазақ хандығы үшін бір тарихи кезең аяқталып, жаңа тарихи кезең басталады. Бір тарихи кезең аяқталды дегеніміз – XV ғасыр ортасында құрылған Қазақ хандығы шайбанилық әулетпен ұзаққа созылған күрестер жүргізу арқылы XVI ғ. соңында қазақ халқының этникалық территориясын, шекараларын қалыптастыруды аяқтайды. Тәуекел ханның мұрагері, әрі туған інісі Есім хан Сыр бойындағы Иассы қаласын Қазақ хандығының астанасы етіп, ол қала жаңа атауға – Түркістан атауына ие болады. Жаңа қалыптасқан этно-саяси жағдай - жаңа қоғамдық қатынастардың элементтерін тудырғандықтан, оларды құқықтық негізде реттейтін жаңа заң – «Есім ханның ескі жолы» өмірге

келеді. Осылайша, XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың алғашқы жылдары Қазақ хандығының дамуы үшін өте қолайлы болып көрінгенімен, жаңа жағдай өз мәселелерін дүниеге әкеледі. Ол мәселе – Қазақ хандығының құрамындағы ерекше статусы бар Ташкент аймағының билеушісі Тұрсын ханмен қарым-қатынас болатын. 1611 жылға дейін Түркістандағы Есім хан мен Ташкенттегі Тұрсын хан арасындағы қарым-қатынастар өзегі жарылмаған сыздауық-тай жабық күйде дамыса, осы жылы Бұхара тағына атақты Иманқұл ханның билікке келуімен жағдай күрт өзгере бастайды. Ол туралы төменде сәлден кейін тоқталамыз.

1599-1611 жылдар аралығында Орта Азиядағы аштарханилар әулеті Қазақ хандығымен уақытша болса да бейбіт қатынастар орнатқаннан кейін әулеттің алғашқы билеушілері өз күштерін Хорасан мен Балх аймағын сақтау үшін жұмсағаны белгілі. Қазақ хандығы мен аштарханилар әулеті арасындағы саяси қарым-қатынастардың алғашқы кезеңінің (1599-1611жж.) бейбіт түрде болуының обьективті себептері осындай болатын. Ал субьективті себептерге жеке тұлғалардың осы қарым-қатынастарға қосқан үлесі мен тигізген әсерлерін жатқызамыз. Қазақ тайпаларының Самарқан аймағындағы саяси, экономикалық ықпалы, әсіресе, Жалңтөс батыр секілді белді тұлғалардың рөлі аштарханилық Дінмұхаммед ханға да, Бекмұхаммед ханға да және Уәлімұхаммед ханға да Қазақ хандығымен бейбіт қарым-қатынастар жүргізуге итермелеген деуге болады.

XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығы мен аштарханилық әулет арасындағы саяси қарым-қатынастардың екінші кезеңі – Иманқұл ханның билігі тұсында (1611-1642 жж.) өтеді. Осы кезеңдегі саяси қарым-қатынастарға Орта Азияда біршама саяси салмақ пен беделге ие болған Жалаңтөс батыр өзіндік ықпал жасап, әсерін тигізеді. Бұл мәселелер біз үшін өте маңызды болғандықтан оған тереңірек тоқталалық.

Иманқұл ханның 1611 жылы Бұхара тағын қалай иеленгені жазба деректерде жақсы баяндалады. Мұхаммед Юсуф Муншидың дерегіне қарағанда Иран шахының 80 мыңдық әскеріне арқа сүйеген Уәлімұхаммед ханды Иманқұл тас-талқан етіп жеңеді(6). Автор Иманқұл ханның жеңісін Хашим қожа деген дін басының ерекше ғажайып істерімен тікелей байланыстырады.(7) Ал шындығына келгенде, жергілікті Мауереннахр тұрғындары Иманқұл ханның басшылығымен ирандықтардың басқыншылығына қарсы соғысып, жеңіп шығады. Жазба деректерде осы шайқасқа кімдердің қатысып, кімнің қандай үлес қосқаны айтылмайды. Бірақ та Иманқұл ханның 1612 жылы Жалаңтөс батырды Самарқан қаласының билеушісі болып тағайындауын оның қызылбастарға қарсы ұрыста көрсеткен ерлігі мен ортақ жеңіске қосқан үлесін ескергендігінен және Самарқан аймағында қазақ тайпаларының саяси-экономикалық ықпалының күшті болуынан деп түсінеміз. Солтүстіктегі көршісінің ықпалын бәсеңдету үшін Иманқұл хан 1613 жылы қазақ сұлтаны Тұрсын-Мұхаммедті Ташкент аймағының билеушісі етіп жариялайды.(8) Сондай-ақ Тұрсын ханның күшейіп, дербес хан болуына қолдау көрсетеді. Осылайша, XVII ғасырдың екінші және үшінші онжылдықтары Қазақ хандығының ішкі саяси тарихында Есім хан мен Тұрсын хандар арасындағы «текетірес» кезең деген атаумен ерекшеленеді. «Текетірестің» 1627/28 жылы Тұрсын ханның қаза табуымен аяқталғаны белгілі.

Қазақ тарихындағы «текетірес» жылдары Жалаңтөс батырдың қазақтың қай ханына қолдау көрсеткенін нақты дөп басып айту қиын. Дегенменде, болжам ретінде ол Есім ханға бүйрегі бұрған деуге болады. Оған бірнеше жанама дәлел бар. Егерде Тұрсын хан Жалаңтөс батырдан әскери қолдау көрсе, онда ол Есім ханнан жеңілмеген болар еді. Екіншіден, Есім ханның мұрагері, әрі ұлы Жәңгір хан мен Жалаңтөс батыр арасындағы қарым-қатынастартың өте шынайы, таза болуын Жалаңтөс батыр мен Есім хан арасындағы қатынастардың жалғасы деп есептейміз. Әсіресе, Жалаңтөс батырдың Жәңгір ханға әскери көмегі қазақ-жоңғар соғыстары кезінде қатты көрініс береді.

Ал Жалаңтөс батырдың Самарқан қаласындағы билігіне келсек, бірден мынаны аңғарамыз. Ол салдырған екі медресенің бірі – «Ширдар» немесе «Арыстанды» медресенің салынған жылын Х.Досмұхамедұлы хижра бойынша 1028 жыл, ал қазіргі жыл санаумен 1019 жыл деп есептейді(9). Ал 1028 хижра жылын жаңаша тәсілдермен есептегенімізде «Арыстанды» медресесінің салынған жылы біздің қолданып жүрген жыл санауымыз бойынша 1615/1616 жылға сай келеді. Бұл - Жалаңтөс батыр Самарқан билігіне келгеннен кейінгі 3-4 жыл немесе Иманқұл ханның Иран әскерін жеңгеннен кейінгі - 4-5 жыл. «Арыстанды» деп аталынылуының бір себебі осында жатқан шығар. Өмірінің соңғы күніне дейін қаланы билеген Жалаңтөс батыр тек Иманқұл ханмен ғана емес, оның мұрагерлерімен де жақсы қатынаста болады. Жергілікті өз ру-

тайпаластарының, түрік тілдес тұрғындардың, сондай-ақ басқа тілдес тұрғындардың Жалаңтөсті қолдауы оны өмірінің соңына дейін билікте болуға жағдайлар жасайды.

Жалаңтөс батырды ел есінде қалдырған іс-әрекеттерінің келесі бір жиынтығы - XVII ғасырдың 30-40 жылдарына сәйкес келеді. Бұл жылдар-қазақ-жоңғар әскери қатынастарының алғашқы кезеңі болатын. Және де осы қатынастарда тікелей Жалаңтөс батырдың әскери көмегі қазақтардың жеңіске жеткуіне көп көмегін тигізеді. Бұл біздің қарастырып отырған мәселеміздің негізгі бір бөлігі болғандықтан оған тереңірек тоқталалық.

Қазақ халқы өзінің шығысындағы көшпелі ойрат тайпаларымен ежелден бері күресіп келе жатқан болатын. Бұл туралы ортағасырлық жазба деректерде мәліметтер өте көп ұшырасады. Күрестер алғашқы кезеңде тонаушылық сипат алса, кейіннен сипатын өзгертіп, басқыншылыққа ауыса бастайды. 1635 жылы ойрат тайшыларының арасындағы күресте Хара-Хұла тайшының ұлы Батур жеңіске жетіп, көшпелі тайпаларды біріктіреді де, хантайшы атағын иеленеді. Жаңадан құрылған көшпелі мемлекеттің аты Жоңғар хандығы деп аталғандығы белгілі. Жоңғар билеушілері қазақтардың жерін басып алу арқылы өз іштеріндегі жер, жайылым тапшылықтарын шешуді мақсат етіп қояды. Бұл өз кезегінде қазақ-жоңғар соғыстарының басталуына алып келеді.

Тарихтан белгілі алғашқы қазақ-жоңғар соғыстары 1635 жылдың өзінде басталып кетеді.(10) Бірнеше жылға созылған ұрыстар мен шайқастар екі жақты да алма-кезек уақытша жеңістерге жеткізгенімен нақты жеңімпаз анықталмайды. Мұндай жағдайда соғысушы екі жақтың да билеушілері болашақ жеңістердің кілті - мықты, әрі сенімді одақтас табуда екендігін жақсы түсінеді. Батур хантайшы өзіне одақтастарды ойраттарға туыс тайпалар - халхас, холт тайпаларының хандары мен көптеген ұсақ тайшылардан табады.(11) Ал Қазақ хандығы одақтастарды көршілес мұсылман елдерінен іздестіреді. Ортағасырларда қалыптасқан дәстүр бойынша екі ел арасындағы бейбіт, одақтастық шарттардың көп жағдайда билеуші әулет өкілдері арасында туысқандық қатынастармен нығайтылып отыратыны белгілі. Сол дәуірдің тарихшысы Шах Махмуд Шорас осы жылдары Жәңгір хан елшілігінің Шығыс Түркістандағы Моғол билеушісіне келгендігін айта келе, қазақ ханшасының Абдулла ханның ұлы Жолбарыс сұлтанға ұзатылғанын баяндайды.(12) Дәл осындай билеуші әулеттер арасындағы туысқандық қатынастар қазақ билеушілері мен аштарханилық әулет өкілдері арасында да қалыптасады. Т.И.Сұлтанов Есім ханның бір қызының аштарханилық билеуші Иманқұл ханға(1611-1642) ұзатылғанын айтып өтеді.(13) Осы жерде Жалаңтөс батырдың әрі би, әрі қолбасшы және аштарханилар мемлекетіндегі беделді саяси қайраткерлердің бірі, сондай-ақ Иманқұл ханның жақын серігі екендігін ескере келе, екі жақты қатынастың қалыптасуында қазақ батырының белгілі бір дәрежеде ролі болған деп нық сеніммен айтуға болады. Екі ел арасындағы туысқандық қатынастар одан кейін де жалғасын тауып, 1640-шы жылдары Жәңгір ханның (деректерде Қазақ ханым деп айтылады) бір қызы болашақ Бұхар ханы Абдалазизге ұзатылады.(14) Ал Жалаңтөс батырдың Абдалазизге аталық болғандығын ескерсек, бұл жерде оның ролінің ерекше болғандығын көреміз. Осылайша XVII ғасырдың 20-40 жылдары Қазақ хандығы мен аштарханилық әулет арасындағы қарым-қатынастардың дамуында Жалаңтөс батырдың ролі зор болған дейміз. Қазақ хандығы үшін мұндай одақтастықтың Жоңғариямен соғыстарда маңызы аса жоғары болады.

Жалаңтөс батыр қазақ билеушілері мен аштарханилық әулет арасындағы достық, одақтастық қатынастарды қалыптастырушылардың бірі ғана емес, сонымен бірге одақтастық шартқа сай оның талаптарын жүзеге асырушы тұлға болып саналады. Біз оны 1640-шы жылдардағы қазақ-жоңғар соғыстарының барысынан көре аламыз. Жалаңтөс батыр 1643 жылы 20 мыңдық әскермен Жәңгір ханға жетіп, жоңғар хантайшысының кейін шегінуінде шешуші рол атқарады(16). Орбұлақ шайқасы деген атқа ие болған бұл шайқас туралы тарихи әдебиеттерде көп баяндалғандықтан біз ол жөнінде тоқталып жатпаймыз. Тек қана осы шайқастардағы Жалаңтөс батырдың ролі туралы сөз етеміз. Қазақ хандығы үшін осындай сындарлы кезеңде ол әрі саясаткер ретінде, әрі қолбасшы ретінде қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолында қызмет етеді.

Жалпы, Жалаңтөс батыр жөніндегі жоғарыда айтылған ойларымызды қорытындылай келе, оның өз заманында туған елі мен жері үшін, мемлекеті үшін атқарған істері мен еңбектері орасан зор, оның өмірі өскелең ұрпақ үшін өнегелі дейміз. Өз тарихын терең зерделеуге бет бұрған қазақ халқының қазіргі кездегі өскелең ұрпақтары батыр бабасының тарихи бейнесін ешқашанда ұмытпайды, оны әрдайым ардақтап, құрмет тұтады деп санаймыз. Болашақта Жалаңтөс батырдың тарихи бейнесін сомдап көр-

сететін зерттеулердің көптеп жарыққа шығатынына кәміл сенеміз.

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. (Құрастырушылар, алғы сөзін және түсініктемелерін жазғандар – Ғарифолла Әнесов, Аманқос Мектепов, Шәмшәдин Керімов. Алматы, «Ана тілі», 1991, 42 б.)

2. Мухаммед Юсуф Мунши. Муким-ханская история. Перевод с таджикского, предисловие, примечание и указатели профессора А.А.Семенова. Изд-во АН Узб.ССР. Ташкент, 1956, 91б., Тарих-и Кипчаки. Мын История Казахстана (с древнейших времен до наших дней) В пяти томах. Том 2. А., Атамұра,1997, мына жинақта: Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечение из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин, Изд-во «Наука». А., 1969, 396-397 бб. Одан әрі – МИКХ.

3. Шараф-наме-йи шахи. Мына жинақта: МИКХ., А., 1969, 257 б.

4. Абусеитова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. А., «Наука», 1985, 91-93 б.б.

5. Стэнли Лэн-Пуль. Мусульманские династии. Мына кіт.: Абуль-Гази-Багадур-хан. Родословное древо тюрков. Иоакинф. История первых четырех ханов дома Чингисова. Лэн-Пуль Стэнли. Мусульманские династии. Москва-Ташкент-Бишкек,1996, 484 б.

6. Мухаммед Юсуф Мунши. Муким-ханская история. Ташкент, 1956, 81-82 б.б.

7. Сонда. 81-82 б.б.

8. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней) В пяти томах. Том 2. А., Атамұра,1997, 415 б.

9. Досмұхамедұлы Х. Аламан. 41 б.

10. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней) В пяти томах. Том 2. А., Атамұра,1997, 419 б.

11. Сонда. 421 б.

12. Тарих-и Шах Махмуд бен Мирза Фазил Чорас. Мына жинақта: МИКХ., 385 б.

13. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы, Дайк-Пресс», 2001, 222 б.

14. Сонда.225 б.

15. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней) В пяти томах. Том 2. А., Атамұра,1997, 421 б.

Е. Ноянов

САҚ, ҒҰН ТАЙПАЛАРЫНЫҢ СОҒЫС ЖҮРГІЗУ ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ежелгі және ортағасырларда Еуразия даласында үстемдік еткен қуатты мемлекеттер мен империалардың билеуші тайпалары негізінен көшпелі тұрмыс кешкен. Көшпелі тайпалардың мекен еткен жерлері де ұланғайыр аймақтарды алып жатқан. Бұған бірінші кезекте жайылымдық жерлерді көптеп қажет ететін көшпелі мал шаруашылығы себепкер болса, екінші кезекте көшпелі тайпалардың соғыс өнерінің артықшылығының тікелей қатысы бар.

Б.з.б. VII – IV ғғ. Еуразия далаларын мекендеген сақ-скиф тайпалары батысында Дон өзені мен Қара теңіз жағалауларынан бастап, шығыста Байкал көліне дейінгі аралықта, ал оңтүстігі Амудариянның сағасынан, солтүстікке Батыс Сібір ойпаты аралығын мекендеген. Өз заманында бұл тайпалар шығыста орналасқан Мидия, Лидия мемлекеттерімен, кейіннен VI ғ. қалыптасқан парсы империясымен тығыз байланыста болды. Кир негізін салған парсы мемлекеті Мидияның орнын басып, артынан Вавилон, Египет, Лидия мен Грекияның бір бөлігін бағындырып, империя қалыптастырды (1). Отырықшы мемлекеттерді қиналмай бағындырғаннан кейін, парсылар өздерінің солтүстігінде мекендейтін көшпелі тайпаларды бағындыруға тырысты. Алғаш Кир патша Сырдың орта ағысы бойы мен Жетісу жерін мекендеген массагет тайпасын бағындыруға ұмтылды. Әйгілі грек тарихшысы Геродот «Массагеттердің тұрмысы скифтерге ұқсас, киім кию үлгісі де бірдей. Олар соғыста салт атты әскерімен де, жаяу әскерімен де соғыса береді. Қару түрінен кәдімгі садақпен қатар, найза мен айбалта кең тараған. Олардың бұйымдары көбіне алтын мен күмістен жасалады. Алайда найза, жебе мен айбалтаның темір бөлігін көбіне мыстан дайындайды. Адамның киімі, белдігі мен ілмешектерін алтынмен өрнектейді. Жылқыларына да мыс сауыт пен төсқағар кигізіп, әбзелдерін алтынмен әрлейді» (2) – деп жазады.

Кир үшін қайғылы аяқталатын бұл жорық 530 жылы, оның қартайған (70 жасқа таяу) шағында болды. Массагет патшасы қайтыс болғаннан кейін билікке келген Томирис патшайымға Кир елші жіберіп, өзіне әйел болуды ұсынады. Алайда Кирдың түпкі ойын білген патшайым бұл ұсынысты қабылдамайды. Бұған жауап ретінде Кир Сырдария өзенінен жүзіп өту үшін аспалы көпір сала бастайды. Мұны көрген Томирис өзінің адамы арқылы өзеннің бергі бетінен «Мидия патшасы! өз райыннан қайт. Көпірдің саған пайдалы немесе зиянды болатынын сен алдын ала білмейсің ғой. Бұл әрекетіңді қойып, өз еліңді билей бер.... Егер сен массагеттерге шабуыл жасағың келсе, көпір

салуды тоқтатып, өзеннен еркін өте бер. Мен өз әскерімді өзеннен үш күндік алшақтыққа алып кетейін немесе сен рұқсат берсең, сондай шартпен мен сенің жеріңе өтейін» –деген ұсыныс жасайды. Келісімге сәйкес Кир әскері Сырдарияның арғы бетіне өтеді. Алайда массагеттердің қарсылығына кездеспейді. Массагет әскері белгілі бір арақашықтықты сақтап, парсы әскерін бақылауда ұстап отырады. Массагеттерді соғысуға мәжбүр етудің жолын Кирдің кеңесшісі Лидиялық Крез ойлап табады. «Масагеттер парсылардың өмір сүру салты мен көңіл көтеру мәзірін білмейді. Сол себепті көп қой сойып, түрлі тағамдар мен ыдыс толы шараптарды өзіміздің қонысымызға әскеріміздің аз бөлігімен қоса қалдырып, кейін өзенге қарай шегінейік» (3) – деген кеңес береді. Ішінде Томиристің ұлы Спаргапис бар массагет әскерінің бір тобы парсылардың қонысына шабуыл жасап, сол жердегі әскердің көзін жояды. Артынан парсылардың астарын ішіп, шарабына масаяды. Мұны пайдаланған парсылардың негізгі тобы әскери қауқарсыз топқа шабуыл жасап, ішінде Спаргапис бар жауынгерлерді тұтқынға алады.

Бұл соғыс әрекетінен байқағанымыздай массагеттер шегіне жүріп, оңтайлы сәтте жаудың көзін жоюға ұмтылатындығы. Алайда массагеттер мен парсылар арасындағы бұл қақтығыста парсылардың айласының асқанын көріп отырмыз. Тарихтан белгілі соңында Томирис пен Кир арасындағы теке-тірес массагеттердің жеңісімен аяқталып, Кирдің өзі көп әскерімен қоса осы шайқаста опат болады.

Скифтер мен парсылар арасындағы келесі бір қақтығыс парсы патшасы Дарийдің тұсында болған болатын. Парсылар өздерінің қол астындағы киммериялықтарға шабуыл жасады деген сылтаумен скифтерге қарсы жорық жасауға ұмтылды. Дарий патша жорыққа дайындала отырып, өздеріне бағынышты халықтардың біріне әскер жасақтауды, басқаларына кеме беруді, гректерге Боспар бұғазында аспалы көпір салуды талап еткен жарлық береді. Дарийдың інісі Артабан скиф жерін жау ала алмайтынын ескертіп, патшаны жорықтан бас тартуға көндіруге талпыныс жасайды.

Скифтер өзара кеңес құрады. Ашық ұрыста әскерінің саны көп Дарийге қарсы тұра алмайтындығын біліп, скифтер көрші тавр, невр, гелон, будин, сармат тайпаларына елші жібереді. Алайда аталған тайпалардың барлығы бірдей скифтерге қол ұшын беруге талпынбайды. «Егерде сендер бұрын парсыларға тиіспеген болсаңдар, біз сіздерді қолдаған болар ма едік. Алайда сендер бізбен ақылдаспай парсы жеріне жорық жасадыңдар. Парсылар осы әрекеттерін үшін сендерге тиісіп отыр. Сол себепті парсылардың өздері келіп ұрынбаса, біз қарсылық көрсетпейміз» деген жауаппен аталған тайпалардың көсемдері соғысудан бас тартты. Ал гелон, будин, сармат тайпалары парсыларға қарсы соғысуға шешім қабылдады. «Соғысамыз» деген тайпалар «қалыс қаламыз» деген тайпалардың жері арқылы шегінуге шешім қабылдады. Ол үшін алдын ала әйелдер мен балаларды, дүние мүліктері мен малдарымен қоса елдің ішкері жағын көшіре бастады. Әскердің өзі үш бөлікке бөлінді. Әскери құрамаларын бір күндік қашықтық аралығында ұстай отырып, жаудың іс-әрекеттерін бақылап отыратын жоспар құрылды. Жол бойы су көздерін жауып, малға азық шөптерді өртей отырып, мүмкіндігінше парсы әскерін елдің ішіне тереңдей кіргізу – скиф әскерінің негізгі жоспары болды.

Скифтер парсы әскерін өз елінде неғұрлым ұзағырақ ұстау үшін, өздерінің малдарының бір бөлігін малшыларымен қоса қалдырып кетіп отырды. Парсылар қолға түскен азын- аулақ олжаға жетістік ретінде қарап, мақтан тұтты. Алайда елдің ішіне ішкерілей кірген сайын Дарий да мазасыздана бастады. Өйткені скифтердің тосқауыл әскерлері парсылардың алдынан да артынан да белгілі бір қашықтықты сақтай отырып, үнемі бақылауда ұстады. Скифтердің әскері парсылардың атты әскерлерін жаяу әскерлерінің жанына дейін тықсыра қуған шабуылдар ұйымдастырды. Мұндай шабуылдар көбіне түнгі кезеңдерде жүргізіліп отырды. Скифтердің парсылармен соғысына кедергі келтірген тағы бір жағдай болды. Шабуыл барысында парсылар әскеріндегі есектер мен қашарлардың ақырған даусынан скифтердің аттары үркіп, кері қайтуға мәжбүр болып отырған. Кейіннен скифтердің аттары бұл дауысқа да көндіге бастайды(4).

Жорықтың бас-аяғы көрінбейтінін сезінген Дарий скиф патшасына «Ақмақ! Сен неге үнемі қаша бересің. Егер сен өзіннің күшті екендігіңді сезінсең қашуды қойып, менімен ұрысқа түс. Өзіңді әлсіз сезінсең де қашуды доғарып, өзіңнің қамқоршыңа жерің мен суыңды сыйға тартып келісімге кел» – деген сөздермен елші жібереді.

Бұған жауап ретінде скиф патшасы Иданфирс «Мен бұрын да, қазір де біреуден қорқып, бас сауғалап қашқан емеспін. Сенімен бірден шайқасқа түспеу себебім,менің елімде сен қиратып кететін қалалар немесе сенің атыңның тұяғы тапап кететін егіс алқаптары жоқ. Егер де сен шын мәнінде менімен соғысқың келсе, менің

ата-бабаларымның қорымдарын тауып, тиісіп көрші. Біздің сол қорымдар үшін соғысатынымызды немесе соғыспайтынымызға көзіңді жеткізесің. Әзірге тәубеңе келмей біз сенімен шайқасқа түспейміз. Мен сені өзімнің «билеушім» ретінде мойындай алмаймын. Жер мен суға арналған сыйдың орнына сенің құрметіне лайық сый жібердім. Ал сен өзіңді менің «билеушіңмін» деген сөзің үшін әлі сазайыңды тартасың» – деген жауап қайтарады.

Скиф патшасы сый ретінде құс, тышқан, көлбақа мен бес жебе жібереді. Парсылар келген елшіден мұның мәнісін сұрағанда, ол «парсылар ақылды болса жұмбақтың мәнін өздері шешетінін, өзінің тек сәлемдемені жеткізуші екендігін» – айтады.

Дарийдың жандайшап кеңесшілері «тышқан жерде мекендейді, көлбақа суды мекендейді, құс жылдамдығы жағынан жылқыға ұқсайды, осының бәрі сіздікі, ал жебелер скифтердің қаруын қойып бағынғандығын білдіреді» десе, Гобрий деген кеңесшісі «парсылар егерде сендер құс болып ұшып кетпесеңдер, тышқан болып індеріңе кіріп кетпесеңдер, көл бақа болып суға сүңгіп кетпесеңдер, мына жебелерден мерт боласыңдар» (5) – деген болжам жасайды.

Сыйларын жібергеннен кейін скиф әскерлері әскери тәртіппен ұрысқа дайындала бастайды. Бір кезде скифтердің сапынан жауынгерлердің қиқуы, артынша бірнеше салт аттылардың бір шетке қарай шапқылағаны байқалды. Дарий не болғанын сұрастырғанда мына жайтты анықтайды. Скиф жауынгерлері тұрған жерден қоян інінен шығып үріккені, оны көрген жауынгерлердің делебесі қозып, артынан шапқылағаны анықталды. Осыдан кейін парсы патшасы кеңес құрып, қол астындағыларға «Мына адамдар бізді жақтырмайды екен. Гобрий о бастан скифтердің сыйлары жайлы дұрыс болжам айтқан болатын. Мен біздің жағдайдың қандай екенін енді байқап отырмын. Бізге қазір қалайда аман-есен елге оралудың жолын іздеген жөн» – деген сөздер айтады.

Геродоттың еңбегінде баяндалған оқиғаға зер сала қарасақ, парсылар әуелден өздерінің көршілерін жеңімпаз әскерімен мысын басқан. Тарихтан белгілі әйгілі Шыңғысқан да, кейіннен Гитлер де өздерінің әскерінің күш-қуатынан бөлек мызғымастығын демонстративті түрде көрсете келіп, жауын тайсақтауға мәжбүр еткен. Яғни жаудың психикасына да әсер ете білген. Күші тең қарсыластардың өзі де ашық ұрыста жеңімпаз әскерден тайсақтап жеңісті қолдан беріп отырған. Парсылардың да шығыстағы күшті мемлекеттерді бағындырғанда, өздерінің айбатын, күш-қуатын ашық түрде көрсете отырып,жауын жеңілуге мәжбүрлеген. Алайда мұндай әдіс – Дарийдің скифтермен шайқасына еш әсер етпегенін өзіміз куә болып отырмыз. Ақыр соңында сол Дарий патша кеңесшісі Гобрийдің кеңесімен түн ішінде әскерінің әлсіз бөлігін өз әскеріндегі бүкіл есектерімен қоса түнде жанған ошақтардың қасына қалдырып, өздері скифтердің ту сыртынан соққы береміз деген сылтаумен ұрыс даласын тастап қашуға мәжбүр болады. Скифтер болған жайтты кеш түсініп, парсылардың соңына түседі. Дұрыс жол кеспегеннен парсылар скифтердің қуғынынан аман-есен құтылып кетеді.

Қаша жүріп соғысу көшпелі тайпалардың барлығына дерлік тән. Б.з.б. 200 жылы ғұн билеушісі Мөде Май бекінісі маңында Қытай императоры Гао-ди басқарған қытай әскерімен шайқасқа түсті. Қытайдағы Хань әулетінің негізін салушы Гао-ди көшпелі тайпаларды әскери күшпен бағындырғысы келді. Ғұндар жайлы қытай тарихшысы Сыма Цянь «олардың балалары кішкентайынан қойдың үстіне мініп, садағымен құстар мен аңдарды ата бастайды, сәл есейгеннен кейін түлкі мен қоянды аулап, қорек етеді. Садақ тартуды жақсы меңгергеннен кейін әскер қатарына қабылданады. Бейбіт өмірде малдарын баға жүріп, аң аулайды, әскери шеберліктерін шыңдай түседі. Олардың өмір сүру салтының өзі осындай. Қарулары садақпен қатар, қылыш пен найзадан тұрады. Сәті түскенде жауларына ұмтылып, жолы болмағанда атын кейін қарай бұрып қашқанды намыс көрмейді» (6) – деп жазады.

Ал енді баяндап отырған жайтқа кері оралсақ. Май түбіндегі шайқаста Мөде жауының шабуылға тойтарыс беруге дайын екендігін байқап, кері шегінген сыңай танытады. Ғұндар кері қашты деп түсінген қытайдың атты әскері олардың соңына түседі. Бай-дын қыстағы маңында Мөде әскері кері бұрылып, ішінде Гао-ди бар қытай әскерін қоршауға алады. Ғұндардың әр тараптан қытайларды қоршауға алған 400 мың әскерінің киімдері мен аттарының түсі бірдей еді. «Батыс бөліктегі әскерлері ақ киімді ақбоз атты, шығыстағы әскері сұр киімді сұр атты, солтүстікте күрен ат мінген, ал оңтүстікке сарғыш ат мінген жауынгерлер тұрды» – деп жазады Сыма Цянь өзінің «Шицзы» шығармасында. Бұл жағдай ғұн жауынгерін сұсты көрсетіп, қытай әскерінің мысын басқан болатын. Тек қытай ханшайымын араға салу арқылы Гао-ди Мөде әскерінің қаупінен аман-есен қалады. Бұл шайқас көшпелілердің соғысу тәсілінің отырықшылардан ерекше екендігінің

басты дәлелі еді. Мөде әскерін ысқырық дыбыс шығаратын жебемен қаруландырған болатын. Ғұн жауынгерінің атқан жебесінің ысқырық даусынан жаудың үрейі ұшатын болған.

Жалпы біз бүгінгі күнде әлемнің барлық елдерінің қарулы күштерінде қалыптасқан «бұйрық талқыланбайды, орындалады» деген принцип ғұндардан қалған десек қателеспейміз. «Мөде өзінің ысқырық шығаратын жебесін қайда бағыттаса, жауынгерлері де өз жебелерін сол жаққа бағыттауға тиіс болды. Олай болмаған жағдайда бұйрықты орындамаған жауынгердің басы алынды. Бірде Мөде әскерін сынау мақсатында мініп жүрген арғымағына садақтан оқ атты. Тартынып оқ атпай қалған жауынгерінің басын алынды. Тағы бірде ол аң аулаудан қайтып келген кезде өзін қарсы алған әйеліне оқ жіберді. Мөде бұл жолы да оқ атапай қалған жауынгерлерінің көзін жойды. Артынан өз жауынгерлеріне толық сенгеннен кейін,аң аулап жүрген кезде әкесін өлтіріп, билікке келді» (7) – деп көрсетеді Сыма Цянь өз шығармасында.

Кейіннен түргеш-араб соғыстарына байланысты араб деректерінде «түріктер шайқаста қатты қарсылыққа кездескенде аттарын кері қарай бұрып, тарыдай шашылып жаудың қуғынынан құтылып кетеді. Сонымен бір мезгілде қуып келе жатқан араб жауынгері бір жебені садағына салып тартам дегенше,10 жебемен жауап қайтарады. Белгілі бір жерге дейін шегінген түрік жауынгерлері аттарын кері қарай бұрып, жауына тікенектей қадалады» (8) – деген мәліметтер қалдырған. Соғысудың бұл түрі түркі тайпаларына көршілес монғолдарға да тән болған. 1123 жылы Калка өзені бойында Жебе мен Сүбедей бастаған 20 мыңдық монғол әскері біріккен 80 мыңдық қыпшақ және орыс әскерімен шайқасқа түседі.Күштің тең еместігін түсінген монғолдар шығысқа қарай шегінеді.Сегіз күндік шегіністен кейін, шебі бұзылып,өздерінің соңына түскен одақтастардың әскеріне соққы беру арқылы жеңіске жетеді (9).

Ғасырлар бойы Еуразия даласында үстемдік құрған көшпелі тайпалар алғаш жылқыны қолға үйретіп, темірден қару жасап қана қоймай, сауыт-сайман жасауды да игерді. Сақ, ғұн тайпаларының әскери жетістіктері – атты әскерінің және жетілген қаруының болуымен қатар, соғысу әдістерінің басқалардан ерекшелігімен де тығыз байланысты. Көшпелілерге тән шегіне жүріп соғысу әдісі, отырықшы халықтардың соғыс тактикасында жеңілістің көрінісі болып танылды. Өйткені өздерінің артындағы елді мекендерді жау қолына қалдыру. жеңілісті мойындау болып табылды. Отырықшылар мен көшпелілердің арасында болған шайқастарда көшпелілердің бұл әдісін үнемі жеңіліске санаған көршілердің көп жағдайда опық жеп қалғанын жоғарыдағы оқиғалардан көріп отырмыз.

---

1. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И., Казахстан летопись трех тысячилетий. –А,1992, 35-б.
2. Геродот. Истори в девяти томах. –М.,1998, 94-б.
3. Геродот. Көрсетілген еңбек. 90-б.
4. Геродот. Көрсетілген еңбек. 277-б.
5. Геродот. Көрсетілген еңбек. 277-б.
6. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. –А. I том, 1992, 40-б.
7. Бичурин Н.Я. Көрсетілген еңбек. 51-б.
8. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И., Көрсетілген еңбек. 103-б.
9. Эренжен Хара-Даван,Чингиз-хан как полководец и его наследие. –А, 1992. 148-б.

* * *

Статья посвещена периоду становление военного искусство кочевых племен саков и хунну. Рассматривается проблема военной столкновении соседними странами. Сложение кочевого военного искусство, тактики и стратегия ведение боя-стало главным примуществом обьеденение саков и хунну.

* * *

This article is dedicated to the period of establishing so called Nomadic war art of the sakh and khunnu tribes. Problem of relations with neighboring countries is being examined. Forming of nomadic war art strategies and tactics of conducting a battle has become the main advantage of uniting of sakh and khunnus.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Қ. Атабаев, А. Шорманова

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ЖӘНЕ МҰҚТАЖ ОҚУШЫЛАРҒА ЖӘРДЕМ БЕРУ ІСІ

Тарихымызға жарқын құбылыстардың бірі ретінде енген «Қазақ» газетінің ұлт мүддесіне сай атқарған санқырлы еңбектері бүгінгі оқырманға біршама таныс. Дегенмен, «Қазақ» газетін тарихымыздың танымдық мүмкіндігі мол, төл дерек көзі ретінде қарастыру, оның әлі де ашылмаған қырларының көп екендігін көрсетіп отыр. Солардың бірі газеттің мұқтаж оқушыларға ақшалай жәрдем көрсету ісін ұлттық деңгейде ұйымдастыра және үйлестіре білуі. Мысалы, «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 16 нөмірінде жарияланған мақалада: "Баянауыл уезінің Ғабит тауының жергілікті адамдарынан Ғаббас Айманов, Қадық Арияс қажы былтыр өткен жазда ағайындарымен сөйлесіп, бір нашар, кем семьяның баласы Сұлтанмахмұт Торайғыров дегенді өткен күзде орталарынан ақша жинап беріп, Торицкі шаһарына мұсылманша оқуға жіберді. Бұл шәкірттің талабының барлығы әлден-ақ көріне бастады. Келер жылы Уфаға жібермекші болып жатыр. Ана тілі мен ұлтына қызмет етушілер шыққанына қуанып жазушы Шәйбани Айманов" - деп жазылған [1].

Ауылдастарының көрсеткен мұндай көмектерін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қалай ақтағандығы, «талабы бар шәкірттің» көп ұзамай-ақ "Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуға" ұмтылғандығы бүгін тарихтан жақсы белгілі. Артында өшпес із қалдырған С. Торайғыров тағдыры, XX ғасыр басында туған ұлтының көмегі арқасында оқып, білім алған жүздеген шәкірттер тағдырының бірі ғана. Осындай, мұқтаж оқушыларға көмек беру арқылы оқыған, көздері ашық, ұлтым деп ұмтылған қазақ зиялыларын қалыптастыру сияқты игілікті істің басында «Қазақ» газеті тұрды.

"Қазақ" газетіне XX ғасыр басындағы оқу-ағарту тарихының дерек көзі ретінде деректанулық талдау жасау, оның мұқтаж оқушыларға жәрдем ақша жинау мәселесіне ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді. Бұл мәселе туралы газет барлығы 36 рет жазған. Оқу-ағарту мәселеріне арналған мақалалар ішіндегі бұл ең жоғарғы көрсеткіш. Демек, XX ғасыр басында қазақ балаларын оқыту ісінде ұлт алдында тұрған ең өткір мәселе, талапты, бірақ мүмкіндіктері жоқ кедей балаларының оқуларына көмектесу болған. "Қазақ" газетінің, сөздің тікелей мағынасында, өзінің бірінші нөмірінен бастап осы мәселе туралы жаза бастауы соның дәлелі.

Мысалы, газеттің 1913 жылғы 1 нөмірінде "Оқушыға жәрдем" деп аталатын редакциялық мақала басылған. Онда: "Орынборда ноғайлардың оқушыларына жәрдемі дейтін ұйым /қоғам/ бар. Оның ақшасы әркімнің жәрдем қып бергеннен жиылады. Бұл қоғамның ақшасы орыс мектептерінде оқып жүрген мұсылман балаларының мұқтажы болса соларға тиесілі. Біреуге өсімсіз төлеу жоқ, сұрау жоқ қып береді. Біреуге өсімсіз төлеуге береді"- деп бұл мәселенің ноғайларда қалай шешілгендігінін айтқан.

Мұқтаж оқушыларға жәрдем ақша жинау ісін ұйымдастыруда, әсіресе газет редакторы Ахмет Байтұрсыновтың "Орысша оқушыларға" атты бас мақаласының орны ерекше. Онда автор жылда Орынбордағы учительский школаға қырық-елу бала келетіндігін, олардың төртеу-бесеуі, яғни оннан бірінің ғана оқуға кіріп, басқаларының оқуға қаржы таба алмай, еліне қайтатындығын айта келе: "...сол қаңғырып қалып тұрған балалар ұлттың ұлы емес пе?. "Балам" деген жұрт болмаса, "Жұртым" дейтін бала қайдан шықсын? "Балам" деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін "Жұртым" деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп отырған қазақ баласы жоқ. Баққан қазына, қазынаға ғана борыштымыз деп жүр. Жастарды оқыту расходынан қашып, қазынаға борышты қылып қойса, жастарда не жазық бар? Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең, құл болмақшы"-дейді [2].

Мақаланың соңында А. Байтұрсынов: "Әуелі қазақ, жұртшылық етіп оқимын деген жастарыңды бүйтіп қаңғыртып қоймас үшін, қам қылыңдар... Баланы оқыту ата - анасына ауыр болғанмен, жұртқа жеңіл деп", мәселенің шешілу жолын да көрсеткен [2].

"Қазақ" газетінде жарияланған мұқтаж оқушыларға жәрдем ақша жинау арқылы көмек беру туралы мақалаларды мазмұнына қарай: мүмкіндігі жоқ оқушыларға ақшалай көмек

көрсетудің қажеттілігі; қаражат жинауды ұйымдастыру жолдары; оқушыларға берілген нақты жәрдем және жәрдем берушілер туралы; жәрдем алушылардың алғыс хаттары; газеттің осы істі ұйымдастырудағы рөлі; арнайы ұйым ашу керектігі; ашылған ұйымдардың нақты іс-әрекеттері деп бірнеше топқа бөлуге болады.

Хронологиялық принципке сай, осы мақалалардың пайда болу уақытынан шыға отырып талдау жасау "Қазақ" газетінің маңына топтасқан ұлт зиялыларының бұл мәселеде мақсатты түрде іс-әрекеттер жасап, нақты нәтижелерге қол жеткізгендерін көрсетеді. XX ғасыр басындағы зиялыларымыз алдымен оқушыларға жәрдем көрсетумен айналысатын арнайы ұйым ашудың қажеттігін дәлелдеп, оны ашудың жолдары мен атқаратын міндеттерін анықтаған. Мысалы, М. Дулатов өзінің "Оқушыларға жәрдем" атты мақаласында оқудың маңызы туралы: "Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. Надан жұрттың күні қараң"-дей келе , "...қазақ осы күні қай оқудың болса да керек екенін біле бастады. Бірақ қолы жетіп керегінше оқи алмай жатыр... Школдарға қазақ балаларының 10-нан тоғызы орын жоқтықтан кіре алмай, қайда барарын білмей қаңғырып жүр"- дейді [3].

Бұдан шығудың жолдары туралы М. Дулатов өз мақаласында: "Алаш ұранды қырғыз - қазақ болып мұқтаж оқушыларымызға жәрдем беретін ортамызға пұл жиялық, оның үшін "Оқушы мұқтаж қазақ балларына жәрдем жамиғатын ашалық" - деп, нақты ұсыныс жасаған [3].

Мұқтаж оқушыларға жәрдем беру мақсатында арнайы ұйым ашудың қажеттілігін студент Мұқаш Бөштаев та қолдаған. Ол газеттің 111 нөмірінде: "Жылдан-жылға ғылым жолына түскендер көбейіп келеді. Бұлар көбейген сайын мұқтаждары да көбеймекші. Сол шақта осы көп мұқтаждарды қайтпекшіміз?"- деп, өзі қойған сауалға өзі: "Тез "Игілік қауымын" ашу керек. Осындай "Игілік қауымын" ашуды ардақты алаш азаматтарынан - Мәскеу, Қазан және Варшавадағы қазақ студенттерінің атынан өтінеміз" – дейді [4]. Газет материалдары М. Бөштаевтың "Игілік қауымын" ашу туралы ұсынысының қолдау тапқандығын да көрсетеді. Мысалы, газет оқырманы әрі белсенді авторларының бірі Хабиболла Лекеров: "Жетім - жесір, қаріп - қасерлерді асырау, оларға тәрбие беріп, өнер үйрету үшін құдайханалар һәм мектеп-медреселер ашу сияқты істер көптің міндеті. Мұны "Игілік" қауымы ғана атқара алады" - деп, М. Бөштаев пікіріне қолдау көрсеткен [5].

Мұқтаж оқушыларға ел болып жүйелі түрде көмек көрсету туралы, М. Бөштаевтың пікірін Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов та қолдаған. Ол өзінің "Игілік" қауымын ашу мәселесіне арналған мақаласында М. Бөштаев ұсынысын жоғары бағалай келе: "Қауымды ел ортасынан ашу жөн. Қазақ ортасы Қараөткел /Ақмола/ қаласы. Бірақ мұнда бұл істі ізденіп, шығарып, тәрбиелеп басқаратын жігіттер кем-ау деймін... қауым басқармасын ашуға қолайлы Семей. Мұнда қазақ та, басқа мұсылмандар да көп, оқыған басшы боларлық жігіттердің де басы құралулы. Оқудағы жастарға жәрдем қауымын ашуды Семей жігіттері ізденіп ашу жөн"- деп өзінің нақты ұсынысын да айтқан [6].

"Қазақ" газетіне дерек көзі ретінде талдау жасау, ондай қауымның 1917 жылдың жазында құрылғандығын көрсетеді. Мысалы, газеттің 1917 жылғы 17 июльдегі 236 нөмірінде "Алаш азаматына" деген үндеу және "Еркін дала" деген мақала жарияланған. Бір топ қазақ зиялылары қол қойған үндеуде: "Жаңа туған қауымның көптің талқысына салатын сөздері бар. Соның үшін күш біріктіріп қызмет етуге сендерді біз шақырып күтеміз" – делінсе, мақалада сол "жаңа туған" қауым туралы мағлұматтар берілген. Мысалы, мақалада: "Бір топ жастар ортамыздан бір қауым аштық. Оған "Еркін дала" деп ат қойдық»-деп, қауымның басты мақсаттарының бірі - мұқтаж оқушыларға нақты көмек көрсету екендігін айтқан [7].

"Еркін дала" қауымы туралы "Қазақ" газетінде 1917 жылдың соңына дейін, яғни большевиктер бүлігіне дейін, тағы бірнеше мақала жарияланған. Олар бізге қауымның нақты іс-әрекеттерімен танысуға мүмкіндік береді. Мысалы, газеттің сол жылғы 241 нөміріндегі "Еркін дала" қауымының орта кеңесінен" деген мақалада қауымның мақсаттары туралы айтылса, 248 нөмірінде басылған "Еркін дала" жәрдемі» атты мақалада ұйымның мұқтаж оқушыларға берген нақты жәрдемдері туралы айтылған. Ал, газеттің 246, 254 нөмірлерінде "Еркін дала" қауымының есебі жарияланған.

Бұл мысалдар оқу-ағарту тарихының дерегі ретінде біріншіден, қазақтың мұқтаж оқушы жастарына ақшалай көмек көрсету ісінің ұлт ісі ретінде ұлттық деңгейде ұйымдастырылғандығын, яғни аталарымыздың ұлт келешегі үшін маңызы аса зор істің шешімін дұрыс таба білгендігін көрсетсе, екіншіден, осындай қасиетті істің одан әрі дамымай тоқтап қалуына тікелей большевиктер кінәлі екендігін көрсетеді. Бүгінгі ұлт зиялыларының дәл осы мәселеде әлі

күнге дейін XX ғасыр басындағы аталарымыз деңгейіне көтеріле алмай отырғандығы соның тікелей салдары.

Әрине, мұқтаж оқушыларға ақшалай көмек көрсету тек "Еркін дала" қауымымен ғана байланысты болмаған. Ондай ұйым құрылмай тұрып та әртүрлі бағытта, әртүрлі жолдармен мұқтаж оқушы жастарға көмектер көрсетіліп тұрған. Дегенмен, "Еркін дала" қауымының құрылуы ондай істі ұлттық деңгейде ұйымдастырып, жүйелі түрде жүргізуге мүмкіндік берген.

"Еркін дала" қауымы құрылғанға дейін мұқтаж оқушыларға ақшалай көмек көрсету ісі "Қазақ" газеті арқылы жүрді деуге болады. Мысалы, газеттің 1913 жылғы 36 нөмірінде "Ішкі хабарлар" деген айдармен "Телеграмма" /Сарқанттан"/ деген материал басылған. Онда: "Ақсуда қазіргі Алматы облысында чрезвычайный съезге жиналған Қапал уезінің ақсақалдары қазақ зиялыларының бастауы бойынша осы айда құрбан шалудың орнына жәрдемге мұқтаж қазақ студенттерге кісі басына 5 сомнан жинап беруге қаулы қылды. Бұл жиналға ақшадан маған 50 сом берді. Мен бұл ақшаны Варшавадағы малдәрігерлік институтындағы студент Жәмек Сихланайдыға жібердім. Біздің қолымызда тағы біраз ақша бар. Студенттерден кімде - кім жәрдемге мұқтаж болса Қапалға менің атыма, яки Ғабдулғазиз Мұсағалиевке хат жазып жіберсін. Көлбай Төгісұлы" делінген.

Осы материалдың соңында: «Қапал қазақтарының бұл игі ісі кісі сүйерлік және үлгі аларлыққа лайық. Осы кезде мұқтаж емес студенттер бар деп айта алмаймыз. Солардың көбінің жайын білеміз. Сондықтан өзімізге анық жәрдемге мұқтаж бір студентті көрсетеміз. Ол Томский университетінде докторлық ғылым үйреніп жүрген Асылбек Сейтов газеттің өткен санында бұл жайында жазылған еді. Бір ағасының жәрдемімен амалдап оқуға кірісіп еді, одан әрі оқуға мүмкіндігі болмай үйінде отырып қалды. Оған берілген жәрдем орынсыз болмас деп білеміз. Ақшаларыңыз мөлшері басқаларға да артылатын болса тым жақсы. Асылбектің адресі мынау: Томск, Еланская 15 кв. 2. Студент Асылбек Сейтов"- деп жазылған.

Көлбай Төгісовтың телеграммасына қосымша беріліп отырған бұл шағын ақпараттың газет редакциясы атынан берілгендігі анық. Демек, келтірілген деректер, бір жағынан, жәрдем берушілердің "Қазақ" арқылы өздерінің игі бастамаларын көпшілікке жеткізіп, мұқтаж студенттерді іздестіргендігін көрсетсе, екінші жағынан, "Қазақтың" осы істің үйлестірушісі, яғни жәрдем берушілер мен жәрдем алушыларды байланыстырушы міндетін де атқарғандығын көрстеді.

Газет материалдарына деректанулық талдау жасау мұндай игі істің өз жалғасын тауып, көптеген ақшаға мұқтаж қазақ оқушыларының нақты ақшалай көмек алғандықтарын да дәлелдейді. Мысалы, газеттің 1913 жылғы 31 нөмірінде Қазан университетінің студенті Базарбай Нәметовтың "Біздің қазақ баларына көмектескен төмендегі мырзаларға мұқтажымды шағып айтамын. Олардың көмектері мынау, тәңір жарылқасын" - деген хаты басылған. Хатта 20 сомнан 1 сомға дейін ақшалай көмек көрсеткен 22 адамның аты аталған.

Мұқтаж оқушыларға ақшалай жәрдем беру ісінің кеңінен тарала бастауына байланысты газет 1914 жылдан бастап "Мұқтаж оқушыларға жәрдем" деп аталатын арнайы айдар ашып, ақшаның қайдан, кімдерден, қанша түскендігін және оның кімге, қанша берілгендігін оқырмандарға жеткізіп отырған. Мұндай мәліметтер газеттің 1914, 1915, 1916 жылғы нөмірлерінде тұрақты беріліп тұрған. Мысалы, газеттің 1916 жылғы 16 марттағы 173, 23 марттағы 174, 17 апрельдегі 177, 29 декабрьдегі 253 нөмірлерінде "Мұқтаж оқушыларға жәрдем" айдарында түскен ақшаның есебі және оның кімдерге берілгендігі туралы айтылған. Демек, біріншіден, газет үш жыл бойы ақшалай көмек туралы мәлімет беріп отырған, екіншіден, ұлттық деңгейдегі "Еркін дала" қауымдастығы құрылғанға дейін мұқтаж оқушыларға жәрдем беру ісін ұйымдастыру "Қазақ" газеті арқылы жүрген.

"Мұқтаж оқушыларға жәрдем" атты айдармен үш жыл бойы беріліп отырған мәліметтерге дерек көзі ретінде талдау жасау бізге көптеген қызықты да құнды ақпараттар алуға көмектесті. Мысалы, газеттің 1914 жылғы 24 декабрьдегі 91 нөмірінде жарияланған материалдарда Қостанай, Қызылжар, Зайсан, Өскемен уездерінде мұқтаж оқушыларға жәрдемге қаражат жинау жұмысы туралы, нақты мәліметтер келтірілген. Онда берілген мәліметте Қостанайлық Жұмаш Айырсалыұлы өзінің сүйікті ұлы Әбілхайырдың қайғылы қазаға ұшырағандығын айта келе: "Құрметті "Қазақ" арқылы дос - жарандарға хабар айтып қайғымды білдіремін. Марқұмның басына шығарылған малдарды, 60 сом ақшаны басқармаңызға жіберіп, жоғары - орта медреселерде оқып жүрген қазақ балаларының мұқтаждарына 10 сомнан бөліп тапсыруыңызды өтінемін десе, екінші мәліметте "Зайсан мал дәрігері Арғынғазы мырза Бөштаевтан 35 сом ақша келді. 20 сомын жоғары

дәрежедегі тіл медреселерінде оқып жүрген, 15 сомын орта және төменгі дәрежеде тіл мектептерінде және мұсылман медреселерінде оқып жүрген мұқтаж қазақ балаларына беруін сұраған" - делінген.

Үшінші мәліметте "Қызылжар уезінен Ақмола облысынан Ғылалдин Мәмеков Воронеж институтында оқып жатқан екі студентке тапсыру үшін 5 сом жіберіпті" - делінсе, төртінші мәліметте "Өскемен уезі Семей обл. Ғабдалкәрим Ережепов арқылы оқудағы қазақ балаларына қылған жәрдем: "Ғабдалкәрим Ережепов" - 5 сом" - деп, одан әрі 2 сомнан 50 тиынға дейін ақша қосқан 25 адамның аты мен әкесінің аты аталған. Соңында: "Барлығы 25 сом 20 тиын"- деп көрсетілген. Бесінші мәліметте: "Қостанай уезінен Аймолдин арқылы Воронеж С-Х. институтында оқып жүрген студент Кәрім және Непекке тапсыруға жәрдем берушілер" деп, 1 сомнан 5тиынға дейін ақша қосқан 19 адамның аты аталған. Соңында "Барлығы пошта расходын шығарғанда 8 сом 4 тиын" -делінген. Алтыншы мәліметте: "Тәжен Қианбеков арқылы оқудағы кедей қазақ балалырына тапсыру үшін жәрдем берген азаматтар: "Арынғазы Боштаев - 5 сом, Захары Жабаев - 4 сом" - деп, онан әрі әртүрлі мөлшерде үлес қоқан 11 адам аталған. Соңында: "Барлығы 34 сом 70 тиын" -деп көрсетілген.

Осы мәліметтердің соңында газет басқармасы атынан: "Қазаққа" мұқтаж оқушыларға беру үшін жиналған барлық ақша 203 сом 93 тиын болды. Оқып жүрген қазақ балаларына жәрдемге мұқтаждығын өздері немесе өзгелер басқармаға білдіруін өтінеміз" - делінген.

Сонымен қатар, газет материалдары қаражаттың әртүрлі іс-шаралар мен қызықты кештер өткізу арқылы да жиналып, ақшаға мұқтаж оқушы жастарға нақты көмек көрсетілгендігі туралы да ақпарат жеткізіп отыр. Мысалы, "Семейден" деген тақырыппен жарияланған мақалада 1915 жылы 13 февральде Семейде мұқтаж оқушы қазақ жастарының пайдасына жасалған қазақша әдебиет кешінің өткендігі туралы айта келе: «Барлық түсімді Семей облысынан орысша һәм мұсылманша оқушы мұқтаж 12 қазақ жастарына былайша бөлдік: студент -технолог Әлімхан Ермековке - 100 сом, студент Халел Ғаббасовқа - 40 сом, Уфада оқушы Мағфура Найманқожақызына - 30 сом... семинарист Жүсіпбек Аймауытовқа - 10 сом... Ақшалар тиісті орнына тапсырылды. Бұл әдебиет кеші жасалуы туралы ұйымшылдық етіп, не түрлі қызмет - жәрдемін аямай атсалысқан ағайын - азаматтарға һәм барша ілтипат етіп келушілерге көңіл ризалығын білдіріп шын ықыласыммен тәңірі жарылқасын айтуды міндет көрдім. Әдебиет кешін жасаушы Нәзипа Құлжанова" – делінген [8].

Осы тақырыпқа арналған мақалалардың бір тобы, сол жәрдем алған оқушылардың "Тәңір жарылқасын" айтып басқарма атына жазған хаттары құрайды. Мысалы, "Қазақтың" 1916 жылғы 164 нөмірінде Сәбит Дөнентаев оқу жолында өзіне көмек берген азаматтардың аты - жөнін атап, оларға "тәңір жарылқасын" десе, газеттің сол жылғы 164 нөмірінде "Тәңір жарылқасын айтушылар" деген атпен берілген мақалада "Медресе Ғалия" шәкірттері Нұғман Манаев, Хайролла Ибрайымұлы, Теке /Орал/ қаласында оқитын Мерғали Оспанұлы т.б. алғыс айтқан хабарлар басылған. Осындай көмек алған мұқтаж оқушылардың ризашылдық білдіріп жазған хаттары газеттің басқа да нөмірлерінде кездеседі.

Өзіне ақшалай көмек көрсеткендерге "Тәңір жарылқасын" айтып, "Қазаққа" хат жазған адамдардың бірі қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметованың әкесі Ахмет Мәметов. Ол өзінің газеттің 1915 жылғы 22 октябрьдегі 154 нөмірінде жарияланған хатында «Қазақ» газетінің атына «Тәңір жарылқасын» айтқан.

Мұқтаж оқушыларға жәрдем көрсету туралы мақалалар арасында газеттің 1915 жылғы 30 июньдегі 139 және 22 июльдегі 142 нөмірлеріндегі екі мақаланың деректік маңызы ерекше деп айтуға болады. Бірінші мақала "Жәрдемге мұқтаж қыз" деп аталса, екінші мақала "Мағафура Найманқожақызына жәрдем" - деп аталған. Демек, мақалаларда оқушы қазақ қызына ақшалай жәрдем көрсету туралы жазылған.

Бірінші мақалада "Қазақ" газетінің басқармасы Семейдегі Заречный Слободкадағы мұғалім, Семей облысының қазағы Смағұл Найманқожаұлының үш жылдан бері Уфа қаласында мұсылманша оқып жүрген қарындасы Мағафураны одан әрі оқытуға мүмкіндігі жоқтығын, ал қарындасының оқығысы келетіндігін айтып елден 150 сом ақша жинап беруін өтінгендігін айта келе "Мағафура Найманқожақызы Уфада 2-3 жылда тәуір оқып жүргендігі, жәрдемге мұқтаж адамның баласы болып, тек аты тірі ағасының арқасында оқып жүргені "Қазақ" басқармасына мәлім еді. Енді ағасы мынандай жәй айтып отыр. Қазақтың қызы түгіл шетке шығып ғылым іздеп жүрген ұлы санаулы бір заманда мынандай бір көмекке мұқтаж әйел баласының бетін қайтармай мақсатқа жетуге себеп болсақ, өзгелерге үлгі болар едік. Оқып

шыққан соң мұғалім болып ұлтына қызмет қылған болады. Бұл балаға жәрдем беруші болса басқармамыздан алғыс алады" - делінсе, екінші мақалада Петроградта оқитын қазақ студенттерінің қаржы жинап Мағафура Найманқожақызына жәрдем көрсеткендігі туралы айтылған. Демек, "Қазақ" газетінің бастамасы қолдау тапқан.

Бұл келтірілген мысалдардан мынандай қорытындылар жасауға болады: біріншіден, "Қазақ" газеті мұқтаж оқушыларға жәрдем беру сияқты қасиетті істің бүкіл ел көлеміндегі ұйымдастырушысы және үйлестірушісі бола білген, екіншіден, жастарын оқыту үшін аталарымыз ұлт болып ұйымдасып, әрқайсы өз мүмкіндігінше үлес қосқан, үшіншіден, жоғарыда айтылған С. Торайғыровпен қатар С. Дөнентаев, Ж. Аймауытов, А. Мәмедов сияқты т.б. ұлтымыздың біртуар азаматтары сол ұлттың нақты жәрдемінің арқасында оқи алған, сондықтан өз ұлтына қалтықсыз қызмет етуді өздеріне борыш санаған, төртіншіден, ақшалай жәрдем тек ер балаларға ғана емес, қыз балаларға да көрсетілген, бесіншіден, «Қазақ» газетінің бұл өнегелі ісі бүгін де өз маңызын жойған жоқ. Кезінде А. Байтұрсынұлы айтқандай «қаңғырып қалып тұрған балалар» бүгін де баршылық. Сондықтан ол «Қазақтың» үлгілі де игілікті ісін бүгінгі мерзімді басылымдардың бірі қолға алып жатса, қостайтын азаматтар да, көмекке мұқтаж шәкірттер де табылар еді.

1. Айманов Шайбани. Баянауыл//Қазақ, 1913, № 16.
2. Байтұрсынов А. Орысша оқушыларға//Қазақ, Жинақ. 59-60 бб.
3. Дулатов М. Оқушыларға жәрдем//Қазақ, 1913, № 37, 8 ноябрь.
4. Боштаев Мұқаш. Игілік қауымы//Қазақ, 1915, № 111, 11 май.
5. Лекеров Хабиболла. Игілік қауымы//Қазақ, 1915, № 127, 17 май.
6. Қыр баласы (Әлихан Бөкейханов) Оқушыларға жәрдем қауымы//Қазақ, 1915, № 114, 28 март.
7. Еркін дала. // Қазақ, 1917, № 236, 17 июль.
8. Құлжанова Н. Семейден. // Қазақ, Жинақ. 163 б.

* * *

В статье рассматривается роль газеты «Казах» в деле организации денежной помощи нуждающейся казахской молодежи, которая училась в русских школах.

* * *

The article investigates the role of newspaper «Kazakh» in organization of financial assistance to the Kazakh youth studying in Russian schools.

Ғ. М. Қарасаев

БАТЫС СІБІР, АЛТАЙ ӨҢІРІН ҚОНЫСТАНДЫРУДЫҢ ХҮІІІ ҒАСЫРДАҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАРИХЫНАН (ЕРЕКШЕЛІГІ, КӨЛЕМІ, НӘТИЖЕСІ)

Ресей империясы тарапынан Батыс Сібір, Алтай өңірін шаруалармен қоныстандыру ХҮІІІ ғасыр басынан одан ары жалғастырылып, бұл іске ерекше мемлекеттік маңыз берілді. Себебі аталған аймақтардағы ХҮІ ғасырдың соңынан негізделе бастаған тау-кен орындары, зауыттар мен сансыз көп әскери қамалдар, бекіністер мен т.б. құрылымдарды азық түлікпен тұрақты түрде қамтамасыз ету мақсатында өлкені ресейлік негіздегі егіншілікті аймаққа айналдыру кезек күттірмейтін міндетке айналды. Патша әкімшілігі осылармен қатар елдің еуропалық бөлігін, соның ішінде орталық қалаларды Сібірдің арзан ауыл шаруашылығы шикізатымен жабдықтауды жоспарлады. Сібірдің өнімдерін Еуропа елдеріне жеткізуді қамтамасыз ету де мемлекеттің ХҮІІІ ғасырдағы бұл өлкені шаруашылық тұрғыда отарлауының негізгі бағытына айналды.

Сонымен қатар ХҮІІІ ғасырдың басынан айқындала түскен аталған жерлерге деген Қытай үкіметінің ұмтылысы, жергілікті тұрғындардың Ресейдің әскери, өнеркәсіптік игеру, сонымен бірге шаруалармен қоныстандыруға қарсы үнемі өсе түскен наразылықтары мен бас көтерулері де өңірді орыс шаруаларымен жылдам қоныстандыру, осы арқылы оның негізгі тұрғындарын орыстандыру, шаруаларды мемлекеттің бүкіл Сібір аймағындағы әскери, шаруашылықтық тұрғыдағы тірегі ету қажеттігін қойды. Патша үкіметі осындай шаралары арқылы Батыс Сібір, Алтай территориясын толығымен Ресейдің меншігіне айналдыруды іске асырмақ болды.

Жергілікті тұрғындардың малын, ауылшаруашылығы, т.б. өнімдерін алдау, күштеу, арқылы тегін алу, байырғы халықты кіріптарлыққа түсіріп, борыштыққа батыратын айырбас және ақша қатынасына негізделген тең емес сауда қатынасын негіздеу барынша орын алды. Отарлаудың жоғарыда сараланған бағыттарын іске асырудың нәтижесінде XYIII ғасырдың басынан-ақ Батыс Сібір, Алтай өңірі тұрғындарының негізін ресейлік әскерилер, өнеркәсіпшілер, казактар мен тіркелген мемлекеттік, сонымен қатар көпсанды еркін шаруалар құрады. Бұл өлке әскери қамалдар, бекіністер, форфосттар, редуттар, шекара шептері, казак станицалары, деревня, селолармен толтырылды. Аталған мерзімде орыс отаршылары өлкенің нағыз қожайынына айналып, оның байлығын өлшеусіз, жыртқыштықпен пайдаланды. Осының салдарынан мал шаруашылығымен айналысатын жергілікті тұрғындар, соның ішінде қазақтар жайылымдықтарынан толығымен ығыстырылды, құнарсыз өңірлерге шеттеттіліп олардың үлкен тобы лажсыздан көрші елдерге өтуге мәжбүр болды. Келесілері өздерінің тарихи жерлерінде ешқандай да құқықтары жоқ бұратаналарға айналдырылды.

Орыс отаршыларының Сібірді игеруге құлшына ұмтылуының басты себебі де XYIII ғасырдың басынан бастап анықтала бастаған осы өлкенің кенге, соның ішінде түсті металлдарға, егін шаруашылығына құнарлы жерге молдығы болды. Міне сондықтан да Батыс СІбір, Алтай аймағын мемлекеттік тұрғыдағы отарлаумен қатар бұл өлкеге байлық, жер іздеп барушылардың саны XYIII ғасырдың басында оның алдындағы уақытпен салыстырғанда еселеп артты. Яғни өлкеге шамасы келетіндердің барлығы ағылды. Аймақты орыстандыруды мақсат еткен үкімет оларға барынша жағдай жасауға тырысты. Яғни, осы мерзімдегі бұл жерлерді Ресей патшалығы тарапынан отарлау оның барша тұрғындарының қолдауы арқылы іске асырылды. Жергілікті халық туралы ешқандай да хабары жоқ орыс отаршылары оларды өз мекқаттарына жетудегі кедергі ретінде ғана ұғынып, жерлерін бірден тартып ала бастады. Тарихи мәліметтерде баяндалатынындай: **"**Сібір жерінің егіншілікке қолайлылығы, тамаша ормандары, балығы, аңы мен алтынға байлығы XYII ғасырдың аяғы мен XYIII ғасыр басында бүкіл Ресейге тарады." [1]

Сібірді, соның ішіндегі Алтай аймағын XYI ғасырдың соңынан бастау алған отарлаудың нәтижесі Ресейдің экономикалық, әскери қуатының артуына, осы арқылы оның бүкіл Азияға ықпалын жүргізуге деген ұмтылысына мүмкіндік ашуға тиіс болды. Ресей мемлекетінің Қытай, одан ары Үндістан, т.б. елдермен тиімді дипломатиялық және сауда қатынастарын жасап, оған арзан Сібір байлығын пайдалануды жоспарлауы бұл өңірге деген оның ұмтылысын одан ары арттырды. Сондықтан да XYIII ғасырдың басынан Петр-1- патшаның сыртқы саясатының негізі-Сібірді, соның ішінде Алтай аймағын қосу арқылы мемлекеттің ұлылығы мен болашағын айқындау болып табылды. Яғни, XYIII ғасырдың басынан аталған өңірді әскери, өнеркәсіптік отарлауға, оның жер жағдайын, табиғатын, халқының саны мен олардың кәсіптерін, т.б. зерттеуге кең көлемде қаржы бөлініп, ірі ғылыми экспедициялар ұйымдастыру қолға алынды. Бұл іске аталған ғасырдың алғашқы жылдарынан барша Ресей қоғамының назары ауды (әскерилер, өнеркәсіпшілер, зерттеушілер, Сібір жерінен барша байлық іздеушілер, т.б.). Міне сондықтан да, XYIII ғасырдың басынан "Мемлекет тарапынан әскери адамдар және егіншілікпен айналысатын шаруалардың келуімен Сібірге еркін қоныстану да белсенділік ала түсті."[1]

Жоғарыда аталып кеткендей, Ресейдің XYI жүзжылдықтың соңынан бастап бірнеше ғасырға созылған Сібірді отарлауында қоныстаушылардың басым көпшілігінің табиғаты аса бай, әсем, жері құнарлы, кенге мол Алтайға деген назары ерекше ауды. Нәтижесінде XYIII ғасыр көлемінде-ақ бұл өңірдің жергілікті халықтары негізінен ығыстырылып, орыс тұрғындары басымдық танытқан аймаққа айналды.

Н.М.Ядринцевтің сипаттауынша: "Таулар қалай даламен жалғасып отыратын болса, далалы аймақта шығысқа қарай Алтайдың өзіне дейін келіп, Құлынды және Бииск далаларының тау қыраттарымен жалғасады. Алтай жоталары Зайсанға жақындай түсіп, Ертістің оң жағалауы арқылы Томск губерниясының бүкіл оңтүстігін қамтып, Саян тауларымен ұласа отыра Гобидың орталығына дейін жететін Оңтүстік Алтайдың ұзын жүйесін құрайды.

Алтай таулары Томск губерниясының бірнеше округтарын алып, ... 382000 шаршы шақырымды құрайды.

Бииск Алтайы Щвейцариядан үш есе, ал Кузнецк шыңын қоса алғанда алты есе үлкен. Таулар Томск губерниясының оңтүстік-шығыс шекарасынан бастау алып, Риттердің бейнелеп айтуынша бұлт сияқты бар жаққа тарайды.

... Абакан өзенінің Телецк көліне құяр жерінен Алтай Саянмен жалғасып, солтүстігінде Кузнецк Алатауының жекелеген шыңдарына

қосылып, Абакан шыңына дейін жалғаса отыра Томи және Енисей өзендерінің аймағына дейін жетеді. Бұл шыңдардың барлығы Альпінің қарлы биіктіктері сияқты басталып, солтүстігіндегі жасыл желекке бөленген тау қыраттарына ауысып, тік жазықтықтан көрініп тұрған Нарын таулары Алтайдың жасыл орманды өңірлерімен жалғасып, осы жерде Алтайдың жасыл желегінің, жеміске бай жазығы мен тік шыңдары, жайпақ тасты таулы аймақтар мен далалары биік шыңдарды қамтитын (Сібір шекарасын, -Я.Н.) құрайды. [2.15]

Осындай бай аймақты орыс шаруаларын молынан қоныстандыра отыра жылдам тұрғыда өзінің құрамдас бөлегі етуге ұмтылған патша әкімшілігі нақты қимылдарға көшті. "... Яғни, XYIII ғасырдың 30 жылдарында Ресейдің қазақ даласын (соның ішінде Батыс Сібір, Алтай аймағын,-Ғ.Қ.) өзіне қосуының экономикалық және саяси негізі нақты айқындалды." [3, 192]

Яғни, аса мол тарихи деректеер айқындай түсетін патша билігінің XYI ғасыр соңынан басталып, XYIII ғасыр көлеміндегі кең ауқымды жүргізілген Батыс Сібір аймағын отарлауы аталған өңір халықтарының ішіндегі саны мол қазақтардың Орта жүзі руларының жерін жаппай алуымен ерекшеленді. Осы тұрғыдағы Н.А.Аристовтың атап көрсеткеніндей: "Бұл халық өзінің саны жағынан түрік халықтары арасында екінші орында (бірінші орында түрік-османдықтар), жерінің кеңдігі жағынан Монғол Алтайынан Амудариянның төменгі ағысы мен Каспий теңізіне дейінгі және Тянь-Шанның батысынан Орал тауларына дейінгі жерлерді қамтуы арқылы бірінші орын алады". [4]

Жергілікті халықтың, соның ішінде ата – бабаларынан мұра ретінде қалған осыншама үлкен территорияның иесі қазақтардың орыс отаршыларына қарсы қарулы қақтығыстары XYI ғасырдың соңынан – ақ бастау алды. Ал XYIII ғасыр басынан басталған Батыс Сібір, Алтайды ресейлік отарлау қазақтардың негізгі жайылымдықтары мен көш жолдары болған жерлерді одан ары иеленуімен ерекшеленді. Жергілікті қазақтар орыстардың әскери отаршыларға, қаруланған казактарға, өнеркәсіпшілерге қарсылық көрсете алмай, олдан ары ығысуға мәжбүр болды.

"Батыс СІбір аймағын зерттеуші И.Завалишиннің жазуынша: (орыс отарлаушылары келгенге дейін,-Ғ.Қ.) ... "Таулы, таулы-далалы өңірде қырғыздар әрқашан қажетті су, аса мол мал азығын, өздерінің сансыз көп малдарына жайылымдық табады. Жаз бен қыс кезінде ... тау өңірі көп санды ауылдарға толады."

... XYIII ғасырдың бірінші жартысында қазақтардың көш өңірлері жоңғарлардың қысымымен Ишим (Есіл,-Ғ.Қ.), Тобол өзендерінің жоғары ағысына қарай ауысты.

Орта жүздің жазғы жайылымдықтары Ишим өзенінің жоғары ағысы, Тоболдың салалары жағалауларында болды. [3.40, 41]

Алайда XYIII ғасыр көлемінде барша Сібір тұрғындары сияқты қазақтар өздерінің жерлерін күші басым, саны мол орыс отарлаушыларына беруге мәжбүр болды.

Патша әкімшілігі XYIII ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап Батыс СІбір аймағын орыс шаруаларымен қоныстандыруды мемлекеттік тұрғыда жүргізуді қолға алды. Осы жоспарды іске асыру үшін XYIII ғасыр басынан Обьтың сағалары - Ояш, Умрев және Чаусты шаруашылық тұрғыдағы игеру басталды. 1703 жылы Ояш пен Умрев аңғарына 11 шаруа шаруашылығы (40 ер шаруалар)... жіберілді. Умрев өзені жағалауында айналасында шаруалар слободасы қалыптасқан Умрев острогы қалыптасты. Ол Тоболск уезі слободаларынан келетіндер мен Оралдан арғы жақтан көшіп келгендермен қоныстандырылды.

... 1707 жылы Умрев слободасында 127 ер адамдар болды. [5.39]

Яғни, XYIII ғасырдың басынан ... Сібірге келген тұрғындар Ресейге жақын жерлерге, атап айтқанда (Батыс СІбір, Алтай өңірінің,-Ғ.Қ.) ... Тобол және Томск губернияларына, бір бөлегі әлі азшылықтағы Орал зауыттарына орналасты. ...

1710 жылғы есептеу кітабы бойынша Сібір губерниясында мөлшермен 270000 ... ер адам болды деп аептеуге негіз бар… [6.151,152,153] ... (Нақтылавп айтатын болса,-Ғ.Қ.) ... 1710 жылы Вятск және Соликамск провинцияларында 23394 шаруашылық болса, СІбірдің өзінде ... 142744 ер адамнан тұратын 35686 шаруашылық, ал бұған тіркеуге алынбаған 21834 ер адамдарды қосса, Оралдан арғы Сібірде 164575 ер адам болғандығы анықтала түседі [6]

Көрсетілген мерзімде Ресей әкімшілігі Батыс Сібірдегі (егіншілікке қолайлы,-Ғ.Қ.) Обь өзені маңайын қоныстандыруға ерекше назар аударды. Осыған орай "Обь өзені жағалауындағы Умрев острогынан жоғары қарай бірнеше ресей шағын бекіністері салынды. Олардың қатарында 1713 жылы іргесі қаланған Чауск острогы (кейін Колыванск).

Чауск острогына таяу жерлерді ... орыс шаруаларымен жылдам қоныстандыру қолға алынды. Острогқа жақын жерлерде деревнялар мен селолар қалыптасты." [5.39-40]

Острогқа (Чаусқ,-Ғ.Қ.) таяу округта деревнялар мен селолар пайда бола бастады.

... Чаусқ острогының оңтүстігінде 1716 жылы Обьтың оңтүстік сағасы Берды өзені жағалауында Бердск округі негізделіп, нәтижесінде орыс қоныс аударушыларының Обьтың жаңа аудандарын егіншілік тұрғыда игеруі басталды. 1719-1722 жылдардағы бірінші ревизия бойынша жоғары Обь жағалауындағы 34 орыс елді мекендерінде 1178 ер жыныстық шаруалар тұрды. [5.39-40]

XYI ғасырдың соңы-XYII ғасыр көлеміндегі Батыс Сібір, Алтай өңірін өнеркәсіптік, әскери отарлаумен қатар өлкені шаруалармен қоныстандырудың нәтижесінде XYIII ғасыр басынан бұл аймақтың негізгі тұрғындары Ресейдің Еуропалық бөліктерінен келгендер құрады. Яғни, тарихи деректерден айқындалатынындай: 1709 жылға дейінгі екінші кезеңдегі Сібір тұрғындарын анықтағанда оның негізін 1600-ден 1662 жылға дейінгі эмиграция (қоныс аудару) құраса, бұдан кейінгі 47 жылда әсіресе 1680-1686 жылдар аралығында басы-байлы шаруалардың толқулары, 1685 жылғы старообрядцыларға қарсы қатал жарлықтар, ақыр соңында рекруттық міндеттілікке қалушылардың Сібірге қоныс аударуға тілек білдірушілердің молдығы негізе алынады.

... Осылардың нәтижесінде Сібірдің тұрғындары біртіндеп молайып, 1709 жылы ол 229227 адамға жетті. ... [7.128]

XYIII ғасырдың басынан патша әкімшілігі Сібірге мемлекеттік шаруаларды әкелумен қатар еркін қоныстандыруға да барынша жағдай жасады. Яғни: ... "Еркін қоныстану алғашында мемлекеттік қоныстанудан да қарқынды жүргізілді." [8.133]

Халық Сібірге әр түрлі себептермен және әр тұрғыда қоныс аударды. ... Жер аударылған әкелерінің балалары Сібірге қашып, ақша төлеу арқылы жер аударылғандар қатарына жазылды. ... Жалпы отарлау қозғалысына қарсы шаралар қолданыла бастағанда жасырын қоныс аудару басталып, халық Сібірдегі неғұрлым тыныш және жасырын жерлерді таңдады. Үкіметтік шаралармен қатар Сібірдің өзінде халықтың жылжуы мен орналасуына қарсы қуғындау басталды. Көптеген істер мен актылар көрсеткендей, XYII жүз жылдықта Сібір көне қаңғыбас Ресейді еске түсіретін. Оның әр аймақтарында, ормандарында кезбе өмір сүрген әр түрлі қашқындар, қаңғыбастар, өнеркәсіпшілер, діни топқа бөлінушілер ... толы болды. Бұл қашқындар құдалауға байланысты, мысалға алғанда Селезнев және Бұқтырма шаруалары сияқты ... кейін тонаушыларға айналды. [7.129]

Нақты деректер айқындайтынындай, XYII-XYIII ғасырдың басынан Ресейдің орталық аудандарынан қашып келушілердің орналасқан жерлері Алтайдағы Бұқтырма, Нарын өзендерінің аңғары болды. Осы жерлерді XYIII ғасырдың 20-30 жылдарынан өнеркәсіптік, әскери тұрғыдағы игеру барысында тіркелмеген, бұрын есепке алынбаған шаруалар қоныстары, деревнялары анықтала бастады. Осы тұрғыдағы тарихи мәліметтерде баяндалатынындай: "Майор Шпанский Бұқтырма өзені және оның сағаларымен сапары негізінде 17 орыс деревнялары анықталып, олардың тұрғындары есепке алынды. ... Бұқтырма өлкесінің аталған бірінші және одан кейінгі отарлаушылары ұзақ уақытқа дейін "каменщиктер" деп аталды. (Таудағы тастарға орналасушылар) ... Орыс қоныстары Катун өзенінің жоғары ағысында да болды. [1.93]

Осы мерзімде Тобол және Томск губерниясының солтүстік бөлегі мемлекеттік шаралар арқылы қоныстандырылса, Алтай округінің оңтүстік бөлегіне еркін отарлаушылар қоныстанды.

Екеуінде де тұрақтар пайда болып, оған кейін орналаса бастады және де бірнеше жылдан кейін қоныс пайда болады.

Тобольск және Томск губернияларында қоныстарды қызмет мерзімі аяқталған әскери адамдар, мемлекеттің мүддесі үшін қоныс аударған егіншілікпен айналысатын шаруалар, монастырлық, мемлекеттік және помещик шаруалары салды.

Оңтүстік Алтайдағы отарлаушылар ... қарапайым еркін адамдар және аңшылар болды. [1.93]

XYIII ғасырға дейінгі кезеңдегі орыс шаруаларының ұнатып, әсіресе өз еріктерімен қоныстанған жерлері Барабы даласы болды. Аталған жердің құнарлылығы, ауыл шаруашылығының барлық түріне қолайлылығы оған шаруалардың жаппай ұмтылуына жағдай жасады. Нәтижесінде XYIII ғасыр басына дейін-ақ аталған өңірден жергілікті халық толығымен ығыстырылып шығарылды. Тарихи деректерден айқындалатынындай: "Барабы-Батыс Сібірдегі ... батыс және шығыс жағынан Ертіс пен Обь өзендері жағалауларындағы жоталармен шектелген дала....

Орыстар барабиндықтар деп атаған татар (түрік) тұрғындары XYII ғасырда-ақ тұрақты қоныстарды тұрып, орыс мекендері пайда болғаннан кейін құнарсыз далаға ығыстырылған.

... Түріктік тұрғындар бұл өңірге монғол дәуіріндегі Сібір патшалығының құрылуымен байланысты қоныс аударған болуы мүмкін. Аталған патшалықты бағындырғаннан Ұлы Петр кезіне дейін бұл дала Ресей мен қалмақ мемлекетінің шекарасы болған Тара (Ертістегі) мен Томск (Обьтың шығыс жағы) арасындағы шекаралық аудан ретіндегі "Барабы болыстығы" деп аталған, ..." [9.366]

(XYIII ғасырда Ресей шаруаларының егіншілікке қолайлы деп есептеген,-Ғ.Қ.) Барабы даласында орыстық мекендер пайда болды. Барабыны игеру екі жақтан іске асырылды: Ертіс және Обь аймағынан. Барабының батысында Сыропятская, Нижне-Омская, Чинявина және Еланская деревнялары салынды. Обь жағалауындағы Ирменское, Кирзинское, Вьюнское, т.б. [5.41]

Нәтижесінде, Барабы даласындағы орыс тұрғындарының құрамы XYIII ғасырдың 60-жылдары Польшадан әкелінген, Сібірге жер аударылған помещиктік шаруалар, Ресейден қашып келген діни жікке бөлінушілер (раскольниктер) және өз еріктерімен келушілерден тұрды.

(Міне осылай, XYIII ғасыр соңына,-Ғ.Қ.) ... Сібірде тұратын жер өңдеушілер өз бастамалары бойынша Барабы, Ертіс жағалауы, Обьтың ортаңғы және төменгі ағысы, Минусинск ойпаты, Алтай өзендері аңғары, Байкалдың (барша өңірлеріне, - Ғ.Қ.) қоныс тепті. [5.191,193]

... XYIII ғасырда (осылармен қатар,-Ғ.Қ.) Барабыға Еуропалық Ресейден елеулі көлемдегі жер аударушылар қоныстандырылды. [9.366]

(Ресей империясы тарапынан негізінен алғанда,-Ғ.Қ.) Батыс СІбір, Алтай аймағын қоныстандыру XYIII ғасыр басынан бірнеше үлкен терррриторияларды игеру арқылы іске асырыла бастады. Атап айтқанда: XYIII ғасырдың басынан ... орыстардың Краснярскінің оңтүстігіне таманғы Енисей, Солтүстік Алтай және Обьтың жоғары ағысы қоныстандырыла бастады. XYIII ғасырда орыстардың қоныстануы негізінен Оңтүстік Сібір жерлерін қамтыды.

XYIII ғасырда Батыс Сібірді отарлауда ... Патша үкіметі мұндағы кез-келген әскери қақтығыстарға қатысқысы келмеді. Ол қазақтармен, Жоңғариямен, Қытаймен, Орталық Азия мемлекеттерімен, тіпті Үндістанмен тұрақты сауда байланыстарын реттеуге ұмтылды. [5.181] Алайда мүмкін болар әр жақты қатынасты ескерген Ресей үкіметі өзі бағындырған жерлерге бекіністер, қамалдар салуды қатар жүргізгендігі белгілі. Осы тұрғыдағы ... Ертіс қамалдар жүйесін негіздеу орманды-далалы өңірлерді орыстармен қоныстандыруға одан ары жағдай жасады. "... Омбы қамалы маңайында Тюмень уезінен көшіп келген шаруалардың деревнялары пайда болды. Мұнда Омбы және Чернолуцкая слободалары, Большая Кулачинская, Малая Кулачинская, Красноярская, Милетина деревнялары өмірге келді.

XYIII ғасырдың 30-жылдарында Ертістің батысында Ишим күшейтілген (шекара,-Ғ.Қ.) жүйесі қалыптасты. Оның құрамына 60 (шаруалар, -Ғ.Қ.) қонысы енді." [5.181]

"1752 жылы Сенат (Батыс СІбір аймағындағы,-Ғ.Қ.) салынып жатқан қамалдарға үш жыл салық төлеуден және міндеткерліктен босату арқылы еркін шаруаларды қоныстандыру туралы шешім қабылдады. (Себебі,-Ғ.Қ.) Сібір әкімшілігі ... қазыналық егіншіліктің жүйедегі әскерлерді азық-түлікпен қамтамасыз ету шеше алмайтындығына көзі жетті. Ол шығын әкеле бастады. 1770 жылы қазыналық егіншілік тоқтатылды. Көрсетілген мерзімнен бастап салынып жатқан бекініс жүйелерін шаруалармен қоныстандыру іске асырыла бастады."[10,36, 35] Яғни, осы кезеңнен шаруаларды Батыс Сібір, Алтай аймағына жаппай қоныстандырудың, осы арқылы өлкені біртұтас әскери-шаруашылықты аймаққа айналдыру арқылы одан ары орыстандырудың мемлекет үшін қажеттілігі айқындала түсті.

XYIII ғасыр ортасынан Алтай аймағының басым бөлігіне иелік етіп келген жоңғарларды Қытайдың талқандауына орай олардың жерлеріне қытай үкіметі өз талаптарын қоя бастады. Алайда бұған келіспеген Ресей патшалығы бұл кенге аса бай территорияны жылдам өзіне қаратуға кірісті. Аталған мақсатты орындау жолында ... Осы жылы (1760,-Ғ.Қ.) Сібір губернаторы Соймоновқа жоңғар жеріне (Жоңғарияға) 2000 орыстар мен еркін қоныс аударушыларды жіберуге рұқсат берілді, кейін олар Сібір казак әскерлерінің негізін қалады.

Сыртқы істер коллегиясының 1761 жылғы 10 маусымдағы №499 құпия жарлығымен Сібір бастығына Ресей шекарасы құрамына бұрынғы жоңғар иелігіндегі Алтай тауларын қосу міндеттелді. Міне осылай Жоңғарияның жерінің бір бөлегі Ресейге қосылды, … [11.331-332]

(Осы мерзімдегі,-Ғ.Қ.) ... Жоңғар патшалығы талқандалғаннан кейін Орта және Үлкен Орданың қазақтары шығысқа қарай жылжып, Алтай таулары мен Құлжа өңіріндегі үлкен кеңістікке келіп орналаса бастады. [12.12]

Алайда олар кейін тау-кен орындары мен зауыттарының өркендеп, дамуына орай Алтай аймағынан толығымен ығыстырылды.

XYIII ғасырдың ортасына ... (егін шаруашылығына негіздеуге тиімді, - Ғ.Қ.) Томск өлкесін ресейлік отарлау едәуір дәрежеде нәтиже бере бастады. Өлкені ерікті, еріксіз тұрғыда қоныстанушылар қатары өсе түсті. Бірінен соң бірі жаңа орыс қоныстары пайда бола бастады. [13.5]

Ресей үкіметі XYIII ғасырдың екінші жартысынан жоңғарлардың талқандалуы және Қытаймен екі арадағы біршама қалыптасқан жағдайды пайдаланып бұрын жоңғарлар иелігінде болып келген Алтай аймағы жерлерін өзіне толығымен қосуға белсене кірісті. Ресейдің бұл кезеңдегі осындай жаңа жерлерді отарлауына деген қимылына оның осы ғасырдың бірінші ширегіндегі Батыс СІбір, Алтай өңірін Қытай өзіне алмақ болған шекараға дейінгі жерлерді әскери бекініс орындарымен жеткілікті тұрғыда толтырып, казак әскерлерін қалыптастыруы да елеулі тұрғыда әсер етті. Осыған орай "1760 жылы Сібірдің неғұрлым маңызды аудандарын қоныстандыруға арналған Сенаттың екі жарлығы пайда болды. Оның біріншісі -"Сібірдегі Бұқтырма өзені бойындағы Өскемен қамалынан одан арғы Телец көліне дейінгі жерлерді қоныстандыру, қолайлы жерлерге қамалдар салу, Убда, Үлбі, Березов, Глубокое, т.б.өзендері маңайына 2000-дейінгі орыс адамдарын орналастыру туралы" және (Екіншісі,- Ғ.Қ.)" Помещиктерге өздерінің адамдары мен шаруаларын кінәләрі үшін рекрут есебінен Сібірге жіберуге рұқсат берілді." Жарлық бойынша "45 жасқа дейінгі денсаулығы мықты, егін егуге жарамды ер адамдарын жанұяларымен жіберу" негізге алынды. [5.189] Келген шаруаларды ынталандыру мақсатында ... "Әр жанұяға орналасқан жерінде 5 десятинадан егістік, 50 десятина шабындық жер, тұқымдық астық және жұмвс атын сатып алуға 5 рубльден ақша берілді." [10.37] [

... Осы 1760 жылы Кабинет меңгерушісі Олсуфьевтың жоғары дәрежедегі баяндамасы бекітіліп, онда Колывано-Воскресенск зауыттарының болашақ дамуының жолдары қаралды. Ондағы шаралардың бірінде: "қазіргі 10933 адамдарға қосымша Томск және Кузнецк уездеріндегі қалған 12823 адам шаруаларды, әртүрлі топ мүшелерін қосу" көрсетілген. [14.15] ...

Міне сондықтан да патша әкімшілігі Патша әкімшілігі көрсетілген мерзімде жергілікті қазақтарды өнеркәсіп орындары жаппай ашыла бастаған Ертістің оң жағалауынан толығымен ығыстырумен айналысты. Осыған байланысты оңжағалаудағы құнарлы жерлеріне қайтадан ие болып, мал шаруашылығын отырықшылықпен байланыстыруды үміт еткен " ... қазақтардың Ертістің оң жағалауына өту туралы толастамаған өтініштері 1788 жылы Екатерина-II жарлығымен оңды шешілді. Ертістің оң жағалауына көшкен қазақтар алғашында салық пен міндеттіліктен босатылды. Оларды казак станицаларына тіркеп, станицалық немесе ішкі жүйе қазақтары деп аталды." [14.12]

Алайда Ертістің оң жағалауы толығымен осы мерзімде өнеркәсіптік, әскери тұрғыда игерілгендіктен жергілікті халықтың мал шаруашылығын жүргізуіне мүмкіндігі болмады. Жоғарыдағы аталған рұқсаты арқылы патша үкіметі қазақтардың көшпелі мал шаруашылығына тиым салып, оларды орыс қоныстарының, казак станицаларының жанына орналастыру арқылы жалдамалы ауыл шаруашылығы жұмыстарына тартып, орыс қоныстанушыларының мүддесі үшін қосымша арзан немесе тегін жұмыс күшін қалыптастыруды мақсат етті. Міне осылай оңжағалыққа өткен жерсіз қазақтардың тұрмыс жағдайлары одан ары нашарлап, олардың басым бөлегі жанұяларымен орыс деревнялары, селолары мен қоныстарына, казак станицаларындағы тең емес жағдайдағы кез-келген ауыр жұмыстарға жалдануға мәжбүр болды.

Тарихи мәліметтерде көрсетілгеніндей XYIII ғасыр көлемінде, яғни қазақ жерін Ресейлік отарлау, әскери, өнеркәсіптік игерудің бастапқы кезеңінде барша Алтай өңірін ғасырлар бойы ата-қонысы еткен Орта жүз руларының ішіндегі көп санды ... "қыпшақтардың 3000-дай отбасынан тұратын 4 руы жазғы уақыттарда Тобыл, Әйет өзендерінің бойлары мен сағаларын жайлады. Қыста Далалық қамалдан бастап, Тройцк арқылы Усть-Үй қамалына дейінгі жерлерді, Үй өзенінің бойымен Тобылға дейінгі және осы аталған қамалдар қарсысындағы далаларды жайлады.

Қыпшақ тайпасы танабұға руының 2000 отбасынан тұратын 6 атасы қыпшақтардың жоғарыда аталған 4 руы сияқты Тобыл, Әйет өзендерінің бойы мен сағаларын жаз жайлау, қыс қыстау етті.

Қыпшақ тайпасы көлденең руының 2000 отбасына дейін жететін 4 атасы да қысы, жазы осы жерлерді жайлады.

Керей тайпасының 4000 отбасынан тұратын 4 руы жазда Ешімнің шығыс жағалауларын жайлап, қыста Звериноголовск және Пресне-

горьковск қамалдарының қарсы беті мен Обаған өзені жақтағы далаларды тұрақ етті." [15]

И.Г. Андреевтің жазуынша: "Железинск қамалынан Ертіс өзенінің төменгі ағысы арқылы арқылы Татарск станицасына дейін қыпшақ болыстығының жекелеген көш жолдары бар. Татарск станицасынан Ертіс өзенінің төменгі ағысы арқылы Ачанрск бекінісіне дейін керей болыстығының иеліктері, сонымен бірге (мұнда, -Ғ.Қ.) қыпшақ болыстығының бірнеше аралас буындарының жайылымдықтары кездеседі. Керейлердің жетекшісі – Енибек (Жәнібек,-Ғ.М.), ал қыпшақтардікі Сұлтанмәмбет сұлтан. ... Бағаналы-керей болыстығы, старшыны Қойбағар, көш жолдары Ертіс өзенінен төмен қарай Омбы қамалына дейінгі өңірді қамтиды. ... Железинскіден Омбыға дейінгі жерлерді жайылымдықтары еткен қырғыздар осыдан үш жыл бұрын малдарына қысқы азыққа пішен дайындай бастады." [16]

Алайда XYIII ғасырдың соңы-XIX ғасырдың басындағы одан ары қарқын ала түскен Батыс Сібір, Алтайдағы өнеркәсіп орындарын молынан ашып, оларды жұмысшылармен, азық түлікпен қамтамасыз ету мақсатындағы Ресейдің орталық аудандарынан шаруаларды еселеп жіберуіне орай қазақтардың барлығына жуығы бұл өңірден күшпен қуылды.

Үкіметке аталған мерзімде жаулап алынған шекарадағы острогтар мен қамалдарды,... жүйелерді қосу қажет болды. Осындай мақсатпен (негізінен шаруалар орналасқан, - Ғ.Қ.) ... 1744-1745 жылдары Тобольск мен Тары арасындағы, 1762 жылы Ишим мен Омбы, 1761 жылы Чауск острогы мен Томск, 1763 жылы Екатеринбург жолы, 1762-1780 жылдары Тары мен Чауск острогы арасындағы тракт игеріліп, Барабы (шаруалармен,-Ғ.Қ.) қоныстандырылды. [8.132]

... Осындай ерікті және еріксіз тұрғыда жүргізілген орыстарды қоныстандырудың барысында XYIII ғасырдың соңына Батыс Сібірде орыс тұрғындарының басым бөлегі қызмет адамдары емес, өнімді еңбекпен айналысатын шаруалар мен қолөнершілер болды. [5.39]

Патша әкімшілігінің Батыс Сібір, Алтай аймағын қарқынды түрде қоныстандыруының нәтижесінде XIX ғасыр басына Сібірдің тұрғындарының негізін орыс қоныс аударушылары құрады. Олар байырғы тұрғындардың жерін басып ала отыра барша Сібірдің егіншілікке қолайлы жерлеріне орналасты. Осы арқылы Ресей империясы аталған ғасыр соңына Сібірдің толық иесіне айналды. Оны төмендегі анықтамадан білуге болады.

Кесте 1

Сібір тұрғындарының XYIII ғасырдағы өсімі (мың ер адам), соның ішінде:

Тіркеу	барлық тұрғындар	негізгі тұр-дар	орыстар	орыс шаруаларының саны	барлық шаруалардағы орыс тұрғындарының үлесі
I	241	72	169	102	60,3
II	306	108	198	155	78,2
III	393	132	261	224	85,3
IY	552	163	389	318	81,7
Y	595	183	412	338	82,0

... XYIII ғасыр көлеміндегі үнемі жүргізіліп тұрған тіркеулер (ревизия) (1 тіркеу – 1719-1722 жж.); II-1744-1745 жж; III-1762-1763 жж; IY-1781-1782жж және Y-1795-1796 жж –кесте-1) Сібірдегі орыс тұрғындарының елеулі тұрғыда өскендігін дәлелдейді, сонымен қатар оның өнімі бүкіл елмен салыстырғанда салыстырмалы тұрғыда жоғары болды.

(Яғни,-Ғ.Қ.)... 1719-1795 жылдар аралығында Сібір тұрғындарының саны 2,4 есе, соның ішінде шаруа тұрғындар -3,3 есе өсті.

... (Ал жекелеп алғанда,-Ғ.Қ.) Тобольск губерниясының территориясы шеңберінде 1719-1795 жылдар аралығында орыс тұрғындарының саны 1,9 есеге ұлғайды. (Соның ішінде шаруалар 2,1 есеге), осы мерзімде Томск губерниясы аймағында орыс тұрғындарының саны 3,4 есеге өсті, шаруалар -7 есе. … Иркутскде (губерниясының аймағында,-Ғ.Қ.) -2,8 есе (шаруалар -4,1 есе) өсті. [5.183,184]

(XYIII ғасырдың соңынан,-Ғ.Қ.) ... Сібірді қоныс еткен орыс жер өңдеушілері өз қалау-

лары бойынша (негізінен,-Ғ.Қ.) Барабы, Ертіс маңайы, Обьтың орта және жоғары ағысы, Минусинск қазан шұңқыры, Алтай өзендері жағалауын, Байкал өңірі мен Байкалдан арғы жерлерді қоныстанды. ... 1782 жылғы Ялуторовск дистриктісі қорытындысы бойынша III және IY анықтаулардан кейін мұнда (бір ғана осы уездің өзінде,-Ғ.Қ.) өз еріктерімен келіп орналасқан 5742 шаруа адамдар анықталды. [5.193]

Алтайдағы ғана барша тіркелген тұрғындардың саны 300 мың екі жыныста адам болды.

... Алтайдың тіркелген шаруалары зауыттарға бекітілгенге дейін мемлекеттік шаруалар болған еді. Ресми түрде олар 1779 жылғы 21 мамырдағы манифесте "Тау зауыттарына бекітілген мемлекеттік шаруалар" деп аталды. [17]

Ресей империясының XYIII ғасыр көлеміндегі осындай белсенді жүргізген қоныстандыру саясатының барысында барша Сібірдің орыстандырылуын Н.М. Ядринцев төмендегідей тұрғыда сипаттайды: "... Оралдан өткеннен кейінгі Сібірдің бүкіл оңтүстігі арқылы Енисейге құятын Тунгусканың жоғары ағысына дейінгі кеістікте жаппай орыс тұрғындары орналасқан. Осы (орыс қоныстанушылары) тұрғындар Верхнетурье мен Троицк, Тоболск, Тары мен Омбы аралығындағы Петропавловск, Томск мен Бииск, одан ары Енисей губерниясына дейінгі жерлерде толығымен қоныс тепкен." [2.87]

Қорыта айтқанда XYIII ғасыр көлеміндегі Ресей империясының Батыс Сібір, Алтай аймағын орыс шаруаларымен қоныстандыруының нәтижесінде осы ғасырдың соңында өлкенің негізгі тұрғындары орыстар болып қалыптасты. Бұл аймақтың жағрафиялық келбеті мүлдемге өзгеріп, жер, су атаулары орыстандырылды. Сансыз көп жаңа орыстық атау алған елді-мекендер пайда болды. Өлкенің мал шаруашылығымен айналысатын халқының жайылымдық жерлері тартылып алынды. Жергілікті халық жерлерімен қатар барша бостандықтарынан айырылды. Олардың отаршыларға қарсы әр жерлерде, әр көлемде орын алған қарсылықтары күшпен басылды. Жерінен айырылып, күйзеліске түскен тұрғындар сенімсіздіктері үшін патша әкімшілігі тарпынан тіпті ең ауыр зауыт, кен жұмыстарына да алынбады, керісінше өнеркәсіп орындары, қоныстар мен казак станицалары маңайларынан қуылды. Он шақырымдық шекара жүйесі жергілікті тұрғындардың қалыптасқан шаруашылық байланыстарын тоқтатып, малдың жайылымдық ережесін бұзды. Көшпенділердің шекара шептерінен өтіп, жайылымдық алмасуы үлкен көлемдегі малдай және ақшалай алынатын кеден салығын төлеу арқылы іске асырылды. Лажсыздыққа түскен байырғы тұрғындар, соның ішінде қазақтар болар болмас күн көріс үшін амалсыздан орыс ауқатты шаруаларына, казактарға маусымды ауыл шаруашылығы жұмыстарына жалданды. Олардың басым көпшілігі қарызға батып, кіріптарлыққа түсті, ашаршылыққа үшырады.

Патша әкімшілігі, жергілікті басшылығы тарапынан байырғы тұрғындар жағдайына арналған ешқандай да ереже қабылданып, оңды шара қолданылмады. Батыс Сібір, Алтай халықтары аталған ғасыр көлемінде барынша қорлыққа түсіп, өз жерінде мүсәпіршіік күн кешті. Олардың осындай жағдайы алапаты мен қасіреті одан сайын арта түскен XIX ғасырдағы Ресейлік отарлаумен жалғасты.

---

1. Вопросы колонизации. Периодический сборник под редакцией Г.Ф.Чиркина и Н.А. Гаврилова.-Спб., 1911, №5, с.461

2. Ядринцев Н.М. Сибирь-как колония.- Спб.,1892, с.720

3.Аполлова Н.Г. Присоединеия Казахстана к России. Издательство Академии наук Казахской ССР.-Алма-Ата., 1948, с. 256

4.Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахского народа, 2 изд, дополненное. - Астана, Алтын кітап, 2007, с. 372 С. 252]

5. История Сибири с древнейших времен до наших дней в пяти томах, том второй: Сибирь в составе феодальной России. Изд "Наука". Ленинград., 1968, с. 539

6. История Сибири. Часть II. Период с 1660 года до воцарения Императрицы Елисаветы Петровны. Составлена В.К.Андриевичем.-Спб., 1889, с.150,152,153

7. Ядринцев Н.М. Русская народность на востоке.- Спб., 1882

8. Ядринцев Н.М. Сибирские инородцы, их быть, и современное положение. Этнографическая и сстатистическая исследования с приложением статисчтических таблиц. -Спб., 1891

9.Академик Бартольд Сочинения. Том-III Работы по исторической географии. Изд."Наука", Главная редакция Восточной литературы.-Москва., 1965, с. 712

10. Алексеенко Н.В., Алексеенко В.Н. Славянское население Казахстана XYIII-XX вв.- Усть-Каменогорск, 2009. - 131 с.

11. Из истории казахов. Сост. С. Ешмуханбетов. -Алматы., 1999.С. 331-332

12.Труды общества изучения Казахстана (Киргизского края) (Отдел истории и этнографии) Том YII, вып II.-Кзыл-Орда, 1926

13.Город Томск. Издание Сибирского товарищество печатного дела в Томске.-Томск, 1912

14. Алексеенко Н.В. Алтайские каменщики: В поисках Беловодья.-Усть-Каменогорск: "Либриус", 2009.-100с.

15. Мұқанов М. Қазақ жерінің тарихы Алматы, 1994, 17-18 бб.

16. Андреев И.Г.Описание Средней Орды киргиз-кайсаков.-Алматы,1998, сс.106-107

17.Алтайский сборник. Издание общества любителей исследования Алтая. Выпуск-1, Томск, 1894, с.7.

* * *

В статье “Некоторые истории переселения Западной Сибири и Алтайского края в XVIII веке (особенности, масштабы, последствия)” на основе исторических данных раскрываются цели, ход, и итоги переселенческой политики Российской империи Западной Сибири и Алтайского края в период XVIII века и его последствия для местного населения

* * *

In the article "Some stories of the resettlement in Western Siberia and the Altai region in XVIII century (features, scales, consequences), on the basis of historical data the goals, course and results of the resettlement policy of the Russian Empire Western Siberia and the Altai region during the XVIII century and its impact for the local population are revealed.

А. С. Аманжулов

ПОЛИТИКА АККУЛЬТУРАЦИИ И ХРИСТИАНИЗАЦИИ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ В КОЛОНИАЛЬНЫЙ ПЕРИОД

Конфессиональная политика в Южном Казахстане являлась продолжением длительной и целенаправленной имперской политики царизма, проводимой на местах колониальной администрацией, церковными служителями-миссионерами - такими, как Н.И. Ильминский, А.Е. Алекторов, Н.И. Остроумов и др. По их предложению ограничивались въезд в Степь деятелей ислама из Казани, Уфы, Оренбурга, Бухары и других мусульманских центров, ввоз Корана и другой священной для магометан литературы, хадж в Мекку и Медину, строительство и открытие новых мечетей, мектебов и медресе и т.д. Борьбе против ислама и распространению христианства среди казахов большое место отводилось как в мусульманских, так и светских учебных заведениях. Согласно конфессиональной политике характер обучения в мусульманских учебных заведениях должен был быть русским и светским. Об этом прямо говорилось в документах царской администрации в Южном Казахстане. Об этом свидетельствуют архивные документы. «Обитатели среднеазиатских наших владений несомненно сознают, что народное просвещение в России может быть только русское и что русская власть была бы вправе вводить его повсеместно и для всех своих подданных; но так как мы не в силах даровать им сразу и скоро это высшее благо, то по необходимости масса населения, сообразно своим воззрениям и духовным потребностям, должна довольствоваться и может предпочитать свои издавна утвердившиеся на почве ислама начальные училища и высшие по их понятиям рассадники мусульманской мудрости» [1].

В мусульманских школах, в ущерб изучению основ ислама и родного языка, проводилось обучение русскому языку, открывались русские классы, в обязательном порядке праздновали дни рождения императора и членов его семьи и т.д. Все медресе, мектебы и другие мусульманские школы, а также занимавшиеся домашним и частным обучением, подчинялись местному учебному начальству ведомства Министерства народного просвещения. Особую роль в христианизации и русификации казахов играли начальные русско-казахские школы в аулах, казачьи школы в станицах казачьих войск, городские училища, а также гимназии, семинарии и другие учебные заведения, которые из обучавшихся казахских детей в основном готовили чиновников колониальной администрации-проводников политики царизма.

Практические вопросы крещения казахов, в особенности их детей, решались царской властью совместно с православной церковью, которые, начиная с 60-х г. XIX в. предприняли ряд мер в этом направлении. В письме генерала Колпаковского выражаются опасения по поводу слишком рьяных действий миссионеров и предлагается действовать осторожно: «Все это побуждает меня выразить мнение в пользу самых осторожных действий миссионеров. Сначала я полагал бы: прислать их двух или трех, сколько Ваше Преосвященство найдете возможным, в качестве учителей для образуемых здесь народных училищ, в которых предположено обучать детей русского и туземного сословий. С этой целью водворить миссионеров одного в станице Лепсинской, другого в Токмаке и третьего в укреплении Аксуйском. Означенные миссионеры, находясь с должности учителей легко могут приобрести нравственное влияние на детей туземного сословия, а через их

родных им легче будет сношение и с другими киргизами, в то же время они будут знакомиться с духом народа и, по достаточном изучении его, начнут действовать с меньшими ошибками, чем тогда, если бы приступили к выполнению своих призваний, без предварительной подготовки» [2].

В связи с тем, что русское руководство в мусульманских районах, в частности в Туркестане, старалось "как можно менее входить во внутренний распорядок (местного населения - авт.), предоставив им ведаться своими обычаями и своими властями"[3], характерным было стремление церкви привлечь к делу миссии и административные ресурсы. Так, в начале XX в. священник С. Багин писал: "нужна дружная работа не только духовенства и специальных миссионеров, и всех вообще деятелей народного просвещения, но и гражданской власти"[4].

В реальности миссионеры, работающие с мусульманским населением применяли две группы методов: методы "непосредственные" и "посредственные". Методы непосредственные выражались в "многочисленных и продолжительных разъездах миссионеров по … аулам со словом проповеди" [5]. К комплексу методов косвенных или, как они тогда назывались, "посредственных" относились: "поднятие религиозно-нравственного уровня русского населения", "проведение религиозно-нравственных чтений в здании миссионерской школы", "учреждение церковно-приходских обществ трезвости", "разработка проектов, соответствующих местным условиям, а также организация миссионерских церковно-приходских братств для борьбы с исламом" [5, С.147].

Издание Манифеста 17 Апреля 1905 года "свело миссионерскую деятельность почти до нуля…" [6, С.23]. Возможность перехода из одного вероисповедания в другое, предоставленная российским гражданам, была использована многими бывшими мусульманами. Помимо этого, после 1905 г. изменилась сама цель миссии. Если в конце XIX в. она представляла собой "укрепление в вере" крещеных из мусульман, привлечение неофитов и противодействие "мусульманской пропаганде", то после издания Манифеста она свелась до удержания крещеного населения в лоне православной церкви и "охраны" новообращенных от влияния исламской пропаганды [199, С.20]. Как признавали сами миссионеры, их деятельность в начале XX в. приобрела характер "оборонительный, а не наступательный" [6,С.21].

Тем не менее, издание Манифеста носило скорее декларативный характер, государственная конфессиональная политика продолжала реально ограничивать развитие мусульманства, а местная администрация прямо высказывалась против организационного оформления мусульман края. Так, в докладе Министру внутренних дел генерал от инфантерии, управляющий Канцелярией Туркестанского генерал-губернаторства сообщал: «Возвращая постановление (резолюцию) состоявшегося с 21 по 24 апреля минувшего года в г. Джаркент Семиреченской области таранчинско-дунганско-киргизского съезда, с изложением ходатайства этих магометан об устройстве управления их духовными делами, имею честь довести до сведения Вашего Высокопревосходительства, что по вопросу об устройстве Духовного Управления мусульман края…

В начале 50-х годов стали учитываться природно-климатичсекие условия Южно-Казахстанской области и стали строиться оздоровительные и санитарно-курортные учреждения. «В Сары-Агачском районе строится бальнеологическая лечебница по проекту разработанному «Казгосстройпроектом» в 1952 г. Проект согласован с Южно-Казахстанской Госсанинспекцией» [3].

Были приняты меры по улучшению медицинского обслуживания сельского населения. В села Южно-Казахстанской области в 1964 году было дополнительно направлено 57 врачей. К концу 1965 года были введены в эксплуатацию Туркестанская районная больница на 100 коек, участковые больницы в совхозе «Тимурский» на 35 коек и в с.Бугунь – на 50 коек [4].

Отдаленные сельские районы стали обслуживаться санитарной авиацией. В Южно-Казахстанской области «При необходимости срочного оказания медицинской помощи квалифицированные врачи вылетают на самолетах санитарной авиации. За III-й квартал 1965 года было 186 таких вылетов медработников на отдаленные участки» [5].

Толчок к развитию медицинского обслуживания населения Южного Казахстана был дан в связи с принятием в 1969 году «Основ законодательства СССР и союзных республик о здравоохранении». Логичным продолжением которых стал Закон Казахской ССР «О здравоохранении».

Благодаря намеченным мероприятиям улучшилась ситуация с медицинским обслуживанием населения Жамбылской, Кызылординской и Южно-Казахстанской областей. Так, в 1970 году в Жамбылской области по информации Джамбулского обкома КП Казахстана «функционируют 10 районных, 53 участковых больницы, 15 противо-туберкулезных диспансеров и больниц, 303 фельдшерских и фельдшерско-акушерских пунктов. Имеется 7250 больничных коек, в том числе 400 развернуто в 1969 году. В области на 1 марта 1970 года работает 912 врачей и 4273 средних медицинских работников» [6].

В Южно-Казахстанской области в 1969 году число врачей и средних медицинских работников увеличилось на 558 человек, в том числе врачей – 49, зубных врачей – 19, и 490 средних медицинских работников.

Подготовкой кадров для учреждений здравоохранения в области в 1970 году занимались 3 медицинских училища, в них обуча-

лось свыше 2500 студентов по 9 специальностям, в том числе зубные врачи, фармацевты, фельдшера, акушерки, лаборанты и медсестры.

В 1970 году 188 врачей и 1247 средних, младших медицинских работников прошли курсы специализации и усовершенствования.

В этот период отмечалось улучшение оснащения больниц, особенно сельских, медицинской техникой, инвентарем, оборудованием и предметами ухода.

В том же 1970 году Кзыл-Ординский обком КП Казахстана информировал о состоянии учреждений здравоохранения Кызылординской области. В информации указывалось, что «дальнейшее развитие получила сеть учреждений здравоохранения. Так, в течение отчетного года начали самостоятельно функционировать гортубдиспансер в городе Кзыл-Орде, участковая больница в совхозе «Аккыр» на 25 коек в Джалагашском районе. Открыто анестезиолого-реанимационное отделение и пункт переливания крови в составе областной больницы, психатрический диспансер в г. Кзыл-Орде и флюрографический центр в составе облтубдиспансера и ряд фельдшерско-акушерских пунктов в области» [7].

Дальнейшая работа по развитию и дальнейшему улучшению здравоохранения проводилась в соответствии с Постановлением ЦК КПСС и Совета Министеров СССР от 22 сентября 1977 г. № 870 «О мерах по дальнейшему улучшению народного здравоохранения» и планом социально- экономического развития. Установленные планом задания на период 1976-1980 гг., 1981 и I полугодие 1982 г. были выполнены в объемах указанных в таблице 2 [8].

Таблица 2 - Выполнение плана развития здравоохранения в Казахстане в 1976-1982 годах

	1976 – 1980г.г.			1981 г.			1982 г.			
	план	выполнение	%	план	выполнение	%	план на год	план I полугод.	выполнение	%
Количество больничных коек-всего,	185000	185400	100,2	188885	188885	100	192400	-	480	-
в том числе для: психически и нарколог. больных	15260	15220	99,7	15945	15945	100	16835	-	275	-
Больных туберкулезсм	22650	22600	99,8	22310	22310	100	2020	-	40	-
Мощность амбулаторно-поликлинических учреждении (тыс. посещении в смену)	-	-	-	242.8	227.3	93,6	248,95	-	-	-
Число врачебных должностей - всего	50450	50278	99,7	52950	52811	99.7	55280	-	-	-
Аптеки - всего	1612	1612	100	1639	1737	106	1776	-	8	-
Прием в мединституты	16800	16806	100	3500	3501	100	3500	-	-	-
Выпуск из мединститутов	13214	13101	99,1	2980	2906	97,5	2970	-	-	-
Прием в мед-училища	51030	51038	100	11250	11430	101,5	12070	-	-	-
Выпуск из мед-училищ	35226	35088	99,6	10208	10028	98,2	10170	-	-	-
Товарная продукция в сопоста-вимых ценах на 1.01.1975г.	14,95	15,12	101,1	15,45	16,35	105,8	14,85	7,41	8,00	-

Из приведенных данных следует, что в указанный период планы практически по всем показателям были выполнены. Плановые задания по количеству больничных коек были выполнены на 100,2 %. Несколько были недовыполнены планы по развертыванию больничных коек для психически и наркологически больных, а также больных туберкулезом. Не в полном объеме был выполнен план по обеспечению замещения врачебных должностей, что было связано с тем, что выпуск из медицинских вузов был выполнен на 99,1 %.

Принятые меры способствовали улучшению демографических показателей и состояния здоровья населения Казахстана.

В 1975-1981 годах несколько повысилась рождаемость: с 24,1 до 24,3. Снизились показатели детской и материнской смертности, сократилась заболеваемость рабочих в промышленности и в совхозах.

В начале 80-х годов продолжалась работа по организации управления здравоохранением и улучшению материально-технической базы медицинских учреждений. Так, «В соответствии с Постановлением бюро ЦК Компартии Казахстана от 10 марта 1981 г. в г. Алма – Ате создана 8 райздравотделов со штатом 24 должности, укреплен также штат горздравотдела, которому дополнительно выделены материальные ресурсы и ассигнования для городских учреждений здравоохранения, автотрансспорт, мягкий инвентарь, мебель и другое. Значительное развитие получило материально – техническая база здравоохранения. На строительство больниц, поликлиник и других объектов было израсходовано по строительству 204,2 млн. руб. в IX пятилетке и 188,3 млн. руб. в X пятилетке» [9].

Вместе с тем, материально-техническая база учрежденииий здравоохранения, несмотря на принимаемые меры, оставалась неудовлетворительной и в этой связи в целом ряде больниц, поликлиник, родильных домов, диспансеров допускалась превышение количества больных, создавлась переуплотненность и скученность. Это было связано с тем, что объем оказываемой лечебными учреждениями медицинской помощи превышал проектную мощность больниц. Но особенно большие трудности возникали при проведении капитального ремонта, на который выделялось недостаточно средств.

В начале 80-х годов осуществлялись меры по развитию медицинского образования, улучшению работы по воспитанию, подбору и расстановке медицинских кадров, повышению их квалификации. Так, для этой цели в Южном Казахстане был открыт Чимкентский филиал Алма-Атинского медицинского института по подготовке провизоров.

Особое внимание уделялось сельским учреждениям здравоохранения, куда ежегодно направлялись 1700 врачей и 7 тыс. средних медицинских работников [10].

В результате все сельские участковые больницы и врачебные амбулатории были укомплектованы врачами. Принимались меры по их укомплектованию 2-3 врачами. На 1 июля 1982 г. имели по 2 врача 32,0% и по 3 врача 33,0 % участковых больниц и соответственно 19,5% и 7,8% врачебных амбулаторий.

Однако, оставались по-прежнему недостаточными темпы снижения эпидемиологических показателей по заболеванию туберкулезом, был допущен рост заболебаемости венерическими болезнями. Особую тревогу вызывало увеличение количества онкологических больных и больных с психологическими заболеваниями.

На неудовлетворительном уровне находилась материальная база детских и родовспомогательных учреждений. В связи с перегрузкой родильных домов в 2 раза был превышен санитарно-эпидемиологический режим, что и приводило к высокой заболеваемости наворожденных.

Проводимые органами здравоохранения меры позволили улучшить отдельные показатели, характеризующие здоровье населения, в том числе и в Южном Казахстане.Таким образом, в конце 70-начале 80-х годов состояние системы здравоохранения в регионе достигло максимального уровня развития, после чего начинается спад, сменившийся кризисом в начале 90-х годов.

1. ЦГА РК, Ф.1473. оп.4. д.432, Л.14,17,20.
2. ЦГА РК, Ф.1473. оп.4. д.654, Л. 11.
3. Там же, Л.44
4 АП РК, Ф.708. оп.38. д.1215, Л.107.
5 АП РК, Ф.708. оп.48. д.519, Л.19.
6. Там же, Л.92.
7. Там же, Л.38-39.
8. АП РК, Ф. 708. оп. 103. д. 72, Л. 17.
9. Там же, Д.18.
10. Там же, Л.19.

* * *

Мақалада архивтік материалдардың кең көлемі негізінде 1950-1970 жж. Оңтүстік Қазақстандағы денсаулық сақтау жүйесінің даму мәселелері зерттелген.

* * *

This article researches on the basis of broad scope of archive sources problems of the development of the healthcare in the Southern Kazakhstan in 1950-1970 years.

М. Турданова

ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ РАЗВИТИЯ МАЛОЧИСЛЕННЫХ ЭТНОСОВ В КАЗАХСТАНЕ В 1959-2009 гг.

В Казахстане в XX веке сформировалось полиэтническое общество, в результате репрессий 30-х - начала 50-х годов, депортаций, спецпереселений, эвакуации в годы Великой Отечественной войны, проведения кампании по освоению целинных и залежных земель сформировался многонациональный состав населения. Это во многом определило линию демографиического развития республики во второй половине XX века. Этнодемографические процессы в Казахстане отличались, прежде всего, тем, что в республике сложилась достаточно уникальная этноструктура, характеризующаяся высокой полиэтничностью. Безусловно, наиболее высокой численностью отличались казахи и русские, но так же была высока доля других этносов – украинцев, немцев, уйгуров, узбеков, татар, корейцев.

По данным переписи 1959 года, в Казахстане проживало 3974 тысяч русских (42,7% населения республики), 2795 тыс. казахов (30,0%), 762 тыс. украинцев (8,2%), 660 тыс. немцев (7,1%), 192 тыс. татар (2,1%), 137 тыс. узбеков (1,5%), 107 тыс. белорусов (1,1%), 74 тыс. корейцев (0,8%), 60 тыс. уйгуров (0,6%), 56 тыс. греков (0,6%), 53 тыс. поляков (0,6%), 38 тыс. азербайджанцев (0,4%), 28 тыс. евреев (0,3%), 25 тыс. мордвинов (0,3%), 15 тыс. молдаван (0,2%), 11 тыс. чувашей (0,1%), 10 тыс. турок (0,1%), 10 тыс. дунган (0,1%), 9 тыс. башкир (0,1%), 8 тыс. таджиков (0,1%), 6 тыс. курдов (0,1%).

В последующие десятилетия национальный состав Казахстана меняется: казахи возвращают себе демографическое господство, утраченное за годы индивидуальных и коллективных ссылок и "освоения целины", другие мусульманские народы (за исключением татар) также повышают свою абсолютную и относительную численность. [1].

Перепись 1970 года насчитала 5522 тысячи русских (42,5% от всего населения), 4234 тыс. казахов (32,6%), 933 тыс. украинцев (7,2%), 858 тыс. немцев (6,6%), 288 тыс. татар (2,2%), 216 тыс. узбеков (1,7%), 198 тыс. белорусов (1,5%), 121 тыс. уйгуров (0,9%), 82 тыс. корейцев (0,6%), 61 тыс. поляков (0,5%), 58 тыс. азербайджанцев (0,4%), 51 тыс. греков (0,4%), 34 тыс. мордвинов (0,3%), 28 тыс. евреев (0,2%), 26 тыс. молдаван (0,2%), 23 тыс. чувашей (0,2%), 21 тыс. башкир (0,2%), 18 тыс. турок (0,1%), 17 тыс. дунган (0,1%), 16 тыс. таджиков (0,1%), 12 тыс. курдов (0,1%). Перепись 1979 года зарегистрировала 5991 тысячу русских (40,8% от всего населения), 5289 тыс. казахов (36,0%), 900 тыс. немцев (6,1%), 898 тыс. украинцев (6,1%), 313 тыс. татар (2,1%), 263 тыс. узбеков (1,8%), 181 тыс. белорусов (1,2%), 148 тыс. уйгуров (1,0%), 92 тыс. корейцев (0,6%), 73 тыс. азербайджанцев (0,5%), 61 тыс. поляков (0,4%), 50 тыс. греков (0,3%), 32 тыс. башкир (0,2%), 31 тыс. мордвинов (0,2%), 30 тыс. молдаван (0,2%), 26 тыс. турок (0,2%), 24 тыс. евреев (0,2%), 22 тыс. чувашей (0,1%), 22 тыс. дунган (0,1%), 19 тыс. таджиков (0,1%), 18 тыс. курдов (0,1%).

Перепись 1989 года зафиксировала 6535 тысяч казахов (39,7% от всего населения), 6228 тыс. русских (37,8%), 958 тыс. немцев (5,8%), 896 тыс. украинцев (5,4%), 332 тыс. узбеков (2,0%), 328 тыс. татар (2,0%), 185 тыс. уйгуров (1,1%), 183 тыс. белорусов (1,1%), 103 тыс. корейцев (0,6%), 90 тыс. азербайджанцев (0,5%), 60 тыс. поляков (0,4%), 50 тыс. турок (0,3%), 47 тыс. греков (0,3%), 42 тыс. башкир (0,3%), 33 тыс. молдаван (0,2%), 30 тыс. мордвинов (0,2%), 30 тыс. дунган (0,2%), 26 тыс. курдов (0,2%), 25 тыс. таджиков (0,2%), 22 тыс. чувашей (0,1%), 20 тыс. евреев (0,1%). Данные первой постсоветской переписи, состоявшейся 25 февраля 1999 года, были опубликованы лишь для наиболее крупных этносов Казахстана. В стране насчитали 7985 тысяч казахов (53,4% общего населения). Русских стало 4480 тыс. (30,0%), украинцев - 547 тыс. (3,7%), узбеков - 371 тыс. (2,5%), немцев - 353 тыс. (2,4%), татар - 249 тыс. (1,7%), уйгуров - 210 тыс. (1,4%), белорусов - 112 тыс. (0,7%), корейцев - 100 тыс. (0,7%), азербайджанцев - 75 тыс. (0,5%), турок - 75 тыс. (0,5%), поляков - 47 тыс. (0,3%), дунган - 37 тыс. (0,2%), курдов - 33 тыс. (0,2%). [2].

Несколько меньше национальностей упомянуто в сводке Агентства по статистике РК от 1 января 2004 года. Однако информации достаточно, чтобы сделать вывод об устойчивости тенденций. Казахов теперь 8550 тысяч (57,2%), русских - 4072 тыс. (7,2%), украинцев - 469 тыс. (3,2%), узбеков - 409 тыс. (2,7%), немцев - 237 тыс. (1,6%), татар - 232 тыс. (1,6%), уйгуров -

223 тыс. (1,5%), белорусов - 96 тыс. (0,6%). За первое полугодие 2004 года численность казахов увеличилась на 82.884 человека (на 1,0%) и достигла 8633 тысяч (57,5% населения страны). На 1,2% стало больше узбеков, на 1% - азербайджанцев, на 0,8% - уйгуров. Вместе с тем уменьшилось число немцев на 2,2%, украинцев и белорусов - на 1,1%, русских - на 0,5%.

По состоянию на 1 января 2006 года доля казахов в общем составе населения составила 58,6%, русских - 26,1%. На долю других этносов и этнических групп приходится 15,3% населения. По уточненным данным статистиков, население республики по состоянию на 1 января 2006 года увеличилось по сравнению с началом 2005 года на 144,5 тыс. человек и составило 15219,3 тыс. человек, в том числе казахи - 8913,3 тыс. человек, русские - 3979,3 тыс., украинцы - 448,8 тыс., узбеки - 428,9 тыс., уйгуры - 229,8 тыс., татары - 229,6 тыс., немцы - 222,7 тыс., корейцы - 101,7 тыс. человек. При этом за 2005 год количество казахов увеличилось на 188 тыс. человек, или на 2,2%, узбеков - на 9,4 тыс. (на 2,2%), уйгур - на 3,3 тыс. (на 1,4%), корейцев - на 0,7 тыс. (на 0,7%). В то же время численность русских сократилась на 45 тыс. человек, или на 1,1%, украинцев - на 10,2 тыс. (на 2,2%), немцев - на 5,4 тыс. (на 2,4%) и татар - на 1,6 тыс. (на 0,2%). При этом численность казахов увеличилась как за счет естественного прироста (134460 человек), так и за счет положительного сальдо миграции (54958), что составило соответственно 71% и 29% от общего прироста по данным категориям населения в прошлом году.

Между тем увеличение численности узбеков и уйгур произошло, в основном, за счет естественного прироста, а рост численности корейцев обеспечен, в основном, миграционным приростом.

Сокращение же русских обусловлено как естественной убылью (20045 человек), так и миграционным оттоком представителей этнической группы (22740 человек). Те же причины обусловили снижение численности украинцев - 6451 и 3393 соответственно, белорусов - 1252 и 603, татар - 886 и 605 человек. Снижение численности немцев связано только с миграционным оттоком, составившим 6861 человек. [3].

Первое, что следует отметить - это падение уровня рождаемости и рост смертности, сокращение темпов естественного прироста населения абсолютно у всех этносов. Причем темпы падения естественного прироста являются значительными и для этносов с "благополучными" характеристиками. Так, у казахов в период с 1990 года по 1999 год общий коэффициент естественного прироста сократился фактически в 2,2 раза, у азербайджанцев - в 2 раза, у узбеков в 1,3 раза. Катастрофическое падение темпов естественного прироста можно отметить у европейских этносов. Особо отметим то, что немцы, несмотря на высокую миграцию, тем не менее, сохраняют положительный естественный прирост, в отличие от других европейских этносов. Хотя его темпы снижались из года в год, к 1999 г. можно отметить некоторое увеличение их численности. В период с 1990 года по 1996 год общий коэффициент естественного прироста немцев сократился, затем происходит его некоторое увеличение. В целом в период с 1990 года по 1999 год данный показатель для немцев сократился на 55% или в 2,2 раза.

Следует учесть, что возрастная структура, кроме того, тесно связана с режимом воспроизводства населения. Таким образом, русский, украинский, белорусский и татарский этносы отличались отрицательными характеристиками и резкой деформацией демографической структуры. Следовательно, их можно охарактеризовать как "кризисные этносы".

Немцев и корейцев можно охарактеризовать как "переходные". Так, немцы сохраняют еще положительный естественный прирост своего населения, несмотря на резкое сокращение численности за счет высокой эмиграции. В то же время удельный вес возрастной группы старше 60 лет этого этноса составляет 11,8%, достаточно высокий показатель, демонстрирующий "старую" возрастную структуру немецкого населения республики. И немцы наполовину являются жителями городов (в 1999 году - 51,4%). [4].

Корейцы отличаются тем, что являются самым высокоурбанизированным этносом в Казахстане. Численность городских жителей значительно преобладает и составляет 86,6%. Удельный вес возрастной группы старше 65 лет также является достаточно высоким и составляет 12,2%. По своему демографическому развитию эти этносы тяготеют к европейской зтнодемографической группе и в перспективе показатели их демографического развития могут ухудшиться до «кризисных».

Численность населения на 1 января 2010 года, по оперативным данным с учетом переписи населения 2009 года, составила 16 млн 196 тыс. 800 человек. Доля казахов на начало 2010 года составила 63,6%, русских - 23,3%, узбеков -

2,9%, украинцев - 2%, уйгур - 1,4%, татар - 1,2%, немцев - 1,1%, других этносов 4,5%.

Численность городского населения составила 8 млн 639,1 тыс. человек, сельского - 7 млн 365,7 тыс. человек. Численность мужчин составила 7722,8 тыс. человек, женщин - 8 282,0 тыс. человек. Численность населения РК по итогам переписи населения 2009 года на момент счета на 12 часов ночи с 24 по 25 февраля 2009 года составила 16 004,8 тыс. человек. За межпереписной период численность населения увеличилась на 1022,9 тыс. человек.

Прирост численности населения по сравнению с предыдущей переписью 1999 года (на момент счета на 12 часов ночи с 24 по 25 февраля 1999 года составила 6,8%) [5].

Изменение численности отдельных этносов за межпереписной период характеризуется следующими данными: численность казахов увеличилась по сравнению с предыдущей переписью на 26,1% и составила 10 098,6 тыс. человек, увеличилась численность узбеков на 23,3% и составила 457,2 тыс. человек, уйгур - на 6% и составила - 223,1 тыс. человек. Снизилась численность русских на 15,3%, до 3797,0 тыс. человек; немцев на 49,6%, до 178,2 тыс. человек; украинцев на 39,1%, до 333,2 тыс. человек; татар на 18,4%, до 203,3 тыс. человек; других этносов на 5,8%, до 714,2 тыс. человек [6].

Сегодня в Казахстане проживают представители порядка 120 этносов и народностей, среди которых наиболее многочисленными являются казахи, русские, немцы, украинцы, узбеки, татары, белорусы, корейцы, азербайджанцы.

1. Алексеенко А.Н. Население Казахстана в 1920-1990 гг. – Алматы: Казахстан, 1993. – 206 с.
2. Шломо Громан. Казахстан выходит из демографического кризиса.
3. Dumaem. ru Спецпроект «Казахстан», 27.04.06
4. Аубакирова Ж.С. Этнические особенности воспроизводства населения Казахстана (1979-1999 годы).
5. www. Kazakhstan Today
6. Там же.

* * *

Мақалада ұзақ тарихи кезең аралығындағы Қазақстанның диаспораларының демографиялық даму мәселелерінің объективті анализі беріледі.

* * *

This article is dedicated to the objective analysis of the demographical development of Kazakhstan's diasporas during the long historical period.

О. Х. Мұхатова, Ш. Нұсқабаев

ҚОШКЕ КЕМЕҢГЕРҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Қазақтың бір туар ұлдарының бірі Қошке Кемеңгерұлы екенін қара домалақ қазақтың бірі білсе де, бірі біле бермейді. Мұның өзіндік себебі де бар, өйткені Қошке есімі 1920-1930 жылдары аталғанымен одан кейінгі кездерде тиым салынған болатын. Қазақ халқының бетке ұстарлары жазықсыз жазаланып, бірлерінен соң бірлері атылып жатқан тұста Қошке де беймәлім жағдайда бақи дүниеге аттанып кете берген-ді. Есімі ақталып, ұрпағы алаңсыз ғұмыр кешкен кезде де Қошкенің рухани мұрасы зерделене қоймады. Ел егемендігіне қол жеткізген шақта алты Алаштың бары мен жоғын түгендеуге ұмтылған зиялылар оның еңбектерін жинақтап, орысша қаріптермен қайта хатқа түсіріп, талдай бастады. Шығармалары филология, журналистика ғылымдары ауқымында зерттеле бастағанымен тарихи тұрғыда саралана қоймады. Біз алғашқылардың бірі болып Қошке Кемеңгерұлының тарихи туындыларының мәнін анықтап, мазмұнымен көпшілікті таныстырып, өзіндік баға беруді мақсат етіп отырмыз. Алаш арысының тарихи көзқарастарын көрсетпес бұрын оның өзіндік өмірлік ұстанымдарының қалыптасып, жетілуіне ықпал еткен туып-өскен жері мен ортасына тоқталып кетуді жөн көрдік.

Қошке Кемеңгерұлы 1896 жылы 15 шілдеде бұрынғы сол кездегі Ақмола облысы, Омбы уезінің Қаржас ауылында дүниеге келген. Атабабасы мұнда Баянауылдың Сарытауынан қоныс аударған болатын. Деректерге қарағанда, Шорман би "Омбыға барғанда тамақ ішетін, намаз оқитын жерім жоқ" деп, баласы Мұса оқыған кадет корпусы көрінетін Ертістің сол жақ бетінен 250 сомға жер сатып алып, сол жерге 1849 жылы сенімді ағайыны Атанұлы Кемеңгерге, өзіне арнайы үй салдырып, қызметшілері үшін тұрғын жай, малы үшін қора-қопсы тұрғызады.

Кемеңгер Дүйсенбай, Дүйсебай есімді екі ұл сүйген. Дүйсебайдан тарайтын Қошмұхамбет есейе келе қалам ұстағанда, жазғандарына

“Қошке Кемеңгерұлы” деп қол қояды. Ата атын қадірлеу – қазаққа етене тән дәстүр. Сондықтан ХХ ғасыр басында “ұлы” деген қосымша бүгінде біз арыла алмай жүрген орыстың “ов” жалғауының орнында қолданылған [1]. Қошкенің әкесі діндар, Меккеге барып келіп, қажы атанған, өз заманының білімді азаматы болған көрінеді. Меккеге барар сапарында Дүйсебай Атығайдың шыққан ауқатты, беделді де белді, көп таныған Қартабаймен танысып, дос болсақ, құда болайық» деген салтты ұстанып, екеуі балалары Қошке мен Жәмиләні қосады.

Алдымен ауыл молдасынан, содан соң Омбы приход мектебінде білім алған Қошке Омбының ветеринарлық-фельдшерлік школына қабылданып, оны 1913 жылы тәмамдаған. Білім жолын қуған Қошке мұнымен шектелмей Омбы ауылшаруашылық училищесіне оқуға түсіп, Ахмет Әбдірахымұлы, Смағұл Қазыбекұлы, Мұхтар Саматұлы, Сүлембек Байжанұлы, Бірмұхамед Айбасұлы, Асфандияр Шорманұлы секілді қазақ балаларымен қатар білім алған.

Қошмұхамедтің рухани мұрасын көпшілікке таныстырып, тіл, журналистика, салалары бойынша айтарлықтай зерттеулер жүргізген - филология ғылымдарының докторы, професор Дихан Қамзабекұлы. Қошкенің еңбектерін жарыққа шығаруға да атсалысқан тіл ғалымы оның ғұмыр жолын да назардан тыс қалдырмаған, тіпті оған жіті мән берген. К. Кемеңгерұлының өмірі мен қызметінің бұдан кейінгі белестері жайлы Д. Қамзабекұлы былай жазды: «Қошке бастаған Омбы шаһарындағы оқуға ұмтылған шәкірттер Алаш жастарының бір жерге ұйысып, топтасуына мұрындық болған тәрізді. 1915 жылы Омбыда “Бірлік” атты қазақ жастары ұйымының құрылғандығы, оның 1916-1918 жылдары шыққан “Балапан” атты қолжазба журналына Қ.Кемеңгерұлының редакторлық жасағандығы бұл ойымызды шегелей түседі. Қошкенің халыққа танылуына себепші “Айқапта” 1915 жылы шыққан бірнеше өлеңі мен осы “Бірлік” пен “Балапандағы” қызметі еді» [1.7-8б].

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін тәуелсіздік тізгінін ұстауға ұмтылғандар жер жерде құрылған қазақ комитеттерін құра бастаған тұста - Қошке де осы үдерістен тыс қалмады. Сол жылдың сәуірінде Қошмұхамбет Кемеңгерұлы Ақмола қаласында төрағасы Сәкен Сейфуллин болған уездік қазақ комитетін ашқан.

«Қошке Ақмолада Сәкен ұйытқы болған “Жас қазақ” ұйымының жұмысына да қатысады. Бірақ облыстық қазақ комитеті мен уездік қазақ комитеті арасындағы кейбір маңызды мәселелер бойынша туған келіспеушіліктен соң және “Жас қазақ” басшылары Алаш Ордадан бойын аулақ салғаннан кейін 1917 жылы тамызда Қошке Омбыға қайтады. Сол жылы күз, қыс айларында Қ. Кемеңгерұлы Ақмола облыстық Алаш партиясы комитетін ашуға күш-жігер жұмсайды. Сөйтіп, өзі сол комитеттің мүшесі болады. Желтоқсанның 5-13 арасында Орынборда әйгілі Алаш Орда үкіметін жариялайтын II жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысады. Жас тұрғысынан жиырмадан енді асқан ол күрестен де, ізденістен де шет қалмады» [1].

1918-1919 жылдары Қызылжар қаласында шығып тұрған ұлт мүддесін көздеген “Жас азамат” газетінің редакторы болды. 1919-1920 жылдары Қызылжардағы мұғалімдер курсында оқытушы, бұдан соң Омбыдағы қазақ педучилищесінің директоры болып қызмет еткен.

Қошке 1924 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен. «Ташкентке табан тіреген Қошке мұнда 1921-22 жылдардан орныға бастаған Алаш зиялыларымен тығыз қарым-қатынас жасай бастады. Бұл кезде Ахмет пен Міржақып – Орынборда, ал Әлихан Бөкейхан Мәскеудегі “Күншығыс” баспасының қазақ секциясында қызметте еді. Ташкентте Қошке сондай-ақ Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Әуез, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Абдолла Байтасұлы, Даниял Ысқақұлы сынды арыстармен араласып тұрды

Ғұмырының Ташкент кезеңі Қ.Кемеңгерұлы шығармашылығының тынысын кеңейтті. Ол Омбыда бастаған “Қазақ тарихынан” зерттеуін аяқтап, Мәскеудегі “Күншығыс” баспасына тапсырды. Аталған баспадан сонымен бірге 1925 жылы қаламгердің “Бұрынғы езілген ұлттар” атты ғылыми еңбегі жарық көрді [1].

1930 жылы 13 қазанда Қ. Кемеңгерұлына “Кеңес өкіметіне қарсы әрекет жасаушы” деген жалған айып тағылып, 1937 жылдың 17 қарашасында атылды. ңгерұлы “Қазақ тарихынан” деп аталатын еңбегінде қазақтың қысқаша саяси тарихын жазған. Аталмыш зерттеуге Ғаббас есімді адам пікір жазып, еңбектің жарық көруінің көкейкестілігін көрсеткен. Бұны автордың «Біздің бұл кітапшаны басқандағы бір ойымыз, аз болсын – көп болсын оқушыларымызға қазақтың саяси-тарихи тұрмысынан хабар беру» деген сөздері дәйектейді[1. 32б]. Ғаббас кезкелген зерттеушінің тарихының өзі өмір сүріп отырған жүйеге, идеологияға тәуелділігін: «Тарих жазушылардың тарихта уақиғаларға өзінің көзқарасы болады. Тарихи істерге өзінше

мағына береді, сын тағады. Тарихшының тарихи істерге беретін сыны – бағасы, саяси жолына байлаулы», - деген шынайы пікірі арқылы жеткізген[1. 32б]. Шындығында да солай, мәселен, кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихын зерттеу маркстік-лениндік методологияға, коммунистік идеологияға бағындырылып, мәселелер таптық тұрғыда қарастырылды. Ал тарихты дәуірлеу формациялық тұжырымдаманың аясына сыйдырылып, ол алғашқы қауымдық құрылыс, құл иеленуші құрылыс, феодализм, капитализм, социализм деп аталатын бес дәуір замандарға, соңғылары кезеңдерге бөлінді. Тарихи оқиғалар мен үдерістерді ұлттық тұрғыда қарастыру мүмкін болмағандықтан төл деректердің көпшілігі ғылыми айналымнан тыс қалды. Бұл бір жағынан қасақана жасалған саясат болса, екінші жағынан оның астарында халықты төл деректерінен айыру, соның нәтижесінде шынайы тарихынан жат ету пиғылы жатқан еді. Зерттеу принциптері мен әдістерінің маркстік-лениндік методологияға бағындырылуы тарихи жағдаяттарды шынайы қарастыруға жол бермеді. Сондықтан да тарихшылар түрлі деректерді пайдаланғанымен саяси жүйеге тиімді тұжырымдар түйіндеуге мәжбүр болды. Осыған орай ғылыми тұжырымдар мен пікірлер бір арнаға тоғысып, балама көзқарастар білдіру мүмкін болмады.

Пікір білдіруші Қ. Кемеңгерұлының зерттеу жазудағы ұстанымын анықтап, оны «ұлтшылдық жолы» деп атаған. «Ұлтшылдық жолы» дегені «өзінің көздеген саяси идеясы – қазақ ұлтын «бұзбай, жармай» мәдениетті ұлтқа жеткізу» деп түсіндірген. Мұндай тәсілді қазіргі уақытта біз өркениетті ұстаным деп атап жүрміз. Өркениеттілік ұстанымының тарихи оқиғалар мен үдерістердің алғы шарттарын, себептерін, қозғаушы күштерін, барысын, салдарын, маңызын ашуда анағұрлым тиімді екендігі зерттеулерді жан-жақты әрі терең жүргізген сайын байқалуда. Өркениет теориясы бойынша өткен уақыттардағы тарихты бүгінгі күннің көзқарасымен емес, оқиға болған кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, зерттеу ұтымды бола түседі. Өркениеттілік Қазақстанның адамзат қауымдастығындағы тарихи орнын анықтауға, өзге халықтармен салыстырғанда қазақтардың қоғамы мен мәдениетінің ерекшеліктерін айқындауға; қазақ халқының тарихи дамуы жолын, оның қиындықтары мен күрделілігі, адами, табиғи әлеуетін түсінуге: тарихи дәуірлер мен кезеңдердегі қоғамдық дамудың балама, таңдау жолдарын, тарихта ұтқан және ұтылған уақыттарын айқындауға мүмкіндіктер тудырады [2].

Еңбектің «идея адам баласының күндізгі өміріне құл емес, шаруа қалпына байланбайды» деген көзқарасымен жазылғандығын ескертеді[1. 33Б]. Біз бұны ғылымда идея емес методология ретінде түсінеміз. Осы орайда ресейлік тарихшы В.В.Журавлевтің: «... тарихи зерттеу методологиясы - бұл тарихи білімді дүниеге келтіру және олардың принциптерін реттеу. Методология бұл тұста ғалымның қарамағындағы малай немесе құлдық ұруды талап ететін патша емес. Яғни, методологияны “не істесем де өзім білемін” деген принципті ұстанып, оны біржақты дәріптеуге немесе елеусіз қалдыруға болмайды» деген тұжырымы орынды болыр саналады[3]. Сонымен қатар тарихты жасаушы жекелеген тұлға ұстанымын да басшылыққа алған. Оны «халықтың ілгері аяқ басуы, мәдениетті ел болуы, шаруасы өркендеуі – сол халықтан шыққан саяси басшы адамның тура бастауынан; зиялылардың саяси тәрбие көруінен, «адамшылық», «әділдік аңғары мен шығарған заңы» дегенінен көруге болады [1. 33б]. Өзінің бұл ұстанымын маркстік методологиямен салыстырып, «марксшылар бір тайпа елдің, таптың тағдырын бір адамның қолында деп білмейді: «Бір ұлттың ауызға ілінген, білікті болған басшы адамы болса, ол адам заманына қарай шыққан ұлт ішіндегі бір таптың адамы, жоқсышы болады. Қазақтың тарихи адамдарын да осы жолмен бағалау керек» деп көрсетеді. Соңғы уақыттардағы посткеңестік кеңістіктегі саяси өзгерістер зерделі тарихшыға өткенді терең зерттеп, тарихи оқиғалар мен процестердің шынайы бағасын беруге жағдай жасады. Тарихшы зерттеушілерге тарихты “Тарих жекелеген адамдардың, таптар мен партиялардың еркі мен санасына байланысты емес” және “Тарих өз мақсатын көздеген адам қызметі” деген екі қағиданы байланыстыра зерттеуге мүмкіндіктер туды. Мұндайда зерттеуші екі қағиданың екеуін де жоққа шығармай тарихтағы заңдылықтарды тануға ұмтылуы тиіс. Әміршіл-әкімшіл басқару кезінде орныққан “тарихты халық жасайды” деген тұжырымды әрбір тарихи дәуірде тарихты жеке адам, субъект қалыптастыратындығы туралы қағида толықтыруы қажет. Тарихи оқиғалар мен үдерістердің бағыты мен мазмұнын өзгертетін, тарихты жасайтын жекелеген тұлғалар тұжырымдамасының жетілуіне де үлес қосу да маңызыды болып табылады.

Ғаббас «Не себепті қазақ елі жуасыды» дегеннің себептерін іздеп, басты себептерінің бірі: қазақтың шаруасы күйзелді, қазақ ішіндегі

үстем тап орыс патшалығының бетіне қарсы келмейтін болды», - деп жазды[1. 33Б]. «Егер, қазақтың ол кездегі үстем табы күшті болса, орыс патшалығымен тең түссе, қазақ шаруасы күйзелмесе, қазақ хандығын бөлек жасауға жол болса, бір Кенесары, Наурызбай өлгенімен, тағы өз әлінше бір Кенесары өлсе, үшінші Кенесары туар еді» [1. 34б]. Бұл сауалды Қошке «Қазақ тарихынан» деген еңбегінде көтергендіктен пікір білдіруші оған өз жауабын беруді жөн көрген. Әрине, Қошкенің бұл мәселеге көзқарасы бөлек, ол жайында төменде айтылатын болады. Осы тұста тарихи мәселелерге объективті, ғылыми тұрғыдан қарай білген А.Байтұрсынұлының «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз бәрі надандық кесапаты», деген тұжырымы ойға оралады [4]

Әлихан Бөкейханның қоғамдық қызметіне объективті баға беруде Ғаббас Алаш арысын барлық қырынан көруге, оның ұтымды тұстарымен қатар кемшіліктерін тануға ұмтылған. «Әлиханға баға бергенде тарих шығып болмайды. Өніп-өскен ортасы, ұстаған саяси жолы, әдісі, істеген ісі, Әлиханды амалсыз қазақтың бір табының жоқшысы қылады. Әлихан өз көңілімен «қазақтың маған бөтендігі жоқ, бәрін де жақсы көрем» дегенмен, іс жүзінде, саяси тартыста бәрінің көңілін таба алмайды» [1. 34б]. Пікір білдірушінің Ә.Бөкейханның ұстанымы жайлы айтуы бекер емес, бір жағынан, мұндағы ойы Қошкенің Әлиханды қолдап, «Жас азамат» газетін шығарып, большевиктердің іс-әрекетін әшкерелеп, жария етіп отырғандығынан хабардар ету. Екіншіден, қоғамда Алашордашылдарға қарсы пиғылдың біртіндеп бой көтеріп келгендігінен хабар береді. Ақиқатында Алаш қозғалысы, оның мүшелері, қолдаушылары саяси қуғын-сүргінге түскенімен ұлттық тәуелсіз тарих олардың тарихтағы орынын айқындап қойған. Ә.Бөкейханның XX ғасырдың басындағы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көсемі болуы оны теңдікке, ұлттық тәуелсіздікке жетудің басқа бейбіт, саяси жағын қарастыруға итермелеушіге, тұтас қазақ елінің мүддесін көздеушіге айналдырды. Теңдік пен ұлттық тәуелсіздіктің төте жолы деп Әлихан өркениетті елдердің мәдениетінен үлгі алу, сөйтіп халықтың ұлттық мәдениетін өркендету, өнер білімін көтеру, ұлттық сана-сезімін оятуды санаған. Осы идеяны ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа стратегиялық бағыты етіп алған.

Ғаббас деген автордың «басқарманың тапсыруы бойынша жазылды» деп көрсеткен алғысөзі баяндалғаннан соң жай ғана I деген белгі қойылған Қошке еңбегінің тараушасы басталады. Айта кетерлік бір жайт, Қошкенің «Қазақ тарихынан» деп аталатын еңбегі төрт тараудан тұрады. Бірінші тарауында ол қазақ хандығындағы билік, ханның мәртебесі, жекелеген Қасым, Тәуке, Есім хандар жайлы қысқаша айтып өткен. Қазақ әйелінің қоғамдағы орны мен рөлін ауызша тарих айту деректеріне сүйеніп көрсетіп берген.

«Меңгеру жайы» [1. 32б]. деп аталатын тарауында қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдауының себептері ашылады. «Киіз туырлықты қазақ... Ресейдің қолтығына кірді. Қазақ кірейін деп кірген жоқ, қалмақ, башқұрт, казақ, орыс, жоңғар талқысынан еріксіз кірді. Еділ қалмағын қысып, Жем мен Жайықтың арасында орныққан Кіші жүз, Орал казак-орысымен қалмақтан қағажу жеп, ілгері баруға Ресейден қорқып, кері қайтуға Жоңғардан қорқып, екі оттың арасында қалып, амалсыздық күнінен Ресейге бағынды. Бағынғаннан байсалды тұрмыс табамыз деп ойлады» [1. 40-41бб]. Бес томдық Қазақстан тарихының үшінші томында: «Қазақ қоғамының ішкі күрделі дамужағдайларында, жоңғарлар мен Еділ қалмақтарының, башқұрттардың, Жайық пен Сібір казактарының қоршауында, шын мәнінде экономикалық оқшаулау, ұлы империяның тұрақты қысым көрсетуі жағдайында бола отырып, қазақ жүздерінің билеушілері Ресей империясы сияқты одақтас іздеуге мәжбүр етті», - [5] деп шынайы жазылған. Мұның өзі ешбір сілтемесіз баяндалған еңбек авторының көптеген зерттеулер мен шығармаларды оқып, ауызша тарих айту материалдарын шебер қолданып, солардың негізінде Қошкенің тарихи оқиғаларды, үдерістерді шынайы көрсете алғандығын дәйектейді.

Ресей бодандығын қабылдаудағы Әбілқайыр ханның рөлін: «Әбілқайыр хан: 1). Күшті Ресейге арқа тіреп Хиуалықты, Қарақалпақты бағындырамын, үш жүзге үлкен хан боламын; 2). Тақты мұралы қыламын; 3). Қол-аяқты жинап болған соң, Ресейден бөлініп кетемін деп ойлады. Соңғы пікірімен толқыған халықты миландырды»[1. 41Б], - деп көрсетті. Айтылғанды тарихта орын алған өзге де пікірлемен салыстыратын болсақ, Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы туралы көзқарастар әртүрлі. Мәселен, орыс тарихнамасында Әбілхайыр хан жағымсыз жағынан сипатталған. Л.Мейер, М.Красовский, С.В.Жуковский еңбектерінде Әбілқайыр хан біржақты мансапқор, жайдақ, жалған пікірлерге бой ұрған, жеке басын күйіттеген, мәселенің байыбына терең

бара алмайтын билеуші ретінде баса көрсетілген. Қазақ зиялылары аталған мәселелерге үлкен мән беріп, бірқатар еңбектерін арнады. Ұлт зиялылары: Жоңғар империясының жаулап алу саясатының Қазақстанның Ресейге қосылуының сыртқы факторының ең бастысы болды; Кіші жүз ханы Әбілхайырдың рөлі осы үдерісті бастауға әсерін тигізді. Қазақ жүздерінің, билеушілерінің арасындағы ішкі алауыздықтың өршуі қазақ жерлерінің бодандықты қабылдауын тездетуге ықпал еткендігін де қоса көрсеткен.Тәуелсіз тарих ғылымында да қазақ жерлерінің Ресейге қосылуы мәселесінде бірнеше көзқарастар байқалды. Ж.Қасымбаев, Б.Б.Ермұханов тәрзді ғалым-тарихшылар Кіші және орта жүздер Ресейге өз еркімен өтініш жасады, Қазақстанның қалған жерлерінің әскери күштің көмегімен империяға қосылды[6]. М.Қозыбаев, М.Ж.Әбдіров, М.Мырзахметов Қазақстанның Ресей империясына өз еркімен енуі сипатын толығымен жоққа шығарып, “қосылу” сөзінің сынға алып, “жаулап алу”, “басып алудың”, “бодандықты қабылдаудың” тәрізді мән беретіні, қазақ даласының империяға күштеп ендірілгендігі, отарлау саясатының жүргізілгендігі турасында тағы басқа ғалымдар мен зерттеушілер ой-пікірлер таныtты[7]. Ал Қазақстан тарихы тәрізді қорытындылаушы еңбекте Әбілқайырдың әрекеті жайында былай деп жазылған: «Тұтас алғанда Кіші жүздің Рсесй бодандығын қабылдауының объективті негіздерін теріске шығармай, Әбілқайырдың алысты көздейтін жеке басының менмендігін, оның барған сайын айқын көріне түскен қара басын ойлаған мүдделерін естен шығармау керек екенін атап өтеміз»[5. 161Б]. Мұның өзі Қошкенің тұжырымдарының дәйектілігін толығымен бекіте түседі.

Қошке: «Ресей үкіметінің мақсаты: қазақты бағындырып, қазақ даласы мен отырықшы Орта Азияға керуен өткізу болды», - деп жазды[1. 41б]. Шын мәнінде патшалық Ресейдің Қазақстанды өзіне бодан етудегі мақсаты оны отар елге айналдыру екендігін дерек пен уақыт өзі дәлелдеп берді. «Ресей хүкіметі ұзын өлшеуге салып, бар билік, күш, бедел, мандат бар күшін ханды өзіне тартуға салды. Бұлай ойлағандық 1726 жылы кіші жүз атынан бағынамыз деп бараған Қойбағарды, Әбілқайырдың ашық қосылғандығы белгілі болмаған соң, Ресей хүкіметі қабыл алмағандығынан көрінді. [1. 41б].

Кіші жүз Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін империяның үкіметі қазақ жеріне арнайы экспедицияларды ұйымдастыра бастады. «Хүкімет 1734 жылы Кирилловты Орынборға жіберді... Оған: 1) қазақты бақылайтын тыңшылар қой; 2) керуен өткізуді ретте; 3) хандарға үй, мешіт салып бер; 4) қазақты сыймен алда» деп, жоба берді. Қошкенің осы бір тұжырымындағы алдыңғылары тарихи зерттеулерден көрініс тапқанымен соңғысы туралы айтыла бермейді. Қазақ даласына ұйымдастырылған бірқатар экспедициялар, солардың нәтижесінде дүниеге келген еңбектерді оқып та, ғылыми зерттеулер дайындауда пайдаланып та жүрміз. Алайда сол экспедициялардың өзі әлі де болса зерттеу нысанына айналмай келеді.

Ресей империясының қазақ жүздерін өзіне қосып алудағы мақсаты отарлауды жүргізу екендігін Әбілқайыр ханның кеш түсінгендігін Қошке былай жеткізген: «1740 жылы хүкіметтен Әбілқайыр сұраған: 1) зеңбіректі жеткізу қиын деп берілмеді; 2) ел арасына сауда таратуға деген керуен жіберілмеді; 3) баласы аманаттан босатылмады; 4) Сібір бойына қазақты отырықшылыққа үйретуге салынсын деген қаласы «қазақ бір жерде басын қосып тұра алмайды» деп салынбады. Ханның да, халықтың да түпкі мақсаты орындалмады. Сонымен екеуі де наразылық көтере бастады[1.41б]. Өз дәуірінің көреген саяси қайраткері ретінде Әбілқайыр хан патша өкіметі шараларының жарға апарып жығатынын айқын түсінді, ол шаралар Орынбордың ханға әкімшілік қысымы жөнінен аймақты әскери-егіншілк отарлаудың тірегіне айналаған әскери-инженерлік базалар салуды кеңейтуден көрініс тапты [5.-167б]. Ақырында «Қарақалпақты қиратуға шыққан бетінде Әбілқайырды Барақ өлтірді. Сонымен Әбілқайырдың хүкіметке қарсы наразылығы аяқталмай қалды» [1.42б]. Бұл да тарихи шындық, әрі орыс отаршыларының көздеуімен болған оқиға еді. Себебі орыс шенеуніктері Барақ пен Әбілқайырды бір біріне айдап салып отырды. Нәтижесінде империяның айтқанына көнбейтін ханның көзі жойылып тынды.

Абылайдың қазақ жүздерінің басын қосып, көршілес елдермен тиімді саясат ұстанғанын жаза келіп, мұндай әрекеттің империяға ұнамағандығын: «... Ресей Қытай мен Жоңғарияны бір-бірімен сүзістіріп, Орта жүзге сырттан жара салдырмағандығынан (Абылайды Ресей хүкіметі «знаменитый варвар» деп атаған)[1.43б], - деп баса көрсеткен.

«Бөкей Ордасы Жаңгірдің арқасында қой аузынан шөп алмайтын ел болды»[1.45б], - деген Қошкенің тұжырымы негізді, өйткені Бөкей ордасының халқы екі жақты, бірі отарлаушылар тарапынан, екіншісі хан және оның

төңірегіндегілердің арқасында қаналып, бас көтере алмайтын жағдайға жеткен.

Қошке өз еңбегінде рухани отарлау туралы да жазған. «... 1912 жылы Святейший Синодтың мынадай пікірі болды: «Бір қазаққа екі орыс көрші болса, қазақ кедейленеді. Содан барып қазақты орыс қылу оңай» деген [1.45б]. Орыс-шылдық көріністері сонау XIX-XX ғасырларда ғана емес қазіргі қоғамда да орын алып отырғандығы ащы шындық.

Империяның орыстандыру саясатына жергілікті биліктегілердің де септігі тигендігін ашып жазған Қошке мынадай жайттарға назар аударған: «1867 жылғы жаңа заңнан (штат) кейін қазақтың хүкімектке наразылығының толқыны әбден басылмаған кезде, Түркістан Ресейге қарап, наразы діншіл молда-қожалардың қазақ арасына таралып, орысқа қарсы сөз таратып жүрген кезде интернатқа бала жинау тап келді. Бала жинағандар «баланы орыс қылуға аламыз, не солдатқа беруге аламыз» деп қорқытып, ақша алып, қалдыратын болған. Ел жақсылары «Шоқынса да оқасы жоқ» -деп, қайқайдағы жетімдерді, сіңірі шыққан кедейлердің балаларын 40 тұсаққа шейін сатып алып, интернатқа берген. Елде жүргенде кім болса содан таяқ жейтін, «бір бүтін көйлек кисем, бір тоя тамақ ішсем» дейтін нашар балалар шала-бұла уездік школды не бітіріп, не бітірмей тілмаш переводчик, шолақ адвокат болып, идеалын ақша, мал, жылтыр түйме, ақ жағаға айналдырып жіберетін болды. Орыстандырудың аяғы келіп ауылнай школоға соқты...Қазақтар ауылнай школдарын ашқызғанда, үйге беретін 10 сомына қызығып ашқызды» [49б].

Қ.Кемеңгерұлы біз талдап отырған еңбегінде ұлт азаттық күрес мәселесіне ерекше мән береген. «Қарсы қозғалыстар» деп аталатын бөлімшесінде Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс туралы пікірлері орын алған. «Кенесары толқуының шығуына бас себептер: 1) Рамат алымының жиналуы; 2) хүкімет төрелерінің қысымшылығы; 3) шенге сатылған хан тұқымдарының арасында наразылықтың тууы; 4) приказ жұмыстарының әділсіз болуы; 5) казак-орыс қысымшылығы; 6)болыс-болысқа бөлінген рулардың арасындағы наразылық.

Кенесары қалың қауымға қауымға қауға түскен бір шағым оттай болып, халықтың толқынын көтеріп жіберді. Халықтың һәм Кенесарының нені нысана қылып ұстағаны һәм не деп жауап қылғандығы сол кездегі айтылған мынау өлеңінен көрінеді:

«Бағынбағын, қазақ, орысқа!
Бағынсаң, қазақ, орысқа,
Осы бастан амандас,
Сарыарқа деген қонысқа.
Береке кетер асыңнан,
Билік кетер басыңнан.
Некеннен некен күйерсің,
Күйдіруші табылып,

Көршілес жақын-қасыңнан
Қызығып тұрсың байқамай,
Күйінгеннен айтам-ай!
Көрінісі орыстың –
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны жамандық,
Жарадан аққан іріңдей.

Абақты деген үйі бар,
Қазулы қара көріңдей.
Қара қазан, сар бала,
Обалына қаларсың.
Кейінгі өрім бұтақтан,
Қарғысын нәлет аларсың,
Ап кетейін бір жаққа,
Соңымнан ерші ерінбей»[51-52б].

«Халық қаһарманы Кенесары мен Наурызбай өлген соң қазақ елі мүлде жуасыды. Одан кейінгі күн шығыс мұсылман елдерінің көршілестік әсерімен Кіші жүз ішінде бірен-саран толқыншылар болды. Есет Көтібар баласы, Байқадам би, Жоламан батыр, Жанқожа Нүрміште, баласы сияқтылар. Бір-ақ бұлардың толқыны от басынан озған жоқ»[5б].

Автор Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың жеңілу себептерін былайша көрсеткен: «1)Ұлы жүз бен қырғыздардың Ресейді тәуір өргендігі, ол кезде Ресей Қытайдан қорқып, екеуін де әлдилеп арбап, алдап ұстап тұрды. Өмір бойы Ресей бізді жарылқайды деп екеуі де Ресейді жақтады; 2) Кіші жүздің мойнына құлдық бұғалығы түсіп тыпырлауға шамасының келмегендігі; 3) Орта жүздің ала болғандығы һәм шаруасының күйзелгендігі. Кенесарының бас ақылдас адамдарының ішінде тыңшы болып, Кенесарының жайынан үкімет төрелеріне хабар жеткізіп тұрған, сондай тыңшылдықтың кесе-лінен арғынның Қаржас тобынан шыққан Кенесарыға ерген ағайынды: Тайжанды үкімет Қараөткелде атып, Сейтенді Тобыл жаққа айдады; 4)орыстың соғыс жөніндегі қару-жарағының һәм әскерлік ұйымының үстем болғандығы» [54б]. Қошкенің осындай тұжырымдары отандық тарих ғылымындағы қорытындылаушы еңбектерден көрініс таппаған.

Еңбегінің үшінші тарауында мәдениет, мінез, хұқық, денсаулық, кәсіпшілдік, ауыл шаруашылығы туралы ой толғады. Қоғам мен

ғылымда қалыптасқан «қазақ халқы орыстан мәдениет үйренді» деген қағиданы жоққа шығарып, «қайта казак-орыс тіл, киім, шаруа, әдет жағынан қазақтан өнеге алып, еліктеп кетті», - деп жазды [55б].

Бұрын жұқалы ауруға ұшырамаған халықтың түрлі аурулармен ауруының, әйел тұрмысының нашарлауының себептерін ашуға ұмтылды.

Төртінші тарауында Шоқан, Ыбырай, Әлиханды тарихи ға ретінде қарастырып, олардың халқына еткен еңбегін таразылап, кемшіліктерін көрсеткен. Шоқанның ғылымы мен біліміне жоғары баға берген Қошке оның рухани мұрасының жарияланбағанына «... Шоқанның пікірлері бір жерге жиналып кітап болып ерте жарық дүниеге шықпағандықтан, кейінгі азаматтарымызға мезгілімен әсер бере алмады»[61б] деп налыды. Ал қазір біз не деп налимыз? Шоқанның ғылыми зертханасын зерделедік, бірақ оның еңбектерін қазақ тіліне аудармадық деп пе? Ұлттығымызға сын осындай шаралардыі назардан тыс қалып жататындығы қынжылтады.

Қошке Әлихан Бөкейхан туралы объективті пікір танытты. Ең бастысы Алаш арысының ұлтжандылығын дәріптеді. «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде, айдауын да, абақтысында да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды... Басқа жұрттардың басшылары тырым-тырақай болып шет патшалықтарға шығып кеткенде, Әлиханның қоныс аудармай қалуы да – елін сүйгендікке дәлел»[63б].

Қазан төңкерісі мен кеңес өкіметінің орнауы қазақ еліне ешбір пайда келтірмегендігін Қошке: 1) «Шаруа шала-жансарлыққа айналды. Бір жағынан, жұт себеп болса, екінші жағынан, қазақ аудандарының соғыс майданы болуы, разверсткенің тәртіпсіз алынуы орсан себеп болды, 2) Ауру, өлім көбейді, 3) Бұрынғы шаруа қуатты болған аудандарда ашаршылық өлшеусіз көбейді, 4) Көп жерлерде ашылған мектептер жабылып қалды[70б], - деп көрсеткен. Осы тұжырымдары Қошкенің еңбегіне пікір білдірген Ғаббастың ойымен тұспа тұс келеді.

Автор біз талдап отырған еңбегін: «Қысқасын айтқанда, ескі олжамызды күн сайын басын жоққа айналдырып, қазақ елінің жолғалу хаупін көзге елестеді. Патшалық дәуірінде-ақ мінез, шаруа жағы ақсай бастаған қазақ еліне мына кемшіліктер жығылған үстіне жұдырық болып, «болу, не болмау» мәселесі туып, айырық жолдың үстінде қалай жүрерін біле алмай қазақ елі тұр», - [71б] деп аяқтаған. Бұл жерде кемшіліктер дегені жоғарыда көрсеткен төрт келеңсіз жағдайы.

«Қазақ елі құрымас үшін отырықшы болу керек» деушілер бар. Қағаз бетінде отырықшы болумен мәдениет көктен түспейді, жерден шықпайды. Отырықшылықтың көп шарттары бар... Отырықшы болған соң шаруа түрі өзгеріп, ауданы тараяды. Мұндай шаруаны алып бару үшін білімді көсемдер керек... Бізде ілгері басатын кәсіптің бірі – қол кәсібі... бұған да білімге піскен қызметкерлер керек»[73-74бб], - деп тығырықтан шығудың жолдарын сілтеген. Осындай паймын былайша нығайта түскен: «Жалғыз-ақ қазақтың келешегіне үміт көзімен қарататын, мәдениетке жетекші болатын шарттар: 1) қазақта діни фанатизмнің әлсіздігі. 2) қазақтың еліктегіштігі. 3) көптің қамын қарастырған үкіметтің барлығы. 4) қазақ елінің жалпы оқуға ұмтылғандығы[75б].

Осылайша, Қошмұхамед Кеменгерұлының «Қазақ тарихынан» деген зерттеуінің аса маңызды тұстарын талдадық. Ұлт зиялысының тарихи көзқарастарына, тарихты баяндаудағы пайымдаулары мен тұжырымдарына куә болдық. Олардың тарихи оқиғалар мен үдерістердің шындығына сәйкес келетіндігіне көз жеткіздік.

Қошкенің еңбегі отандық тарихнама ғылымының маңызды дерегі болып табылатындығы дау тудырмайды. (жалғасы бар)

1. Қамзабекұлы Д. Қошке Кемеңгерұлы. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. –Алматы: Алаш, 2005. 5-31 бб.

2. Наумова Г.Р. Историография истории России. - М., 2005. - 463 б.

3. Журавлев В.В. Методология исторической науки. Вчера. Сегодня. Завтра. // Кентавр, 1995. №6. -146 б

4. А.Байтұрсынов. «Қазақ өкпесі». «Айқап». 1911.№2.

5. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 3-т.158б]

6. Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств

(XYIII в.). - Алматы: Білім, 1999.; Его же. Кенесары хан. - Алматы: Казахстан, 1993.; Его же. Абулхаир-хан как политик //Поиск. - 1997. - № 3. - С.58-65. и др.

7. Козыбаев М.К. Актуальные проблемы изучения Отечественной истории //Отечественная история. - 1998. - №3.; Его же. История России есть история страны, которая колонизируется. К вопросу вхождения Казахстана в состав России //Столичное обозрение. – 1998. - 8 мая.; Абдиров М.Ж. Военно-казачья колонизация Казахстана (конец XYI – начало XX вв.): Опыт историко-эволюционного анализа. Автореферат диссертации на соискание ученой степени докт.истор.наук. – Алматы, 1997.

* * *

В статье рассматриваются исторические взгляды видного общественного деятеля, ученого Кошмухамеда Кеменгерова. Авторы раскрывает некоторые моменты жизни и деятельности представителя казахской интеллигенции и общественного деятеля К. Кеменгерова, анализирует его исследование "Из истории казахов", где он излагает некоторые вопросы из истории казахов начиная принятия подданства казахскими жузами Российской империи, заканчивая 1923-1924 годами, а также показывает мнения исследователя по этим проблемам указанного периода. Обращает внимание на неповторимые суждения К. Кеменгерова по проблемам истории казахов.

* * *

Есть возможность объяснить до некоторой степени мотивы, по которым Фридрих и в январе 1190 г. колебался еще принять на себя задачу разрешения славянского вопроса, на которую наталкивали его обстоятельства. Для него оставалась еще надежда, устранив помощь славян, которая сопряжена была с неприятными и тяжелыми обязательствами, получить к весне помощь из Европы. В этих соображениях он писал к своему сыну Генриху: "Поелику я не надеюсь совершить переправу через Босфор, разве только получу от императора Исаака избраннейших и родовитых заложников или подчиню своей власти всю Романию, то я прошу твое королевское величество послать нарочитых послов в Геную, Венецию, Антиохию и Пизу и в другие места и отправить на кораблях вспомогательные отряды, чтобы они, подоспев к Царьграду в марте месяце, начали осаду города с моря, когда мы окружим его с суши". К середине февраля отношения, однако, уладились: 14 февраля в Адрианополе Фридрихом были подписаны условия, на которых византийский император соглашался дозволить крестоносцам переправу в Малую Азию.

Пребывание Фридриха I в Болгарии во всяком случае было не бесполезно для болгар и сербов. Первые, поощряемые германским императором, нарушили мир, заключенный прежде с греками, и, хотя обманулись в надежде теснить греков заодно с немцами, тем не менее не без выгоды для себя воспользовались замешательством в Константинополе и в последующей борьбе с Византией приняли решительно наступательные действия. Сербы, значительно распространив в то же время свои владения к северо-востоку от Моравы и к юго-западу до Софии, пришли к сознанию важности одновременных действий с болгарами: они заключили союз с Петром и Асенем и вели с тех пор одно и то же с ними дело. Как бы уклончивы ни были обещания Фридриха I, все же он не прерывал переговоров со славянами и питал в них враждебное к Византии настроение. Пусть он не заключал ни с болгарами, ни с сербами договора, который обязывал бы тех и других выставить к весне 60 тысяч войска (со стороны болгар 40 и от сербов 20 тысяч); но войска были собраны и без участия крестоносцев начали отвоевывать у Византии города и области. Пришествие крестоносцев сопровождалось всеми последствиями неприятельского вторжения, вызвав в Болгарии новое недовольство византийским правительством: беглые, голодные, лишенные домов и достатка поселяне должны были пристать к болгарским или сербским вождям. Переправа крестоносцев через Босфор началась 25 марта 1190 г.

Путь Фридриха шел по западным областям Малой Азии, частью разоренным вследствие войн с сельджуками, частью занятым этими последними. Туркменские отряды беспокоили крестоносцев и заставляли их постоянно быть настороже. В особенности христиане страдали от недостатка продовольствия и корма для вьючных животных. В мае они подошли к Иконии, одержали значительную победу над

сельджуками и вынудили их дать провиант и заложников. Но в Киликии немецкое войско постигло несчастье, погубившее все их предприятие. 9 июня, при переходе через горную реку Салеф, Фридрих увлечен был потоком и вытащен из воды бездыханным.

Значение Фридриха вполне оценил Саладин и со страхом ожидал прибытия его в Сирию. В самом деле, Германия, казалось, готова была поправить все ошибки прежних походов и восстановить на Востоке достоинство немецкого имени, как неожиданный удар уничтожил все добрые надежды. Часть немецкого отряда отказалась от продолжения похода и возвратилась морским путем в Европу, часть под предводительством герцога Фридриха Швабского вступила в антиохийское княжество и затем осенью 1190 г. жалкие остатки немцев соединились с христианским войском под Акрой, где им не пришлось играть важной роли.

С 1188 по 1191г. христианские князья приходили под стены Акры один по одному; не было ни одного раза, когда бы все наличные силы христиан, приходившие с Запада, сосредоточились здесь в одно время. Часть христиан, прибывшая под Акру, погибала под ударами мусульман, от болезней и голода; ее заменял другой отряд и в свою очередь подвергался той же участи. Кроме этого для христиан представлялась масса других затруднений, которые тяжело отзывались на ходе всего дела. Христиане осаждали город с моря — единственная часть города, на которую они могли направить свои осадные орудия. Внутренняя часть была занята войсками Саладина, который удобно и легко сносился с Месопотамией, служившей для него источником пополнения его военных сил. Таким образом, христиане приходят под Акру один за одним, подставляя себя под удары мусульман, никогда не соединяют своих сил, между тем как Саладин постоянно обновлял свои войска свежими приливами мусульман из Месопотамии. Ясно, что христиане находились в весьма неблагоприятных условиях, Саладин мог долго и энергично отстаивать Акру. Кроме того, для осады города нужен был строительный лес; вблизи христиане нигде не могли достать его, а должны были доставать строительный материал из Италии.

В войне попеременно получали перевес то итальянцы, в особенности приморские города — Венеция, Генуя и Пиза, торговые интересы которых на Востоке заставляли их принимать большое участие в деле крестовых походов, то французы, то немцы, то англичане — смотря по тому, какой народ в данный момент был в более значительном количестве. К этому неудобному положению присоединилось еще соперничество восточных вождей. Гвидо Лузиньян был во вражде с Конрадом Монтферратским. Их соперничество разделило и крестоносный лагерь на две враждебные партии: итальянские народы сосредоточились около тирского князя, англичане приняли сторону Гвидо. Таким образом, дело при Акре не только по своей цели, но и по отношению между народами, участвовавшими в нем, не могло окончиться благоприятным образом для христиан. Неудобства в доставке леса замедляли предприятие, а несвоевременная доставка, а иногда и недостаток съестных припасов, голод и моровая язва ослабили христианское войско.

Летом 1191г. под Акру пришли французский и английский короли, на которых восточные христиане возлагали большие надежды. Кроме этих двух королей, пришло еще одно коронованное лицо — герцог Австрийский Леопольд[iii]. Теперь можно было ожидать, что дело пойдет надлежащим путем, по определенному плану. Но, к сожалению, такого плана не было выработано представителями христианских наций. Личные отношения французского и английского королей, наиболее важных лиц по своим военным силам, выяснились еще в Мессине: они расстались если не врагами, то и не друзьями. Когда же Ричард завладел Кипром, французский король предъявил претензии на часть завоеванного острова в силу договора, заключенного между ними еще во время сборов в поход, — договора, по которому оба короля обязались разделять между собою поровну все земли, которые они завоюют на Востоке. Ричард не признавал за французским королем прав на Кипр: "Договор, — говорил он, — касался только земель, которые будут завоеваны у мусульман". Под Акрой недоразумения двух королей получили более острый характер. Мы видели, что Ричард, находясь в Кипре, высказался в пользу Гвидо Лузиньяна; Филипп Август стал на сторону Конрада Монтферратского, который, может быть, приобрел симпатии французского короля геройской защитой Тира, но может быть, в этом случае Филиппом руководила личная неприязнь к Ричарду. Таким образом ни французский, ни английский король не были способны соединить свои силы и действовать по одному плану. Личные характеры королей также разъединяли их. Рыцарский характер Ричарда был весьма

сочувствен для Саладина; тотчас обнаружились симпатии между мусульманским повелителем и английским королем, они начали обмениваться посольствами, оказывать друг другу знаки внимания. Такое поведение Ричарда отозвалось неблагоприятным образом на его авторитете среди христиан; в войске утвердилась мысль, что Ричард готов изменить. Таким образом в Ричарде была парализована вся его сила, вся мощь и энергия; в то же время французский король не обладал личной энергией настолько, чтобы перенести на себя главное направление осады. Таким образом все преимущества, все благоприятные условия были на стороне Саладина.

В июле Акра была доведена до истощения, и гарнизон начал договариваться о сдаче. Саладин не прочь был заключить мир, но со стороны христиан были предложены слишком суровые условия: христиане потребовали сдачи Акры, мусульманский гарнизон города получит свободу только тогда, когда христианам будут возвращены Иерусалим и другие завоеванные Саладином области; кроме того, Саладин должен был дать 2 тысячи заложников из знатных мусульман. Саладин, по-видимому, соглашался на все эти условия. Христианские князья, ввиду скорой сдачи города, стали зорко следить за тем, чтобы в город не были доставляемы съестные припасы. 12 июля 1191 г. Акра была сдана христианам. Исполнение предварительных условий мира скоро встретило препятствие. Между тем, при занятии Акры среди христиан имели место весьма тяжелые недоразумения. Герцог Австрийский, войдя в город, поспешил выставить немецкое знамя: Ричард велел сорвать его и заменить своим; это было сильным оскорблением для всего немецкого войска; с этого времени Ричард приобрел себе в лице Леопольда непримиримого врага. Кроме того, западные князья поставили себя в ложное отношение к туземному населению города. При занятии Акры оказалось, что значительная часть городского населения состояла из христиан, которые под владычеством мусульман пользовались различного рода привилегиями. По освобождении Акры от мусульман как французы, так и англичане хотели захватить побольше власти в городе и начали притеснять население; короли не заботились о том, чтобы были исполнены со стороны мусульман другие пункты договора. Французский король дошел до крайнего раздражения; неприязнь Филиппа к Ричарду раздувала слухи о том, что английский король замышляет продать все христианское войско мусульманам и даже готовится посягнуть на жизнь Филиппа. Раздраженный Филипп оставил Акру и отправился домой. Само собою разумеется, что преждевременное возвращение французского короля наносило чувствительный ущерб делу крестового похода. Главная роль оставалась за Ричардом, который со своим пылким рыцарским характером, лишенный политического чутья, являлся слабым соперником Саладина, умного и хитрого политика.

Во время осады Акры бременские и любекские купцы по примеру других военно-религиозных орденов, возникших во время Первого крестового похода, устроили на свои средства братство, которое имело целью оказывать помощь бедным и больным немцам. Герцог Фридрих Швабский принял это братство под свое покровительство и исходатайствовал в пользу его папскую грамоту. Это учреждение впоследствии получило военный характер и известно под именем Тевтонского ордена.

Филипп, приехавший во Францию, начал мстить английскому королю в его французских владениях. Английским королевством управлял тогда брат Ричарда Иоанн (будущий английский король Иоанн Безземельный), с которым Филипп вошел в отношения. Действия Филиппа, направленные во вред Ричарду, были прямым нарушением договора, заключенного ими во время сборов к крестовому походу. По этому договору французский король во все время отсутствия английского короля не имел права нападать на его владения и мог объявить ему войну только спустя 40 дней после возвращения Ричарда из похода. Излишне говорить о том, что нарушение договора со стороны Филиппа и его посягательства на французские владения Ричарда должны были вредно влиять на дух английского короля.

К началу 1192 г. в Азию пришли известия из Франции, которые сильно подействовали на Ричарда. В то же самое время на Востоке имел место один факт, который внушил Ричарду опасения за исход предприятия. Конрад Монферратский понимал, что при бестактности Ричарда, едва ли христианам удастся победить Саладина, перешел на сторону последнего, выговаривал у него для себя Тир и Акру и обещал за это соединиться с ним и одним ударом уничтожить Ричарда. Тогда Ричард, поставленный в высшей степени затруднительное положение делами на Востоке и беспокоясь за свои английские владения, которым угрожал французский король, употребил

все средства для того, чтобы войти в отношения с Саладином. В мечтательном самообмане он составил вполне неосуществимый план. Он предложил Саладину соединиться с ним узами родства: он предлагал выдать свою сестру Иоанну за брата Саладина Малек-Аделя. Идея в высшей степени мечтательная и не могущая удовлетворить никого. Если бы даже и мог состояться подобного рода брак, то он не удовлетворял бы христиан; земли, священные для них, по-прежнему оставались бы в руках мусульман.

Наконец, Ричард, который, оставаясь долее в Азии, рисковал потерять свою корону, заключил 1 сентября 1192г. договор с Саладином. Этот постыдный для чести Ричарда мир оставлял за христианами небольшую береговую полосу от Яффы до Тира, Иерусалим оставался во власти мусульман, Святой крест не возвращен. Саладин даровал христианам мир на три года. В это время они могли свободно приходить на поклонение святым местам. Через три года христиане обязывались войти в новые соглашения с Саладином, которые, само собой разумеется, должны были быть хуже предыдущих. Этот бесславный мир лег тяжелым обвинением на Ричарда. Современники подозревали его даже в измене и предательстве; мусульмане упрекали его в чрезмерной жестокости. В октябре 1192 г. Ричард оставил Сирию. Для него, однако, возвращение в Европу представляло немалые затруднения, так как у него везде были враги. После долгих колебаний он решился высадиться в Италии, откуда предполагал пробраться в Англию. Но в Европе сторожили его все враги, которых немало имел Ричард (он был в ссоре с французским и немецким королями и оскорбил немецкое знамя в Акре). Около Вены он был узнан, схвачен и заключен герцогом Леопольдом в тюрьму, где содержался около двух лет. Только под влиянием угроз папы и сильного возбуждения английской нации, он получил свободу [6].

1. Успенский Ф. И. История Крестовых походов СПб., 1900-1901

2. Успенский Ф. И. История Крестовых походов СПб., 1900-1901

3. Заборов М. А. История крестовых походов в документах и материалах. М., Высшая школа, 1977. 272 с.

4. Заборов М. А. Крестоносцы на Востоке М., 1980.

5. Заборов М. А. Введение в историографию крестовых походов (Латинская историография XI—XIII веков)

6. Успенский Ф. И. История Крестовых походов СПб., 1900—1901

* * *

Мақалада крест жорықтарының тарихының маңызды мәселелерінің бірі көтерілген. Соның ішінде Европа мен Азия елдеріндегі саяси күштердің арақатнасы, себептері қарастырылады.

Мақалада үшінші крест жорықтарының алғашқы кезенінің тарихы сипатталып, оның билеушілері арасында қалыптасқан күрделі қарым-қайшылықтарының жүйесі жазылған. Жорықтың Египеттегі, Балқан түбегіндегі және Малайзиядағы кезеңдері терең қарастырылған.

* * *

This article researches the problems of the history of one of the most significant crusade. The attention is paid on the position of political forces in European and Asian countries. The article investigates the prehistory of the crusade the complicated system of interrelations among its leaders.

Э. Б. Оспанова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖОСПАРЛЫ ЭКОНОМИКАДАН НАРЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ӨТУДІҢ БАРЫСЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ (1991-2004 ЖЖ.)

Ұлттық экономиканың жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастар негізіндегі экономикаға өтуіне байланысты еліміздің қысқа мерзімді кезеңде әлем таныған дамыған елдер қатарына қосылуы үшін ұзақ мерзімді стратегиялар мен жақсы жасалған мемлекеттік бағдарламалардың алатын орны, жалпы экономиканы жоспарлауда еліміз үшін қажет басым салаларды дамыту бүгіндегі маңызды қызметтің бірі.

Экономика ұлттың дамуының басты басымдығы, ал экономикалық өсімнің тұрақты дамуы және мемлекеттің әлемдік рыноктағы орны бүгінгі жаһандану заманында ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі арқылы анықталады. Сондықтан ендігі жерде Қазақстан Республикасының және ұлттық экономика салаларының алдындағы негізгі міндеті бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру болып табылады.

Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті елдің халықаралық аренадағы ролі мен беделінің артуынан, мемлекеттің өз азаматтарының өзекті проблемаларын шешу қабілетінен, мемлекет ұсынатын қызметтер мен өнеркәсіп өнімдерінің сапасының әлемдік деңгейде артуымен көрініс табады.

Тарихтан бері келе жатқан қазақ еліміз көптеген әр қилы замандарды басынан өткізіп, Кеңес Одағы құрамында 70 жыл социалистік құрылыста болып келіп, 1991 жылы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін мүлдем басқа, адамдар психологиясына жат көрінетін нарықтық экономикаға өттік. Яғни бұл жүйеде тиімді қызметтер атқару үшін ұлттық экономикаға пайдалы, жан-жақты бағдарланған экономикалық саясат, реформалар, заңдар және қысқа немесе ұзақ мерзімді стратегиялар шығару, сондай-ақ оны іске асыру керек болды. Яғни, бір сөзбен айтқан кезде, даму жоспарларын даярлап, оны іске қосу қажеттігі туындады.

Еліміздегі экономикалық циклмен дамуы егемендігін алған жылдардан бастап құлдырау және соңында 1994-1995 жылдары дағдарыстың жоғары дәрежесі көрінді. Ал 1996 жылдан бастап еліміз экономиканың жандануы, инфляцияның төмендеуі, ЖІӨ-нің өсуі сияқты көрсеткіштер оң бағытта өсіп, экономикалық жандану және өсу сатысында.

Республикадағы экономикалық дағдарыстар ең алдымен оның терең тамыр жайып, қоғамдық өмірдің барлық саласына әсер етіуімен сипатталады. Мұның өзі өндіріс құлдырауының қаусап-күйреу кейпінен, оның тиімділігінің күрт төмендеуінен көрінеді.

Жалпы еліміздегі экономикалық дағдарыс 1991 жылдан басталған жоқ, ол сонау Кеңес басшылығының 1985-1991 жалдардағы экономикалық саясаты экономиканы дағдарысқа сол кезден бастап бұрған еді. Әуелі кәсіпорындар, сонан кейін аймақтар қалыптасқан шаруашылық байланыстарын үзе бастады, бартерлік қарым-қатынастарға көшті, мемлекеттік тапсырыс бойынша өнім өткізуді тоқтатты, барлық таза пайданы тұтыну қорларына айналдырды. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы мен инфляция өсе бастады, ақша жүйесі құнсызданып, экономиканы тиімді басқару құлдырап кетті. 1990 жылдары елімізге келетін өндірістік инвестиция тоқталды. 1990 жылы өндіріс көлемі абсолютті түрде құлдырап, еліміз экономикалық дағдарысқа кірді. 1991 жылы өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы 8 пайызға жетті. Экономикада жаппай аласапыран басталды.

Осылайша 70 жыл бойы экономикада ортақ меншіктік негізде, экономиканы бір орталықтан басқарып келген шаруашылық механизмі Кеңес Одағының ыдырауымен оның құрамындағы елдердің барлығына тым жат болып келетін нарықтық экономикаға өттік. Осы уақыттарда барлық буындағы басшылар нарыққа көшудің жолдары жайында ұзаққа созылған пайдасы жоқ бос шарушылыққа көшті. Сыңаржақты жасалған бағдарламалар мен жоспарлар пайда болды.

Қазақстан Республикасы өз егемендігін алып, нарықтық қатынастарға өтудегі ең алғашқы міндеті ретінде – экономиканы ырықтандыруға, шаруашылықты жүргізуді демократияландыруға негізделген, инфляцияны тежеуге бағытталған қатаң қаржы – ақша саясатымен ұштастырылған түбегейлі реформа жүргізу болатын.

Сондай-ақ, бұрыннан бері қызмет етіп келе жатқан экономикалық жүйе, елдердің экономикалық қарым-қатынасының бұзылуы салдарынан экономиканың құлдырауы одан сайын өрши түсті. Нарықтық жағдай бірден халыққа ұғынықсыз түнек болып көрінді, яғни нарықтық экономикаға сенімсіздікпен қараушылық пайда болды, ал бұл мәселе енді ғана халықтың сеніміне ие болып отырғаны баршамызға белгілі.

Осылайша еліміз тәуелсіздік алған оншақты жыл жалпы дағдарыстарға толы болды. Ол дағдарыстарды былай жіктеуге болады:

- экономикалық өсудегі дағдарыс;
- инфляциялық дағдарыс;
- төлем қабілеті дағдарысы;
- инвестициялық дағдарыс;
- әлеуметтік саладағы дағдарыс;

Еліміздің нарықтық қатынастарға өтуі барысында жалпы экономика өтпелі кезеңде болып отыр. Экономикалық өсудегі дағдарыс елдегі 1991-1998 жылдар аралығындағы ЖІӨ-нің құлдырауымен байланысты. Әлемдік тәжірибеде экономикалық өсудің дағдарысы, яғни ЖІӨ көлемі үш жылда 9%-дан асып кетсе экономиикалық өсудегі дағдарыс деп аталады. Ал Қазақстанда болса ЖІӨ-нің көлемі 1998 жылы 1991 жылға қарағанда 31,2%-ға төмендеді.

Осы аралықта, экономикалық өсуде ЖІӨ-нің 1996 жылы – 0,5%, 1997 жылы – 1,7%-ға шамалы өсу қарқыны көрінді. Бірақта 1998 жылы қайтадан ЖІӨ-нің 1,9%-ға төмендеуі байқалды, яғни ол жылы әлемнің бірнеше елдерінде қаржы дағдарыстары болып еді. Бұдан көретініміз еліміздің экономикасының өсуі тұрақты емес, өйткені ол басқа экономикалық

өзгерістерге тәуелді. Оның басты себебі біздің экономикамыздың шикізаттық бағытта болуы, яғни әлемдегі шикізат бағасының өзгеруі біздің экономикаға зор ықпал жасайды. Осыған байланысты еліміздің басты саясаты ұлттық экономиканы тұрақтандыру саясаты болып табылады, ол үшін өндірісті шикізаттық бағыттан жайлап өңдеуші индустриялы-инновациялы дамуға өту болып отыр.

1991-1995 жылдардағы экономикалық өсудегі дағдарыстың басты себебі инфляциялық жағдай болып табылады. Өйткені 1992-1994 жылдарда елімізде инфляция қарқыны тым үлкен болды. Инфляция деңгейі 2000%-дан асып кетіп, гиперинфляцияны құрады.

Осыған байланысты 1993 жылы ұлттық валютамыз теңгені енгізуімізге тура келді. Алайда соның өзінде инфляция белең алып отырды. Осы мәселе туралы ұлттық валюта енгізілгеннен бастап елдегі банк жүйесі нақты ақша-несиелік және валюталық реттеуге кірісті. Осының нәтижесінде экономикада 1995 жылдан бастап инфляция деңгейі төмендей басатады, ал ол өз кезегінде экономикалық өсуге жол ашты.

Қазақстанда 1991-1995 жылдары 1990 жылмен салыстырғанда ЖІӨ көлемі 38,6%-ға төмендеді, яғни жылына шамамен 8%-ды құрап отырды. 2000 жылға дейінгі ЖІӨ көлемінің өсу қарқыны байқалғандығымен 1990 жылмен салыстырғанда 69,3% құрады. Ал 2001-2003 жылдар аралығында ЖІӨ-нің жиынтық өсімі 30%-дан астам болды.

1995 жылы ЖІӨ-нің 0,5%-ға өсуімен жалпы экономикада экономикалық өсу көрсеткіштері белең ала бастады. Яғни елдегі экономикалық өсу параболалы түрде болып, оның көлемі бұрынғы 1990 жылғы көлеміне 2003 жылы ғана жетті. Қазіргі уақытта еліміз экономикалық өсудің дағдарысынан толық шықты деп айта аламыз.

Инвестициялық дағдарыс Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметтің дереу тоқталуымен белең алды. 1991-1996 жылдар аралығында негізгі капиталға инвестиция тарту тұрақты түрде кеміп отырды. Осы аралықта негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемі 10 есе кеміді. Осылайша елімізге инвестиция ағымының азаюымен қатар жоғарыда көргеніміздей, экономикалық өсуде дағдарысқа ұшырады. Жалпы экономикада өндірістер құлдырап, көбісі банкротқа ұшырады. Сондай-ақ бұрынғы құралдардың жаппай тозуы басталды. Осының салдарынан әлеуметтік салада жұмыссыздық күннен-күнге өсе бастады.

Мемлекетіміз осы мәселеге тікелей араласа бастады. Ол экономикаға инвестиция тартуды ынталандыру саясатын жүргізді, шетелден тура инвестициялар келуіне ынғайлы жағдайлар жасады. Сондай-ақ, ішкі экономикалық инвестиция тартуды дамытты. Осылайша 1997 жылдан бастап елімізде инвестициялық қызмет өсу бағытына бет алды. Оның өсімі 1997 жылы 11,6%, 1998 жылы – 41,9%, 1999 жылы – 3,8%, 2000 жылы – 29,4%, 2001 жылы – 30%-ды құрады.

Елге келеген шетелдік инвестициялардың үлесі жылдан –жылға артып келе жатыр. 1996 жылы оның үлесі 13%-ға, 1997 жылы – 22% және 1999-2000 жылдары – 40%-ға өсті. Жалпы 1993-2000 жылдар аралығында шетелдік инвестицияның көлемі 12,5 млрд. долларды құрады. Көріп отырғанымыздай инвестицияның төмендеуі экономикалық өсуде де дағдарыстық жағдайды көрсетті. Сонымен инвестициядағы дағдарыс экономикалық өсудегі дағдарыстың бірден-бір басты себебі деп айтсақ болады.

Елімізде инфляциялық дағдарыстың орны ерекше деп те атасақ болады. Өйткені 1990 жылдан бастап өндірістің құлдырауы, бұрынғы орталықтанған экономиканың ақшаны құнсыздануға жібермей ұстап тұрған саясаты жойылып, экономика нарықтық қатынастарға бет алғанда қаржы саласы дереу дағдарысқа ұшырады. Осының салдарынан Қазақстанда 1992-1994 жылдары тұтынушылар тауарына инфляция деңгейі 2000%-дан асып кетті. Өндіріс пен инфлияцияның дағдарысқа ұшырауы әлеуметтік саланың күрт құлдырауына алып келді. Халықтың ақшалай кірістері кеми бастады, еңбек ақы төмендеді, жалпы елде кедейшіліктің деңгейі өсе бастады.

Әлемдік тәжірибеде инфляциялық дағдарыс деп екі жыл аралығында инфляция деңгейі 40%-дан төмендесе айтады. Ал Қазақстанда 1992-1994 жылдары гиперинфляция болды.

Осы мәселеге мемлекетіміз әр түрлі саясаттарды іске асыра бастады. Бірақ 1991-1993 жылдары өзіміздің ұлттық валютамыз болмауы себебінен қаржы жүйеміз ақша-несие және валюталық саясатты толық түрде жүргізе алмады. Осылайша, 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валютамыз теңгені енгізуімізге тура келді. Осыдан бастап еліміз экономиканы ақша-несиелік және валюталық түрде реттей бастады, ұлттық валютамызды тұрақтандыру саясатын жүргізуді қолға алды және жаппай мемлекеттік меншікке жекешелендіру саясаты, яғни кәсіпкерлікті дамыту реформалары жүргізілді.

Бұл саяси іс-шаралардың барлығын жүргізіп, іске асырып отырған мемлекетіміздің Ұлттық Банкі болды.

Сөйтіп, 1995 жылдан бастап экономикада жүргізілген реформалардың нәтижесінде және қаржылық реттеудің арқасында инфляция қарқынының төмендеуі байқалды, ал оның төмендеуі өзімен бірге экономикалық өсудің белең алуына әкелді.

Осылайша 1995 жылы жылдық инфляция деңгейі 60,3%, 1996 жылы – 28,7%, 1997 жылы – 11,2%, 1998 жылы – 1,9%,ал өткен 2003 жыл инфляция деңгейі жоспарланған 4-6%-дан ауытқымай, жалпы 5,8%-ды құрады. Еліміз келесі жылға инфляция деңгейін 3-5% деңгейінде жоспарлап отыр. Бұлайша экономикада инфляция қарқынын жоспарлап отырғаны жалпы жүргізілген реформалардың және саясаттардың оң нәтиже бере бастағаны деп түсінеміз. Өйткені ел экономикасында инфляция қарқыны төмен және тұрақты деңгейінде болып отыруы жалпы өндірістерді дамытуға басты себеп болып табылады.

Әлеуметтік дағдарыс Қазақстан Республикасында күні бүгінге дейін орнын таппаған, басты шешілмеген мәселе болып келді. Елімізде 1990 жылдан бастап жаппай өндірістің құлдырауымен байланысты өнеркәсіп орындары жаппай банкротқа ұшырауы және өндірістің қысқаруы салдарынан жұмыссыздық жаппай орын алды. Халықтың табысы, еңбекақысы төмендеп, қоғамда кедейшіліктің өсуі орын алды. Сондай-ақ бұрынғы Кеңестік кезендегі жүйеге үйреніп қалған халық, нарықтық құрылымға бірден ене алмады. Тіпті, кейбіреулері бұрынғыдай мемлекет жұмыс тауып береді деп санаса, көбісі бұрынғысынша жұмыс істемесем де ақша табуға болады деп ойлады. Ал нарықтық экономика мүлдем мұндай емес еді, онда қаншалықты еңбек етсең, соншалықты табыс табасың.

Сондықтан, Қазақстан Республикасы осы аталған экономикалық дағдарысты шешу мақсатында сол кездердің өзінде бүгінге дейін жалғасып келе жатқан көптеген даму жоспарларын және экономикалық реформаларды жүргізді. Ол реформалардың ең алғашқысы Қазақстан Республикасын әлемдік нарықта демократиялы, әрі нарықтық қатынастағы ел ретінде құру болды. Әрине, бұл реформаның тиімді және ұқыпты жүргізілуі нәтижесінде бүгінгі таңда еліміз экономикасы толықтай нарықтық қатынастарға өткен дамушы ел ретінде танылуда.

Бұл реформалардың еліміз үшін маңыздылығы ел дамуының болашағы тәуелді болып табылатын экономиканы жоспарлы экономикадан рыноктық қатынастағы экономикаға толық қанды ауыстырып, экономиканы демократиялау болып табылады. Бұл реформада ел ішінде негізінен 1985 жылдардан бастап Кеңес Одағы ыдырамай тұрған кезден бастап өзінің қызмет етуін көрсете бастаған.

Ал еліміз экономикасының толықтай түрде рыноктық қатынастарға өтуі 1991 жылдан бастап іске аса бастады. Осы кездерде рыноктық экономиканың қызмет етуінің ортасы болып табылатын жеке меншікті қалыптастыру үшін экономиканы жекешелендіру қажеттігі туындады. Яғни, елімізде жаппай жекешелендіру іске асырылды. Ал бұл өз кезегінде бүгінде жемісін беріп, ұлттық экономиканың рыноктық қатынастары дамыған, кәсіпкерлік қызметтің үлесі толықтай экономиканы қамтып, бәсекелестікке қабілеттілігі даму үстінде.

Еліміздің рыноктық экономикаға өтуіне байланысты нарықтық қатынастар күрделеніп, олардың қызметтерінің сан-салалы бағыттары пайда бола бастады. Әлемдік тәжірибе бойынша экономиканың өтпелі кезеңінде нарықтық экономиканың механизмі бұзылып отырады, ал оны реттеп, бір жүйеге келтіріп отыратын мемлекет саясаты мен реформалары болып табылады.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті дамыту жоспарының қалыптасуы және оның дамуы негізінен еліміздің егемендігін алған жылдардан бастап бүгінге дейін жалғасуда. Кәсіпкерлік қызметті дамытудың алғашқы реформалары Кеңес Одағы экономикасының негізі экономиканы орталықтан басқару жүйесін ыдыратып, меншіктік қатынастарды дамыта түсті. Оның алғашқы қадамы мемлекеттік меншікті жекешелендіру, яғни бұл кәсіпкерлік ортаны қалыптастырудың алғашқы кезеңі еді.

Елімізде кәсіпорындар мен экономикалық құрылымдарды жаппай жекешелендіру 1998 жылға дейін қарқынды түрде жүргізілді. Ал одан кейінгі кезеңдерде экономиканы реформалау тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін кәсіпкерліктің дамуына қолайлы орта жасау, отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, кәсіпкерліктің өнеркәсіп саласындағы үлес салмағының артуына жағдай жасау, кәсіпкерлікті инновациялық қолдау, кәсіпкерлік қызметте кластерлік жүйені дамыту сияқты басты міндеттерді шешуде. Оған бірден-бір мысал, соңғы жылы қабылданған 2003-2015

жылдарға арналған Индустриялы-инновациялы даму стратегиясы мысал бола алады. Ол стратегияның негізгі мақсаты отандық өндірістің шикізат бағытынан қол үзіп, экономикалық өсудің тиімді жолы болып табылатын дамудың индустриялы сатысына өтіп, сервистік-технологиялық қызметті дамыту болып табылады. Ал мұны іске асырудың негізі рыноктық экономиканың негізі болып табылатын кәсіпкерлік қызметті ынталандыру екені белгілі.

Сондай-ақ еліміздегі кәсіпорындардың басым көпшілігі бүгінде экономиканың саудасаттық, делдалдық және автакөлік жөндеу сияқты салаларында орын алуда.

Қорыта келгенде, елімізде жүргізілген барлық экономикалық іс-шаралар өз өнімін беріп, мығым экономикалық өсуге қол жеткізілуде. Енді өткен шаралардың кемшілігін түзеп, дамыған ел қатарына қосылу үшін әлем жүріп өткен жолдарды саралап, ұлттық экономикаға тиімді жағын таңдап алу және соған жету үшін рыноктық қатынастардың заңдылықтарын, қызмет ету механизмін саралап, оларды ұлттық экономиканың дамуына шеберқолдана білу, біздің дамып келе жатқан еліміз үшін маңызды болып табылады.

1. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан – 2030» Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Н.Ә.Назарбаев. “Бәсеке қабілетті Қазақстан”, “Бәсекеқабілетті экономика” және “Бәсекеқабілетті халық” деген Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 19 наурыз, 2004 ж.

3. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдау, Астана, 2005 жылғы 18 ақпан. – Егемен Қазақстан, 1 наурыз.

4. Кенжеғали Сағадиев “Бәсекеге қабілеттілікті өзіміз жасауымыз керек” // Егемен Қазақстан, 2004 ж.

5. Стратегия / “Қазақстан Республикасының Индустриялы-инновациялы дамуының 2003-2015 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиясы” – Алматы, 2003 ж.

* * *

Данная статья рассматривает трудности возникшие во время перехода Республики Казахстан в рыночную экономику и о предпринятых мерах с целью повысить развитие национальной экономики страны.

* * *

This article considers the difficulties which was appeared on time of passeging Kazakhstan into the marcet economic and about undertook measures with purpose to increase develepment of national economic of country.

Н. Т. Абдимомынов

АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ БАТЫС ДЕРЕКТЕРІ

Алтын Орда тарихына қатысты сан алуан деректер өте көп. Оның ішінде Батыс деректері де Алтын Орда тарихына қатысты аса маңызды мәліметтер бере алады. Батыс Еуропа моңғолдық – шығыспен моңғолдардың кіші Батыс жорығы кезінде-ақ, біріккен орыс-қыпшақ әскерлерінің 1223 ж. 31 мамырда болған Калька өзені бойындағы жеңілісі жөніндегі мәліметтер арқылы алғашқы таныстығы басталды. Ол жөнінде: «Сол жылы 6732 (1223) біздің жасаған күнәларымыз үшін беймәлім халық келді, олар кімдер және қайдан келді, олардың тілі қандай, қай ру-тайпадан шығады, діні қандай екенін ешкім жақсы білмеді. Ал оларды «татарлар» деп атайды, ал басқалары «таурмендер» дейді, ал үшіншілері - «печенегтер» деп атады..»/1/ деген сөздермен басталатын оқиғаға қатысты Новгород жылнамасының анонимді авторының айтқан мәліметі, Цистерциандық орденнің рейндік монах Цезариус Хайстербахскидің мәліметімен үйлеседі. Онда осы оқиғаға қатысты мәліметтермен қатар былай делінген, осыған дейін бір жыл уақыт бұрын Руске әлдеқандай халық шапқыншылық жасап, оның барлық тұрғындарын қырды. Бірақ, бұл қандай халық және қандай мақсаты болды, ол жағы белгісіз еді/2/. Екі мәліметте далалық-көшпенді моңғолдардың күтпеген шабуылы мен тіпті, алғашқы жеңісінен кейін жылдам кері қайтса да, Еуропада болған абыржушылық пен сенімсіздіктің болғанын айқын көрсетеді. Бірақ та, олардың пайда болуы замандас-хронистердің жат халықтың шығу мегі мен олардың мақсаттарын анықтауына толықтай негіз берді. Оны анықтаудың кең ауқымды бірінен-бірі ерекшеленетін мүмкін болатын түрлі сипаттамалары берілді. Кейбіреулері, схоластикалық ой-пікір әсерінен дәстүрлі интерпретациялау нұсқаларын айтып өтті. Ең алдымен бұл мәселеде библиялық көрініс басым болды, яғни Кассиодор іліміне сәйкес, барлық мәселенің бастауын Библиямен байланыстырды. Бұл Еуропалықтардың Шығысқа осы уақытқа дейін аса

назар аудармауының нәтижесіндегі моңғолдар жөніндегі білімдерінің өте төмендігіне байланысты болды. Моңғолдарды (бұрынғыдай кейбір көшпенді халықтар секілді) көне өсиеттік исмаилиттермен, мидианиттермен, Гог және Магогпен теңестіріп, солтүстіктен өздерінің жебелерімен Құдай халқын күнәлары үшін жазасын берді деді. Қалған авторлар қайтадан оларды ғұндардың, аварлардың, түріктер және хазарлардың ұрпақтары ретінде қарастыруды жөн санады. Сириялық Псевдомефодияның (7 ғ.) сәуегейлік болжамы бойынша Гог және Магог сипаттамасы Александрға қатысты аңызбен байланыстырылады. Бұл мәліметке сәйкес Ұлы Александр өзінің жорықтарында Кавказда солтүстік халықтарын мыс қақпамен жауып тастаған мыс. Бірақ, ақыр аяғында Псевдомефодийдің мәліметі бойынша, олар Құдай халқын жазалау және алдағы әлемдік сотты жариялау үшін қақпадан шығып кетті делінген/3/.

Батыс әлемінде «моал» (монгол) және «татар» этномимдерін «исмаилиттермен» немесе «тартарлармен» (1234 ж. IV Иннокентий сөзі бойынша - «сайтанның елшілері және Тартарустың жандайшаптары») салыстырды, ал 1241 ж. моңғол шапқыншылығы ақиқатқа айналғанда ол тіпті қорқыныш үрей туғызды. Батыстың моңғолдар жөнінде осындай қараңғы және көмескі көріністері мен сипаттамалары сияқты, олардың Азиядағы тұратын жерлері де осылайша сипатталды. Ағылшын хронисті Матвей Парижский өзінің император II Фридрихке (1215-1250), берген хатында былай сипаттаған, ерте кезде моңғолдар әлемнің оңтүстік шетінен пайда болып, онда олар жасырынды, ал өздерінің жаулаушылық жорықтары кезінде солтүстіккке дейін жетті. Матвей Парижский сондай-ақ, мынаны көрсетті, яғни император осы мәселеде қателеседі, «тартарлар» - оңтүстіктен шықпаған, олар шығыстан шықты және олар саудагерлер өздерінің Үндістанға сапарлары кесіп өтетін «жеті климаттың» ешқайсысына да кездеспеген. Жеті климаттық зонаны және Үндістанды Ойкуменнің шекаралық зонасы ретінде айтуы, айқын түрде әлем сипаттамасы мәселесі қозғалуда және бұл кейінгі антикалық кезеңінде Макробиуа және Исидор Севильский мектебінің авторлары осылайша түсіндірген сипаттама еді, ал ол болса 13 ғ. дейін де толықтай дерлік өзгеріссіз қалғанын көрсетеді/4/.

Моңғолдар жөніндегі ең алғашқы мәліметтер 13 ғ. 30-шы жылдарынан бастап, Батысқа Венгрия арқылы, ал Венгрияға көшпелі түркі тілдес қыпшақ тайпалары арқылы жетті. Қыпшақтар моңғолдардың шапқыншылығынан қашып, босқын ретінде Венгриямен көршілес кейінгі Молдавия және Валахия княздықтарының территорияларына қоныстанды. Калка өзені бойындағы моңғолдардан орыс-қыпшақ бірккен әскерлерінің жеңілісі жөніндегі хабар Рихард фон Сан-Герман және Альберих фон Труа-Фонтенннің мәліметі бойынша ең алғаш осы қыпшақ босқындарынан Венгрияға одан Батыс Еуропаға жетті. Сонымен қатар, Батудың жорығының алдындағы Шығыс Еуропаның жағдайы мен моңғол шапқыншылығы жөнінде ең алғаш айтарлықтай егжей-тегжейлі айтып өткен венгриялық доминикандық-монах Юлиан болды/5/. Ал 1237 ж., өзінің екінші саяхаты кезінде Юлиан Солтүстік-Шығыс Русте болып, Еділ бұлғарларының талқандалғаны жөнінде хабар алды. Өзінің хабарламасында Юлиан венгрия королі IV Бела мен герман императоры Фридрих II Гогенштауфенді христиан әлеміне төніп келе жатқан қауіпті алдын-ала ескертіп, моңғолдар жөніндегі жинастырған мәлімет берді. Юлиан хабары моңғолдардың шапқыншылығының күтпеген жерден болмағанын дәлелдейді, олардың жорыққа дайындығы жөніндегі ақпараттар славян жерлері мен Орталық Еуропаға тарап кеткенін көрсетеді. Ал енді мұны түсінікті етіп көрсету үшін доминикандық монахтардың саяхаттары жөнінде біршама мәліметтерді қарастырып өту қажет.

1221 ж. бастап миссионерлік қызметті Папа және король Венгрияда орналасқан доминикандықтардың жаңа Орденіне берді**.** Шамасы, Солтүстік Еділ бойының басқа халықтарында христиандандыруды шамалады. Венгрлік доминикандықтардың пайымдамасы бойынша маңызды орын алатын мәселе шығыста қалған «Ұлы Венгриядағы» венгрлерді іздестіру еді. Миссионерлік саяхаттың бірінші хронисті доминикандық Рикардустың айтуы бойынша: «Христиандық Венгрия тарихында басқа, үлкен Венгрия жөнінде мәліметке кездесті, яғни жеті көсем өз халықтарымен, бұрынғы Отанының жері мұндай көп халықты азықпен қамтамасыз ете алмағандықтан жаңа жерлер іздеп сонда өмір сүру үшін кетті... Доминикандықтар, тарихи мәліметтерге сеніп, сол венгрлердің әлі күнге дейін дінсіз күйде болғанына жаны ашып, олар өз Орденінен төрт бауырын Құдай жарылқауы арқылы оларды іздеуге жіберді. Өйткені, ежелгі қолжазбалардан олар пұтқа табынушы венгрлер Шығыста өмір сүрді деді, бірақ олар жөнінде толық ештеңе білмеді». Автор екі рет ескертіп айтқаны, монах-миссионерлер шығыс венгрлеріне баратын жолды білгеннен гөрі, шамалаған тәрізді. Шын мәнісінде венгрия хроник-

тері «Ұлы Венгрияның» географиялық орналасуының үш түрлі версиясын ұсынды. Сол уақытта ежелгі деп аталатын тарихында «Maeotis» (Азов теңізінде) жерін көрсеткен, басқа мәліметтер Кавказды көрсетті, басқасында венгрлердің атақонысын Суздал мен Еділ арасында жатты деп көрсетті. Монахтар өздерінің барлаушылық саяхаттары кезінде (жалпы көлемі төртеу болды) 1232-1237 жж. «Ұлы Венгрияны» іздеп, 1236 ж. олардың ішіндегі Юлиан бірінші рет шығыс венгрлерін кездестіргенге дейін, алғашында Қара теңіз маңын және солтүстік кавказ даласын кезді. Төрт саяхаттың нәтижесі папалық курия мен доминикандық венгр сарайының артығымен үмітін ақтау қажет болды. Бұл үміт әсіресе Орденнің (propaganda fidei) айлалы діни насихатына байланысты шығыс венгрлерімен қатар, олардың көршілері – бұлғарлар, мордвалар және буртастар шоқындыруды қабылдауға дайын деген сияқты әсер қалдыру қажет болды. Доминикандықтардың ерекше және қосымша құнды мәліметтері ретінде моңғолдар және олардың шабуыл жасау қаупі бар екені жөніндегі ақпарат пен ол 1236 ж. масштабты жорықтарының алдында ғана айтылды. Әсіресе, 1236 ж. алдағы жорыққа дайындалу үстіндегі моңғол әскерлерінің дайындық ауданына тап болған және Бату ханның елшілігін кездестірген Юлианның хаты моңғолдардың Батыс көзқарасы тұрғысында алғашқы нақты сипаттамасын қамтиды. Юлиан бейнелі түрде моңғолдардың әскери тәртібі мен стратегиясы сипатталып, жаңаша зерттеу жұмысының талдауына лайық жазылды. Уақыттың тапшылығына байланысты жат елдік жаулаушылардың діні туралы бөлім жазылған жоқ. Автордың күнілгері кесіп-пішілген баға беруге ұмтылысы да байқалмайтыны анық. Моңғолдар жөніндегі алғашқы кездегідей қорқынышты, үрей туғызар ақпарат пен пірәдар Иоанның пайда болуы жөніндегі әсерлетіп айтылған мәліметтер жоқ.

Юлиан – моңғолдардың әлемдік үстемдікке ұмтылысын хабарлаған алғашқы Батыс авторы. Өзінің алғашқы хабарламасын Бату ханнан IY Белаға берген жолдамасында айтады. Бұл ежелгі моңғолдық құжат Батыспен моңғолдар арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың болғандығын дәлелдейді. Доминикандықтардың мәліметтеріне аса назар аударғаны соншалықты, Рикардустың мәліметі Liber Censum, яғни ең ірі папалық құжаттар жинағына берілді. Жаңа мәліметтер Еуропаға жылдам тарап, үлкен қызығушылық туғызды. Монахтардың мәліметтерін белгілі тұлғалар Матфей Парижский, Альберих фон Труа-Фонтен, Иоанн Плано Карнини, Вильгельм Рубрук, және IV Папа Иннокентий қарастырып өтті. Рубрук өз шығармасын жазғанда былай деді: «Паскатур елі (Ұлы Венгрия) туралы айтқанымның барлығын моңғолдар шапқыншылық жасауға дейін саяхаттаған монах-миссионерлер арқылы білдім». Қалай дегенмен де, Юлианның ескертуі нағыз механизмдерді іске асыру үшін тым кеш болды. Моңғолдардың жорықтары күткен уақыттан тым ерте басталып, аздаған уақыттың ішінде Киев Русі, Польша және Венгрияның ауқымды территорияларын талқандады. Замандас ағылшын хронисті Матвей Парижскийдің жазбаларында (Chronica major) бұл жорық жөнінде былай келтірілген: «1237 жылы Батудың Еуропаға жорықтары кезінде тіпті алыс Англия жағалауында жыл сайынғы сельд балығы сауда-саттығы үзілді, Готланд және Фрисланд саудагерлері Ярмутқа моңғолдардың шапқыншылығынан қауіптеніп, келмеді. Сельд балығының бағасы өте арзандады» Аталған автордың орыс қашқыны, Галицкілік Петр архиепископынан естігенін төмендегідей жазады: «Менің пікірімше олар мадианиттердің ұрпақтары, олар бүкіл дүниені жаулап алуға ұмтылуда, өздерінің діни болжамдары бойынша 39 жылдың ішінде әлемді жаулап алуы қажет». Осыған ұқсас пікірді моңғолдардың Венгрияны жаулап алуынан кейін Нарбонналық клерк Ивонн (1243) Бордосскілік архиепископқа және Понс-де Обонның (1242) XI Людовикке жазған хаттарында айтылды/6/. 1220-1221 жж. өзінен бастап-ақ, Дамьетта түбіндегі крестшілер арасында тараған, бұлдыр көрініс, яғни пірадар Иоанн немесе король Давид моңғол билеушісінің кейпінде жасырынып жүр мыс және ол өз әскерімен жақындап келіп, христиандарға мұсылман жауларына қарсы көмек береді деген сөз түбегейлі жоққа шықты. Оның орнына жаңаша сипаттағы ақыр заманғы үрейдің бейнесі алмасты. «Мойындаңдар және сеніңдер, опат болу күні жақын, ақыр заман таяп келеді» - деп сол қорқынышты оқиғамен замандас венгриялық Роджериус Торре Маджоре өз оқырмандарына үндеу тастады.

Ал Үгедей қағанның қайтыс болуынан кейін, 1242 ж. көктемінде Венгрия территориясынан моңғолдардың кері қайтуы жақын арада «қаһарлы соттың» болмайтындығын айқындады, осыдан кейін үрей жоғарғы деңгейдегі қорғанысқа дайындықпен алмасты. Бірақ Батыс Еуропа елдерінде моңғол экспанциясының қаупі сейілген жоқ және де моңғолдардың әлемді жаулап алу мүмкіндігін ешкім де жоққа шығара алмады. Бату бастаған моңғол әскерлері христиандық Еуропаға 1241-1242 жж. Польша,

Моравия (Чехияның тарихи ауданы) жасаған жойқын жорықтары мен талқандауынан кейін белгілі болды. Моңғолдық жойқын жорықтарынан қауіп-қатерден моңғол империясы ыдырап және олардың арасындағы қарама-қарсылық болғанына қарамастан (әсіресе, Алтын Орда мен Персия және Ирак территориясында құрылған Ильхан мемлекеті арасындағы қарама-қайшылықтар) Батыс Еуропа мемлекеттері қауіптенді. Бірақ, Батыс Еуропа бұл кезеңде жаңа және адам айтқысыз мүмкіндіктерді ұсынды. Оның бірі моңғол мемлекеттерімен бірлесе отырып, мұсылмандарға қарсы одақ құру болса, екіншілері осы территорияларға інжіл ілімін тарату мақсаты болды және ол үшін осы уақытқа дейін Батыс Еуропа үшін жабық дүние ретінде есептелетін Шығысқа католик миссионерлерін жіберуді көздеді. Сондай-ақ сауда мүмкіндіктерін көздеген, көпестер де, бір орталыққа шоғырланған моңғол мемлекеттерімен сауда-саттықты жасау мүмкіндігі де ұлғайды/7/. Әсіресе, папалық курия моңғолдардың мүмкін болған жағдайдағы жаңа жорықтарына қарсы амалдары мен жолдарын қарастырды. Папа IV Иннокентий (1243-1254), білімді заңгер, жаңа қызметке 1243 ж. отырған соң, моңғолдармен дипломатиялық қатынастар орнатудың әрекетіне қам жасап, Рим шіркеуінің билігін күшейтіп, алдағы уақыттағы моңғолдардың пиғылын білуді көздеді. Жоспардың іске асуына импульс берген, моңғолдардан қашып барған орыс архиепископы Петр, папа сарайында 1244 ж. шығып сөз сөйледі, ал бір жылдан соң Лион жиылысында моңғол-татарлар және олардың саясаты жөнінде «сарапшы» ретінде қатысты. Оның сөзінің нәтижесі бойынша, моңғолдар өзіндік дәстүрлі құқықты сақтайтындығы, жат елдік елшілерге игі ниетті түрде қатынас жасайтындығы айқындалды. Петрге сауалнама қойды, онда нақты схоластикалық үлгіде құралған сұрақтар болды. Олар негізінен дінінің шығуы, культ, өмір сүрулері, соғыс жүргізуі, халқының саны, мақсат-пиғылдары, келісімдердің орындалу шарттары, жат елдік елшілермен қарым-қатынасы туралы болды. Шамасы, осындай каталогты папалық дипломаттар да алды. Консульдық жиналыс тарапынан төрт миссия қосымша келісім алып, моңғолдарға бағытталды. Сондай-ақ, мұқият түрде мәселелер дайындалып, елшілерді іріктеді/8/. Ең маңызды миссияны жүктеген және Қарақорымдағы ұлы ханның резиденциясына дейін жетуге тиіс елшілікті басқару тәжірибелі дипломат, Джованни де Плано Карпиниге /1182-1252/ тапсырылды. Францискандық-монах Плано Карпини моңғолдарға өз саяхатын 1245-1247 жж. папа IV Иннокентийдің елшісі ретінде барды. Өзінің шығармасы «Моңғолдар тарихында» ол жинаған мәліметтерін жүйелік тұрғыда мазмұндады. Плано Карпиниді моңғол жаулауының шынайы бейнесін Еуропаға таныстырды деп тұжырымдауға болады. Ол Киев, Еділ өзені, Хорезм, Жетісу арқылы Қарқорымға 1246 жылы келіп жетті. 1247 жылы Алтын Орда ханы Батуға жолығады. «Моңғолдар тарихы» еңбегі 1245-1247 жж. Шығысқа жасаған саяхатының есебі ретінде болды. Карпинидің еңбегі замандастары арасында үлкен қызығушылық туғызды және XIII ғ. тарихи құндылығымен ерекшеленіп, моңғолдарға бағынған халықтармен қарым-қатынастары жөнінде мәліметтер қалдырған/9/. Карпинидің мәліметі, өзінің құрылымы жағынан папалық сауалнамаға сәйкестендірілді және саяхатшының жеке қадағалауы түрінде сенімді айғақтар, куәгерлер тартылып, моңғол-татарлар жөнінде сол кезеңде қалыптасқан тұрақты стереотиптер мен аңыздардан құралған батыстық көзқарастармен салыстыра отырып дайындалған ақпарат еді. Басқаша айтқанда, саяхатшы сол уақытқа дейін батыстық бақылаушылардың ешқашан болмаған жерлерінде болған бірінші батыс авторы. Дегенмен, моңғолдардың жауынгер және қатал түрінде сипатталса да, басқа жағынан алғанда олар қалыпты адам еді, олардың ешқандай жаратылыстан тыс немесе жан шошырлық бейнесі жоқ еді**.** Одан кейін моңғолдарға Вилгельм де Рубрук Фламандық монах және белгілі саяхатшы барды. Монах-минорит Вильгельм (Гильом) де Рубрук дипломатиялық миссиямен француз королі Қасиетті Людовик атымен кеңінен белгілі IX Людовиктің крест жорықтары кезінде мұсылмандарға қарсы одақ құру мақсатымен жіберілді. Рубрукты алтыншы крест жорықтары кезінде жақсы танып, сондай-ақ, тіл және дипломатиялық қабілеттерін жақсы меңгергені үшін таңдап алды. Константинопольден Қырымға 1253 жылдың мамырында сапар шеккен Гильом Рубрук ең алдымен Сартақтың, онан соң Батудың ордасында болды. Бату хан христиандықты тарату, мұсылмандарға қарсы одақ құру мәселесін шеше алмайтынын айтып, Мөңке ханға жіберді. Гильом Рубрук Мөңке хан басқарған Қарақорымға сапар шекті. Рубруктың жазбалары («Путешествие в Восточные страны в лето благости 1253»), Плано Карпинидің «Моңғолдар тарихы» шығармасынан әлдеқайда толығырақ, жүйелік тұрғыда болды. Ал құндылығы жағынан жоғарыда аталған саяхатшылардан қалыспайтын деректер қалдырған

Италияндық саяхатшы Марко Поло (1254-1324) болды. Моңғол ханы Құбылайдың қызметінде 17 жыл болып, оның тапсырмасымен Қытайдың түрлі аудандарын аралады. Палестианда, Кіші Азияда, Ирақта, Иранда болды. Сондай-ақ Марко Поло моңғолдар саяси тарихы мен Алтын Ордаға қатысты мәліметтерді қалдырды. Отанына қайтып келген соң өз саяхатының жазбаларын қалдырған/10/.

Аталған католиктік Еуропа авторларының – Джованни де Плано Карпини, Гильом де Рубрук және Марко Полоның шығармалары Батыс Еуропалықтардың алғашқы Шығыс халықтары жөніндегі іргелі деректі еңбектер қатарына жатады. Сондай-ақ тақырыпқа қатысты бірқатар маңызды мәліметтер береді. Бұл деректердің маңыздылығы ондағы ақпараттар арнайы дайындықпен келген және білімді авторлардың жеке өздері жете қадағалап жазған шығармалары ретінде болуы. Ал басқа адамдардан естігендерін авторлар өз еңбектерінде арнайы ескертіп жазған. Мұндай нақтылық және шындыққа негізделіп жазылған мәліметтердің болуын түсіндіру үшін, Карпини мен Гильом Рубрук саяхатының рухани миссиясының негізі моңғолдар жөнінде нақты ақпараттарға негізделген мәліметтер жинақтау, империяның әскери күш-қуаты, жақын арадағы моңғолдардың жаулап алу жорықтарының жоспары жөнінде ақпараттар жинақтау еді. Олардың кітабы тарихи немесе әдеби шығарма ретінде емес, сапардың нақты есебі ретінде жазған еді. Өйткені Плано Карпини и Гильома Рубрук еліне келген соң тиісінше Рим папасы IV Иннокентий және француз королі IX Людовикке сапарлары жөнінде арнайы есеп берген еді. Осыған байланысты Плано Карпини и Гильома Рубрук шығармаларын, кейбір қателіктеріне қарамастан сенімді деректердің қатарына жатқыза аламыз/11/. XIII ғ. Алтын Орданың саяси тарихы жөніндегі ақпараттар Марко Полоның кітабынан кездестіруге болады. Айта кететін мәселе Марко Поло Алтын Ордада еш уақытта болмаған, бірақ Берке, Ноғай және Тоқта хандар жөнінде туысқандарынан естігендерін жазып өтті. Сонымен қатар өз кітабын саяхатшы Еуропаға қайтып келген соң ғана жазылды/12/. Сондықтан Марко Поло қалдырған кебір мәліметтеріне ұқыптылықпен қарау қажет. Әсіресе Тоқта мен Ноғай арасындағы бірінші шайқас жөніндегі мәліметтер. Марко Поло шығармасы, кейінірек оның сөзі бойынша 1298 ж. генуэздік түрмеде Рустичано жазды. Кейбір зерттеушілер Марко Полоның шығармасы тілдік жағынан кемшіліктерін көрсете отырып, (Поло венециандық диалектте сөйледі, ал Рустичано – тоскандық диалектте, ал оны өзі аса жақсы білмейтін ежелгі француз тілінде жазды дейді) географиялық және этникалық тізімдемесінде бұрмалаушылықтар бар дейді.

XIII ғ. Еуропалық хроникалар мен тарихи шығармалары да маңызды деректер қатарына жатады. Оның ішіндегі Матвей Парижскийдің «Великая хроника» (өз шығармасын автор оқиғалармен синхронды түрде 1259 ж. дейінгі оқиғаларды жазды)/13/, Фома Сплитскийдің «Велико польская хроника», «История салонских и сплитских архиепископов», Рогериустың «Горестная песнь о разорении Венгрии» (1244 г.) (Фома Сплитский және Рогериус Венгриядағы моңғол шапқыншылығының куәгері болды және олардың шығармалары оқиғадан кейін бірден жазылды) және Роджер Беконның шығармаларынан үзінділер мен еуропалық монастрлердің анналдарын айтуға болады. Бұлардың ерекшелігі оқиғалармен замандас ретінде негізінен моңғолдар жөнінде, олардың Русь, Польша және Венгрияға жасаған жорықтары мен бағындырылған халықтарға жүргізген саясаты туралы айтылады. Еуропалық авторлардың шығармаларында ақпарат, мәлімет берушілер моңғолдардан қашып, славян жерлерінен шыққандар дегені жөнінде зерттеушілер әлденеше рет айтып өтті. Оған мысал ретінде, Киев түбіндегі Берестовотағы Спас монастрының аға попы болды деп топшыланған игумен Петр Акеровичтің 1245 ж. Лион жиылысында берген мәліметтерін айтуға болады. Сондай-ақ, поляк-моңғол қатынастары жөнінде полшалық хронист Я. Длугоштың хроникаларында да тақырыпқа қатысты мәліметтер келтіреді.

Сонымен қорытындылай келсек, тақырып бойынша қазірге дейін батыстық негізгі жазба деректердің көпшілігі орыс тіліне аударылып, олардан ғылыми-деректік, анықтамалық мәліметтерді алуға болады. Осылайша оқиғаны негізінен өз көздерімен көрген XIII ғ. ортағасырдағы Еуропалық интелектуалдық элита өкілдерінің шығармалары, яғни нарративтік мазмұндағы деректерін зерттеу ертеден басталып, қазірге дейін жалғасын тапқан үрдіс. Осы уақытқа дейін деректерді жинақтау, анықтау, авторлық жағынан анықтау, хронология, түпнұсқалығын анықтау және жаңаша көзқарастар тұрғысында қарастыру мәселелері әлі де жалғасуда.

1. Из Новгородской первой летописи //История Золотой Орды: Сборник материалов / Сост.: Б.Г.Вовина, А.Л.Кожанов, Т.В.Никулина. СПб.: Европейский Дом, 2003. С.12

2. Гёкеньян Х. Западные сообщения по истории Золотой Орды и Поволжья 1223-1556 //Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556. - Казань, 2001. С.82

3. Сонда, С. 83

4. Сонда, С. 83-84

5. Аннинский С. А. Известия венгерских миссионеров XIII века о татарах и Восточной Европе //История Золотой Орды: Сборник материалов /Сост.: Б.Г.Вовина, А.Л.Кожанов, Т.В.Никулина. СПб.: Европейский Дом, 2003. С. 25

6. Русский перевод рассказа епископа Петра из «Chronica major» Матвея Парижского: Филарет. Обзор русской духовной литературы. – Изд. 3-е. СПб., 1884. – С.62-64; Савченко СВ. Письма магистра тамплиеров к Людовику святому о вторжении татар в Западную Европу //Унив. изв. – Киев, 1919. № 1-4. С.1-6; http: www.vostlit.info/texts/dokumenty

7. The Mongols and the West, 1221-1410 / Peter Jackson. – (Nachdr.), 3. (print.). – Harlow, England (u,a.). Pearson Longman, 2006 P.1

8. Гёкеньян Х. Западные сообщения по истории Золотой Орды и Поволжья 1223-1556 //Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556. - Казань, 2001. С.86

9. «Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Рубрука». М. 1957. С. 85-194.

10. Книга Марко Поло. Перевод старофранцузского текста И.П.Минаева. М.: Государственное издательство географической литературы. 1955.

11. Мыськов Е.П. Политическая история Золотой Орды (1236-1313 гг.). – Волгоград: Издательство Волгоградского государственного университета; 2003 С. 18-19

12. Книга Марко Поло. Перевод старофранцузского текста И.П.Минаева. М.: Государственное издательство географической литературы. 1955. С.12

13. Парижский Матвей. Большая хроника (Отрывок), //История Татарии в документах и материалах. М.: Соцэкгиз. 1937. С. 47. Русский перевод рассказа епископа Петра из «Chronica major» Матвея Парижского: Филарет. Обзор русской духовной литературы. – Изд. 3-е. СПб., 1884. – С.62-64; http: www.vostlit.info/texts/dokumenty

* * *

В статье раскрываются западные источники по истории Золотой Орды, т.е. сообшение европейских авторов Юлиана, Плано Карпини, Гильома Рубрука, Марко Поло и Матвея Парижского, Фома Сплитского по историй взаимоотношение Золотой Орды на Западе и Востоке.

* * *

In this article considered the western sources history of Golden Horde, especially source European authors Yulian, Plano Karpini, Giliom Rubruk, Marco Polo and Matwei Parisian, Foma Split on histories political relations of Golden Horde in the West and the East.

Орхан Камран Оглы Алиев

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ПАМЯТНИКОВ НАХИЧЕВАНСКОЙ АР ПЕРИОДА ЭНЕОЛИТА И РАННЕЙ БРОНЗЫ

В IV-III тыс. до н.э. территория Нахчывана играла связующую роль между племенами Передней Азии и Южного Кавказа и благоприятствовала установлению между ними экономических и культурных связей. Долины рек Арпачая, Гиланчая, Нахчыванчая, Джахричая, а также Аракса в этот период были тесно заселены древними земледельческо-скотоводческими племенами. Археологическими исследованиями, проведенными на территории Нахчывана было установлено существование здесь локальных археологических культур и подтверждена тесная





связь между этими племенами и племенами сопредельных стран.

Такие многослойные памятники Нахчывана, как Кюльтепе I и II, Шахтахты, Овчулартепеси, а также однослойные поселения эпохи ранней бронзы - Махта Ы и ЫЫ, Ашаги Дашарх являются яркими образцами, свидетельствующими о вышеупомянутых взаимоотношениях племен Передней Азии и Южного Кавказа в IV-III тыс. до н.э.

В определении хронологических рамок культур эпохи энеолита и ранней бронзы Кавказа существенное значение имеет исследование древних поселений Нахчывана.

Еще в 1959 году первичные исследования поселения Кюльтепе Ы показали место и роль Куро-Аракской культуры в истории Южного Кавказа.

В связи с этим, основной целью международных азербайджано-американской и азербайджано-французской экспедиций, работающих в Нахчыване, является исследование памятников изучаемого периода.

Исследования проводились, в основном, в памятнике Кюльтепе II, Махта Ы и Овчулартепеси.

Памятник Кюльтепе II расположен на высоте 965 м над уровнем моря, с координатами 39^0.19”13,03” Ъ и 45^0.26”49,14 Б. Он находится в 12 км к северу от города Нахчыван, вблизи сел Юхары Узуноба и Дидивар Бабекского района, на берегу реки Джахри, в 4-5 км к северу от памятника Кюльтепе II.

В ходе исследований, проведенных под руководством Л.Риствет, В.Б.Бахшалиева и С.Г.Ашурова в 2006 году был снят топоплан поселения. На одном из участков, где еще в 1986 году проводились раскопки, были расчищены стены жилища круглого плана. Размеры сырцовых кирпичей, использованных при строительстве этого жилища составляют 20x40x10 см.

Толщина культурного слоя на раскопанном участке в размере 1,5x1,5 м достигала 6,80 м. Здесь было прослежено 44 слоя, отличающихся друг от друга по цвету грунта, по расположению материально-культурных остатков и по строительным остаткам.



В каждом слое были обнаружены различные фрагменты керамики, сырцовые кирпичи, зольные и остеологические остатки, очажные места, мангалы и другие образцы материальной культуры. Было установлено, что нижние слои сравнительно меньше были подвергнуты разрушению, чем верхние. В этих слоях полностью



сохранились круглые жилища с мангалами внутри. Однако именно в нижних слоях наблюдаются следы сильного пожара.

Данный слой поселения Кюльтепе II целиком относится к Куро-Аракской культуре.

Памятник Махта I расположен на высоте 803 м над уровнем моря, с координатами 39^0.35”23,61” Ъ и 44^0.56”21,95 Б. Он находится в 2 км от Аракса, на вершине искусственного холма высотой 1,5-2 м, на западной окраине одноименного села Шарурского района. Поселение в целом занимает площадь в 3 га и было впервые исследовано в 1988 году Нахчыванской археологической экспедицией. **(1, 16-17)**

Памятник частично был подвергнут разрушению и здесь образовался неглубокий овраг. В овражной части был выделен разведочный участок, где было выявлено множество керамических изделий и костей животных.

Во всех слоях памятника прослеживались зольные остатки и следы угля.

Начиная с 11 по 16 слои, здесь были выявлены и расчищены глинобитные стены шириной - 70 см, высотой - 10-15 см, различные строительные остатки, очажное сооружение типа мангала и прочее.

На глубине 2,6 м раскопки были невозможны вследствие грунтовых вод.


В памятнике были обнаружены два каменных орудия из туфого камня и многочисленные керамические изделия. Среди них преобладают кувшины. Кроме этого, здесь были обнаружены черепки глубоких мисок (кяса, хейра), чаши, сосуды со сливом. Сосуды были в основном серовато-коричневого цвета, украшены вдавленным и врезным орнаментом.



Остатки костей принадлежали в основном различным животным. Здесь были найдены также два рога, на поверхности которых прослеживались следы обработки, а также орнамент, состоящий из начерченных концентрических кругов.

Поселение Овчулартепеси исследуется с 2006 года международной азербайджано-французской археологической экспедицией. Раскопки здесь проводятся под руководством К.Марро (сотрудник Центра международных исследований Франции), В.Б.Бахшалиева (сотрудник Нахчыванского Отделения НАНА) и С.Г.Ашурова (сотрудник Института Археологии и этнографии НАНА).

Памятник расположен на западе селения Дизе Шарурского района, на вершине невысокого овального холма, расположенного на высоте примерно 900 м над уровнем моря.



В 2008 году раскопки проводились на участке площадью 1225 кв.м.. Во время раскопок было выявлено большое количество остатков материальной культуры, относящихся к эпохе энеолита и ранней бронзы, в том числе керамические и металлические изделия, зернотерки. Керамические изделия здесь также преобладают. Для поселения Овчулартепеси характерна керамика эпохи позднего энеолита, а также переходного периода от энеолита к ранней бронзе.



Исследования показывают, что на поселении жилища размещались на ровных участках холма, недалеко друг от друга. Они построены из сырцового кирпича на каменном фундаменте, по форме круглые, прямоугольные, а иногда прямоугольные с округленными углами. **(3, 6-10)**

На седьмом раскопочном участке выявлены три строительных периода. На раннем этапе энеолитического периода существовали также полуземляночные прямоугольные жилища с округленными углами. Внутри этих жилищ были обнаружены вкопанные в пол большие хозяйственные кув-



шины, зернотерки, обсидиановые и кремневые вкладыши, песты и ступки. Очаги размещались либо в углу около входной двери, либо примыкали к стене помещения. Дверь жилищ вдевалась на вертикальную ось, опирающуюся на подпяточный камень.

Обнаружение в Овчулартепеси однокомнатных и многокомнатных жилищ, свидетельствует, вероятно, о социальной дифференциации общества.

Во время исследований, на шестом раскопочном участке было выявлено круглоплановое жилище эпохи ранней бронзы. Оно было построено из сырцового кирпича на каменном фундаменте. В 2008 году внутри этого жилища, ниже фундамента было обнаружено другое, прямоугольное жилище энеолитического периода, рядом с которым находился плохо сохранившийся скелет ребенка. В общем, до сих пор в Овчулартепеси выявлено всего несколько погребений. Однако малочисленность погребений в самом поселении свидетельствует о вероятности существования отдельного некрополя. **(3, 3-21)** Здесь существовал также обряд погребения в кувшинах.



В результате раскопок из двенадцатого квадрата раскопочного участка, вблизи круглопланового жилища энеолитического периода была выявлена свинцовая руда. Несомненно, свинцовая руда добывалась из Гюмюшлинского месторождения, которое находится в 2 км от поселения. Из этого же квадрата были выявлены обломки золотого ожерелья. В 2007 году в восьмом квадрате раскопочного участка около жилища энеолитического периода были найдены остатки медной руды, а в седьмом квадрате – обломки нескольких игл, покрытых зеленой патиной. Остатки руды и готовые металлические изделия свидетельствуют о занятии местных жителей металлообработкой. **(3, 3-21)**

Однако основным занятием оставалось земледелие и скотоводство. Во время раскопок в восьмом квадрате были обнаружены мотыга, изготовленная из лопатки крупного рогатого скота, вкладыши для серпов, зернотерки и другие материальные остатки. Было также обнаружено большое количество костей рыбы, которые свидетельствуют о роли рыболовства в жизни жителей поселения.

В целом памятник Овчулартепеси относится к эпохе позднего энеолита и ранней бронзы и по предварительным данным охватывает IV-III тыс. до н.э.

Несмотря на многолетние исследования Куро-Аракской культуры, охватывающей широкое географическое пространство, начиная от Северного Кавказа до Сирии-Палестины, тем не менее, необходимо неоднократно возвращаться к обсуждению ряда проблемных вопросов, связанных с хронологическими рамками культуры, ареалом ее возникновения и раннего распространения.





А.А.Иессен основываясь на памятники Гейтепе близ озера Урмия и Каразские памятники близ Эрзурума, отражающие данную культуру, относит ее к III тыс. до н.э. (9,336). К.Х.Кушнарева и Т.Н.Чубинишвили – к 3000-2000 гг. до н.э., (11,179) Г.С.Исмайлов – к 3200-2300 гг. до н.э. (7,31-32). Изыскания последних лет дали основания некоторым исследователям отнести ранний этап Куро-Аракской культуры к III тыс. до н.э. (К.Х.Кушнарева, Г.Л.Кавтарадзе). (10, 12)

В ходе исследований из памятников Кюльтепе II и Махта I были взяты образцы угля для радиоуглеродного анализа. Результаты анализа заставили пересмотреть вопрос датировки памятников. Согласно результатам анализа образцов, взятых из 7-го и 43-го слоев Кюльтепе II, памятник начал заселяться с середины IV тыс. до н.э. вплоть до III тыс. до н.э. Результаты анализа образцов, взятых из 13-го слоя памятника Махта Ы дают основание утверждать, что этот слой почти синхронен по времени с 43-им слоем Кюльтепе ЫЫ. Однако,



учитывая, что в памятнике Махта Ы под 13-ым слоем имеются еще культурные слои, то можно сделать вывод, что эти нижние сформировались в первой половине IV тыс. до н.э.

Вообще толщина раннебронзового культурного слоя памятников этой территории привлекает внимание. Так, культурный слой Кюльтепе Ы составляет 9,5 м, Кюльтепе II – 6,8 м, Ашаги Дашарх – 7 м, Махта I – 4,6 м, Караз – 9 м, Яныгтепе – 8 м, Гейтепе – 6 м, Гергер-Алемдар – 7 м.

Анализ аналогичных материалов из памятников Нахчывана Кюльтепе Ы и ЫЫ, Овчулар тепеси, Халадж выявляет связь энеолита и раннебронзового периода и, исходя из этих материалов можно предположить, что формирование Куро-Аракской культуры в Нахчыване началось с первой половины IV тыс. до н.э.

Мнения исследователей расходятся также в вопросе ареала возникновения и раннего распространения Кура-Аракской культуры. Так, А.А.Иессен к этому ареалу относит территории Восточной Анатолии, Южной Грузии и Западной Армении,(6, 16) О.М.Джапаридзе - междуречье Куры и Аракса (точнее Квемо-Картли),(5, 7) Е.В.Ханзадян – Армянское нагорье, Б.Браун – Азербайджан и Грузию,(13) Ч.Барней – турецкую область Эльязык (14, 169) а Г.С.Исмайлов, В.Г.Алиев и И.Г.Нариманов (8, 51) – Азербайджан.

Археологические раскопки, проведенные за последние годы в таких памятниках Нахчывана, как Овчулартепеси, Ашаги Дашарх, Махта Ы, Кюльтепе ЫЫ, а также археологические находки из поселения Гергер, находящегося в селе





Алемдар (вблизи города Джульфа Иранской Исламской Республики), позволяют выдвинуть новые научные гипотезы относительно хронологии и ареала возникновения и раннего распространения Куро-Аракской культуры.

Основываясь на особенности керамических изделий из Нахчывана, сочетавших в себе специфические элементы энеолита и раннебронзового периода можно допустить, что именно этот регион является очагом зарождения и формирования Куро-Аракской культуры.

1. Aşurov S.H. Naxçıvanın ilk tunc dövrü keramikası. Bakı 2002. 156 s.

2. Aşurov S.H. Naxçıvanda arxeoloji tədqiqatlar. (2001-2002-ci illər). Bakı 2003. 119 s.

3. Baxşəliyev Vəli, Marro Katerine, Səfər Aşurov. Ovçulartəpəsi.Bakı 2010. 153 s.

4. Əliyev V.H. Qədim Naxçıvan. Bakı 1979.

5. Джапаридзе О.М. Культура раннеземледельческих племен на территории Грузии (ВЫЫ Международный конгресс антропологических и этнографических наук). – М., 1964, стр.7.

6. Иессен А.А. Из истории прошлого Мильско-Карабахской степи. – В кн,: Труды Азербайджанской экспедиции, МИА СССР, № 125. М-Л. 1965, стр.16.

7. Исмаилов Г.С. Раннебронзовая культура Азербайджана (по материалам раннебронзовых памятников Юго-Восточных склонов Малого Кавказа). Автореф. Дис.докт. ист.наук, Тбилиси, 1983, стр.31-32.

8. Нариманов И.Г. Археологические исследования поселения Шомутепе в 1963 г. – АИА (Сб. статей), Баку, 1965. стр.51.

9. Научная сессия по Археологии Дагестана. - СА, №4, 1959, стр. 336.

10. Кавтарадзе Георгий. К хронологии эпохи энеолита и бронзы Грузии. Тбилиси, 1983.

11. Кушнарева К.Х., Чубинишвили Т.Н. Древние культуры Южного Кавказа (В- ЫЫЫ тыс. до н.э.). – Ленинград, 1970, стр. 179.

12. Кушнарева К.Х.. Южный Кавказ в IX-II тыс. до н.э. Этапы культурного и социально-экономического развития. Санкт-Петербург, 1993;

13. Brown T.B. Excavations in Azerbaijan 1948, Lond., 1951.

14. Burney C.A. Eastern Anatolia in the Chalcolitic and Early Bronze Age. AS, vol. VIII, 1958, p,169

* * *

Автор мақаласында ерте қола мен энеолит дәуіріндегі нахичеван ескерткіштерінің археологиялық зерттеулері туралы жазады. нахичеван аумағы алдыңғы азия мен оңтүстік кавказ аралығын жалғастырушы рөл атқарды, мәдени және экономикалық байланыстарды орнықтырды.

* * *

The territory of Nakhichtvan played a binding role between tribes of Forward Asia and Southern Caucasus and favored to an establishment between them economic and a cultural contact. Valleys of the rivers Arpachay, Gilanchay, Nakhichevanchay, and also Araks during this period have been closely populated with ancient cattle breeding tribes.

Ә. И. Исаева

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗІНДЕГІ ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ОРНЫ

Тарихи этнографиялық жағынан жан-жақты зерттелген тайпалардың бірі – қыпшақтар. Олар XI–XIII ғғ. Еуразияның (Қазақстан, Орта Азия, Оңтүстік-Шығыс Еуропа және Кавказ) кең аймағында әскери-саяси және этномәдени салада жетекші рөл атқарды. Әрине, ол деректерде және арнаулы әдебиеттерде жеткілікті зерттелген. Қыпшақтар XV–XVI ғғ. тек қазақ халқының ғана емес, өзге де туыс түркі этностарының қалыптасуына өзіндік елеулі үлес қосты [1].

Жалпы, қыпшақ атауы түркі атауы тәріздес жалпылық мәнде, яғни жеке тайпаның, не халықтың аты емес, түркі тілдес көптеген халықтардың басын біріктірген жиынтық атауы. Кейбір тарихи шығармаларда қыпшақ атауы түрік атауының баламасы ретінде қолданылуы да содан [2]. Әрине, оның тарих тегершінінің айналасында бірде сол жалпыламалық мәнін сақтаса, бірде жекелік мәнде айналған кездері де болған. Оның басты себептері, осы атау бір шаңырақ астына біріккен тайпалардың бірігуі мен ыдырауы көрсеткіші екені мәлім.

Мысалы, академик В.В. Бартольдтың пайымдауынша, қыпшақ және қаңлы рулары ертеде бір тайпа болды, ал қыпшақ сөзі қаңлының синонимі ретінде қолданылды [3]. Сонымен қатар, Н.А. Аристов қыпшақты қаңлыдан шыққан немесе олар туыс деген өзіндік тұжырым келтіреді [4, с.286]. Ғалымдардың былай сараптауына, қаңлы руының таңбасы (бір таяқша) мен қыпшақ таңбасы (екі таяқша) екендігін басшылыққа алады. Осы таңбалардың ұқсастығына байланысты олар туыс немесе қыпшақ қаңлыдан шыққан деп түйіндейді. Мұндай пікірлермен С. Аманжолов келіспейді, ғалымның пікірінше бір немесе екінші таяқша болса да, олар дербес таңба екендігін көрсетеді [5, с.97].

Қыпшақ руының тарихына қатысты Рашид-ад-Дин еңбегінде қыпшақты оғыз тайпасына жатқызады. Бірақ бұл тайпаның пайда болуын ол аңыз әңгіме ретінде келтіреді. «Соғысу барысында оғыз Ит-Барақ тайпасынан жеңіліске ұшырағаннан кейін – дейді Рашид-ад-Дин, – ол екі өзеннің арасындағы аралда қалып, осы жаңа жерде тұрақтанды. Осы кезде күйеуі жаугершілікте қайтыс болған екі қабат әйел үлкен ағаш қуысына кіріп, сонда босанған. Бұл туралы Оғызға хабарлаған. Ол әйел адамды аяп: «Бұл әйелдің күйеуі болмағандықтан бұл бала менің ұлым болады депті. Шынымен де, бұл бала Оғыздың ұлы болып, оны Қыпшақ деп атапты. Бұл сөз кабук сөзінен туындаған, түрікше «өзегі шіріген ағаш деген мағына береді», – деп өзіндік тұжырымын жасайды [6, с.6].

Ш. Құдайбердіұлының пікірінше, қыпшақ қаңлыдан бөлініп елсіз бос жерге кеткендіктен қыпшақ атанған. Мағынасы – бос, шөп, елсіз деген сөз [7, 35].

Ал М.С. Мұқанов көптеген ғылыми деректерді сараптай келе, қимақ және қыпшақтардың туыстығын алға тартады. Ғалым мұндай жайтты былай сараптайды, сол кезеңдегі қыпшақ тіліне тән «ңқ» әріпінің көмескіленіп (редукция) естілуімен байланыстырады. Сондықтан ғалым этноним «қимақ» «иамақ» болып ауыстырылған, сонымен қатар олардың мекендері қимақ елінің жерімен сәйкес келеді [8, с.54]. Мұндай пікірді көрнекті шығыстанушы Б.Е. Көмековтың зерттеулерінен де көре аламыз [9].

VIII ғасырдан бастап, бір тайпаның құрылымына топтаса бастаған қыпшақ XI ғасыр аяғында қыпшақ атты тайпаның күшті одағын құрды. Бірігу үрдісімен қатар, олардың мекендерінде кеңістік аймағын ұлғайту құбылысы да жүріп жатты, мұның өзі «Дешті-қыпшақ» (Қыпшақ даласы) және «Половец» даласының этнографиялық ұғымдарының, яғни қыпшақтардың шығыс қыпшақ және батыс қыпшақ (оңтүстік орыс даласы) этноаумақтық құрылымдарының пайда болуына себеп болды [10]. Сөйтіп, Дешті-қыпшақ тайпалары қазақтардың этногенезінде және олардың кейінгі тарихында зор үлестерін қосты.

Жалпы қазақ шежіресі бойынша, қыпшақ Сүлімалып, одан Көбікқалып, одан Мүйізді, одан Сарыабыз, одан «бес таңбалы қыпшақ» деп аталатын Ұзын, Торы, Көлденең, Бұлтық, Қарабалық тарайды.

К. Батишев таратқан қыпшақ шежіресі бойынша, қыпшақ үш ұлы: Қара, Құла, Сары болды. Сарының ұрпақтары «қытайлық» атанды: мұнда Қытайда (X-XII ғғ.) үстемдік еткен киданды айтып отыр; Құланның ұрпақтары «құлан қыпшақ» атанды, мұның мағынасы «дала қыпшақтары». Ал Қарадан Қобыланды туған, одан Тоқтар. Осы Тоқтардан бес ұл: Бұлтық, Торы, Ұзын, Қара-Балық, Көлденең [11].

М.С. Мұқанов зерттеуінде қыпшақтан Сүлімалып, одан Көбікқалып, одан Мүйізді Сары-

абыз, одан Қара Қыпшақ, Қытай Қыпшақ, Құлан Қыпшақ, Торы Қыпшақ [8, с. 54; 12, с. 188]. Ғалым келесі зерттеуінде қыпшақ басты төрт рудан: Қара Қыпшақ, Сары Қыпшақ, Қытай Қыпшақ және Құлан Қыпшақ деп келтіреді. Ал Торы Қыпшақ туралы келтірмейді.

Осыған қатысты назар аударарлық жайт, тек қыпшақтар ғана емес, сонымен қатар түркі этнонимі екі түрлі мағына білдіреді:

1) түстер аталмыш халықтардың орналасу бағытына қарай қолданылады: «қараң-солтүстік», «ақи-оңтүстік», «көки-шығыс», «сари немесе қызыли-батыс»;

2) сырт тұрпаты мен ерекшелігіне қатысты. Мысалы, орта ғасырларды қыпшақ тайпалары әр түрлі тілдерде түрліше айтылған: орыс халқы – «половцылар», венгрлер – «кундар», арабтар – «кумандар», византиялықтар – «командар» деп, мұның мағынасы: сарғыш, ақ құба. Сонымен қатар поляк, неміс, армян тілдерінде де қыпшақтарды осындай түске байланысты қабылдаған [13].

Бұл соңғы шежірелік кестені Ш. Құдайбергенов пен М.С. Мұқанов келтіргенімен, еш айырмашылығы жоқ. Тек Ш. Құдайбергенов Сүлімалыптан Көбекқалып, одан Мүйізді, сол Мүйіздіден Сарыабыз деп таратқан. Ал М.С. Мұқанов Мүйіздіні, Сарыабызды бір ата деп келтіреді.

Мұндай атауларға қыпшақ сөзінің тіркесуінің өзі-ақ бұл бесеуінің кісі аты емес, тайпа бірлестіктерінің атауы екенін дәлелдеп тұрса керек. Осылардың арасында көне зерттеулерде айтылмағаны Қарақ болса, оның Шығыс Түркі қағанаты кезінде Қытай жақ шекарада болған қыпшақтарға қағанат құлағаннан кейін батысқа қарай қоныс аударғанда жергілікті тұрғындардың берген атауы екенін аңғаруымызға болады. Бәлкім, бұл атаудың Қытайдың боданы болған қыпшаққа берілуі де мүмкін. Бірінші, Түрік қағанаты құлағаннан кейін де, Қапаған қағанның өмірінің соңғы кезінде түркі-қыпшақ тайпаларының кейбіреулері Қытайға барып паналап, олардың боданына айналғаны тарихтан белгілі. Міне, солар Қытайдан кетіп, қайта үйірін тапқанда оларға мұндағы туыстың осы атауды беруін де жоққа шығаруға болмайды. Бұған кешегі 1950-1960-шы жылдары Қытай Халық Республикасы жерінен шекара асып келген қазақ туғандарды күні бүгінге дейін «Қытай қазақтары» дейтініміз куә бола алады.

Айта кететін жайт, қыпшақ руларының арасында және өзге де тайпалар этнонимі нақты бір адамға қатысты болса, ал кейбір ру атаулары тотемге қатысты (Мүйізді, Қарабалық, Құлан) аталған. Орта ғасырдағы қыпшақтардың мұндай ерекшелігі көне орыстардың «Слово о полку Игореве» (XII ғ.) мәтінінде жазылғандығына ең алғаш М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ғалым-биологы Г.В. Сумаруков назар аударған еді [14].

Торық атауына тоқталсақ, торы атауы көне қыпшақ бөлінісінде де, «бес таңбалы қыпшақ» арасында да айтылады. Бұл атаудың мәнін анықтауда әлі бір ізгіліктің жоқтығын көреміз.

Тіл және тарих деректеріне тереңірек үңілсек, X-XI ғасырдағы Торық тайпасы мен қазіргі қыпшақ Торы руының бір ел екені тек этноним тұлғасының аздап қана өзгергеніне көптеген зерттеулерден ортақ пікір көреміз.

Жалпы осы қыпшақ ішіндегі ең көбі Қарақыпшақ. М.С. Мұқановтың алғашқы зерттеуінде Қарақыпшақтан Есім, Сейіт, Қобыланды деп таратқан. Осы Қобыландыдан Тоқтарби мен Ойбас батыр деп келтіреді. Тоқтарбиден Көлденең, Қарабалық, Торыайғыр, Бұлтан, Ұзын деп таратқанын көреміз. Бірақ ғалым келтірген осы шежіресінің кестесінде соңғы зерттеулерден көп өзгешеліктерді байқаймыз. Өйткені, Қарақыпшақтан Тойбастар, Тоқтарби, Ойбас-баба деп зерделейді. Ал Тоқтарбиден Көлденең, Қарабалық, Торыайғыр, Бұлтың, Ұзын деп көрсетеді [15, с.188]. Ш. Құдайбердіұлы Қарақыпшақтан Есім, Сейіт, Қобыланды, Тоқтарбайды таратады. Осы Тоқтарбайдан Ойбасты, ал Ойбастан Көлденең, Қарабалық, Торыайғыр, Бұлтың, Ұзын деп шежірелік нұсқасында көрсеткен [7, 35 б.].

Айта кететін жайт, осы Қарақыпшақты таратуда біз М.С. Мұқановтың дерегіне жүгінеміз. Өйткені өзге зерттеулерге қарағанда тәуелсіздік алғаннан кейін ешбір тосқауылсыз, нақты ғылыми дерек көздеріне сүйенген, басқа зерттеулерді сараптай келіп жазылған бұл еңбектің құндылығының зор екенін айтқанбыз. Қарақыпшақты таратуда ол алдыңғы зерттеуде тек атап қана көрсеткенімен, соңғы зерттеуінде нақты таратып келтіреді [8, с.75].

Көлденең мен Бұлтың рулары орыстармен ертеректе араласқан. Өнерлі, сауда саттықпен айналысып ішінен елге танылған есті азаматтар шыққан. Ел аузында өнегелі сөздері қалған атақты Мұғал би осы Бұлтыңнан. Шежіре бойынша М. Тынышбаев Көлденеңнен Қараспанды, одан – Құтиген, одан – Саптық, одан – Боқашты, Ақбура, Мимық деп таратады [16, 31б.]. Ал Марат Сәбитұлының шежірелік нұсқасында Көлденең – Қараспан, Жолжақсы, Биқашты, Шаңдаяқ, Қыжық, Қарадөң, Ақбура. Осында Биқаштыдан – Таңыбек, Берді, Науша деп жүйелейді. Көңіл аударарлық жайт,

Ш. Құдайбердіұлы мен Марат Сәбитұлының шежірелік кестелерінде ортақ ұқсастық бар, тек айырмашылығы Ш. Құдайбергенұлы Биқаштыдан таратпай, барлығы бір Көлденең ұрпағы деп көрсетеді.

Шежіре бойынша Бұлтыңнан Мекіс және Орыс деген екі бала туады. Осының Орысынан Төбет, Сандық, Қодас. Ал Төбеттен Мадиар, Жанайдар, Қосайдар, Құлатай тарайды. Ал Мекістен Жолоба, Елтен, Күрлеуіт, тарайды [12, с.193]. М. Тынышбайұлы Бегіс деп бере отырып, одан Жолоба, одан Есенкелді, Әбілқасым аталары бөлінеді деп көрсетеді [16, 31б.].

М.С. Мұқанов шежірелік нұсқа келтіре отырып, олардың атауларына қатысты дерек береді. Мысалы, Жолоба атауына байланысты: «Жол үстінде бала оралған жөргек» табылды. Осы тауып алынған баланы Жолоба деп атағандығын келтіреді. Ал Елтенге байланысты, Елтеннің қыпшақтарға бір қақтығыс кезінде қосылған адамның есімі екендігін көрсетеді. Сонымен қатар Жолоба мен Елтеннің ұрпақтары халық арасында «бұралқы қыпшақ» яғни «көлденеңнен қосылған қыпшақ» деп атап кеткен. Тегінде бұл қыпшақ ұрпақтарының өзара алауыздығына байланысты айтылса керек «Елтен ел болмайды, ешкі қой болмайды» деген мақал дәлелдейді деп өзіндік ел арасынан жинаған материалдар негізіне сүйене отырып келтірген оның тұжырымы өте құнды [12, с.189].

Қарабалық жөнінде анасы: «Қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма» деп айтты десе, енді кейбір зерттеулерде «Қарабалық бітті бойыма, ойын-сауық кірді ойыма» беп айтыпты деп түзейді. Қайсысы дұрыс, оған төрелік айту қиын. Шежіре бойынша Қарабалықтан Қобыланды, Есім, Сейіт, Шуманақ, Танабұғы, Қарсақ, Сопы, Жолжақсы, Жолтай деп М. Мұқанов таратады. М. Тынышбайұлы Қарабалықтан Танабұға, Жантай, Шуманақ, Сопы, Қарсақ, Жолжақсы деп таратады [16, 35б.]. Назар аударарлық жайт, көптеген зерттеулерде Қобыландыны Қарақыпшақтан таратса, С. Аманжолов және М. Мұқановтар еңбектерінде нақты ғылыми деректерге сүйене отырып осы туралы өз пікірлерін келтіреді.

Қарақыпшақ руларының бірі – Ұзын. Көңіл аударарлық жайт, ғалым бір зерттеуінде бұл руды Тарыұзын деп келтіреді. Ал таратуында еш айырмашылықты көре алмаймыз. Осы Ұзыннан Жиембет, Алтай, Алтыбас, Мәтей, Тұрсынбай, Құдас, Бүйтін деп таратқан [8, с.58; 12, с.189]. М. Тынышбайұлы зерттеуінде бұл руларды толығынан Торыдан таратқан, ал Ұзыннан Шаудір, Жарбасты, Сығай деп қана көрсеткен [16, 21б.]. Бірақ Ш. Құдайбердіұлы Ұзын руын таратқанда М.С. Мұқанов шежірелік нұсқасымен ортақ пікірді көре алмаймыз. Алтыбастан Күлеке, Құлшын, ал Алтыстан Қаз, Кедел, Кенжебай деп көрсеткен [16, 84б.].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, Ш. Құдайбердіұлы Сарыабыздан таратқан Сарықыпшақты мүлдем атамайды. Сонымен қатар көптеген зерттеулерде бұл рудың тарихи дерегі толық жиналмаған деп келтіреді [7, 31б.]. Мұндай тұжырымды М.С. Мұқановтың зерттеулерінен көреміз. Өйткені оны ғалым тек Қарақыпшақ деп қана көрсетіп, оны таратпаған [8, с.58; 12, с.75; 15, 188б.].

Мұндай жайтты Қытайқыпшақпен байланыстырып көре аламыз. С. Аманжоловтың монографиясында өзбек халқының қыпшақ ұрпағы «қытай қыпшақ» деп атап көрсеткен. Бұл қытай және қыпшақ болып екіге бөлінеді. Қытайдан: Сарықытай, Отаршы, Қанжығалы, Қос-Тамғы, Тарақлы, Бағаналы болып тараса,ал қыпшақ тек үшке ғана бөлінетіндігін келтіреді, яғни: Төрттамға, Сарықыпшақ және Тоғыз-бай [5, с.98]. Бұл әрине өзбек халқының шежірелік нұсқасына қатысты дерек. Өкінішке орай, қазақ халқының шежіресінен осы Сарықыпшақ пен Қытайқыпшақты таратуына қатысты нұсқасын кездестіре алмадық.

М. Тынышбайұлы: Торы – бір нұсқада Қарақыпшақтан таратылатын болса, енді біреуінде Қарамергеннен (Қарадөңнен) өрбітеді. Бұл жағдай Торының түп төркіні тереңіректе жатқанын аңғартады, – деп өз пікірін тұжырымдайды.

Қыпшақты таратқан кезде М.С. Мұқанов төрт ірі рулық бірлестіктен тұратынын айта келіп, бесінші Торықыпшақты атамайды [8, с.58]. Бірақ ғалымның басқа ғылыми зерттеулерін де келтіре отырып, оны таратады.

М. Тынышбайұлы зерттеулері Торы ұрпақтары – Қитаба, Түйікше, Көкмұрын, Шомтыны таратса, Ш. Құдайбердіұлы мен М. Мұқанов келтірген шежірелік нұсқаларында кейбір ұқсастықты байқаймыз. Мұнда Торы Қыпшақтан – Түйікше, Күлпейістен Көкмұрын, Шашты, Лақ, Қарамойынды өрбітеді [12, с.192]. Ш. Құдайбердіұлы мен М. Тынышбайұлы зерттеген шежірелік нұсқаларында Марат Сәбитұлынан бір айырмашылығы Қитабаны өрбіткен. Ал бұл М.С. Мұқановта жоқ. Бірақ Түйікшені ғалымдар екі түрлі таратады. Көріп отырғанымыздай, бұл келтірілген нұсқаларда еш ұқсастық жоқ. Марат Мұқанов Түйікшеден – Қайсар, Шойсар деп таратса; Ш. Құдайбердіұлы мен М. Тынышбайұлының шежірелік дерегінде Түйішке деп көрсетіп, одан Ыстыбай, Жетім, Дәулетбике,

Мырзабек, Көрпе, Қойбақ, Баян, Таңат, Назырымбет, Женет деп өрбіткен. Марат Сәбитұлы Күлпейістен Көкмұрын, Шашты, Лақ және Қарамойын тараған деп келтірсе, М. Тынышбайұлы мен Ш. Құдайбердіұлы Көкмұрынды Торық сөзінен таратады. Назар аударарлық жайт, осы Көкмұрыннан Қарамойын, Лақ аталары өрбитіндігін келтіреді [7, 31б.]. Ал Марат Сәбитұлы Қарамойыннан Қысрау, Керімбет, Тоқтағұлды таратып, одан әрі өрбіткен. Бұған ғалымдар пікірлерінің қарама-қайшылығын байқаймыз.

М.С. Мұқановтың шежірелік нұсқасының жоғарыда аталған ғалымдардың келтірілген деректерінен айырмашылығы мен жетістіктері көп. Яғни Ш. Құдайбердіұлы мен М. Тынышбайұлы тек осы таратумен ғана шектеліп қойса, Марат Сәбитұлы XX ғасыр аяғында өмір сүрген ұрпақтарына дейін өрбіткен.

---

1. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата, 1989. – 293 с.; Гаркавец А. Кипчакское письменное наследие. Т.1. Каталог и тексты памятников армянским письмом. – Алматы, 2002. – 1220 с.; Хабижанова Г.Б. Кипчаки и их роль в формировании казахских племен // Вестник КазНУ. Серия историческая. – 2010. – №2. – С.51-55; Хабижанова Г.Б. Тюркские племена в составе кыпчакского объединения накануне и в период моногольского нашествия // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия исторические и социально-политические науки. – 2010. – №2. – С.130-136.

2. Кузеев Р.Г. Присхождение башкирского народа: этнический состав и расселение. – М., 1974. – 571 с. (455-457); Кызласов Л.Р. История Тувы в средние века. – М., 1969. – 262 с. (164-165); Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965. – 195 с.; Аджи М. Полынь половецкого поля. – М., 1994. – 351 с.; Бизаков С. Ветви одного могучего дерева (тюркские народы): Историко-этнографические очерки. – Алматы, 2002. – 324 с .(32-143).

3. Бартольд В.В. Критика на книгу Н.Аристова «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» // Записки ВОИРАО. – СПб., 1899. – Т.2. – С.352-353.

4. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. – Вып.III. – СПб., 1896. – 456 с.

5. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Ч.1. – Алма-Ата, 1959. – 452 с.

6. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекциий по истории турецкого народов Средней Азии. – Алматы, 1993. – 192 с.(117).

7. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991. – 80 б.

8. Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов Средного жуза. – Алма-Ата, 1974. – 200 с.

9. Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. – Алма-Ата, 1987. – 60 с.

10. Плетнова С.А. Половцы. – М., 1990. – 208 с.

11. Батишев К. Қазақ шежіресі // Айқап. – 1911. – №3. – 13-15 бб.

12. Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – начало XX в.). –Алма-Ата, 1968. – 254 с.

13. Добродомов И.Г. О половецких этнонимах в древнерусской литературе // Тюркологический сборник. 1975. – М., 1978. – С. 102-129 (110, 114); Баскаков Н.А. Модели тюркских этнонимов и их типологическая классификация // Ономастика Востока. – М.,1980. – С.199-207 (200,205); Плетнева С.А. Половцы // Исчезнувшие народы. – М., 1988. – С.21-33 (23); Аймуратов Д. Тюркский этноним «Кыпчак» // Вестник Каракалпакского филиала АН УзбССР. – Нукус, 1990. – №3. – С. 97-104; Кумеков Б.Е. Об этнонимии кыпчакской конфедерации Западного Дешт-и Кыпчака XII – начала XIII века // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. – 1993. – №1. – С.58-70; Голден П. Куманокипчакские племена и роды // Историко-культурное наследие кимаков и кипчаков. – Павлодар, 2006. – Т.2. – С.158-162.

14. Сумаруков Г.В. Кто есть кто в «Слово о полку Игореве». – М., 1983. – 144 с.(80-109).

15. Арғынбаев Х., Мұқанов М.С., Востров В.В. Қазақ шежіресі хақында. –Алматы, 2000. – 464 б.

16. Тынышпаев М. Қазақ халқының тарихы. – Алматы, 1993.

* * *

В статье на основе специальной литературы рассматривается место кыпчаков в истории казахского народа.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

О. Х. Мұхатова

БАТЫЛ ӘРЕКЕТКЕ ҰМТЫЛҒАН ҒАЛЫМ
(тарихшы Ж. Жұмабеков еңбектері жайында)

Соңғы уақыттардағы посткеңестік кеңістіктегі ахуал тарихшыға өткенді терең зерттеп, тарихи оқиғалар мен үдерістердің шынайы бағасын беруге жағдай жасады. Тарихшы-зерттеушілерге тарихты “Тарих жекелеген адамдардың, таптар мен партиялардың еркі мен санасына байланысты емес” және “Тарих - өз мақсатын көздеген адам қызметі” деген екі қағиданы байланыстыра зерттеуге мүмкіндіктер туды. Мұның өзі Отан тарихындағы тың мәселелерді зерттеумен қатар бұрын-соңды зерттелген тақырыптарды қайта қарауға жол ашты. Тарихи оққиғалар, сондай-ақ үдерістерден өзге қоғамдағы жекелеген тұлғалардың орны мен рөлі жайында да ғылыми зерттеулер жаңа таным тұрғысында жүргізілді.

Кез келген тарихи тұлғаға берілетін баға оның өмір сүрген, қызмет еткен ортасымен, кезеңімен тығыз байланыста болатындығы ақиқат. Сондықтан да мұндай тұлғаның бейнесі өзі ғұмыр кешкен қоғамға сіңірген еңбегімен таразыланады. Осыған орай тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерделеуде «өз заманының перзенті» деп бекер атамайды. Сондай өзі өмір сүрген саяси жүйенің көрнекті өкілі, кеңестік ғылымының талаптарына бағынған тарихшы-зерттеуші - Жүнісбек Жұмабеков. 1920-1930 жылдардағы кеңестік аграрлық реформалардың тарихын шынайы зерттеуде сол кездегі қалыптасқан «дәстүрге» тәуелді болған тарихшының бір қарағанда өзге де кеңестік зерттеушілерден артықшылығы жоқ болып көрінгенімен еңбектерін саралап қарайтын болсақ, батыл тұжырымдарының орын алғандығы байқалады. Сондай пікірлерін талдамас бұрын тарихшының өмір жолына қысқаша тоқталып өтейік.

Жүнісбек Жұмабеков 1927 жылдың 7 қаңтарында Алматы облысы, Шелек ауданы, Малыбай ауылында дүниеге келген. Осындай қысқа қайырылған өмір баянынан кейін «Қазақ совет энциклопедиясында» тарихшының қызмет жолы айтылып кетеді. Кеңестік энциклопедияда «Ж. Жұмабеков қазақ совет тарихшысы, тарих ғылымдарының докторы (1971ж) 1946 жылдан КПСС мүшесі» деп анықтамалық сипаттағы еңбектерге тән сипаттау жазылған[1.502б]. Қызметтік мансабы баяндалған тұсында былай делінген: «1949 жылы Алматы заң институтын бітірді. 1949-1955 жылдары осы институттың маркстік-лениндік кафедрасының оқытушысы, кейін кафедра меңгерушісі, 1955-1958 жылы Семейдегі зоотехникалық-мал дәрігерлік институттың марксизм-ленинизм кафедрасының, 1958 жылдан Қазақ физкультура институтының КПСС тарихы және философия кафедрасының меңгерушісі. Осы қызметті атқара жүріп, ҚазССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің қоғамдық ғылымдар бөлімін басқарды (1966-1967). 1974 жылдан Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры» [1.502б].

Аталмыш энциклопедиядан Ж. Жұмабековтың ғылыми-зерттеу кәсібі жайындағы мәліметтер тарихшының 1954 жылы «Қазақстан партия ұйымының ауыл-деревня кедейлерінің арасындағы жұмысы (1927-1931)» деген тақырыпта кандидаттық, бұдан соң 1971 жылы «Қазақстан еңбекші шаруларын социализм құрылысына тарту ісіне КПСС-тің басшылығы» тақырыбында докторлық диссертация қорғағаны хабарланады[1.502б].

Ж. Жұмабеков «Бұқараға басшылықтың лениндік идеяларының жүзеге асырылуы» (1963), «Ұлы достықтың ұйтқысы» (1968), «Қазақстанда лениндік кооперативтік жоспарды жүзеге асыру жолындағы КПСС-тің күресі» (1968), «Лениндік жолмен социализмге»(1973) деген бірнеше көлемді монографиялардың авторы болған. Осы ғылыми шығармалары Қазақстандағы кеңестік аграрлық реформалар тарихын зерттеушілерге кеңінен танымал. Республиканың қоғамдық өмірі мен ғылымды дамытуға қосқан еңбегі еленіп, Ж. Жұмабеков «Құрмет белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Ж. Жұмабеков республикада ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру мәселелерін арнайы зерттеп, кеңестік тарих ғылымына өзіндік үлес қосты.

Қазақстанда ірі мал иелерін меншігінен айыру және тәркілеу 1920-жылдардың соңындағы әлеуметтік-саяси мәнді тарихи үдеріс бол-

ғандығы мәлім. Сталиндік-голощекиндік билік қазақ ауылын "қансорғыш қанаушылардан азат етуді" көздеп, ауқатты шаруаларды түп-тамырымен жоюды мақсат етті. Ірі мал иелерінің қожалықтарын жоюдағы большевиктік партия мен кеңес өкіметінің қатыгез, әрі қате саясаты ауыл шаруашылығында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізбеді. Кеңестік кезеңде "ірі байжартылай феодалдардың" мал-мүлкін кәмпескелеудің шынайы тарихи мазмұны ашылмады. Бүкіл дәстүрлі шаруашылық құрылымын қиратқан акция біруақыттағы революциялық-демократиялық және социалистік қайта құру ретінде сипатталды. Ғалымдар ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеудің қажеттілігін қазақ ауылындағы тап күресіне ерекше мән беру арқылы көрсетті. Ж. Жұмабеков ірі байларды тәркілеудің қажеттілігін "ауылдың еңбекші бұқарасын социалистік құрылысқа тарту жұмыстарын күшейтудегі алғышарттармен байланыстырды [2]. Алайда мұндай әлеуметтік-саяси шараның мақсаты – қазақ байларын түп-тамырымен жойып жіберу болатын. "Көшпелі шаруашылықты шебер жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі жолын меңгерген, қазақ қоғамының ең тірі және пысық тобы-байлардың көзін жоймайынша, қазақтарды дамудың басқа жолына түсіру мүмкін еместігін Голощекин жақсы түсінді"[3. -127б].

Кеңестік тарихшылар осы әкімшілік-күштеу саясатының Қазақстанда ақыры қайғылы аяқталғанын көрсете алмады. Ірі байларды тәркілеу Е.Л.Виленский, Г.Ф.Дахшлейгер мен К.Н. Нұрпейісовтың іргелі зерттеулерінен және Қазақ ССР тарихы, Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктері тәрізді ұжымдық еңбектерде социалистік құрылыс үшін жағымды үрдіс ретінде бағаланды[4]. Мәселен, Ж. Жұмабеков пікірінше тәркілеудің нәтижесінде "біріншіден, ауылдағы социалистік құрылыс жолынан кедейлер мен батырақтарды аяусыз қанаған байжартылай феодалдар ығыстырылды. Екіншіден, …кедейлер мен батырақтардың материалдық жағдайы жақсарды"[2.]. Бұл жерде автордың кедейлер мен батырақтардың материалдық жағдайы жақсарды деген тұжырымына біршама қосылуға болады. Себебі бұрын малсыз болып келген кедей - батырақтар 4-5 бастан мал алып, жағдайларын жақсартты. Ал мұнан кейін ғалым бәрі-бір басқа тарихшы зерттеушілер тәрізді орта шаруа басты тұлғаға айналды деген тұжырымға келеді. Себебі "тәркілеуден соң ауылдың әлеуметтік бейнесі былайша көрінді: кедейлер 18,2 процент, орташалар – 76,3, байлар – 5,5% болды" – деген жаттанды партиялық қағиданы айналып өтуге автор қасаң коммунистік идеологияның өмір сүріп тұрған кезінде дәрменсіз еді[2.-С.93]. Оның үстіне өзі жазып отырған ғылыми еңбектің партиялық әдебиетке жататынын жадында берік ұстаған автор ірі байларды тәркілеудің салдарынан дәстүрлі мал шаруашылығының біржола күйреуін, жергілікті кеңес ұйымдарының күштеу әрекеттерін т.б. партия саясатын әшкерелейтін өткір мәселелерге бара алмады. Сөйтіп, жеке адамға табыну және әкімшіл-әміршіл жүйе жылдары жарияланған зерттеулерде ірі мал иелерін жеке меншігінен айыру шаралары "ауылды революциялық қайта құрудағы қажеттілік", кемшіліктері "табысты нәтиже", зардаптары, дәстүрлі шаруашылық құрылымының бұзылуы "орта шаруаның басты тұлғаға айналуы" түрінде бұрмаланып, маңызы "ауыл біржола қанаушы-қанішерден құтылды" деп көрсетілді. Осыған орай айта кетерлік жайт, тоталитарлық жүйе жылдарында жарияланған еңбектерге тән "қасиет" авторлар өз ой-тұжырымдары дәлелді болу үшін қалай да партияның қаулы-қарарларымен "теңестіріліп", мәселенің көлеңкелі тұстарын айналып өтіп, күнгейін ғана жағалап кетеді. Осыдан барып шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын тұжырымдар дүниеге келіп, тарихи оқиғалар бұрмаланып, қоғамдық өмірде олардың шынайылығына күмән келді. Алайда осындай зерттеу тәсілі жалпылама үрдіске айналды. Ал шындығына келсек "ірі бай-жартылай феодалдардың" тәркіге түскен мал үлесін алған әлсіз кедей-батырақ шаруашылықтарының бірден орта шаруа қатарына қосылып кетуі мүмкін емес еді. Себебі әрбір әлсіз-кедей қожалық басына мардымсыз мал берілді. Мардымсыз мал кедей шаруашылықтардың бірден аяғынан тік тұрып, дамып кетуіне айтарлықтай ықпалын тигізе алмады. Егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу тәрізді тәркілеудің де экономикалық нәтижелері мәз емес-ті. "… байларды кәмпескелеу нәтижесінде малға қарық болып, "байимыз" деп дәмеленген көптеген батырақ пен кедей үміті ақталмады. …малға ие болған кедей-батырақтар да қожалықтарын жедел өркендетіп кете алмады. Олардың өсіп-өркендеуіне малдан басқа материалдық құрал-жабдық, қора-қопсы, қыстау, азық-түлік, жемшөп және т.б. қажет еді"[3.- 141б].

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының әлеуметтік құрылымындағы ерекшелікті, екінші жағынан тәркіге түскен бай қожалықтар санының аздығын, оның мардымды экономикалық нәтиже бермегенін Т.Омарбеков: "Ресми мәліметтер бойынша 696 кәмпескеленгеннің 669-ы өз округтерінен басқа жаққа жер аударылған. Түрмеде өлгендіктен және өлімші

ауру болғандықтан аман қалғандар бұл санға енбеген. Тағы бір назар аударатын нәрсе – көшпелі аудандарда 61 қожалықтың ғана кәмпескеленуі. Мұның өзі бұл жылдары қазақта мыңдаған малы бар ірі байлардың шамалы болғанын тағы да дәлелдей түседі. "Жартылай феодалдар" дейтіндердің барлық ауқаттылардың 19,4 проценті ғана болуы осының куәсі", - деп ашып жазды[3.- 139б].

Қазақстандағы сталиндік-голощекиндік саясаттың жалғасы қазақтың дәстүрлі шаруашылығын біржола бүлдіріп қиратқан күштеп ұжымдастыру шараларынан көрінді. Шаруа қожалықтарын күштеп ұжымдастыру әрімшіл-әкімшіл тәсілдермен жүргізіліп, бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеулерге жол берілді. Күштеп ұжымдастыру әлеуметтік-экономикалық және саяси сипатқа ие болды. Қазақ этносын құртуды көздеген этноцид саясаты – ұжымдастыру нәубетінің қасіреті аса қайғылы болып, тарихта бұрын-соңды болмаған аштыққа әкеліп соқты. Өрескел революциялық шараларды күштеп іске асыру, большевиктік өктем саясат қыспағына қарсы халықтық наразылықтар мен көтерілістер етек жайды.

Ж.Жұмабеков "колхоз құрылысындағы партиялық бағыттағы бұрмалаушылықтарды… кулактар мен байлар пайдаланып, кедейлер, орта шаруалар арасында малды колхозға кірер алдында жаппай сою үшін өз үгіттерін күшейтті", - деп көрсетеді[2. -С. 94].

Шаруларды ұжымдарға күштеп енгізу барысында дөрекі қателіктер, ұрдажық асыра сілтеулер, жаппай қорқытып, үркіту, қуғынға ұшырату дәстүрлі шаруашылықтың берекесін кетіріп, мал басының азаюына, әлеуметтік-тұрмыс жағдайларының күрт нашарлауына алып келді. Жаңа экономикалық саясат жылдары миллиондап өскен мал саны аз уақыттың ішінде азая берді. Ж. Жұма- беков "мал басының 30-35 пайызға азаюына колхоз құрылысындағы қателіктер, дайындау саясатындағы асыра сілтеулер ықпал етті", – деп жазады [2.-С.161]. Дегенмен осы тұжырымнан автордың шынайы жағдайды толық ашпағандығын аңғару қиын емес. Әйтсе де мұндай тұжырым жоғарыда аталған тарихшылар еңбектерінде, сондай-ақ осы мәселелерді Орталық Азия мен Қазақстан мысалында зерттеген Б.А.Төлепбаев еңбектерінде орын алмаған[5] Осы жағынан алғанда Ж.Жұмабековтың пікірі – тарихи шындыққа біршама жақын. Дегенмен айта кетерлік бір жайт, ұжымдастыру тарихын зерттеуші, ізденушілердің кеңес дәуірінде "байлар және олардың одақтастары колхозға қарсы малды жаппай союды арандатқан үгіт-насихат жұмыстарын үдетті" деген тұжырым түйіндемегендері кемдекем[6].

В Министерстве Сельского Хозяйства Азербайджанской Республики была проведена выставка продукций произведенных компаниями «КЛАСС» Федеративной Республики Германии и «Россельмаш» Российской Федерации. В 2000-ом году в городе Баку была проведена выставка «ИНТЕРФООД» в Кубинском районе была организована и проведена выставка сельскохозяйственной продукции, зарубежные и местные производители продемонстрировали свою продукцию(1).

В результате создания взаимных связей в 1999-ом году с Продовольственной и Сельскохозяйственной Организацией ООН (ФАО) являющейся самой влиятельной международной организацией в области сельского хозяйства, осуществление проектов, посвященных приоритетным вопросам аграрного сектора, дал огром-

ный толчок развитию сельского хозяйств в Азербайджанской Республике. Эта международная организация представила проект «Усиление сферы фитосанитарных услуг». Этот проект начал свою деятельность в республике по указу №1247 Президента Г.А.Алиева от 13-го июня 2003-го года. Целью проекта было сочетание фитосанитарии страны с положениями Международной Конвенции по Защите Растений, повышение профессионализма в области защиты и карантина (изоляции) растений. Одновременно за счет бюджета проекта (287 тысяч долларов США) для снабжения Центральной Республиканской Лаборатории лабораторными и компьютерными оборудованиями были выделены средства на сумму почти 74 тысяч долларов США(2,465). Исследования показывают, что применение международных проектов оправдало себя за короткий срок, дало высокую пользу аграрному сектору Азербайджанской Республики. Одновременно привлечение зарубежных инвестиций на регионы республики, имеющие сильную сырьевую базу, помогло преодолению нехватки на аграрном рынке.

1. Газета «Халг газети», 1 августа 2006 г(на азерб. языке).

2. Мамедов Дж. Организация материльно технического обеспечения и услуг в аграрном секторе.Баку, 2004 (на азерб. языке).

3. Ибрагимов И. Аграрные преобразования и развитие собственничества. Баку, 2005 (на азерб. языке).

4. Результаты аграрных реформ и проблемы стойкого развития. Материалы республиканской научно-практической конференции. Баку, 2006(на азерб. языке).

5. Гянджиев Г.Мировая экономика.Баку, 2001 (на азерб. языке).

6. Гянджиев Г. Международные экономические отношения: нынешнее положение и проблемы развития. Баку, «Элм», 2005(на азерб. языке).

* * *

International project has paid off in the short term, given the high benefit the agricultural sector of Azerbaijan. At the same time attracting foreign investment to the regions of the republic, with a strong resource base, has helped overcome the shortage in the agricultural market.

* * *

Ауыл шаруашылығы Азербайжан экономикасының маңызды саласы болып табылады және тұтастай алғанда ішкі өнімнің 30 пайызы осы секторға тиесілі. Мақалада Азербайжан Республикасындағы ауыл шаруашылық реформасы мен Халықаралық жобалар (1991-2008 жж.) жөнінде жазылған.

МУЗЕЙ ІСІ

Ү. Ә. Ашимова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРДІҢ ЖИНАҚТАЛУ ТАРИХЫ

Қазақ халқы, сонау ықылым замандарда өмір сүрген ата-бабаларымыз өнердің қай түрін болмасын қасиеттеп, қадірлеп, көздің қарашығындай аялап ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, сақтай білген. Содан да болса керек, ата-бабаларымыздың қандай дәуірде, қай кездерде, қандай жағдай болмасын өмір сүрген ортасының дәстүрлі тіршілік қамы жүйесінен мағлұмат беретін, сұлулық пен сезімталдыққа, әсемдікке деген көзқарасын бүгінгі күнге қаз қалпында жеткізетін өсиетіндей, өлмейтін мәңгілік алтын қазына, мәдени мұралары жетерлік. Осындай кейінгі ұрпақ үшін қасиеті мен қадірі, мәні мен мағынасы, берер тәлімі мен тәрбиесі, ұлағаты мен танымы ерекше асыл мұра – қазақтың ұлттық киімдері деуге болады. Жасыратыны жоқ, кеңес дәуірі кезеңінде сан ғасырлардан бері жалғаса жаңғырып жеткен сол қазынамыздың бетін тот басып, көнілден көмескіленіп, күнделікті өмірден аласталып, тіптен сәл-пәл санадан сызылып қала жаздағаны шындық. Енді міне, егеменді ел болып, тәуелсіз мемлекет атанып, аспанымызда көк байрағымыз желбіреп, алақанымызға төл теңгеміз түсіп, барлық мемлекеттермен тереземіз тең болып жатқан тұста ұлттық сана сезіміміз өсіп, ұмытыла бастағанымызды іздеуге мүмкіндік туып, жол ашылды. Бабаларымыздан жеткен асыл мұраны шаң басқан жерінен сілкіп, тот басқан жерінен аршып, кейінгі ұрпаққа қайтаратын күн жетті. Сондай ұлттық материалдық мәдениетіміздің бірі – қазақтың ұлттық киімдері.

Жалпы алғанда, ұлттық киім – мәдени мұра, бізге жеткен материалдық мәдениеттің жетістігі. Оны мәдени мұрамыздың ескерткіші ретінде болашақ ұрпаққа жеткізу, сақтау қажеттігін ескерсек онда қазақ киімінің озық үлгілерін барынша насихаттауымыз қажет. Біздің мәселенің бұл жағына баса назар аударып отырғанымыздың тағы бір себебі – уақыт өткен сайын ұлттық киімнің кейбір үлгілерінің ортамыздан алшақтап кетуі белең алуда. Сондықтан, жалпыға мәлім далалық экспедициялар арқылы ел арасынан оның сақталып қалған нұсқаларын жинап, информаторлардың айтқандарын жазып алу арқылы мүмкіндігінше сызбаға түсіріп, жинақтап, оны қазіргі кезеңдегі сән үлгілерінде тігіліп жатқан киім түрлеріне енгізу керек. Жалпы алғанда, мәлімет беруші информаторлардың өз әке-шешелерінен, ата-әжелерінен естігендерін есептегенде алынған киім жөніндегі мәліметтер 30-40 жылды қамтиды. Сонымен, ең тиімді деген этнографиялық әдіспен киім үлгілерін зерттеу мүмкіншілігінің өзі сайып келгенде 80-100 жылмен, яғни XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басымен шектеледі. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қорында да негізінен осы кезеңнің киімдері бар. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық Музейі – Орталық Азиядағы ең ірі музейлердің бірі. Қазіргі таңда музей қорында үш жүз мыңға жуық жәдігерлер сақталған. Солардың ішінде этнография саласы бойынша ұлттық киімдердің үлес салмағы жоғары.

Музей экспонаттарының көпшілігі республика астанасы Орынбор болып тұрған кездерде (1922-1926жж.) музейдің өз қызметкерлері жинаған. Олардың ішінде А. Четыркина мен А.Л. Мелковтың экспонаттары ерекше.

А. Четыркина экспонаттары Ақтөбе, Торғай, Амангелді аудандарын толығырақ қамтығанды, Қостанай, Батыс Қазақстан, Гурьев, Семей облыстарының кейбір аудандарына жете алған. Оның заттарының ішінде Ақтөбе губерниясы, Тұзтөбе болысы 187-ауылдан 1925 жылы жиналып тапсырылған киімдер өте құнды. Онда орта ауқаты бар бір қазақтың бойында, жеті бөлек киімі болатындығы жақсы көрсетілген. А.Л. Мелков жинағандарының ішінде әйелдердің кеудеге тағатын «өңіржиек» немесе «алқа» аталатын әшекейлері мен істелу шеберлігі жағынан қолөнердің ғажайып туындысы.

Профессор В.В Куннің Оңтүстік Қазақстан, Жетісу аймақтарынан жинаған киімдері мен музейдің ғылыми қызметкері Омаров Әшімнің 1930 жылы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Асы өзенінің алқабынан жинаған жүзден астам заттары (киімдері) көңіл бөлерлік еңбек [1,9-10]. Онда бір ғана Қызылбөрік руына тән киім кешектердің 29 түрі бар. В.В. Кун жина-

ғандардың ішінде 82 жастағы шалдың жейде көйлегімен келте шапаны, сал шапандары көне заман мұраларына жататын 1870 жылға тән заттар бар [2,3-4].

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің киім – кешектер коллекциясының қалыптасу тарихын шартты түрде «орынбор» және «алматы» кезеңдеріне бөлуге болады. Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, «орынбор» кезеңінде жинақталған киім – кешектер саны небәрі 8 бірлікті құраған екен. Қалғаны, яғни 363 бірлігі «алматы» кезеңінде жинақталды. Бұл жайт жас қазақ республикасының XX ғасырда алғашқы астанасы болған Орынбор қаласынан астаналық мәртебенің әуелі Қызылордаға, кейін Алматы қаласына берілуімен байланысты. Алайда, ғылыми-танымдық жағынан да, мәдени-тарихи тұрғыдан да тағылымы таусылмайтын осындай құндылықтардың, тіпті еліміздің ең ірі музейі болып табылатын Орталық музейде де соншалықты аз мөлшері мәдениет пен тарихтың кез келген жанашырын таң қалдырары ғажап емес. Мұндай ахуал еліміздің барлық музейлерінде де кездеседі. Осы жолдың авторының есебінше, еліміздегі және шет елдегі (Ресей, Лондон, ішінара неміс) музейлерде сақталған қазақтың байырғы киім кешектерінің барлық түрлері мен типтерінің ұзын саны небәрі 450-530 бірліктен аспайды екен. Бұл көңіл құлазытар жайтты екі фактормен түсіндіруге болады. Біріншіден, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары Ресей империясының әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси-идеологиялық тегеурінді ықпалына түскен қазақтар енді фабрикалық киімдерді тұтынды. Нәтижесінде, әсіресе, күнделікті тұрмыстық қолданыстағы киімнің түрлері жаппай тұтыныстан ығыстырыла бастады. Екіншіден, көз көрген «кәріқұлақ» қариялардың айтуына қарағанда, XX ғасырдың 20-30 жылдары «қызыл қырғын» науқаны кезеңінде, әсіресе, атышулы 1928 жылғы «ірі бай феодалдардың шаруашылығы мен мүлкін кәмпескелеу» деп аталатын қанқасап шаралар кезеңінде «ескінің көзі» ретінде мәпелеп сақталынып келген нелер бір киімнің асыл (сән-салтанаттық, ғұрыптық, аңшылық, жекелеген кәсіби т.б.) түрлері «қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің артта қалған, қараңғы кезеңінің» ескерткіштері мен символдары ретінде аяусыз жойылды [3,8].

Осы жерде айта кететін бір жайт, Ресей этнографиялық музейінде адамдардың жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарай топтастырылған қазақ ұлттық киімдерінің 400 бірлігі бар екен [4,127].

Отан соғысы жылдары экспонаттарды жинау біраз тоқырап қалса да 1947 жылғы экспедиция Семей облысы Абай ауданындағы Арғын руына тән бірсыпыра киім үлгілері мен қолөнер шеберлері жасаған заттарды жинап қайтты. Одан кейінгі жылдарда қазақтың ұлттық өнері мен мәдениетіне, сән, салтына, дәстүріне құмарлық арта түсті. 1957 жылы Қазақ ССР Орталық музейі республика аудандарын қамтыған алты экспедиция ұйымдастырды. Соның нәтижесінде музей экспонаты қазақтың XX ғасырдағы қолөнері мен киімдерін көрсете алатын 600ден астам жаңа заттармен толықты. Осы кезеңдерде, атап айтсақ, 1960, 1988-1989 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің этнографиялық экспедициясының Қызылорда облысына жүргізілген зерттеуі мен халық арасынан материалдық мәдениет ескерткіштері мен жәдігерлерін жинау ісі сәтті болды. Қызылорданың әр облысына жасалған экспедиция негізінде көне тарихтың сырын шертер мәдениет элементтері жинақталып, музейдің киім қорындағы жәдігерлер санын арттырды.

1970, 1979 жылдары музейдің этнографиялық экспедициясы Алматы облысының Кеген, Нарынқол өңірінде, 1975 жылы Талдықорған өңіріндегі халық арасынан қазақтың дәстүрлі ұлттық киімдерінің, әсіресе қазақ ұлттық бас киімдерінің тамаша үлгілерін жинап қайтты. 1971 жылғы Шығыс Қазақстан өңіріне жасалған экспедицияның маңыздылығы өз алдына бір төбе. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық Музейі 1986 жылы Батыс Қазақстанның Орал аймағына, 1987 жылы Түркіменстан ССР-не этнографиялық экспедиция жасады, нәтижесінде Түркіменстан қазақтары арасынан көне ұлттық және тұрмыстық киім үлгілерін жинап қайтты. Осылайша әр жылдары болып отыратын этнографиялық материалдар жинау мақсатындағы кезекті бір экспедиция 2009 жылы Қытай Халық Республикасының Шыңжаң автономиялық облысында болып, қазақ киімдерінің бірнеше үлгілерін алып қайтты.

Бар өмірін ат үстінде, көлік үстінде өткізген көшпелілер құлазыған кең даланың үскірік аязы мен аптап ыстығына, аңызақ желіне қамсау болар ұлттық киімдердің түр түрін ойлап тапқан. Олардың үлгілеріде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық Музейі қорында сақтаулы тұр.

Өзінің негізін XIX ғасырдың 30-жылдарынан алатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі жинақтамасында қазақтың ұлттық киімдерінің тамаша үлгілері

сақталған. Онда халықтың талай дара тұлғалары, батырлары, ақындары – атап айтқанда – Баймұхамед Айшуақ, Ш. Уәлиханов, Қажымұқан Мұңайтпасов, Иса Шорманов, Сондай ақ Мұқан Төлебаев, Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Роза Бағланова, биші Шара Жиенқұлова сияқты өнер тарландарының сахналық киімдері жинақталған. Солардың біразының музей қорында жинақталу тарихына тоқталып өтсек,

Бөкей Ордасының соңғы ханы Жәңгірдің жұбайы Бәтима тоташтың алтын жіппен зерленген бешпенті [5] жинақтамаға ерекше сән беріп тұрғаны мәлім. Оны Бәтиманың немере қызы Тевкелева Гүлсім Шейх Әлиге мұраға қалдырған. Онан бешпентті Қырғыз (Қазақ) Республикасының өкілдігінің хатшысы сатып алып, музей Орынбордан Алматыға көшпей тұрғанда, яғни 1923 жылы музей қорына өткізген [6,4].

Мұражайдағы Ш.Уәлихановтың кіші қарындасы Тәжібай киген, аққудың мамығын салған шапаны [7] музей экспонаттары арасындағы топтамадан ерекше назарға ілігеді. Шапанның сыртын ақшыл сары түсті берен барқытпен қаптап тіккен. Бұл шапан XIXғ. басында тігілген екен. Оны Шоқанның жиені Ричард Иманұлы Әкімбеков(1909 ж.т.) тапсырыпты [8, 25].

Ұлттық киімнің негізгі құрамдас бөлігі ретінде бас киім аса мәнді, сәнді де ерекше көрінеді. Олай дейтін себебіміз бас киім басқа киімдердің ішінде ұлттық ерекшелікті айқын білдіріп тұратын элемент. Осындай құндылықты көрсететін ерлер бас киімінің бірі XIX ғасырдың екінші жартысына тән түйе жүні мен құндыз терісінен жасалған бөрік [9]. Мәлімет берушілердің (Ыдырыс Уәлиханов, Арыш Шәкішев, Рафий Күшіковтың) дерегі бойынша бөрік қазақ этнографиясының негізін салушы Шоқан Уәлихановтікі. Ол дүниеден озғаннан кейін киімдерін туыстарына таратқан кезде Шоқанның қарындасы, асылдың сынығы Уәлиханова Бадығұлға берілген. Ал музейге 1958 жылы Уәлиханов Ыдырыстан түскен.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қорындағы келесі бір жәдігер әйгілі балуан Қажымұқан Мұңайтпасовқа тиеселі тымақ [10]. Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылының тұрғыны Зәбира Құлымбетованың айтуынша бұл тымақты оның ата-анасы Қажымұқаннан қалап алған екен. Ал музей қорына 1994 жылы қазақ тарихы мен этнографиясын зерттеуге қомақты үлес қосқан, белгілі этнограф Өзбекәлі Жәнібеков өткізген.

Ғасырлар бойына қалыптасқан ұлттық киімдер арасында бешпенттің (кей өңірлерде *бешпет* деп те айтады – Ү.А.) орны бөлек. Олай деуіміздің себебі, бешпент қазақ халқы үшін әмбебап киім. Оны ер адамдар, сол сияқты әйелдер де киеді. Музей қорындағы оның үлгісінің бірі Қазақ КСР халық әртісі Ш. Жиенқұлованың сахналық бешпенті [11], 1985 жылы мұрагерінен алынған. Сонымен қатар Қазақ КСР халық әртісі Жамал Омарованың тысы күрең қызыл матадан, қызыл түсті жібектен тігілген, бел тұсын сәл қынамалап, өңірін, етегін, қолтық ойындысын айналдыра зертаспа басылған, алдыңғы өңірінің екі шетіне ширатпа зермен көгеріс өрнек кестеленіп, моншақтар қадалған сәндік камзолы 1974 жылы алынған. Орыс үкіметіне сіңірген еңбегі үшін Иса Шормановқа сыйға тартылған шапан [12] 1855 жылға тән. Шапан 1957 жылы Қарағанды қаласының тұрғыны Қ. Көшекеевтен алынған. Сол сияқты қазақтың белгілі композиторы Мұқан Төлебаевтың трапеция пошымды, жеңінің шынтақ тұсына қиық салынған, өңірі, етегі мен жеңінің аузын айналдыра қошқар мүйіз оюымен кестелеп қызыл барқыттан тігіп, жиектерін қоян терісімен жұрындаған шапаны [13] 1960 жылы Төлебаева Дариға Ғазизқызынан алынған екен. Байқап отырғанымыздай музей қорына келіп түсетін әр киімнің өз тарихы бар. Біз олардың кейбіріне ғана қысқаша тоқталдық.

Жалпы алғанда, қазақ халқының ұлттық киімдерінің көптеген түрлері өзінің әрі әсемдігімен, әрі ыңғайлылығымен замана белестерінен асып, күні бүгінге дейін пайдаланудан қалмай келеді. Оны біз сахналық киімдерден, сән үйлері тіккен киімдерге салған қазақы элементтерден көреміз. Қазақтардың ұлттық киімдері көшпелі өмірдің тынымсыз тіршілігіне, ауа-райының – үскірік аяз, аптап ыстық, ұйытқыған жел сияқты құбылмалы өзгерістеріне лайықталып тігілген. Олар мықты да ыңғайлы, қарапайым да сәнді болып келеді.

Сондықтан да қазақша киімді егжей-тегжейіне дейін жете білетін ұрпақ – оны киген және түсіне білген соңғы адамдар ауыспай тұрғанда жоспарлы түрде кең көлемді далалық экспедициялар ұйымдастырып, әлі де болса кездесетін ұлттық киім нұсқаларын жинай беруді ел аузындағы мәліметтерді жазып алумен қатар жүргізе берген жөн. Ал музей қорына келсек, ондағы қазақтың дәстүрлі киімдерінің негізгі материалдары – мата, аң терілері, былғары, жұқа киіз сақтай білмесе бірте-бірте бұзыла беретіндігі айқын. Осы себептен оларды «ескірмей» тұрғанда мұқият зерттеп, өңі тоза бастағандарын қайта қалпына келтіріп, арнайы

альбомдар, буклеттер, каталогтар шығару игі мақсатқа қосылған үлкен үлес болар еді. Бұл салада ғылыми-көпшілік тақырыптармен деректі фильмдер шығарудың, теледидар хабарларын, баспасөз беттерінде арнайы мақалалар ұйымдастырудың маңызы өте зор. Осындай игі бастамалардың бірі 2004 жылдан бастап жүзеге асырыла бастаған «Мәдени мұра» Ұлттық Стратегиялық бағдарламасы халық тарихы, мәдениетті дамыту мәселелеріне мемлекеттің басты назар бөлгендігінің бір айғағы болып табылады.

Қазақы дәстүрлі мәдениетті қастерлеу әрі құрмет тұту елдің есейгенін, оның өскелең өмірін танытады. Оның қазақтану ісінде де, халқымыздың мәдени-тарихи өмірінде де елеулі орын алатыны даусыз. Жалпы қазақ халқының ұлттық нақыштағы киім үлгілерінің сәнділігі халық қолөнерінің жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді. Өйткені қазақ киім-кешегі ұрпақтан-ұрпаққа алмасып келе жатқан, елдің ғасырлар бойы қалыптасқан сезімталдық талғамын, сәндікке, үйлесім бірлігіне, көркемдікке ұмтылған жасампаздығы мен шығармашылығының жетістіктерін бойына сіңіре білген.

Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениетінің бір бөлшегі ұлттық киімдеріміз, олардағы нақыш, бедерлерді жаңғырту, насихаттау жаһандану заманы тұсында жас ұрпақты ұлттық мәдениетін қастерлеуге, өткеннен сабақ алуға ықпал жасары сөзсіз.

1. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда XIX- начало XX века. - Алма-Ата: Наука, 1964.- 176 с.

2. Қазақтың ұлттық киімдері. – Алматы: 1976.

3. Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі (иллюстрацияланған ғылыми каталог). ҚР МОМ этнографиялық коллекциясы сериясы. Т.1. / Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н. Әлімбай. Алматы, 2009.- 343 с.

Попова Л.Ф. Коллекция казахской одежды в собрании РЭМ // Лавровские (среднеазиатско-кавказские) чтения 2002-2003 гг.: Тезисы докладов / Отв. Редактор В.П. Курылев. СПБ.: МАЭ РАН, 2003. 152 с.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі, КП 3695.

5. Есмаханов А. Қазақтың ұлттық киімдері. Алматы, 1998.

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі (КП 13950).

7. Әйткенқызы Б. Ұлттық сырт киімдер // Парасат,2 ақпан. 1998ж.

8. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі, КП 9427.

9. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі, КП 25208.

10. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі, КП 20291.

11. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі КП 9245.

12. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі КП 9745.

* * *

В статье рассматривается история комплектования национальной одежды в фондах ЦГМ РК.

Исследователь, описывая одежды хранящиеся в фонде музея, обращает внимание на их комплектование и хранение.

* * *

In the article examines the history acquisition of national clothes in the CSM funds of RK.

The researcher describing clothes stored in museum fund draws attention to their acquisition and storage.

Ж. К. Кеңесов

ШОҚАН САЛҒАН СУРЕТТЕГІ САРТАЙ ПОРТРЕТІ ТУРАЛЫ

Шоқан Уәлихановтың бейнелеу өнері саласындағы мұралары оның қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі екендігін танытқан. Шоқан Уәлихановтан 150 шақты сурет қалғаны, ол көбінесе қарындаш, акварель, майлы бояумен, ал, кейде туш, қалам, сиямен жұмыс істегені айтылып та, жазылып та жүр. Оның қолынан шыққан суреттер XIX-ғасырдың 60-жылдарында «Всемирная иллюстрация», «Искра» және тағы басқа басылымдарда жарық көрген (1, 604).

Сонымен қатар Шоқанның тастағы жазуларды, суреттерді және кейбір суреттерді қайта көшіріп салған (1,604).

Осы мақалада қарастырылатын мәселе - 1856-жылы Шоқан Уәлиханов салған «Сартайдың портреті». Бұл сурет қазақ мәдениеті энциклопедиялық анықтамалығында басылған (1, 604). Портретте қолындағы кездікпен садақ оғын жонып отырған жасы 30- ға таяу батырдың бейнесі бейнеленген.

1726-жылы XVIII-ғасырдың басындағы қазақ-жоңғар соғысына мың баладан жасақ ұйымдастырып, қол бастаған Сартай батыр Байжанұлы туралы ізденіс барысында осы фактіге ерекше көңіл аударуға төмендегі ауызша айтылған мәлімет себеп болды. Оны айтқан Сар-

тай батыр туралы ақын Нұрмағамбет Қосжанұлына «Сартай батыр» дастанын жаздыруға тапсырыс беруші Томанұлы Жетпіске ақылкеңес беруші қарт Орынбет ақсақал. Ол: «1935-жылдары Томанұлы Жетпіс Сартайдың суретін, бұрын жазылған өлең үзінділерін, жер аттары мен кісі аттары жазылған қағаздарын берді» - деген еді. Ол не сурет екенін ешкім білмейді, өйткені жазылған дастанның өзі толық нұсқасы сақталмай, қызыл саясаттың қаһарынан қорыққан ел жерге көміп, соңы жоғалған дейді ел ішіндегілер.

Сартай бидің алты баласынан өрбіген кейінгі ұрпақтарының үйінде өткен XX-шы ғасырдың 60-жылдарынан бастап Шоқан Уәлиханов салған портреттің көшірмесін ілу дәстүрге айналған. Ш.Уәлиханов 1835- жылы туып, 1865-жылы қайтыс болған және кіші жүз өңірінде болды деген мәлімет те жоқ. Ал, Сартай батыр Байжанұлы 1711-жылы туып, 1818-жылы қайтыс болған дейді көне көз қариялар. Ұлы және Орта жүзде аты алты алашқа танылған Сартай есімді аттас батыр не би болмаған. Бұл мәлімет екі жүздің осы уақытқа дейін жарияланған шежіре нұсқаларын қарастырып шыққаннан кейін анықталып отыр.

Кіші жүзде Шөмекей аталығының Бозғұлынан тарайтын Балқыдан Құлжаманұлы Сартаи би XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген. Кезінде кіші жүзге аты мәлім би болған. Бұл екі би де Шоқан Уәлихановтан бір – екі ғасыр бұрын жасаған, кездеспеген деп нақты айтуға болады.

Сонда Шоқан Уәлихановтың салған суретінде кім бейнеленген, ол қай Сартай? Бұл мақаланың жазылу себептерінің ең бастысы – осы суреттің шығу тарихын анықтауға суретшілер мен тарих ғылымының ғалымдарының назарын аудару.

Тарихқа назар аударсақ саяхатшылар Арал теңізін әруақытта картаға түсірген, бірақ олардың көбісі бұл күнге жеткен жоқ, сақталмаған. Мысалы: 1558-жылғы ағылшын А.Дженкистон, 1664-жылы Голландиялық Николай Витсен, 1723-жылы Далилия, 1734-жылы Крылов, 1741-жылы Муровин картаға түсірген. 1714-жылы I Петрдің жарлығына сәйкес Бекович Черкаский экспедициясы сәтсіздікке ұшырауына байланысты, 1737-жылы екінші рет Кирилов басқарған экспедиция жіберіледі (2, 19). Ал, 1736 жылы Джон Кэстль Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапарында, ханның және оның әйелі Бопай ханыммен кіші баласы Әділдің портреттерін және тағы басқа суреттер салған. Осы күні көріп жүрген Әбілқайырдың портреті сол Джон Кэстльдің салған портретінің 1784 жылғы литографиясы (3, 209). Осы сапарында Джон Кэстль Сартай батырмен кездесуі әбден мүмкін. Себебі, ол сол еңбегінде: «Менің құрметіме арналған қонақасыға қатысқан билердің саны бес жүз болды» – деп көрсеткен (4, 30). Бұл қонақасыға жоңғармен болған 1726-1730-шы жылдар арасындағы «Бұланты», «Аңырақай» шайқастарында ерекше көзге түсіп ел құрметіне ие болып, батыр атанған Сартай бидің қатыспауы мүмкін емес.

Сонымен қатар Джон Кэстль Ресейге қайтар сапарында башқұрттарда тұтқынға түсіп қамауда отырған Байжан би мен жас қазақ жігітін босаттырғанын жазған (4. 29). Байжан би Сартай батырдың туған әкесі. Сол сапарында Әбілқайыр ханға келген Джон Кэстльге Сартай батырдың жолығып, әкесін башқұрттардың тұтқынынан босатуын өтінуі мүмкін. Сартай батыр тұтқындағы әкесін қол жинап соғыс салу арқылы босату дұрыс емес деп шешкен, әрі атасы Таймас батырға қарсы шығып соғысқысы келмеген. Сондай-ақ Джон Кэстль өзінің еңбегінде кездескен алты қазақ билерінің атын атап жазған (4, 28). Оның ішінде Сартай батырдың атының аталмауы, екеуінің арасындағы құпияның ашылуынан сақтық жасағаны деп ойлаймын. Сартай батырдың суретін салып, оны өз атынан жариялатпауының себебі де осында болса керек.

Сартай батырдың суретін Джон Кэстль салған деп тоқтам жасауыма тағы да бір себеп; Сартай жиырма жасынан билікке араласып, орыс үкіметінің назарына іліккен. Әсіресе Сартайдың орыс елшісі А.И. Тевкелевтен Байғара батырдың құнын даулап, елшілікке өзінің шарты бойынша өндіртуі оның тегін адам еместігін көрсеткен. Сондықтан орыс үкіметі Джон Кэстльге Сартай батырдың суретін құпия түрде салуды міндеттеуі мүмкін.

Өткен жылдың «Егемен Қазақстан» газетінің 27-қазан, 11-қараша айларында жарияланған Көшім Есмағамбетовтың «Шоқан дүниетанымы», «Жарық жұлдыз» мақалалары менің «Шоқан салған суреттегі Сартай кім?» деген ізденісіме тағы да қайта оралуыма итермеледі. Мысалы осы мақаладағы төмендегі деректер Шоқан Уәлихановтың Джон Кэстль еңбектерімен де танысуы мүмкін ғой деген ойға келуіме жетелейді. Себебі осы екі мақалада төмендегі деректер келтірілген.

Американдық ғалым Томас Виннер Шоқан Уәлихановтың орыс әдебиеті мен философиясы ғана емес, ағылшын жазушыларының, трихшылары мен философтарының туындыларымен танысқандығын жазған. Кейінгі зерттеу нәти-

желері көрсеткеніндей, Ш. Уәлиханов француз, неміс, ағылшын тілдерін білген, осы елдің ғалымдарының еңбегін түпнұсқадан оқығандығы туралы пікір айтылған. Петербордан Парижге барып, сол елдердің жай-күйімен, мәдениетімен танысқандығы анықталып отыр (5, 5). Мүмкін, Шоқан Сартайдың портретін Джон Кэстльдің мұрағатынан алып қайта жаңғыртып салған болар.

1768-1769 және 1770-1774-жылдары Арал өңірін И.Г.Георги, П.С.Палас және Фалька зерттеп, құнды деректер қалдырған. 1731-жылы Әбілқайыр ханның шақыртуымен келген орыс елшісі А.И.Тевкелев және тағы басқа қаншама патшалық Ресейдің Хиуа, Бухараға жіберген елшілері Арал өңірінде болған. Бұл зерттеулердің барлығы белгілі мақсатты ұстанды, теңіздің байлығын пайдалану, Шығыс және Орта Азия мемлекеттеріне барудың жолын іздеу. Бұлар да жүрген жерлерін, қазақтың атақты байларын, би-батырларын, сұлтандарды, хандарды суретке салуымен қатар, олардың көшіп – қонатын қоныстарын, су ішетін құдықтарын, таза су көздерін картаға түсірген. Ондағы мақсаттары; отарлау саясатын жүзеге асыруға кедергі келтіретіндей болса, қазақтың біртуар азаматтарының көзін, тіпті қазақтың өзін жою болған. Сол кезде орыс елшілерінің және теңізді зерттеуге жіберілген экспедиция құрамында тонограф, суретшілер болғаны ақиқат. 1848-жылы зерттеуші-саяхатшы, контрадмирал А.И.Бутаков басқарған экспедиция құрамында украин халқының ұлы ақыны Т.Г.Шевченконың болғанын барша ел біледі. Арал теңізінің жағалауында 2 жыл, жалпы Қазақстанда 10 жыл айдауда болып, өмір сүрген бір Т.Г.Шевченкодан 450 сурет қалған екен (2, 21). Ал, одан бұрынғы және кейінгі саяхатшылар арасындағы суретшілер Райым бекінісінен 40 шақырым жердегі Ақшатауда тұрған Сартай батырды суретке салмауы мүмкін емес деп ойлаймын.

1580-жылдан бермен қарай Ресей саяхатшыларының Орта Азияны қалай жаулауды жоспарлы түрде жобалауының нәтижесі 1846-жылға дейін жалғасқан. 1846-жылы капитан Шульц Бұхарадан шығып, Аманөткел, Тасбөгет арқылы Арал теңізінің жағалауын бойлап, көне ноғай жолымен жүріп отырып Ресейге жеткен. Үш ғасырға жуық зерттеудің қорытындысы Орта Азияға, Өзбекстанға, Индияға өтудің ең қысқа жолы Райым бекінісі екенін нақтылаған. Ақыры 1847-жылы маусым айының 30-күні Орынбор әскери губернаторы, инфантерия генералы Обручевтің бастауымен жорыққа шыққан қалың қол Арал теңізінен 60 шақырым жердегі үлкен бір төбеге табан тіреп, Райым фортын салған. Орыстар Райымды жаулап алғанда ешқандай қантөгіс болмаған (2, 24). Міне, осы стратегиялық маңызы бар Райым фортын орыстардың салуына, сол арқылы Орта Азияны бағындыру ниетіне қарсы болған Сартай батыр көзінің тірісінде оған мүмкіншілік бермеген. Сонымен қатар өзбек хандарының да осы көне ноғай жолы арқылы кіші жүздің Әлім аталығы, қалың шектілер жайлап отырған елге шабуыл жасауына тосқауыл бола білген. Олар өздерінің дегендеріне шектінің төбе биі Сартай батыр қайтыс болғасын, 30 жылдан кейін барып қол жеткізген. Он бесінде қол бастаған Сартай батырдың атағы алысқа кеткен, әрі Ш.Уәлихановтың бабасы Абылай ханның шақыртуымен Орта жүз жерін қалмақ-жоңғардан азат ету үшін бірнеше рет шекті қолын басқарып барған. Ол кездегі үлкендердің әңгімесіне қанық Шоқан Сартай батырдың суретін өзі жетілдіріп, қайта салып жорналға жариялатуы мүмкін деп ойлаймын.Осы портрет жөнінде кімнің қандай пікірі болса, редакцияға хабарласса, не болмаса пікірін баспасөз бетіне жарияласа, қарастырып отырған мәселеміз анықтала түсетін еді.

Осы мақала мазмұны баспасөз бетінде - 06.06.2009-жылы «Орталық Қазақстан», ал, 10.06.2009-жылы «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарық көрді. Өкінішке орай оқырмандардан, тарихшылардан, суретшілерден ешқандай пікір болмады. Шоқан Уәлиханов салған портреттегі «Сартай батыр» құпия күйінде қалды.

Дегенмен, мен осы суретке қатысты өз пікірімді білдіре кеткенді жөн көріп отырмын. Арал өңірінің үлкен кісілері күні кешеге дейін арасына түйенің жүнін салып, сырған шапан кигенін, суреттегі Сартай батырдың үстіндегі шапаны соған ұқсас екенін байқауға болады. Сондай-ақ көнекөз қарттар: «Сартай батыр қажетті қару-жарақтарын өзі дайындап алатын» - деген әңгімелеріне қарағанда, суреттегі кездікпен садақ оғын жонып отырған Сартайдың «Мың бала жасағын» басқарған Сартай батыр екеніне еш шүбә жоқ, - деп ой түйіндеуге болады.

Соғысқа қажетті қарулар – жақ, жебе, сүңгі тағы басқа қару түрлерін жасап, оқтарын дайындау жұмыстары бабамыздың өз қолынан өтеді екен. Сондай-ақ шекті елінде бұл атадан балаға мирас болған өнер.

---

1. Қазақ мәдениеті энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2005ж., Аруна баспасы, барлығы 715 бет.
2. А. Қылышбаев, Б. Қодаманов. «Арал». Алматы, Халықаралық «Дала» журналының кітапханасы, 2003ж., 336 бет.

3. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. III том. Алматы. «Дайк-Пресс», 2005г., барлығы 480 бет.

4. Джон Кэстль. «1736-жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы». Алматы. 1994ж., барлығы 72 бет.

5. К. Есмағамбетов. «Шоқан дүниетанымы», «Жарық жұлдыз». Егемен Қазақстан газеті, 27.10.2010ж., 5 бет. 11.11.2010ж., 5 бет.

* * *

В этой статье автор, опираясь на письменные исторические факты, ставит перед собой задачу доказать, что изображенный на портрете Сартая, написанном Шоканом Уалихановым изображен именно Сартай Байжанулы, который, в начале XVIII века организовал и возглавил войско «Мын бала».

* * *

In this article the author, leaning against written historic facts, puts before himself a problem to proce, that represented on portrait Sartaya written Shokanom Ualihanovym represented Sartay Bayzhanuly which in beginning of a century has organised and has headed an army ‘‘Мың бала’’ (‘‘Thousand children’’)

МАГИСТРЛІК ЗЕРТТЕУЛЕР

С. Б. Мұсабаев

XV ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XVI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Қазақ халқының объективті тарихының жазылуы - тәуелсіз мемлекет болып құрылуымыздың басты міндеттерінің бірі. Сөз жоқ, Қазақстан тарихын жазу 1990 жылдың соңынан бастап жаңа арнаға түсті. Бұрын тарихи зерттеулерде айтылмай жүрген тақырыптарға егеменді еліміздің тарихшылары батыл бара отырып, қазақ тарихының көлеңкелі тұстарын ашуға ұмтылуда. Әлі де болса, ғалымдар тарапынан сұранысқа ие болып, талас тудырып отырған мәселелердің бірі–қазақ хандығы және оның түрлі кезеңдегі хандар саясаты.

Қазақ халқының мемлекеттілігі мен қазақ хандарының жүргізген саясатының тарихын тұтас зерделеуде Қазақ хандығының құрылуы нәтижесінде ел билеушілерінің жүргізген сыртқы саясаты мәселесін зерттеу үлкен орын алмақ. Рас, тамыры тереңге тартқан қаймана қазақ тарихында кешегі және бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отырған тақырыптар мен оқиғалар жетерлік. Мойындау керек, бұл тұста атқарылып жатқан жұмыстар мен зерттеулер де баршылық. Солай бола тұрса да, қазақ елі сан жылдар бойы аңсаған мемлекеттік егемендігіне жетіп, тәуелсіз ел болып қалыптаса бастағанына біраз жылдар өтсе де, әлі де зерттелуі тиіс мәселелердің бірі – қазақ хандарының XV ғасырдың соңы мен XVI ғасыр басындағы сыртқы саясаты.

Қазақ хандығының XV ғасырдың аяғындағы сыртқы саяси жағдайы бірнеше күрделі мәселелермен тығыз байланысты. Себебі, XV ғасырдың орта шенінде Қозыбасы аймағында пайда болған Қазақ хандығының дамуында егемендікті қалыптастыру бағыты қалыптасты. Сыртқы саяси жағдай хандардың ұстанған ішкі саясатымен тікелей байланысты болды. Дегенмен, біз қарастырып отырған кезеңдегі билік басындағы хандардың сыртқы саясаты кей мәселелерде бір негізде болды. Атап айтар, болсақ Моғолстан жерінде пайда болған жас мемлекет басшыларының сыртқы саясаты территорияның кеңдігі мәселесінде көп жағдайда бір арнаға тоғысты.

Жалпы, қазақ хандарыың XV ғасырдың соңы мен XVI ғасыр басындағы сыртқы саясаты мәселесі негізінен Бұрындық пен Қасым ханның қоғамдық-саяси қызметімен тығыз байланысты.

Бұрындық хан-Керей ханның үш ұлының бірі. Бұрындықтың қашан дүниеге келгені белгісіз. Орта ғасырлардағы жазба деректердің үзік-үзік мәліметтеріне сүйене отырып, Бұрындық ханның XV ғасырдың соңғы кезеңіндегі қоғамдық-саяси қызметін саралауға болады.

Бұрындық ханның егеменді мемлекеттің тарихында көріне бастаған тұсы – XV ғасырдың 70-90 жылдары болды. Бұл жылдар қазақ хандығы үшін жас мемлекет ретінде қалыптасу мен дамуды және қазақ халқының этникалық территорияны қалпына келтіру жолындағы күрес кезеңі еді. Дәуірдегі ең басты оқиғаға көрсетілген жылдар ішіндегі Қазақ хандығының Сыр өңірі үшін Мауреннахрлық билеушілерімен, шайбанилық сұлтандармен және Моғолстан хандарымен жүргізген ұрыстары жатты. Бұрындық ханның өмірі Қазақ хандығы тарихының алғашқы дәуірімен тығыз байланысты. Сондықтан да хандық тарихындағы ірі оқиғалар мен дамулар оның өміріндегі белестер болып есептеледі. Бұрындық ханның сыртқы саясатын баяндайтын деректердің өте аздығына қарамастан Бұрындық ханның сыртқы саясаттағы бірнеше негізгі қадамдарын атап көрсетуге болады. Шамамен XV ғасырдың 70 жылдарда билікке келіп, Қазақ хандығы егемендігін нығайтуға тырысқан Бұрындық ханның осы жолдағы атқарған рөлін жоғары бағалауға болады. 1472-1473 жылдардан XV ғасырдың 90 жылдарының ортасына дейін, қазақ хандығының батыс-
та ноғай мырзаларымен және оңтүстікте Сыр бойы қалалары мен өңірлері үшін күрестегі Бұрындық ханның атқарған қызметі Қазақ хандығы үшін аса маңызды болды [1. 23-35бб].

Сыр бойындағы қалалар үшін болған күрес-Бұрындық ханның билігі тұсына сай келіп, оның сыртқы саясатының негізін құраған. Оның қазақ тарихында алатын рөлі де осы Сыр бойы үшін күресте көрінеді. Сыр бойы үшін жүргізілген күрестің себебі, аймақтың біртұтас шаруашылық, мәдени, этникалық, діни және тілдік мәселелерінің бір бағытта болуында еді. Бұл жағдай

барлық көршілес мемлекеттерді қызықтырды. Ал, қазақ билеушісі Бұрындық ханның осы аймақ үшін күресінің басталуына түрткі болған оқиға-Әбілқайыр ханның немересі Мұхамед Шайбани ханның Мауреннахрдың қол астындағы Түркістан аймағына келіп бекінуі болды. Осы жылдары өзара феодалдық соғыстарды бастан өткеріп жатқан Мауреннахр билеушілерінде Түркістан аймағын қорғайтындай күш жоқ болатын. Сондықтан оларға Қазақ хандығының негізгі жауы – шайбанилық сұлтандарды қазақтарға қарсы қою өте тиімді еді.

Қазақ хандығы Мауреннахр билеушілерінің бұл әрекетіне бірден қарсы шығады. Қыс мезгіліне қарамастан Бұрындық хан бастаған қазақ әскерлері Мұхаммед Шайбани хан бекінген Сығанақ, Сауран және Созақ өңірлерінде ұрысқа түседі. Бірнеше рет болған ұрыстарда жеңілген Шайбани хан қашуға мәжбүр болады. Аймақтың басқа да өңірлерінен айырылу қаупін сезген аймақтың әкімі Мұхаммед Мазид-тархан Шайбани ханды Самарқанға кетуге көндіреді. Осылайша күрестің алғашқы кезеңі Қазақ хандығы үшін сәтті басталып, аймақтың солтүстік өңірлері Қазақ хандығына өтеді [2. www.kazref.com].

XV ғасырдың 90-жылдарында қазақ сұлтандары арасында өзара қайшылықтар туа бастайды. Ал, қайшылықтың тууына себеп болған жағдай, қазақ сұлтандарының елдегі басым бағыттарға ие болу әрекеті еді. Әрине, ішкі саясаттың салқындығы сыртқы саясаттың тиімді жүргізілуіне де өз салқындығын тигізеді. Оның негізгі көрінісі ретінде Сыр бойы қалалары үшін болған XV ғасырдың аяғындағы шайқастарды айтсақ болады. Осы уақыттағы Түркістан аймағы үшін болған ұрыстар қиын да ауыр, ұзақ болады. Шайбани хан бірде Моғол ханы жағына, бірде Мәуреннахрлық билеушілер жағына шығып, өз бағытын өзгертіп отырады. Тіпті ол негізгі қарсыласы – Бұрындық ханмен де жақындасуға ұмтылады. Жоғарыда айтқан қазақ сұлтандары арасындағы қайшылық-Бұрындықты Шайбани ханмен одақтас еткізеді. Сөйтіп, 1496 жылы талай жылға созылған ұзақ ұрыстардан соң соғысушы жақтар келісімге келеді. Келісімнің қорытындысы бойынша Түркістан аймағы үшке бөлініп, оның солтүстігінде қазақ хандығы, оңтүстігінде Моғолстан, орталығында Шайбани хан билік жүргізуге тиіс болады.

Бұрындық ханның мұндай әрекетіне қарсы болған Жәнібек ханның ұрпақтары Моғолстан ханымен жақындасуға тырысады. Қасым сұлтанның ағасы Әдік сұлтан Моғол ханының қарындасына үйленеді. Осылайша, қазақ қоғамындағы хандық әулет ішінде бір біріне қарама-қарсы күштер қалыптасады. Бұл жағдай қазақ билеушісі Бұрындық ханның XV ғасыр соңында сыртқы саясатына әсерін тигізеді. Бірақ қалыптасқан жағдай Бұрындыққа абырой әкелмейді. Хан ретінде мемлекеттегі барлық саяси күштердің басын қосудың орнына, керісінше олардың бір-біріне қарсы тұруына, ол күштердің бірінде өзі болуы – оның беделінің құлдырауының басы болды.

Бұрындық хан Қазақ хандығының құрылып, алғашқы даму жылдарында өзіндік жоғары үлес қосты деп айта аламыз. Алайда, XVI ғасырдың алғашқы жылдарында ханның сыртқы саясаты өзіндік ерекшелігін жоғалтып, хан беделінің әлсіреуі байқалды. Оған дәлел ретінде сыртқы саясаттың негізі бола білген Сыр бойы үшін күрестің XVI ғасырдың басындағы көрінісін айтсақ болады.

Сыртқы саясатымыздағы басты қарсылас бола білген Мұхаммед Шайбан хан XVI ғасыр басында күшейе түсті. Сол себепті, қазақ ауылына 1505 және 1510 жылдар аралығында 4 рет жорық жасап, Казақ хандығын ауыр жағдайға қалдырды [3.56-87бб]. Осы жорықтар негізінен Жәнібек хан ұлдарының ауылына бағытталды. Ал, ел билеушісі ретінде Бұрындық хан мардымды жауап қайтара алмағандықтан, қазақ сұлтандары тарапынан қолдаудан айрылды. Бұрындық ханның бұл әрекетінен соң, хан ретінде таныла бастаған Қасым сұлтан белсенді әрекет етуге көшкен сыңайлы. Бұрындық ханның Самарқанға кетіп, сол жерде қазақ табуы Қасым ханның біржола Қазақ хандығының билеушісі етті.

Бұрындық хан тұсында қалыптасқан сыртқы саясат өз жалғасын тапқандай болды. Себебі, стратегиялық маңызды аймақ саналған Сыр бойы үшін талас-тартыс әлі де болса тоқтамады. Осыған байланысты да Қасым ханның сыртқы саясатында маңғыттар және моғолдармен одақтық байланыста қалыптасты. Маңғыттармен жақындаса отырып, Қасым хан 1504 жылдың өзінде-ақ Әндіжанға, Ташкент пен Түркістан шекарасына шабуылдар ұйымдастырған [1. 30б]. Бұрындық ханның тұсында Қасым хан сыртқы саясатты сәтті жүргізуге атсалысқан соғыс құпиясын жақсы меңгерген тұлға еді. Жалпы, Қазақ хандығының XVI ғасыр басындағы сыртқы саясаты Қасым ханның атымен тікелей байланысты. Оның сыртқы саясатындағы негізгі бағыт бұрынғысынша Сырдария бойындағы қалаларды өзіне қаратып алу жолындағы күрес болды. Осы арқылы өзіне қарасты қазақ жерін кеңейте түсті. «Тарихи-Рашиди», «Шайбани»,

т.б. деректемелердегі мәліметтерге қарағанда, Қазақтардың этникалық территориясының негізгі аудандары қазақ хандығына Қасым хан тұсында біріктірілген». XVI ғасырдың екінші он жылдығында Қасым хан ұлан-байтақ қазақ территориясын өз қол астына қаратты. Бұл кезде хандықтың шекарасы Оңтүстікте Сырдария алабын қамтып, Түркістан аймағындағы қалаларды басып алды. Шығыс оңтүстікте оған Жетісу жерінің дені (Шу, Қаратал, Іле өзендерінің алабы) қарады. Солтүстік және Шығыс солтүстікте Ұлытау өңірі мен Балқаш көлінен асып, Қарқаралы тау тарамдарына дейін жетті, Батыс солтүстікте Жайық өзенінің алабын қамтыды. Қасым ханның батыстағы территориялық иеліктері де ұлға түсті. Ноғай Ордасы бұл кезде ауыр дағдарысты басынан өткізіп жатқан еді. Ру басшылары, мырзалар, билер билік үшін өзара қарқысумен болды. Әбден қалжыраған Ноғай Ордасы рулары мен тайпаларының бір бөлігі қазақ хандары мен султандарының билігіне бағынып, елінен қазақ хандағына көшіп кетті. Осы кезде Қасым ханның қол астына қараған халықтың саны 1 миллион адамға жеткен.

Қасым ханның билік басына келген кезі Орта Азиядағы біраз өзгерістері болған уақытта тура келген. 1510 жылы қыс айларында Шайбан хан Ұлытау маңындағы Қасым ханға шабуыл жасап, жеңіліске ұшырайды. Көп ұзамай сол жылдың аяғында Шайбан хан қаза табады. Мұхамед Шайбани хан Иран шахының қанжалына түсіп Мерв түбінде қаза болды. Оның әскерілері де қызылбастардың толық талқандауымен аяқталып Бұқара, Самарканд және Түркістанның бірсыпыра қалаларында Темір ұрпағы Бабырдың қолына уақытша болса да көшкен еді.

Бұл жағдайлардың Қасым хан дер кезінде пайдаланып өзінің оңтүстік Қазақстанда билігін нығайтуға тырысты. Алайда, дәл осы кезде Сайрам (Испиджап) қаласының әкімі Кеттебек өзінің бір елшісін Қасым ханға жіберіп қаланы өзінің қарамағына алуды сұраған. Хан Сайрамның кілтін алған кезде Кеттебек Қасымға адал қызмет ететіндігіне уәде береді [4. 6б]. Бұдан ары Қасым Ташкенді алуға аттанды.

Қазақ хандығы алғашқыда Моғолстан мемлекетімен достық қарым-қатынас орнатып, Әбілхайыр ханның Жетісуға төндірген қаупіне және ойрат-жоңғар тайпаларының Моғолстанға жасаған шабуылына қарсы күресті. Жошы тұқымынан шыққан хандармен одақтасып, Әбілхайыр ханның мұрагері Шаих Хайдарды жеңді. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати Тарихи Рашиди кітабінда: «Қазақ хандары мен сұлтандары арсында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес» деп баға берген Қасым ханның сыртқы саясаты тек Орта Азия хандықтарымен ғана емес, Еуропамен де байланыстырылды. Атап айтқанда, орыс мемлекетімен дипломатиялық қатынас жасап, батыс Европаға танылды. Қасым хан князь Василий III тұсында (1505-1533) Москва князьдығымен дипломатиялық байланыс орнатты [5.43-56бб].

Қазақ хандығының нығаюы және оның күшеюі мемлекеттің беделін арттырып, сыртқы саясат пен дипломатиялық қарым-қатынас саласында белгілі табыстарға қол жеткізді. Қасым ханның тұсында Орта Азия, Еділ бойы, Сібір хандығымен және орыс мемлекетімен саудасаттық және елшілік қарым-қатынас орнатты. Қазақ хандары әр дәуірде елдің ішкі-сыртқы жағдайында туылған өзгерістерге үйлесіп, икемді сыртқы саясат қолданылып отырды.

Қасым ханның ел басқару ісіне икемділігі мен тапқырлығын, сонымен қатар реформаторлығын бағалаған өзге де көрші елдердің рутайпалары Қазақ хандығының құрамына өз еркімен қосылып жатты. Бұл жағдайдың өзі қазақ ханының ғасыр басындағы кемел саясатының бір көрінісі деп атауға болады. «Қасым хан бүкіл қазақ халқын біріктіру арқылы үлкен әскери күшке ие болды. Қарауындағы халықтың бақытына орай, ол өзінің бейбітшілік сүйгіш саясатымен халықтың махаббатына бөленді. Осы бейбітшілік сүйгіштігімен Қасым хан халықтар арасында ерекше әйгілі болды» деп осы турасында өз пікірін Әлихан Бөкейханов білдірген екен.

XYI ғасыр басындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы территория үшін күреспен түрлі Орта Азия хандықтарымен арада жасалған одақтық келісім шарттар негізінде өрбіді десек қателеспеспіз. Әсіресе, сол тұста территория тұтастығы басты назарда болды. Себебі, жоғарыда атап өткеніміздей стратегиялық маңызды болған шаруашылыққа тиімді, рухани және экономиканың орталығы бола білген Сыр бойы үшін күрестер нәтижесінде қазақ халқының территориялық тұтастығына елеулі әсер етті.

Жалпы, Қазақ хандарының XY ғасырдың аяғы мен XYI ғасырдың басындағы сыртқы саясаты территорияны кеңейте түсу және хандықтың дамуы үшін өзге де елдермен саяси-экономикалық жағдайды көтеру мақсатында келіссөздер жүргізумен тығыз байланысты. Осы бағытта көршілес мемлекеттер арасында түрлі одақтар мен соғыстар орын алды және мақала

барысында осы жайттар барынша көрсетілді. Сонымен қатар, қазақ хандары сыртқы саясаттағы жеңістер ішкі топтасу нәтижесінде болатындығын жақсы түсінді. Сол үшін де қазақ хандары елді біріктіріп ұстау мен бір мақсатқа жұмылдыруға тырысты. Тылдағы тыныштық-мақсатқа жетудегі басты мәселе. Қазақ хандарының сыртқы саясаты да өз уақытында ішкі талас-тартыстар нәтижесінде өзгеріп отырған.

XV ғасырдың аяғынан XVI ғасырдың басына дейінгі Қазақ хандығының тарихы, дәлірек айтқанда қазақ хандарының сыртқы саясаты түрлі аймақтарды басып алған кездегі соғыс оқиғалармен қатар, алыс-жақын елдермен арадағы сауда-экономикалық байланыстар арқылы белгілі болған. Мұндай оқиғалар желісінің тарихи маңызы зор болып табылады.

1. Қазақстан тарихы. 5-томдық 2-том., 2-бөлім, 1-2 тараулар.
2. Интернет материалдары
3. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI-века. А., 1985
4. Жолдасбаев С. Қазақ хандығы қай жылы құрылған?// Қазақ әдебиеті. 2001. 9 наурыз.-6 бет.
5. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан, 119-146-беттер.

* * *

В данной статье рассматривается внешняя политика казахских ханов в конце XYв. и в начале XYI в. Дается анализ особенностям международных отношений рассматриваемого периода. А также выделяются важные моменты этой проблемы.

* * *

This article is considered external policy of kazakh khans at the end XV c. and at the beginning XVI c. It is analysed particularity of international relations of this period. As well as stand out the important moments of this problem.

Ғ. З. Искакова

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ КІШІ ЖҮЗДЕГІ ОТАРЛЫҚ САЯСАТЫ (1730-1748 ЖЖ.)

XVII-XVIII ғасырлар арасында Қазақ жүздерінің Ресеймен шекарасы ұзындығы жағынан ең үлкені еді. Төменгі Поволжье, Приуралье, Батыс Сібір жерлері XVI ғасырдың соңында-ақ Ресей бодандары болғанымен іс жүзінде Ресей империясының бұл аймақтардағы ықпалы әлсіз болатын. Осы аймақтардың Ресейдің мемлекеттік жүйесіне әлеуметтік-саяси интеграциясы аяқталмағандықтан, Ресейдің әскери-әкімшілік отарлауының құралы есептелетін форпостар оңтүстік-шығысында бодандардың – қалмақтардың, башқұрттардың, Сібір татарларының т.б. ішкі қоныстану ареалдарында және кейбір жерлерде Кіші жүз бен Орта жүз шекараларына тақап салынды. Осылайша, Кіші жүз қазақтары солтүстік-батыс шекарасы жағында XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Ресейдің әскери бекіністерімен Жайықтың жоғарғы ағысымен Яицк қалашығына дейінгі аралықта шектесті. Бұдан жоғары Жайық бойында, сонымен қатар Еділ-Жайық аралығында Гурьев қаласына жәнеЕмбіге дейінгі жерде Кіші жүздің байұлы және жетіруымен көршілес отырған қалмақтар орналасты. Кіші жүз қазақтарыEmbі өзенінің жоғарғы ағысында жаз мезгілінде Embі маңында жайлауда көшіп-қонып жүретін қарақалпақтармен шекаралас орналасты /1/.

Жайықтың шөлді жағалауында бастауынан жоғарғы ағысына дейінгі шамамен ұзындығы 600 верст жерде XVIII ғасырдың басында екі орыс бекіністері болды, олар: Гурьев және Жайық қалашығы (Яйцкий городок). Бұл бекіністе негізінен орыс казактары қоныстанды-рылды. Ресей империясына жақын орналасқан кіші жүз жері болғандықтан Ресей империясы кең түрде қазақ жерін кіші жүз жерінен бастап отарлай бастады. Сондықтан да Ресейдің қазақ жеріндегі алғашқы отарлық саясатын Кіші жүз мысалында қарастырмақпыз.

Самоновпен бірге Мәскеуде Ұлы Петрге таныстырылған Ходжа Нефес түркмен саудагері Орта Азияның байлығымен орыс патшасын тамсандырып, Үндістанмен сауда қатынастарын орнатудың жоспарымен таныстырған болатын. Ал хиуалық елші Ачерби Орта Азиялық өзендер алтын құмға толы екенін айта келіп, Әмудария өзенінің жағалауына 1000 адамдық горнизоны бар орыстардың қаласын салуды сұраған еді. Осы Нефес пен Ачербидің әңгімелерінен кейін Ұлы Петрге Хиуаға Бекович Черкасскийдің экспедициясын жіберу туралы ойлар келеді. Ресей көршілес орналасқан Орта Азияға көз аларта бастайды. Витевский өз еңбегінде Ресейдің осы аймаққа отарлық және

сауда-өндірістік қозғаласы қазақ (қырғыз) даласынан басталатынын жоспарланғанын айтады: «Петр Великий называл эти степи ключем к среднеазиатским странам. Чтобы отпереть ворота в в Среднюю Азию и проложить через них путь к торговому и политическому влянию России на восток, необходимо было овладеть этим ключем» /2/.

Сөйтіп, қазақ жерін отарлауға бет алған Ресей империясы Сібір хандығын, Ноғай ордасын т.б. мемлекеттерді отарлауда тиімді қолданылған әдістерін пайдалынды. Біріншіден, барлау, ішкі, сыртқы саяси, экономикалық жағдайды анықтау, екіншіден, бейбіт қатынас орнату, әскери көмек көрсету туралы уәделер беру. Үшіншіден, әскери бекіністер салдырып, ішкі саяси жағдайға араласу. Сөйтіп, «Есіктен кіріп, төрге шықты», бұл аяқ астынан табылған әдіс болмағаны тарихтан белгілі. Мысалы, 1556 жылы башқұрт халқы Ресей бодандығын қабылдап, оларға өздерінің жерлерін мәңгілікке иелік етуге рұқсат беретін грамота берілген еді /3/. Алайда XIX ғасыр соңындағы Орынбор губерниясының территориясын қамтитын аймақта XVII ғасыр басында-ақ орыс халқы қоныстандырылып қойған /4/. Жерінен айырыла бастаған халықтың толассыз бүліктеріне қарамастан башқұрт жерінде бекіністер саны жылдан-жылға өсе бастады. Ұлы Петр башқұрт жерінде бекіністер салып, жеткілікті көлемдегі әскерді енгізіп, тынымсыз бүлік шығарып отырған башқұрттарды толықтай бағындырып, қазақтарды Ресейге бодан ету, ал осы арқылы Орта Азияға сауда жолын ашу, Арал жағалауында сауда орталығын жасауды армандаған болатын. Сөйтіп, біртіндеп Ресейдің ықпал ету аймағы қазақ жеріне жақындай бастады. Ресейдің қазақтарға көрші орналасқан башқұрттарды отарлауда іс жүзінде өзінің өміршеңдігін дәлелденген әдістерді қазақтарға да қолдануды жүзеге асыра бастады. Нақты айтар болсақ, бұл жерде айтатынымыз кіші жүз турасында болмақ. Есімі белгісіз тұлға бірнеше жылдай шамасы қазақ жерінде болған кездегі «Қырғыз-қайсақтар жөніндегі қысқаша сипаттама» жазбаларын және есебін 1785 жылы әскери коллегия фельдмаршалы князь Потемкин Григорий Александровичке жіберген еді, онда аталған мәселеге байланысты автор мынадай тұжырымдар жасаған: «... хотя киргизские многие их роды недавно обязались клятвою находится всегдашнем спокойствии с того после время никаких вредностей в них не произошло, но как на верность их положиться не можно. По легкомыслии и превратности их, то и нужно иметь устроить между ними такое положение какое ныне существует между башкирцами» /5/. Яғни, алдында айтқанымыздай башқұрттарды отарлауда Ресей империясымен қолданылған әдістер қазақтарға да қолданылды.

Ф.Ратцельдің «Адамзат жер бетіндегі өмір көрінісі ретінде» атты еңбегінде отарлаудың қалай және қай себеппен басталатынын анықтауға тырысқан. Тарихи даму атты тарауында автор халықтардың қозғалысын айта келіп «Понятно, что сильный народ распространяется в том направлении, в котором он встречает наименьшее сопротивление, и там, где сильный постоянно находится лицом к лицу со слабым, неизбежно возникает движение в направлении к слабому» /6/. Яғни, бұдан көретініміздей мықты халық оған неғұрлым қарсылық көрсете алмайтын бағытта қозғалады. Бұған Ф. Ратцель Египеттің ежелгі заманнан бастап оңтүстік бағытта кеңеюін мысал ретінде келтіреді. Қазақстанның қарастырылып отырған уақыт аралығында әлсіреген мемлекет болғанын мысал ретінде Алекторовтың еңбегін қарастыратын болсақ онда былай делінген: «Киргизы были стеснены зюнгарами, а между киргизами шли распри и междоусобицы; на них нападали башкиры и каракалпаки».

Ресей империясының отарлық саясатының бір көрінісі бұл 1734 жылы Сенаттың обер секретарі И.К. Кирилловтың жоспары бойынша құрылған Орынбор экспедициясы. Мәшімбаев өзінің «Әбілқайыр» деген еңбегінде Орынбор экспедициясының негізгі мақсаты туралы былай жазады: «А.И. Машкевич пікірінше экспедицияға 3 басты міндет жүктелген: 1) Жайық бойындағы казак-орыстармен шекараны белгілеуді ұйымдастыру. 2) Қазақтардың бодандығын нығайта түсу. 3) Орта Азия елдерімен саудасаттықты дамыту. Бұларға қосымша А.Ф. Рязанов қазақтар мен башқұрттарды үнемі бақылауда ұстау, егер Ресейге қарсы шыға қалса, бір-біріне айдап салуда негізгі мақсаттардың бірі болды деп есептейді /7/». Аталған мақсаттарды шешу үшін экспедицияның бірінші міндеттерінің біріне аймақты жан-жақты зерттеу кірді, яғни экономикасы, географиялық жағдайы, тарихы мен этнографиясы туралы, картографиялық түсірілімдер жасау, сонымен қатар, кен орындарын анықтау. Экспедиция Ор бойында бекініс салып, Орынбор аймағын игеруге қолайлы жағдай жасауды жүзеге асыруы керек еді /8/.

Орынбор экспедициясын құрудағы патша үкіметінің тағы бір міндеттерінің бірі бұл – шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету болды. Бұған мысалға «Польза государству от вступ-

ления сих народов в подданство и заложение против них линий очевидна: ибо после 1715 года в котором владелец киргиз-кайсацкой меньшей орды Абдул-Хаир хан присоединяя к своему народу, народ Ногайской учинил сильное нападение на бывшей Новоишимский пригородок, выжег омой и захватил множество людей в плен: по архиву в Оренбурге хронящейся неимеется никакого следу чтоб уже более от народа сего подобно сильное стремление на внутренние пределы наши произошло /9/», яғни көретініміздей бекіністің салынуы қазақтардың Ресей жеріне енуіне кедергі жасауы керек еді.

Сонымен қатар, экспедиция Ор өзені бойында қаланың негізін салып, өлкенің шаруашылық жағынан игерілуін, қоныстануын және егін шаруашылығы мен тау-кен өнеркәсібін, сауданы дамытуды жоспарлаған болатын. Осы арқылы бодандықты қабылдаған Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарына Ресей өзінің саяси ықпалын біртіндеп арттырмақ болған еді. Қазақстанның Ресейдің экономикалық жүйесіне енуі ең басты назарға алынды /10/.

Кирилловтың «Қырғыз-қайсақ және Қарақалпақ ордалары туралы сипаттама» атты жобасында Ор өзені бойында қаланың салынуы мен бұл қаланың Қазақстан, Орта Азия мемлекеттерімен, Шығыс Түркістанмен (Бадахшанмен), Үндістанмен саяси және экономикалық маңызын дәлелдеуге тырысты. Ол Орынбордың коммуникациялық жағдайын айта келе қаланың салынатын орны барлық жағынан ыңғайлы болды, себебі Орынбордан Арал теңізіне дейін, одан Бұхар мен Бадахшанға барар жол Астраханьнан басталатын хиуалық жолдан қауіпсіз, әрі ыңғайлы болды /11/. Жалпы айтар болсақ Кирилловтың бұл жобасы маңызды мемлекеттік міндеттерді шешуге бағытталды. 1734 жылдың көктемінде Кирилловтың жоспары бекітілді.

1734 жылдың 1 мамырында Орынбор экспедициясының басшысы Киррилов, оның орынбасары болып Сыртқы істер Коллегиясының аудармашысы А.И. Тевкелев, экспедиция бухгалтері қызметіне П.И. Рычков тағайындалды. Сол жылдың 18 мамырында Ор өзенінің жайыққа құяр сағасында қаланы салу және онда халықты қоныстандыру мәселесі 41 пунктен туратын нұсқау жіберілді /12/. Қоныстанушыларға барынша жеңілдіктер жасалды, мысалы жер тегін пайдалануға берілді, саудагерлерді тарту мақсатында тауарларынан 3 жыл (1735-1738 жж) салық алынбады. Орынборға шаруаларға, жан бас салығын (подушный оклад) төлейтіндерге және қашып кеткен крепостнойлық шаруаларға қоныстануға тиым салынды. Алайда сенаттың 1736 жылдың 23ақпанындағы резолюциясында Орынборға қашып кеткен крепостнойлық шаруаларға қоныстануға рұқсат беріп, оларды гарнизондық қызметке тартты. Сондай-ақ, Кириллов айдаудағыларды тегін еңбек күші ретінде пайдалана білді. Башқұрт жеріндегі көтеріліс өрши түскенге байланысты 1736 жылдың 11 ақпанындағы жарлықта Орынбор өлкесін әскери жағынан күшейтіп, орыс қоныстанушыларының санын өсіру (әсіресе саудагердерді), салықсыз сауда жасауды 6 жылға созу мәселесі айтылды. Орынборға мәңгіге қоныстанған саудагерлер жан басы салығынан босатылды, ол Орынборға түскен табыс есебінен төленуі қажет еді /13/.

Орынбор экспедициясының құрамына 200 адам кірді, олар: әр түрлі дәрежелі әскерилер, инженерлер, геодезисттер, кеңсе қызметкерлері, аудармашылар, әр түрлі дәрежелі және шенді теңізшілер т.б. 1734 жылдың 15 мауысымында Кириллов пен Тевкелев бастаған экспедицияның негізгі бөлігі Петербургқа жылжыды, ал 29 мауысымда Мәскеуге келіп Кириллов пен Тевкелев экспедиция құрамын жаңа мамандармен толықтырды. Олар әскерилер, кеңсе қызметкерлері, солардың ішінде әрі дәріханашы әрі хирург, әрі тарихнамашы, ботаник Г. Гейнцельман, суретші Джон Кэстл болды. Сонымен қатар экспедициядағы картографилық жұмыстарына инженер капитан Джон Элтон қатысты /14/. Аймақтағы башқұрттардың көтерілісіне қарамастан, Кирилловтың ықпалымен Орынбор қаласының негізі қаланды.

Патшалық Ресейдің отарлық саясатты жүргізуі үшін алғашқы бекіністер жүйесі қалыптаса бастады. Орыс әкімшілігі жаңа бекіністерді сала отырып башқұрттардың көтерілісін басу үшін, қазақ-орыс шекарасын нығайту үшін алғашқы рет бірнеше бекіністер салынды. Олар: Орынбор өлкесіндегі Шұбаркөл, Елаяқта 2 бекініс, Табын, Озерной және Жоғарғы озерной бекіністері. 1732-1736 жылдары Кирриловтың нұсқауымен 14 бекіністер салынды. Бұл бекіністер қазіргі уақытта Ресейдің оңтүстік Орал аймағында өндірісті қалаларға айналды. Олар: Орск, Бузулук, Миасс, Бердский қалалары /15/. Осылайша Орынбор экспедициясы Кіші жүз жерін отарлау құралына айналды.

1737 жылдың 14 сәуірінде Кириллов қайтыс болған соң Орынбор экспедициясы Орынбор комиссиясы болып өзгертілді. 1737 жылдың 10 мамырдағы жарлық бойыншаТатищев Орынбор комиссиясының басшысы болып тағайындалды.

В.Н. Татищев Орынбордың орналасқан жерін қолайсыз деп тауып, 1739 жылдың 20

ақпанында Орынборды және әскери шептерді Жайықтың жоғарғы ағысынан Ую өзеніне дейінгі және Қорған қаласына дейінгі аралыққа көшіру туралы өтінішті астанаға жіберген болатын. Ол қаланы Қызыл тау шатқалына (урочище Красная горка) ауыстыруды жоспарлады. Бірақ бұл тек Татищев Орынбордан 1739 жылы кеткен кезде жүзеге асқан болатын.

В.Н. Татищевтің алдына Ресей империясының отарлық саясатын нығайтып, Кіші жүз қазақтарын бағыныштылыққа келтіру мақсаты қойылды. Жүзеге асыруы тиіс міндеттері қатарында мыналар болды: 1) қазақ даласы арқылы қазақ-орыс саудасын жүргізуді қолға алу; 2) қазақ-орыс шекараларында жаңа бекіністер салу; 3) қазақ даласы арқылы өтетін керуен саудасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 4) Кіші жүз ханымен кездесуді ұйымдастыр /16/. Алайда, Татищев өзінің қызметін толық атқара алмады деп табылып орнынан босатылды. Ол өзінің антын бұзған Әбілқайырмен дос болды, жұмсақ саясат жүргізді деп айыпталды /17/.

1739 жылдың мауысымынан бастап Орынбор комиссиясының бас командирі болып Василий Алексеевич Урусов тағайындалды. Урусовқа Кіші жүз қазақтарымен байланысты бір қатар міндеттер жүктелді. Олар: 1) Орынборды (урочище Красная гора) Қызыл тау шатқалына ауыстыру. Кіші жүз ханы Әбілқайырды жаңа Орынбор қаласының орналасқан жерімен таныстырып, кіші жүзбен сауда жүйесін нығайту. 2) Кіші жүз қазақтарын толық бағыныштылыққа келтіру. Сонымен қатар, Урусовқа башқұрт ісі де тапсырылған болатын. Бұл туралы мынадай мәліметтер белгілі: «В период деятельности Урусова был замечателен 1740 г., в который между башкирами явился новый возмутитель по прозванию Карасакал. Продолжавшийся без малого пять лет, бунт дорого стоил правительству и более дорого обошелся башкирам» /18/.

Урусов қайтыс болған соң орнына Саймонов тағайындалған, оның аз уақыттағы қызметі туралы Алекторов былай жазған болатын: «По смерти Урусова управлением краем было возложено на генерала Саймонова, который в течении почти двух лет ничего не сделал для края и который не принял дело после князя Урусова».

1742 жылы Орынбор комиссиясын И.И. Неплюев басқарды. Ол саяси қызметін атқаруы барысында мынадай іс-шараларды атқарды: 1) 1743 ж. Орынборды Сакмараның Жайыққа құятын жеріне көшіру; 2) Орынбор шебінің жаңа бекіністері мен редуттарын салу. 3) Уйск шебінің жаңа бекіністері мен редуттарын салу; 4) Орынборда сауданы дамыту және Орта Азия мемлекеттерімен сауда байланыстарын орнату;

1743 жылдың 19 сәуірінде Орынбор Сакмараның Жайыққа құяр жеріне көшіріліп, 1744 жылы Орынбор комиссиясы жойылып, орнына Орынбор губерниясы құрылды /19/.

Орынбор губернаторы Иван Иванович Неплюев патша үкіметінің отарлық саясатын белсенді жүргізіп, әскери шептер мен бекіністер қазақ даласымен шекаралас территорияда қарқынды жүргізіле бастады. 1742-1744 жылдары Орынбор әскери шебінің құрылысы жандандырылды. 1742 ж. Ильинская және Воздвиженская, 1743 ж. Таналыцкая бекіністері салынып, 1744 ж. Яйицк қалашығы нығайтылды.

Неплюев патша үкіметінің отарлық саясатын жүзеге асыруда өзінің алдындағы әріптестерінен ерекшеленді. Ол қатал әрі, координалды әдістерді қолданып, кіші жүз қазақтарын отарлауда шешуші рөл атқарды. 1744 жылы 14 қаңтарда Неплюев және генерал фон Штокман «ерекше жоспар» құрастырып, онда қазақ даласын батыстан Жайық жағалауларынан, солтүстікте Сібір жақтан қоршауға алып, әскери бекіністер мен шептерді өлкеге ішкерілей орналастыру арқылы шекарада тұрақты әскерді орналастыру мәселесі қарастырылған болатын /20/. Бұл жоспардың іс жүзінде көрініс тапқанын тарихи фактілер дәлелдей түседі. Ал ол жоспардың мақсатын анықтай түсетін мынадан көруімізге болады: «По проведении укрепленной линии по Ую, Уралу и Тоболу, сдерживавшей, с одной стороны башкир, с другой киргиз, наплыв русского народа сделался значительнее прежнего; ... восточная часть Оренбургского заселялась довольно медленно, чему причиною было близкое и небезопасное соседство с киргизами» /21/. Неплюевтің жоспары 1744 жылдың 1 наурызында Сенатта тыңдалып, бекітіліп, аймақта жүзеге асырылуға рұқсат берілген болатын: «И во всем там (говорится в сенатском постановлении), что до тех киргиз-кайсацких дел принадлежит, велит поступать по определениям и соббщениям тайного совета Неплюева понеже все те киргизския дела собственно на него положены» /22/.

Кіші жүз ханы Әбілқайыр мен Неплюев арасындағы жағдай өте шиеленісті жағдайда жалғасын тапты. 1746 жылы оны растайтын Әбілқайыр ханның Неплюевке жазған хатынан көре аламыз: «Я вам стал не надобен, уже от меня вы ничего не ожидайте и я от вас ничего себе не ожидал; хотя вина ваша, токмо я в божескую волю предал; я караулить уже не мог

по Тоболу с вершины и до устья Яика, карауль сам, - и плутов унимать не мог. Тамо Государыня неизвестна, а я здесь не знал, только ты один знал и государь знал» /23/. Әбілқайыр ханның хатын алған Неплюев ханның хатындағы үзілді-кесілді сөздерінен кейін әскери қорғанудың барлық шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік алды.

Ресей империясы қарастырылып отырған уақыт аралығында қазақ жерлері арқылы, нақты айтар болсақ кіші жүз жерлері арқылы Орта Азия мемлекеттерімен және қазақтармен сауда байланыстарын жүргізіп отырды. Негізінен сауда айырбасқа негізделген болатын. Алайда Ресей казактарының қазақтармен және Орта Азия мемлекеті өкілдерімен қақтығыстар басым болды. Қарастырылып отырған уақыт аралығында казачество Ресей империясының отарлық саясатын жүзеге асыруда ерекше маңызға ие болды. Абдировтың еңбегінде казачествоға Ресейде жүктелген міндеттер қатарында мыналар көрсетілген:

1) Олар бос жатқан жерлерді игеріп, орыс отарлауының және орыс ықпалының проводнигі болды.

2) жаңа игерілген жерлерді және халықты азиялық көшпенділерден қорғады.

3) Ресейдің қарулы күштерін құрап, тұрақты әскер қатарында болды /24/.

Казактарды алдында айтылғандай Ресей империясы көршілес орналасқан территорияларды отарлауда тиімді пайдалған. Мысалы, Ноғай ордасын отарлау процесі былай жүрді. 1580 жылы еділ казактары орданың астанасы Сарайшыққа шабуыл жасап, әбден тонады. Бұларға тойтарыс беруге дәрмені жетпеген князь Орыс (Урус) орыс елшісі В.И. Лобанов-Пелепелицынге өзінің наразылығын білдіреді: «Проходили государевы казаки сего лета и Сарайчик воевали и сожгли, не только что людей живых секли, и мертвых из земли вынимали и гробы их разоряли. И нам то стало за великую досаду». Алайда орыс елшілігі бұларды қашқын казактар деп ақталды /25/. Осылай біз қарастырып отырған кіші жүз қазақтарын отарлауда дәл осындай әдістер Ресей империясы тарапынан жүзеге асырылғанын көруімізге болады. Ол шекарадағы қазақ-казак соғыстары түрінде көрініс тапты.

Абдировтың айтуынша XVII-XVIII ғасырлар қазақ-казак қақтығыстар кезеңінің басы. Осы кезең екі жақты тонаушылықтар мен соғыстарға толы болды. Негізгі тартыс Жайық өзені төңірегінде қалыптасты. Кіші жүз қазақтары Жайықтың шығыс жағалауын мекен еткен қалмақтар мен қарақалпақтарды ығыстырған болатын. Жайық казактары XVI ғасырдағы патша үкіметінің грамоталарына негізделіп өздерін «Азия мен Европаның шекарасы болып табылатын өзен иесіміз» деп санады. Алайда, кіші жүз қазақтары бұған келіскен жоқ. Бұны кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның мынадай сөзі растай түседі: «Доколь река Яик не высохнет, так и киргизский народ, даже до представления света, от Яика не отлучится, понеже кроме оного, удобного места им другого не отыскать». Қазақтар әсіресе Жайық пен Еділ өзендері арасына қыста малын аман алып қалу мақсатында келетін, бұл нәтижесінде казактармен қанды қақтығыстарға алып келді. Казактар қазақтармен соғыста Ресей империясының әскери күш қуатына сүйеніп, отты қарудың арқасында жеңіске қол жеткізіп отырды. Қазақтар фитильді қарудың бар болуына қарамастан әлде қайда әлсіз қаруланған болатын. Екі жақта әскердің ара-қатынасын қарастырар болсақ. Абдиров өз еңбегінде Орынборда орналасқан казактардың санын анықтауға тырысқан болатын. Мысалы, Орынборда 1736 жылдың 19 қазанында жаңа өлкенің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өлкеге 2 мың жайық казактары, 1 мың дон казактары, 200 самара казактары, 150 уфа казактары, 100 алексеев казактары, 3 мың еділдің шоқынған қалмақтарынан тұратын тұрақты емес корпус құрылған болатын /26/. Тұрақты Орынбор казак әскері ресми түрде 1743 жылы құрылды. Оның бірінші атаманы 1744 жылы патша жарлығымен Матвей Шилов тағайындалған болатын. Сол жылы Орынбор өлкесінің басшысына Жайық казак әскерлері (XVIII ғасырдың ортасында Жайық қалашығында 3300 казак әскер қатарында болды /27/) де бағынышты болып, Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары мекен еткен Орал тауынан бастап Каспий теңізіне дейінгі үлкен аймақта шексіз билік берілген болатын. Ал 1756 жылы 1748 жылы құрылған Орынбор тұрақты емес әскерінде 5877 казак әскер қатарында болды /28/. Осы уақытта Витевскийдің айтуы бойынша Ресей шекарасына ең жақын орналасқан Кіші жүз қазақтары Ресей шекарасына қауіп төндірген күш болды. Сондықтан осы өлкеде қазақ санын білу олар үшін өте маңызды болды. Неплюевтің Сенатқа Кіші және Орта жүз туралы жазған хатында мынадай мәліметтер беріледі: «...киргиз-кайсацкие владельцы в некоторых своих письмах о числе подвластных им людей хотя и показывали, но, по своему обыкновению, толь умножительно, что верить невозможно, и один другого улысу себе присвоят (в прошлом году один Барак салтан средней орды при

присяге показал, аки-бы при нем одного найманского рода сорок тысяч кибиток) : однак, по рассуждению от Оренбургской комиссии усматренного их состояния, по их природной к войне, а паче к воровству склонности, мнится, что при случае их генерального к войне предвосприятия или замешания легко может собраться в обеех тех ордах, те Средней и Меньшой до тридцати тысяч человек и более дельного люди с огненным ружьем (ибо стрел мало употребляют, а имеют большие карабины без замков, с фитилями) из которого они всегда, слезши с лошадей, на сошках целко стреляют, и порох каждый про сея делать умеют, также и в свинце у них не оскудевает» /29/. Яғни көретініміздей қазақтар казак әскерлеріне белгілі көлемде тойтарыс беруге мүмкіндігі болды. Сол сияқты қазақтардың жеңістерге қол жеткізуінің басты себептерінің бірі ретінде Неплюевтің өзі мойындағандай қазақтарда сапалы жылқылардың болуы және қазақтардың ерекше төзімділігі еді /30/. Неплюев шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қазақтарға қарсы бірнеше корпустарды жұмылдырып тойтарыс беру әдісін тиімді пайдаланды. Яғни бес пункт бірінші, Жайық қалашығы (Яицк қалашығы), екінші, Орынбор, үшінші, Орск, төртінші, Уйск әскери шебі, бесінші, Сібір әскери шебінен шабуыл жасау жоспарланды. Ал негізгі базис Орынбор болып анықталды. Орынбор корпусына 3 тұрақты полктан бөлек (1 атты және 2 жаяу полк) 1000 дон казактары, 3000 уфа башқұрттары, 500 мещеряк, 300 татар, 300-500 ставропольск шоқынған қалмақтар, 3000-4000 Қазаннан келген татарлар т.б. шоғырландырылды. XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақтардың сандық үлес салмағы басымдығы, ал Жайық өзіні бойында әскери шептердің аздығына байланысты кіші жүз қазақтары Жайықтың оң жағына өтіп кетіп, Жайық қалашығы және Самара арасындағы байланысқа кедергі жасады. Қазақтарды Жайықтың оң жағалауына жібермес үшін өзеннің бойында шептер қарқынды салына бастады (орталығы Кулагинск қалашығы болған Төменгі Яицк, орталығы Яицк қалашығы болған Жоғарғы Яицк) /31/. Басы аяғы 1734 жылы мұнда осындай 5 бекініс, 18 форпост болды. Ал 1734 жылы Ресей империясы алғаш рет ресми түрде Жайықтың оң жағалауына қазақтарға көшіп-қонуға тиым салды. Сондай-ақ, 1742 жылдың 19 қазанында Орынбор генерал-губернаторы Неплюев Жайықтың жанында көшіп қонуға тиым салып, Жайық қалашығына жақындамау туралы жарлық шығарды. Бұл қазақтар мен казак әскерлері, қазақ-казак арасында қақтығыстардың алдын алу үшін жасалған шара ретінде түсіндірілді. Шын мәнінде бұл Жайық бойындағы қазақтарды жайылымдарынан айрудың бірден-бір жолы екені айқын. Осындай тиым салулар мен казак әскерлерінің шабуылы қазақтар жағынан да жауабын тауып отырды. Мысалы, 1740 жылы қазақтар Яицк қалашығы маңынан 250 жылқыны айдап әкетті. Сол сияқты, 1743 жылдың жазында қазақ жасақтары әскери шептерге шабуыл жасап, 14 адамды өлтіріп, 96-сын тұтқынға әкетті /32/ .

Сонымен қатар, Ресей империясының Орта Азия мемлекеттерімен сауда қатынасын орнатуда кіші жүз қазақтары кедергі болып отырды. Мәселен, 1739 жылы Орыбордан аттанған екі сауда керуені кіші жүз қазақтарымен тоналды. Керуендер тек кіші жүз қазақтарымен ғана емес, ұлы жүз қазақтарымен де тоналып отырды. 1740 жылы Орныборға келген Әбілқайырды екі ұлы княз Урусовқа тоналған соңғы екі керуен тауарларын қайтаруды уәде еткен. Алайда, тоналған тауар бағасы, керуенді күзетушілерге төленетін қаржы есебінен көп есе артық болғандықтан бұл уәде орындалмады. Сонымен қатар, қазақ даласы туралы нақты топографиялық мәліметтердің Ресейде болмауы Орта Азиямен айырбас саудасының дамуына кедергі болды. Сондықтан, енді Кирилловқа әрбір керуенмен геодезистер жіберілуіне бұйрық берілді. Сөйтіп, 1740 жылы Надир шахпен кездесіп, бір жыл Хиуада болған геодезист Муравин мен инжинер Назимов қазақ даласының алғашқы картасын жасады.

Кіші жүз бен Ресей арасындағы шекарадағы қақтығыстардың ең басты себебі, екі жақ арасындағы саясаттағы уақиғалар болды. Ол Ресейдің отарлық саясатын Кіші жүз жерінде қарқынмен жүргізе бастауы еді. Ол Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Орынбор губернаторы Неплевпен қарым-қатынасының біртіндеп үзілуінен де көруімізге болады.

Қорыта келгенде, екі жақ арасындағы шекарадағы әскери қақтығыстар бұл отарлыққа қарсы Кіші жүз қазақтарының күресінің бастамасы болды. Ресей империясы кіші жүз қазақтарын отарлауда башқұрт, ноғай, қалмақ т.б. халықтарды отарлауда қолданылған тәжірибелі әдістер пайдаланылды, сондықтан сәтті жүзеге асырылды және нәтижелерін берді. Ал, Орынбор экспедициясы, комиссиясы, губерниясы кіші жүз қазақтарын отарлап, бағыныштылыққа келтірудің негізгі құралы болды. Басшылық өзіне жүктелген міндеттерді барынша жүзеге асырып, кіші жүз жерлерінің империяға қосылуын тездетті.

1. Ерофеева И Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Алматы, «Санат» 1999. С. 57.
2. Витевский В.Н. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Том 3. Казань, 1897. С. 668 .
3. Алекторов А. История Орнебургской губернии. Оренбург, 1883. С. 6.
4. Сонда. С. 11.
5. РГА РК ф.2300. оп. 1. д. 355. 8 лист. Краткое опиисание о киргиз-кайсаках.
6. Ф.Ратцель Человечество как явление жизни на земле//История человечества: Доисторический период. Спб: Полигон, 2003. С. 121.
7. Мәшімбаев С.М. Әбілқайыр хан . Астана, 2007, 160 б.
8. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII веке. М, 1960. С. 95-96 .
9. РГА РК ф.2300. оп. 1. д. 355. 2 лист. Краткое описание о киргиз-кайсаках.
10. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII веке. М, 1960. С. 96.
11. Сонда. С. 97.
12. Сонда. С. 98.
13. Сонда. С. 100.
14. Сонда. С. 102.
15. Мәшімбаев С.М. Әбілқайыр хан. Астана, 2007, 163-164 б.
16. Сонда. 165 б.
17. РГА РК ф.2300.оп №6. доп. д.151 Книга 308. л.1-97.Следственное дело по обвинению командира Оренбургской экспедиции Татищева.
18. Алекторов А. История Оренбургской губернии. Оренбург, 1883. С. 30.
19. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3. – Алматы: «Атамұра», 2010. С 166.
20. Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII веке. М, 1960. С.125.
21. Алекторов А. История Оренбургской губернии. Оренбург, 1883. С. 36.
22. Витевский В.Н. Неплюев И.И. и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Том 3. Казань – 1897 г. С. 68.
23. Сонда. Сс. 700.
24. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана Алматы: «Казахстан», 1994. С. 31.
25. Сонда. С. 36.
26. Сонда. С. 66.
27. Сонда. С. 49.
28. Сонда. С. 67-68 .
29. Витевский В.Н. Неплюев И.И. и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Том 3. Казань – 1897 г. С. 684-685.
30. Сонда. С. 685.
31. Абдиров М.Ж. История казачества Казахстана Алматы: «Казахстан», 1994. С. 44-48.
32. Сонда. С. 49.

* * *

В статье рассматриваются основные направления колониальной политики Российской империи в Младшем жузе в 1730-1748 гг. А так же, определяются причины, предпосылки колонизации края и роль хана Абулхаира в стабилизации двухсторонних отношений. Данная статья актуализирует и рассматривает конкретные методы колонизации Младшего жуза: казачество и постройка военных укреплений, линий. Тем самым раскрывает сущность колониальной политики Российской империи.

* * *

This article considers main colonial policy courses of Russian empire in Junior zhuz in 1730-1748. In addition, reasons and reconditions of colonization of the region as well as the role of Khan Abulkhayr in stabilizing mutual relationship are determined in the paper. The article puts forward and discusses exact means of colonization of Junior zhuz: the Cossacs and building military constructions, lines. Therefore, it discloses a matter of the colonial policy of the Russian empire.

Ә. Егеубаев

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ тарихында ғасырлар бойы күрескен тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңдегі тарихының орны бөлек. Ол әсіресе еліміздің саяси құрылым, жеке мемлекет ретінде тарих сахнасына шығуымен ерекшеленеді және сипатталады. Сондықтан тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихы туралы зерттеушілердің қандай мәселелерді зерттегенін және қандай қорытындылар жасағанын талдау, сол арқылы алда зерттелуі қажет мәселелерді айқындау бүгінгі күнде маңызды болып табылады.

1991 жылдың 16 желтоксанында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы қабылданды. Тәуелсіздік туралы Конституциялық Заңның 1-бабында Қазақстан Республикасы тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп жарияланды. Республика өз аумағында өкімет билігін толық иемденуге, әрі ішкі және сырткы саясатын дербес жүргізуге құзырлы болды.

«В этот день Верховный Совет, выражая волю народа, торжественно провозгласил государственную независимость страны и установил, что она обладает всей полнотой власти на своей территории, самостоятельно определяет и проводит внутреннюю и внешнюю политику.

Конституционный закон объявил Казахстан независимым, демократическим и правовым государством, обладающим всей полнотой власти на своей территории. О важности этих установлений свидетельствует то, что в последующем они получили закрепление и дальнейшее развитие в положениях ныне действующей Конституции РК.

Развивая ключевые идеи Декларации о государственном суверенитете, Конституционный закон однозначно закрепил, что Республика Казахстан строит свои взаимоотношения со всеми государствами на принципах международного права, как и подобает независимому государству. Кроме того, Конституционным законом были четко определены дальнейшие направления экономического, правового, социально-культурного и политического развития республики», - деп көрсетеді. «Казахстан сегодня» атты кітаптың авторлары [1,57-б.].

Шынында да, бастауын мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны кабылдаудан алатын бұл Конституциялық Заң республиканың дамуының жаңа кезеңін айкындап берді. Оның мазмұнында ұлттардың өзін-өзі баскару құқығы, жеке тұлғалардың құқығы мен бостандығына басымдық беру, саяси тұрақтылық, билікті бөлісу, ұлтаралық келісім т.б. іргелі демократиялық қағидаттар көрініс тапты. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы орындалды. Тәуелсіздік туралы Заңның негізгі мәні 18 баптан тұратын жеті тарауда айкын көрсетілді. Бұл тарихи оқиға қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұзақ жылдарға созылған күресінің заңды қорытындысы болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары кеңес билігінің өкілетті органы Жоғарғы Кеңеспен қатар, жаңа қалыптасқан президенттік институт өз жұмысын жандандырып келе жатты. Саяси ахуал күрделі болатын. Ол туралы Е. Т. Сейлеханов былай дейді: «В данной связи анализ причин и хода трансформации ветвей власти и избирательной системы, их современного конституционно-правового положения, достоинств и недостатков существующей политической организации Республики Казахстан приобретает не только теоретическое, но и важное практическое значение для дальнейшего развития и совершенствования механизма государственного управления» [2, 77-б.].

1992 жылдың басында Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жаңа Конституцияның жобасын әзірлеу үшін конституциялық комиссия құру туралы қаулы қабылдады. Жобаны әзірлейтін жұмыс тобы жасақталып, оны Ғ. Сапарғалиев басқарды. Бір жылдай уақытта Конституцияның жобасы жасалып бітіп, Жоғарғы Кеңестің сессиясы қарауына жіберілді. Сессия қарап болысымен, 1993 жылдың 28 қаңтарында мақұлданып, заңдық күшіне ие болды. Конституция қоғамда болып жатқан өзгерістерге жауап беруге тиіс болғандықтан, оған да кезең-кезеңімен көптеген өзгерістер енгізіп отыруға тура келді. Мемлекеттік құрылыс өзгеріске ұшырап жатқанда, мұның да қисыны бар еді [3, 130-б.]. Зерттеушілер жаңа Конституцияның қажеттігі жайлы былай дейді: «С провозглашением суверенитета перед Казахстаном встал ряд сложнейших задач: укрепления независимости, обеспечения политической стабильности и национальной безопасности, наконец, проблема определения характера новой государственности, сутью которой должно было стать соответствие всех элементов государственного устройства признакам независимого, демократического государства.

Все эти задачи Казахстану предстояло решать в очень сложных условиях. Страна переживала глубокий социально-экономический кризис, следствием которого стали: развал промышленности, гиперинфляция, резкое снижение уровня жизни населения. В сложившихся условиях основное внимание необходимо было обратить, в первую очередь, на стабилизацию и подъем экономики страны.

Отсутствовали даже какие-либо намеки на основы рыночной экономики - одной из главных экономических предпосылок для утверждения демократии. Как известно, тезис о том, что «экономический базис определяет идеологическую надстройку», никто, как бы он этого ни хотел, в реальности пока еще не отменял» [1, 62-б.]. Сол себепті де жаңа конституцияда осы мәселелер ескеріле отырып, жаңа жағдайды жүйелеу, реттеу қажет еді.

Қабылданған Конституция мазмұны «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Заңның ережелері мен ұстанымдарына сәйкес айқындалды. Сөйтіп, Қазақстанның толыққанды мемлекеттік тәуелсіздігін конституциялық-құқықтық тұрғыдан рәсімдеу 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының алғашқы Конституцияның қабылдануымен жүзеге асты.

Дегенмен зерттеушілер мынаны да көрсетеді: «Однако необходимо отметить, что как акт высшей юридической силы первая Конституция суверенного Казахстана носила двойственный характер. С одной стороны, Конституция способствовала дальнейшему проведению рыноч-

ных и демократических преобразований, с другой - вызывала споры и нестабильность власти, а именно ее законодательной ветви - из-за неотрегулированное вопроса о полномочиях законодательной и исполнительной ветвей власти.

Некоторые принципиальные формулировки, содержащиеся в Конституции и касающиеся характера государственности, проблем языка, частной собственности на землю и вопросов гражданства, стали предметом все более нарастающего внимания и факторами социальной напряженности» [1, 63-б.].

Олар көрсеткендей Қазақстан қоғамын дамыту барысында Конституциядағы кемшіліктер мен оның шындықтан алыс жаткандығы байқала бастады. Онда Қазақстан демократиялық мемлекет деп жарияланды. Ал шын мәнінде 1993 жылдары демократиялық қайта құрулар енді ғана өзіне жол ашып жатқан болатын.

1993 жылғы Конституцияда мемлекеттің құқықтық және әлеуметтік бағдары анықталғанмен, басқару түрі туралы пакты айтылмады. Іс жүзінде 1993 жылғы қабылданған Конституцияның Қазақстандағы шынайы әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістердің алшақтығы мемлекет тұрғындарының тіл мәселесі, меншік нысандары, жерге, азаматтыққа, мемлекеттік сипатына қатысты сәйкессіздіктерін туындатты. Негізгі заңда атқарушы және заң шығарушы биліктердің арасындағы келіспеушіліктерді шешетін тетіктер болмады. Әсіресе, мемлекеттік билік тармақтарының арасындағы қайшылық күшейе түсті.

Мемлекеттік егемендіктің және президенттік институттың нығаюы барысында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қажеттігі байқалды. Соның барысында 1995 жылдың наурызында Республиканың Конституциялық соты 1994 жылдың наурызында өткен парламент сайлауын заңсыз деп шешім шығарды [3, 132-б.].

1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқы республиканың жаңа Конституциясын қабылдады. Ол бойынша: «Казахстан определяется Конституцией как унитарно-целостное государство. Главным в характеристике унитарного государства является то, что оно не имеет внутри себя иных национально-государственных или автономных образований. Унитарность предполагает единое гражданство, законодательство, систему государственной власти.

По Конституции Казахстан является республикой с президентской формой правления, где Президент - Глава государства, высшее должностное лицо, определяющее основные направления внутренней и внешней политики страны. Глава государства выступает гарантом незыблемости Конституции, прав и свобод граждан.

Конституция Казахстана юридически поддерживает сильную президентскую форму правления, тем самым «... в стране создан устойчивый и преемственный институт сильной государственной власти».

Однако одним из основополагающих принципов Конституции Республики Казахстан является принцип народного суверенитета, заключающийся в том, что единственным источником государственной власти в Казахстане является его народ. Из этого конституционного положения вытекает, что государственная власть в стране исходит от народа, принадлежит ему и может осуществляться им непосредственно, т. е. через республиканские референдумы и свободные выборы или делегироваться народом государственным органам», - дейді зерттеушілер [1, 66-б.].

Сонымен осы Ата заңда жаңа мемлекеттіліктің негізі қаланып, қоғамдық дамуды бағыттауға және реттеуге қабілетті тұтас мемлекеттік билік қалыптастырылды. Конституция бойынша Қазақстан Республикасы демократиялық, унитарлық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет. Басқару нысаны бойынша Қазақстан мемлекеті президенттік республика болып анықталды. Қазақстанның негізгі демократиялық қағидалары — адам құндылығы, адам құқығы мен бостандықтары, идеологиялық және саяси әр алуандылық (плюрализм) заң алдындағы теңдікке негізделді.

2005 жылғы Президенттік сайлау мәселелеріне де тарихшылардың көзқарасына талдау жасай кетейік. Қазақстан Республикасы конституциялық кеңесінің 2005 жылғы 25 тамыздағы және Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің 2005 жылғы 7 қыркүйектегі қаулысымен президент сайлауын 2005 жылдың желтоқсанында өткізу белгіленді [3, 142-б.]..

2005 жылғы 4 желтоқсандағы Президент сайлауы Қазақстанның саяси өміріндегі маңызды оқиға болды. Ол туралы зерттеуші былай деп жазған екен: «Президентские выборы 2005 г. подвели черту под целой ЭПОХОЙ суверенного развития страны и одновременно стали прологом его нового этапа, основной спецификой которого выступает глубокая политическая модернизация казахстанского общества вкупе со структурной перестройкой экономики.

Переход к новой парадигме развития можно считать вполне закономерным, если учесть, что базисные политические и экономические задачи в Казахстане в целом были решены на предыдущем этапе. В частности, к текущему моменту было осуществлено формирование рыночных отношений с соответствующей нормативно-правовой базой; Казахстан вышел на траекторию устойчивого экономического развития; последовательно происходит подъем уровня жизни. Казахстанскими реалиями стали также многопартийная система и плюралистическое общество; достигнута и успешно сохраняется общественная стабильность; произошло укрепление независимости и суверенитета государства. Вместе с тем прохождение точки бифуркации, гарантирующее не возврат к коммунистическому прошлому, не означало автоматического решения всех проблем, стоявших перед страной в период транзита. В этой связи одной из наиболее насущных задач развития республики сегодня выступает проблема политической модернизации» [2, 76-б.].

Тізімдегі 8,8 млн сайлаушылардан дауыс беруге 6,8 млн адам қатысты. Н.Ә. Назарбаевқа сайлаушылардың 6,1 млн адамы жақтап дауыс берді. Сонымен бірге бұл сайлау тұрақты ресми биліктің оппозициямен ұзақ уақыт пікірталастыруына алып келді. Жалпы, Президент сайлауына қатысқан азаматтардың көрсеткіші неғұрлым жоғары. Парламент сайлауында қатысқан сайлаушылардың көрсеткіші төмендеу (мысалы, 2007 жылғы Мәжіліс сайлауында сайлаушылардың белсенділігі 64%-ды құрады). Бұл тенденция қазіргі жағдайда ТМД елдеріне ғана тән емес, дамыған демократиялық елдерге тән құбылыс. Президенттік институтын зерттеушілердің бірі С.Г. Парвчиннің бұл жөнінде былай дейді: «В рамках данной задачи ключевое значение приобретает определение параметров трансформации действующей системы власти с целью обеспечения с адекватности объективным потребностям развития страны. Это, по мнению французского ученого Г. Лордейре, является одной из наиболее сложных задач, которые встают перед государственными деятелями во время демократических преобразований, поскольку «дальнейшее развитие страны во многом будет определяться качеством созданных институтов власти» [4,4-б.]. Бұл жағдайға әсер еткен бірнеше себептер болды. Азаматтардың Мемлекет институтына деген саяси қатынасы, бірінші кезекте казіргі Мемлекет басшысының беделі мен қызметіне байланысты еді.

2000 жылдардағы көппартиялық пен парламентаризмнің даму эволю-циясы мен 2007 жылғы конституциялық реформалар да жекелеген зерттеушілердің назарынан тыс қалмады. Сол кезеңдегі біздің еліміздегі жүріп жатқан қоғамдық-саяси үдерістер, Қазақстан Республикасындағы демократиялық реформаларды дайындау және нақтылау бойынша Мемлекеттік комиссия жұмысы, саяси оппозицияның қызметі - осының барлығы бүкіл құқұқтық жүйенің даму логикасына сәйкес жүргізілетін конституциялық реформаларды қажет етті. «Необходимость в политических реформах впервые обозначилась уже во второй половине 1990-х гг. События осени 2001 г. показали, что потребность в дальнейшей демократизации политической системы увеличивается и обретает все более оформленный и системный характер.

Иначе говоря, четко обозначилось отставание темпов политических реформ от таковых в сфере экономики. Перед страной и властью встала задача поиска «формулы стабильности», что, в свою очередь, потребовало создания механизма согласования интересов найболее крупных общественно-политических и социальных страт. В тот момент перед Казахстаном встала проблема выбора», - дейді зерттеушілер[2, 88-б.].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы» еңбегінде: «Конституция біздің бостандықтарымыздың негізіне айналды. Ол бізге тәуелсіздік алып келген жеңістеріміздің, біздің тапқан табыстарымыздың бүкіл кешенін баянды етті», — деп жазды. 2004 жылы Конституциялық заңға енгізілген түзетулер мен толықтыруларға орай партиялық жүйеге де өзгерістер енді. Жаңа редакция бойынша саяси партиялар сайлау блоктарын құру құқығына ие болды. Ол 2004 жылғы 19 қыркүйекте Парламент Мәжілісіне сайлау да кейбір партиялардың бірігуіне алып келді [3, 145-б.].

2004 жылдан бері оппозициялық күштер парламенттік сайлауда артынан бірнеше ұтылысқа тап болды және ыдырауды бастарынан өткізді. Осы жолғы партияның жаңадан ұйымдастырылуы белгілі бір деңгейде оппозицияның саяси кеңістігін тарылтты. Осы кезеңдегі жағдайларға тоқтала келіп, зерттеушілер былай дейді: «Указом Президента Республики Казахстан от 20 марта 2006 г. была создана Государственная комиссия по разработке и конкретизации программы демократических реформ. Перед Госкомиссией стояла сложная

задача, направленная на: выработку стратегии политических реформ, которая бы придала либерально-демократическим преобразованиям в стране системный и необратимый характер: поиск компромиссного решения в видении дальнейшего развития страны» [2, 88-89 бб.].

2006 жылы Қазакстанның саяси партиялары ерекше белсендік танытып, саяси күштер құрылымына жаңа серпін берді. Қыркүйек айында, «Отан» партиясы мен «Асар» партиясы бірігіп, жаңа «Нұр Отан» партиясын қалыптастырды және партия мүшелерінің саны — 700 мыңға дейін артып, ең ірі партияға айналды. Біріккен партияның мүшелері парламентте көпшілік орынға ие болды. Жаңа «Нұр Отан» партиясы коғамдык-саяси өмірге белсенді араласатынын жария етті. Соның ішінде, ең алдымен парламент жұмыстарын күшейтуге, президенттің үндеуіне қолдау көрсетіп, насихаттауға көңіл бөлетінін ерекше атап көрсетті. Екі ірі партияның бірігуі Қазакстанның ішкі саяси күштеріне өзгеріс алып келді [3, 146-б.].

Осы жылы қалыптасқан жағдай жаңа саяси трансформацияларды кажет етті. Президенттік басқарудан демократиялық сипаты басымырақ парламенттік жүйеге өту кезеңі келді. 2007 жылы 21 мамырда Парламенттің қос палатасы Президент Н.Ә. Назарбаевтың Конституцияға өзгерістер енгізу туралы ұсынысын қолдап дауыс берді. «Новые конституционные поправки, принятые Парламентом весной 2007 г. на основе результатов этой работы по представлению Главы государства, открыли широкие возможности для активизации всего политического процесса в Казахстане. Нововведения коснулись различных сторон политической жизни.

С одной стороны, это фактически коренное реформирование существовавшей модели политической системы, суть которого – значительное расширение полномочий и привилегий законодательной ветви власти, новое структурирование партийного поля, развитие реального гражданского общества и неправительственного сектора, что в совокупности обеспечит привлечение широких слоев населения к непосредственному участию в политических процессах.

С другой стороны, в этих переменах заложен фундамент для более скоординированной работы системы государственного управления, поскольку все центральные органы власти отныне будут взаимозависимыми и взаимодополняемыми. При этом наиболее наглядной характеристикой нового политического устройства станет усиление во властных взаимоотношениях механизма «сдержек и противовесов» [2, 89 б.].

Бұл өзгерістер билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдіктің тиімді жүйесін калыптастыруға бағытталды. Осы мақсатта Президенттің біршама өкілеттілігі Парламентке берілді. Сөйтіп, Парламент Үкіметті, Конституциялық Кеңестің үштен екі бөлігін, Орталық сайлау комиссиясын, Есеп комитетін қалыптастыру және олардың қызметін бақылау құзырына ие болды. Үкіметтің қызметі тиімді және сапалы болуы үшін оның мемлекет басшысы мен Парламент алдында жауаптылығы қалыптастырылды. Атқарушы билікті реформалау шеңберінде өкімдерді сайлау, жергілікті өзін-өзі басқару институттарын жетілдіру қарастырылды. Бұл іс жүзінде президенттік басқарудан президенттік-парламенттік басқаруға өтуді білдірді. Сонымен, 2007 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде Қазақстанда жаңаша саяси жүйе қалыптастыру мүмкіндігі туды. Конституциялық реформалар саяси билік институттарын одан әрі жетілдіру, билік тармақтарының карым-қатынасын реттеу, қазіргі заманғы талаптарға сәйкестендіру мақсатында жүргізілді. Соның нәтижесінде мемлекеттік басқару жүйесі жаңартылды [3, 145-б.].

Сонымен байқап отырғанымыздай тәуелсіз Қазақстанның саяси тарихының президенттік билік, парламент туралы мәселелері біршама дұрыс зерттелген. Біздіңше, алда бұл мәселелерді тереңдету, әрқайсысын жеке – жеке арнайы зерттеу қажет. Әсіресе Қазақстанның атқарушы үкіметі туралы мәселе үстірттеу қарастырылып отыр. Сондай–ақ халықтың басқару жүйесіндегі орны туралы мәселе де назардан тысқарырақ қалған. Бұларды болашақ зерттеулерде ескерген дұрыс болар еді.

1. Казахстан сегодня. - Алматы, 2009. - 416 б.
2. Сейлеханов Е.Т. Политическая система Республики Казахстан: опыт развития и перспективы. - Алматы, 2009. – 296 б.
3. Аяған Б.Г., Әбжанов Х.М.., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. -Алматы, 2010. - 448 б.
4 . Парвчина С. Г. Институт президентства: история и современность. — Минск: ИСПИ, 2003. — С. 234.

* * *

В статье расмотрены вопросы историографии политического развития независимого Казахстана. Автор дает характеристику на работы современных казахстанских и зарубежных историков по институту президентства в СНГ.

* * *

In this article is considered problems of historiography of the political development of the independent Kazakhstan. The author analyzes the works of Kazakhstan's and foreign historians about President's institution in former USSR.

Райгүл Хазретәліқызы

ХАЛЫҚТЫҚ МЕДИЦИНАДАҒЫ БАҚСЫЛЫҚ

Тәңірлік – түркі-монғолдардың діні ғана емес, ол осы халықтардың этникалық қалыптасуына негізін қалаған тұтастай мәдени-рухани құндылықтар жүйесі. Ол құндылықтарды танып-білуде олардың өмір сүру формасына басымдық беру ағат тұжырымдар жасауға негіз болады. Тәңірлік діннің наным-сенімдері тылсым табиғаттың құпиясын игеруге бағытталған. Ауру-сырқау, малдың індеті, тіпті әлеуметтік қиындықтар Көк Тәңірге сиынып жалбарыну, құрбандық шалу арқылы жеңілдейтін. Бұл жерде Тәңір мен халықтың арасын байланыстырушы бақсы - харизмалық тұлға. Ол өз қоғамының элитасы. Оның басқалардан білімі артық. Ол ақын, музыкант, сәуегөй сонымен қатар дәрігер. Бақсылар ерекше жандар, олар өздерін өздері ерекше құтырынды жағдайға келтіре алатындай өнерге ие, ерекше «зікір» салу өнері арқылы адамдарды есінен адастырып, рухтармен тілдесе алатын, зікір салу кезінде аруақтарға өзінің жындарын тілдесуге жібере алатын қасиеті бар адам болып саналады [1].

Қазақ арасында Тәңірлік діннің сақталып қалған сарқыншағы ретінде бақсылардың қызметі, емдеу тәсілдері жөнінде қарастырған Ә.Диваев, А.И.Левшин, Р.Карутц, А.Е.Алекторов және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде көптеген мәліметтер келтіріледі. Олар бақсылардың ерте дәуірдегі құдыретті болмысының қазақ қоғамындағы орнын іздейді.

Бақсылықтың әлеуметтік қызметі дәстүрлі қоғамда бірыңғай емшілік түрінде орнықты. Әбубәкір Диваев бақсылықтың осы сипаттарын тап басып, тани алған. Ол бақсылар жиналған халықты өз құдіретіне сендіретіндей таңғажайып өнер көрсетуі керек дейді. Бұл үшін ол қыстың қақаған аязды күнінде жалаң аяқ, жалаң бас жүруі керек. Қызып тұрған темірді қолымен ұстауы немесе тілімен жалауы, қайнап тұрған ыстық суға қолын батырып, не жууы керек тағы басқа сияқты нәрселерді бүкіл халықтың алдында жасауы керек. Егер осындай істер кезінде оған ешқандай зақым келмесе, ол алланың жіберген құлы, оны аруақтар қолдап отыр деген түсінік туған [2, 174-177-б.б.] дейді. Кей кезде жиналғандарды таңдандыра түсу үшін бақсылар түрлі көзбояушылық өнерге жүгінген. Олар халықтың көз алдында өз қабырғаларынан қобыздың ысқысын өткізетін, іштеріне пышақ сұғып, инелер жұту сияқты өнерлерімен жиналғандарды өздерінің бақсылық өнеріне сендіре алған. Жиналған халықты ұйыта алған бақсы ауруды емдеуге сырқаттың сенім күшін пайдалана алған. Демек, бақсының емшілік қызметі дерттің диагозын дәл анықтаумен бірге оны емдеудің тәсілдерін де ұтымды қолдануға негізделеді. Дәстүрлі медицинада барлық ауру түрлері негізінен екі топқа бөлінеді. Олардың біріншісі: ұшық, ұшыну. Бас ауырып, жүрек лоблып, кенет ыстығы көтерілген аурулардың бәрі ұшыну, ұшық деп аталады. Халқымыздың түсінігінде ұшыну астан болады. Олардың сыртта отырып ас ішпейтініне және түнде тамақ пен судың бетін ашық қалдырмайтынына қарағанда, мұны жын-шайтан ыластап кетеді деген нанымен жасайтын болған. Ұшық сырқаты ұшықтау деп аталатын ырыммен емделеді. Екіншісі - қағынды. Бұл күштірек ұстайтын аурулар, сондықтан мұны қағып емдейді. Бұл екі емнің екеуі де жын-шайтанды үркіту мақсатын көздейді. Ұшықтауда үш рет суық су немесе ыстық су бүркеді, ал қағуда әртүрлі малдың өкпесімен қағады. Қазақ бақсылары негізінде осы екі ауруға, әсіресе жын ұрғандарды емдеуге маманданған [3, с.304].

Бақсылықтың ең басты атрибуты - зікір салу. Зікір салу барысында бақсылардың «әулиеге» сиынып, әруақтарын шақырып күресетін жаулары негізінен дию, пері, шайтан, албасты, жын, марту сияқты тылсым күштер. Осы мәселеге қатысты бақсылықтың мән-мағынасы мен атқаратын қызметі жөнінде Ә.Төлеубаев [4, с. 216] көптеген тың мағлұматтар келтіреді. Зікір салу - отырған жұртты есінен тандыру, өзіне сендіру, түрлі айқай, аруақтарды атап шақыру, үйдің ішін айналып билеу, түрлі ұрмалы аспаптарды қолдану арқылы көрсетілетін ритуал. Бақсы ойынына қажетті заттар: даңғыра, ұзын шапан, бас киім, ұзын матадан жасалған белбеу. Олардың киімі қарапайым халықтікінен ерекше болады. Бақсылар өздерінің қызметіне көптеген қайырымды және қайырымсыз әруақтарды пайдаланады [5]. Осы аруақтардың ішінде шаманның өзіне бағынатын, одан ақыл-көмек сұрап отыратын, аурулардың неден ауырғанын біліп беріп отыратын қызметші аруақтары және өзі күресетін ауру тудыратын қайырымсыз аруақтары болады.

Бақсылардың емдейтін аурулары негізінен бір болғандықтан, олардың емдеу әдістері де

бірдей болған екен деген ой тумауы керек. Көптеген зерттеушілер мен саяхатшылардың жазғандарына қарай отырып сол кездегі бақсылардың емдеу тәсілдерінің әртүрлі болғандығын білеміз. Бақсылардың емдеу тәсілдері бірінен соң бірі кезектесіп келетін әртүрлі іс-қимылдардан тұрады. Сеанс басталардың алдында, бақсы қалыптасқан ереже бойынша ең алдымен аурумен жақсылап танысып алады. Бақсылардың көбісі мұндай кезде бұл істі аурудың сыртқы түр сипатын байқап, тамырын ұстаудан бастайды [6, с. 31].

Бақсылардың зікірі мен исламдағы Алланы еске алу үшін жасалатын жария зікірдің қызметі еш бөлек. Оларға ортақ бір құбылыс, екі зікірде де адамдар – біріншісінде – бақсы, екіншісінде зікір салушы жамағат өзін-өзі ұмытып, транстық жағдайға түседі. Бақсы зікірі ем-домдық, сәуегейлік мақсатты көздесе, жария зікір Алланы еске алуға ниет еткен мүмін пенденің өзі үшін жасалады. Осы тұжырымнан аңғаратынымыз, бақсылық қызметі бойынша көпқырлы мәдени-рухани және әлеуметтік-саяси құбылыс. Халқымыздың ислам дінін қабылдауымен байланысты бақсылықтың саяси, рухани сипаттары жойылып, мәдени-әлеуметтік сипаттары басты маңызға ие болды. Бақсылықтың мәдени қызметі дегенде, оның бойында ауыз әдебиетінің үздік үлгілері түрінде жинақталған сарындар, әнәуездер, күйлерді (мысалы: Қорқыт, Ықылас т.б. қобыз күйлері), бүгінгі күнгі цирк, көзбояушылық өнердің дәстүрлі түрлерін атаймыз. Осыған байланысты Б.Г.Ерзакович бақсылардың дәстүрлі музыка өнерін дамытудағы рөліне жоғары баға берген [7, с.20-42].

Бақсылықтың ислам құндылықтармен кірігуі өз алдына зерттеу тақырыбы боларлықтай ауқымды мәселе. Бұл жөнінде Ш.Уәлихановтың «Шаман сиқырлық қасиеттерімен қоса білікті, талапты, басқалардан мәртебесі жоғары, ол ақын да күйші, сәуегей және емші, ол сегіз қырлы, бір сырлы адам» [8, 171-б.] деп баға береді. Сонымен бірге ол: «Мен, қазақтарда шамандық моңғолдарға қарағанда таза күйінде сақталды деуден аулақпын, керісінше қазақтарға шамандық салт-сана мұсылмандық наныммен мидай араласып, ортақ мұсылман атты дінді құрайды. Қазақтар әуелде, Мұхамедті білмей тұрғанда да алла мен тәңірге бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақсылардың құдіретіне де сенді, пайғамбар ұрпақтары қожаларды да құрметтеді»-деп көрсетеді. [8, 171-173 б.б.]. Бұл жерде ол, тәңірлік діні қазақтарда ислам дінімен ұласқандығын, Мұхаммед пайғамбарды білмей-ақ, бір құдайға сенгенін, сонымен қатар «Онгондарға» да сиынып, мұсылман әулиелерінің моласының басына мал соятындығын, бақсыға сеніп, Мұхаммедтің ізбасарларын құрметтегенін айтып отыр. Олар отқа табынған, ал бақсылар онгондармен қатар мұсылман періштелерін шақырып, Алланы дәріптеген. Міне бұл сияқты қайшылықтар бір-біріне ешбір кедергі жасамаған, ал қазақтар осылардың бәріне бірдей сенген деп жазады. Академик Әлкей Марғұланның сөзімен айтқанда: «Содан бері бақсылар азғындап, кішірейіп, өзінің ұлы бейнесін өзгертіп, енді қобыздың күйі мен сарын айтуымен тек кісі емдейтін емші болуға айналды. Бірақ мұнда қазақ бақсылары ауруға бар жанын салып, өліммен алысады. Аурудың алдында Қорқыт күйін тартып, өлімге дауа іздейді». [9, с.135-155] Шындығында, Тәңірлік дүние танымның бақсылар сарынына өзек болған жын, албасты, марту деген қазақтар арасында тәңірлік діннің ұмтылуы, ислам дінінің толық мәнінде орныға қоймауы туралы тұжырымның астарында миссионерлік мүдде бұғып жатқаны белгілі. Осы кертартпа көзқарасқа алғашқы болып соққы берген де Ш.Уәлиханов еді. Осы сияқты атриозттар ислам дәуірінде әулие-әнбиелермен қатар аталады. Мысалы:

Түркістанда түмен бап,
Сайрамда бар сансыз бап.
Отырарда отыз бап,

Баптарлың бабы Арыстанбап - деген сарын бақсылардың ауру-сырқауларды емдеу лексиконынан берік орын алуы тәңірлік және исламдық құндылықтарының кірігуінің көрінісі деп бағалануы тиіс.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі қоғамның құрылымда өз орны бар бақсылықты дербес әлеуметтік институт ретінде қарастыру этнологиялық зерттеулердің мазмұнын байытады деп білеміз. Әсіресе, бақсылықтың мәдени, әлеуметтік қызметінің құрылымын жіктеп, оны тарихи тұрғыда тұлғаландыру әдебиет, өнер және медицина саласындағы ғылыми танымның ауқымын кеңейте түсер еді.

1. Досумбеков Б. Табиби и баксы.// Киргизская степная газета. 1894. №16.
2. Диваев Ә. Тарту. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 25-б.
3. Дугаров Д.С. Исторические корни белого шаманства. – Москва, 1991. С.304.
4. Толеубаев А.Т. Пережитки магии в традиционной детской обрядности казахов // Известия АН КазССР. Сер.общ.наук. 1978. №1.
5. Кастанье И. Из области киргизских веровании // Вестник Оренбургского учебного корпуса. – Оренбург, 1896. №3.
6. Алекторов А.Е. Баксы из мира киргизских суеверий // Туркестанские ведомости. 1900. №1.

7. Ерзакович Б.Г. У истоков казахского музыкознания. – Алматы: «Наука», 1987. С.176.
8. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. – Алматы: «Жазушы», 1985.
9. Маргулан А.Х. Древние эпические сказания. – Алматы, 1985.

* * *

В данной статье рассматривается роль и деятельность представителя казахской народной медицины – Баксы. Баксы – поэт, музыкант, и к тому же как лекарь имель огромную авторитет среди казахов.

* * *

In this article considers the role and activities representative of Kazakh national – Baksy. Baksy – poet, musician and also physician had huge authority among Kazakh.

А. А. Оралова

ҚҰЖАТТАНУДЫҢ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ

Бүгінгі таңда құжаттану мен құжаттамамен қамтамасыз ету саласының қоғамның барлық салаларында қолданбалық маңызы артып отыр. Құжаттану–құжаттың барлық түрлері мен формалары туралы ғылым. Құжат пен құжат айналымы барынша артып отырған бүгінгі ақпараттық қоғамында осы саладағы жаңашыл тәжірибелер мен әдіс-тәсілдерді айқындау және оларды қолданысқа енгізудің маңызы зор. Құжаттанудың теориялық мәселелерінің бірі – құжаттанудың зерттеу әдістерін анықтау. Іс жүргізу мен құжаттанудың теориялық-методологиялық мәселелерін жүйелі зерттеу отандық тарих ғылымында әлі де толық жүзеге асқан жоқ. Соның ішінде, құжаттанулық зерттеулерді жүргізуде зерттеу әдістерін айқындау мен талдаудың өзектілігі артып отыр.

Құжаттанудың қалыптасуы мен тарихы мәселелерін А.Н. Сокова [1], С. М. Мәшімбаев [2] сынды бірқатар зерттеушілер қарастырса, құжаттанудың теориялық-методологиялық мәселелеріне байланысты Э.А.Бардаев [3], В.Д. Банасюкевич [4], Н. С. Ларьков [5] т. б. еңбектері жарияланды. Құжаттану тарихы мен әдістері мәселесіне байланысты алғашқы кешенді зерттеу нәтижелері А.С.Ысқақтың [6] диссертациялық еңбегінде баяндалады. Зерттеу жұмысы құжат мазмұны, құрылымы, түрі, мақсаттық бағыты, құжаттағы ақпарат көлеміне т.б. жекелей және жүйелік түрде жүргізіледі [5; 34].

Қазіргі қоғамның нарықтық қатынастарға толық көшуі және ақпараттандыруға бет алуы, құжаттардың басым бөлігіне жеке меншіктің орнауы, Кеңес Одағы тұсында құжаттарға мемлекет ықпалының бүгінде толығымен тоқтатылуы іс жүргізу мен құжаттанудың дамуын зерттеуге деген қоғамдық қажеттілікті арттыра түсті. Бұл қажеттілік ең алдымен жаңа ұйымдық нысандарда құжаттық жүйелер мен ақпаратты өңдеудің дәстүрлі және жаңа әдістерін басқару арасындағы сабақтастық пен өзара әрекеттесудің сақталып отырғанына байланысты. Сол себепті іс жүргізу мен құжаттануды жетілдіру олардың зерттеу әдістерін айқындау арқылы ғылыми негіздеуді қажет етеді. Қандай да жұмысты тиімді басқару үшін оның орындалуын бақылаудың ұтымды әдістері жасалады. Олар жаңа білім алуға немесе обьективтілік туралы ілімді әрі қарай нақтылауға, сонымен бірге басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл әдістер жұмыстың маңыздылығын, оның өзге жұмыс түрлеріне ықпалын, қорытынды нәтижесін және аралық нәтижелерді саралау, жұмыс ұзақтығын белгілеу үшін қажет [6; 3].

1970-ші жж. құжаттардың бірізделген жүйелерін жасау бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері құжаттануда бірнеше жаңа бағыттарды қалыптастырды. Олардың бірі – құжаттарды сипаттау, атауы, жіктеу және құжаттар жүйелерін құрастыруды білдіретін құжаттық систематика. Бірақ бұл бағыт осы атауымен жеке бөлініп кетпеді. Ал оның мәселелері құжаттанудың өзге мәселелерімен өзара байланыстарын сақтап қалды. Өзге ғалымдар іспеттес құжаттанудың да қалыптасқан өз методологиясы бар. Ол жалпы және арнаулы құжаттанулық зерттеу әдістерінен тұрады. Алғашқы құжаттануда және оның тәжірибелік бөлігін қамтитын іс жүргізуде ғылыми зерттеудің кең қолданылған тәсілдеріне жұмыс үдерістерін бақылау, қызметкерлерден сауал алу, үдерістер мен фактілерді сипаттау, сауалнама жүргізу, жұмыс күнін фотосуреттеу және өзінөзі фотосуреттеу, хронометраж және модельдеу әдістері жатқызылады [6; 33].

Зерттеуші Н.С. Ларьков жалпығылыми әдістерге әмбебап сипаттағы: **жүйелеу, модельдеу, функционалдық, анализ, синтез, салыстыру, жіктеу, жалпылау (қорытындылау), абстрактіліктен нақтылыққа өту** әдістерін жатқызады. Жалпығылыми әдістер философиялық заңдар мен категорияларға негізделеді. Жоғарыдағы әдістердің өзі бірнеше түрге бөлінеді. Нақтырақ айтқанда, модельдеу әдісінің дескритивті, графикалық, математикалық және натуралдық (физикалық) түрлері бар. Олардың көпшілігі құжаттануда қолданылады [5; 34-35].

Зерттеуші Э. А. Бардаев құжаттанудағы кең қолданылатын жалпығылыми әдістер қатарына **жүйелік, функционалдық, модельдеу, формализация әдістерімен қатар, суреттеу, анализ, синтез** т. б. секілді жеке әдістерді атап көрсетеді [3; 7]. Енді осы әдістердің бірқатарына анықтама берейік. **Жүйелеу әдісі** дегеніміз – тарихи обьектілерді кеңістік пен уақыт бойынша зерттеу, тарихи фактілерді түсіндірудің жалпылау және бірыңғай жүйе құру әдісі. Үлкен Энциклопедиялық сөздікте: **«құрылымдық-функционалдық талдау** – құрылымындағы әр бөлшектің арнаулы өз қызметі болатын жүйені зерттеу принципі» – деген анықтама беріледі [7; 2]. **Модельдеу әдісі** – белгілі бір заттың ерекшеліктерін оның үлгісін құру арқылы айқындау әдісі [8; 1]. **Анализ-синтез** (грекше – жіктеу және біріктіру) – бүтінді жекеленген бөліктерге бөлу және біріктіру әдісі. Ойлаудың қарама-қарсы әмбебап бағыттары. **Салыстыру әдісі** дегеніміз – екі түрлі құбылыс немесе заттың ерекшеліктерін салыстыру арқылы айқындайтын ғылыми әдіс [9; 2]. **Жіктеу (классификация**) – зерттеу немесе бақылау обьектілерін олардың ортақ белгілері бойынша топтау әдісі. **Абстрактіліден нақтылыққа өту** –шынайылықты зерттеу әдісі. Негізгі мәні – абстрактілі біржақты ойлаудан нақты теориялық ойлау деңгейіне сатылай көшу. Конструктивті принцип ретінде бұл әдісті ең алғаш Гегель қолданған. Осы зерттеу әдісін ғылыми негіздеуде зерттеуші абстрактілі мен нақтылық категорияларының қатынасы жөніндегі жаңа теориялық түсініктің негізін қалады [10; 1-2].

Жалпығылыми зерттеуде күрделі құрылымдарды аса қарапайым элементтерге бөліп алып қарастыру ықшамды. Себебі, жалпыдан гөрі жеке дүниелерді талдау, сондай-ақ олардың сандық және сапалық көрсеткіштерін айқындау жеңіл. Мәселелерді жекеге бөліп қарастыруда ең оңтайлы модельдеу әдісі саналады. Құжаттануда модельдеу әдісіне құжаттарды біріздеу әдісі құжаттардың бірізделген жүйелерін әзірлеуде кеңінен қолданылған. Өзін-өзі ақтаған іс ретінде оның көмегімен бірқатар мемлекеттік стандарттар, ұйымдық-өкімдік құжаттардың тұрпатты мәтіндері әзірленді [6; 34].

Жалпығылыми әдістер мен арнайы әдістер тығыз байланысты. Олардың қолданылу аясы шектеулі. Арнайы әдістерге Н. С. Ларьков: **формулярлық талдау әдісі, контент-талдау, құрылымдық лингвистика әдісі, психолингвистикалық әдіс, құжаттарды біріздеу әдісі, сараптап бағалау әдісі, библиографиялық және ғылыми өлшемдік әдістерді** жатқызады [5; 35]. Ал, Э. А. Бардаев: **құжаттарды бірізділеу және стандарттау әдісі, құжат айналымы процедурасын ыңғайластыру, құжат құндылығын анықтау** т.б. әдістерін жатқызады [3; 7].

Құжаттарды зерттеуде оның сыртқы құрылымынан кейін негізгі талдау жұмыстары құжат мәтініне байланысты жүргізіледі. Формулярлық талдау әдісі – дегеніміз құжат мәтінін талдау. Әдетте акт мәтіні құрылымын формуляр деп атайды. Ол белгілі бір стандарт бойынша реттілік жүйесімен жасалады. Формулярлық талдауда оның шартты, абстрактілі, нақты және индивидуалды түрлері айқындалады. Мәселен, шартты формуляр дегеніміз – құжаттардың кең қолданыстағы ортақ сызбасы. Абстрактілі формуляр –белгілі бір саладағы ерекше құжат құрылымының ортақ сызбасы. Белгілі бір құжаттар тобындағы жекеленген түрлерінің сызбалық құрылымы нақты формуляр болса, бір ғана мәтін құрылымы – индивидуалды формуляр деп аталады [11; 1].

Контент-талдау – құжат мазмұнын мөлшерлік зерттеу әдісі. Әдістің негізгі мәнімәтінде: белгі, белгілер жиынтығы, әріп, сөз, термин, сөз тіркесі, жекеленген тұлғалардың тегі (фамилия) және т. б. Бірліктердің кездесу жиілігін есептеу болып табылады. Есеп жүргізілгеннен кейін, белгіленген бірліктерді қолданылу реті мен жиілігіне қарай орналастырады, яғни тезаурус құрылады. Талдаудың мәтін құрылымының жекеленген бөлшектерін анықтауда маңызы зор. Контент-талдаудың зерттеу мақсаты мен көрсеткіш таңдауына байланысты бірнеше түрлері бар. Мысалы, семантикалық контент-талдау мәтін мағынасын анықтауға бағытталады. Есептеуде көрсеткіш ретінде сөз, сөз тіркестеріндегі мағыналық бірліктер алынады. Әдебиеттануда лингвистикалық контент-талдау қолданылады. Ғылыми мәтіндерді талдауда цитаталық контент-талдау қолданылады [12; 5-6].

Құрылымдық лингвистика дегеніміз – тілді белгілік жүйе ретінде түсінуге негізделген

зерттеу әдістеріне көзқарастардың жиынтығы. Тілді құрылымдық суреттеу мәтіндегі инвариантты бірліктерді (сөйлем, морфема, дыбыс сызбалары), синонимдік құрылымдарды айқындауға мүмкіндік береді [13; 1]. Құжаттарды **психолингвистикалық зерттеу әдісі** мәтіннің оқырманға қолжетімділігі мен қызығушылығын қамтамасыз етеді. Бұл әдіс әсіресе, психология мен әлеуметтануда кең қолданылады. Психолингвистика мәтіннің астарындағы мағынасын айқындауғы бағытталады. Психолингвистикалық әдістердің бір тармағы – түсініктілік сөздігін талдау. Яғни, жеке тұлғаның мәтін мазмұнын түсінуге қаншалықты дайын екендігі анықталады [12; 5].

Құжаттарды бірізділеу – құжат құрылымы мен формасын белгілі бір үлгіге сәйкестендіру. Құжаттарды стандарттау – жүргізілген бірізділеу мен оның міндеттерінің деңгейін заңды түрде бекіту. **Құжаттарды бірізділеу және стандарттау әдісі** құжат түрлерін, стандарт формалары мен ерекшеліктерін т.б. айқындайды [14; 56]. **Сараптап бағалау әдісі** толық жүзеге асырылмаған және дұрыстығы күмән келтіретін тапсырмаларда қолданылады. Ең алдымен, құжат мәтініндегі мәселелерді жетік білетін жоғары санатты мамандар тартылуы тиіс. Бағалау эталоны ретінде сараптамашылардың кәсіби біліктілігі алынады. Бағалау критерийіне құжаттың пайда болған орны мен уақыты, мекеменің мемлекеттік басқарудағы рөлі т.б. жатады [12; 6].

Құжаттардың мөлшерлік жиынтығын зерттеуде **библиографиялық әдіс** қолданылады. Құжаттар жиынтығы статика мен динамика бойынша зерттеледі. Статика бойынша зерттеуде құжаттар массиві, ал динамикадақұжаттар ағымы түсініктері қолданылады. Құжаттар массиві дегеніміз уақыт бойынша өзгермейтін обьект – құжаттардың жиынтығы. Массив жариялым, басылым, сақтау бірліктері ретінде көрініс табатын мөлшермен сипатталады. Массивтер кітапхана, мұрағат, т.б. қорларын қалыптастырады. Құжаттар ағымы – қозғалыс пен динамикадағы уақыт бойынша өзгеретін обьектілер жиынтығы. Ағым уақыт бірлігіндегі (ай, жыл) басылым, жариялым бірлігінің мөлшері ретінде көрініс табатын интенсивтілікпен ерекшеленеді. Массивтер шынайы болса, ағым зерттеушінің ойы мен түсінігінде болады. Құжаттар ағымын модельдеуде библиографиялық әдіс қолданылады. Оның негізгі мәні – құжаттарды стандарттық методика, аннотация немесе реферат түріндегі мазмұндық сипаттамасы бойынша суреттеу, яғни, библиографиялық ақпарат құру. Және әртүрлі белгілері мен рәсімделуі бойынша топтау [12; 7].

Әр жобаны әзірлеу үшін алдынала жобалау зерттеу әдістерінің құрамы анықталып, оның жазба деректерді зерттеу, тікелей бақылау, сұрау жүргізу (интервьвю алу), жұмыс күнінің суреті, өзін-өзі фотосуреттеу, хронометраж, сауалнама жүргізу тәрізді әдістері анықталады. Статистикалық бақылау әдісі құжаттардың жасалуы және құжат айналымы, анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету, ұйымдастыру техникасы құралдары мәселелерін зерттеуге, іс жүргізу қызметшілері санын анықтауға қажетті сандық мәліметтерді алуда негізгі әдіс саналады. Қандай да құбылыстың сандық есебін анықтау мүмкін болатын жерде статистикалық әдісті қолдану өте тиімді. Зерттеу барысында алынған мәліметтерді талдау және қорытындылау үшін кеңінен қолданылатын салыстырмалы талдау әдісімен бірге құжаттарды зерттеуде ақпараттың физикалық тасушыларын зерттеу әдістері, ақпаратты бекіту тәсілдерінің зерттеу әдістері, құжаттардың атрибуттарын зерттеу әдістері, ақпаратты аналитикалық-синтетикалық өңдеу әдістері кеңінен қолданылады. Құжаттарды және құжаттық жүйелерді сандық-ақпараттық тұрғыдағы зерттеулерде математикалық әдістерді қолдану ұтымды [6; 34].

Сонымен қатар, құжаттардың арнайы әдістеріне **құжаттарды ақпараттық және терминологиялық талдау әдістері** де жатады. Құжатты ақпараттық талдау әдісі – физикалық (габарит), ақпараттық көлемі және ақпараттылығы секілді өлшемдер бойынша мәтіннің формальды сипаттамасын береді. Құжаттардың физикалық көлемі баспа парақтарының мөлшерімен есептеледі. Баспа парағы – баспа көлемінің бірлігі. Ал, құжаттың ақпараттық көлемі үздіксіз мәтіннің ұзындығы мен аумағымен өлшенеді. Көп жағдайда таңбалар мөлшерімен есептеледі. **Құжаттарды терминологиялық талдау әдісі** лингвистикада пайда болған. Бұл әдіс құжаттануда мәтінді зерттеуде кең қолданылады. Термин дегеніміз – белгілі бір ғылыми, арнайы түсінік берілген сөз немесе сөз тіркесі. Терминнің негізгі ерекшеліктері:

- жүйелілік – термин берілген пән бойынша басқа терминдермен байланысты болуы керек;
- терминдердің өз дефициясы (қысқаша логикалық анықтамасы) болады;
- бір мағыналылық – белгілі бір ғылым саласында тек бір мағынада қолданылады;
- стилистикалық бейтараптылық болмауы тиіс.

Кез-келген ғылымның терминдік жүйесіне аралық ғылымдар әсер етеді. Әр түрлі терминдік жүйелер терминдерінің араласып кетуі объективті құбылыс. Әсіресе, ғылыми мәтіндерді зерттеуде терминологиялық талдаулардың маңызы артып отыр [12; 3-4].

Зерттеуші Б.Г.Могильницкий айтқандай, «кез-келген ғылымның методологиялық пісіп-жетілуі оның түсініктілік аппаратының даму деңгейіне байланысты. Ғылыми қатаңдық пен негізгі түсініктердің айқындылығы, олардың әмбебаптылығы мен дифференциалдылығы, логикалық нақтылығы мен ішкі қарама-қайшылықсыздығы әрбір ғылымның одан әрі дұрыс дамуы мен жұмыс істеуіне ықпал ететін алғышарттарды құрайды. Ғылым дамуының заңды жемісі бола отырып, ғылымның танымдық қабілетінің одан әрі жетілуіне жағдай жасайды. Сол себепті де, методологиялық мәселелерді қарастыру ғылымды дамытудың ең маңызды шарты болып табылады [15; 4]. Құжаттанудың да методологиялық негізін дамыту – алдағы басты міндеттердің бірі болып отыр.

Қазақстанда іс жүргізу мен құжаттануды ілгері дамытудың барлық алғышарттары жасалынған және оларды тиімді қолдану құжаттанулық теориялық, қолданбалық зерттеулерге кең мүмкіндіктер ашады, пәнаралық байланыстар тұрғысынан олардың өзге пәндермен ортақ мәселелерін зерттеуге ықпал етеді. Құжаттанудың жеке зерттеу әдістері оның теориялық және қолданбалы зерттеулерінде кеңінен қолданылады. Зерттеу әдістерінің өзге ғылыми зерттеу әдістерімен байланысы бар және оларды пәнаралық зерттеулерде де тиімді қолдануға болады. Құжаттанудың зерттеу әдістерін нақтылау және электрондық құжаттарды зерттеу әдістерін ғылыми негіздеу, олардың тәжірибеде қолданылу әдістемесін жасау, құжаттанулық теориялық және қолданбалы ғылыми зерттеулерді мемлекеттік, салалық бағдарламалар аясында жоғарыдағыдай зерттеу әдістері көмегімен жүргізу міндеттері жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

1. Сокова А.Н. Развитие советского документоведения в условиях научно-технической революции (1960-1980 гг.): дисс. на соиск. уч. ст. докт. ист. наук: 05.25.02 – Документалистика, документоведение и архивоведение. - М., 1987. - 379 с.

2. Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемлекеттік басқару мекемелерінің тарихы. Тарих ғыл. док. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.: 07.00.02. - Алматы, 1999. - 313[7] б.

3. Бардаев Э.А. Документоведение: учеб. Для студ. Учреждений высш. Проф. Образования / Э.А. Бардаев, В.Б. Кравченко. – 2-ое изд., стер. – М. : Издательский центр «Академия», 2010. – 304 стр.

4. Банасюкевич В.Д., Сокова А.Н. Вопросы формирования теории документоведения // Развитие советского документоведения (1917-1981 гг.). Сборник научных трудов. - М.: Изд. ВНИИДАДА, 1983. - С. 5-27.

5. Ларьков Н.С. Документоведение. Москва, 2008. – 285 с.

6. Ысқақ А.С. Қазақстанда іс жүргізу және құжаттану: тарихы мен зерттеу әдістері (XIX ғ. - XXI ғ. басы). Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. Алматы, 2010. – 50 б.

7. http://dic.academic.ru

8. http:// yazykoznanie. ru

9. Философская энциклопедия /http://dic.academic.ru

10. http://cultinfo.ru/fulltext/

11. Данилевский И.Н. Исторические источники XI-XVII веков/ http://avorhist.narod.ru

12.http://edu.dvgups.ru

13. http://lingeru.ru/psixolingvisticheskie-metodyi-analiza-slov

14. Кирсанова М.В., Аксенов Ю.М. Курс делопроизводства: Документационное обеспечение управления. – М.: ИНФРА-М; Новосибирск: Сибирское соглашение, 2001. – 267 с.

15. Могильницкий Б.Г. Введение в методологию истории: Учеб. пособие для студ. вузов, обучающихся по спец. «История». – М.: Высш. шк., 1989. – 175 с.

* * *

Делопроизводство и документоведение всегда существовало в тесной взаимосвязи с государственным управлением, являясь связующим звеном его основных звеньев. В статье рассматриваются методы исследования документоведения. Эффективное использование методов исследования делопроизводства и документоведения способствуют проведению документоведческих, теоретических и прикладных исследований, а также изучению общих проблем междисциплинарного характера. Частные методы исследования документоведения широко применяются в теоретических и прикладных исследованиях.

* * *

Business correspondence and document management have always existed in close relationship with state government. The subject of the research is methods of research of document managment. Effective use of research methods of business correspondence and document management help to conduct documentation, theoretical and applied research, as well as studying the general problems of an interdisciplinary nature. Private methods are widely use in the business correspondence studying in theoretical and applied research.

А. М. Бакитжанова

ЯПОНО-АМЕРИКАНСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО В ВОЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ СФЕРЕ В НАЧАЛЕ XXI ВЕКА

В период пребывания Дз. Коидзуми на посту премьер-министра Японии наблюдалась заметная активизация японо-американского диалога, связанного с изучением возможностей дальнейшей модернизации японо-американского альянса. Исходной точкой данного процесса стал конец 2002 г., когда главы дипломатических и оборонных ведомств обеих сторон провели встречу в формате заседания японо-американского Консультативного комитета безопасности. Между тем, старт активной стадии консультаций пришёлся на конец 2004 г. Пауза отчасти была связана с проведением сложных переговоров между Вашингтоном и Сеулом по вопросу реорганизации структуры американского военного присутствия в Республике Корея. Но всё же главным фактором, сделавшим возможным разработку в период 2005-2006 гг. двусторонних программных документов, стало утверждение правительством Японии новых Основных направлений программы национальной обороны.

Новые Основные направления программы национальной обороны [1] стали первым японским программным документом в сфере политики безопасности, в котором были названы государства, военная политика которых вызывает озабоченность у японской стороны - КНР и КНДР. Документ, определяющий оборонную политику Японии на последующие 10 лет, в качестве важнейших моментов, угрожающих безопасности Японии, указывает на программу разработки ядерного оружия в КНДР, проблему распространения технологий производства баллистических ракет, а также нерешенность вопроса о будущем Корейского полуострова. В новых Основных направлениях также предлагается активизировать участие Сил самообороны в миротворческих операциях по всему миру. Данное положение можно рассматривать как одно из наиболее радикальных изменений оборонной политики страны за всю послевоенную историю.

Основные направления, которые были пересмотрены с целью соответствия новым угрозам, таким, как, например, международный терроризм, продемонстрировали намерение Японии укреплять союз с Соединенными Штатами посредством различных инструментов и возможностей. В документе предполагается, что японская сторона возьмёт на себя более активную роль в двустороннем стратегическом диалоге по проблемам безопасности. Кроме того, впервые указывается на необходимость уменьшения неудобств, причиняемых гражданскому населению, живущему около американских баз.

В истории японо-американских отношений в области безопасности, начиная с середины 70-х гг. можно проследить следующую схему: после утверждения правительством новых среднесрочных оборонных программ начинается активизация двустороннего диалога, целью которого является согласование японо-американских договорённостей в области безопасности с изменениям в оборонной политике Японии. Конкретным результатом данной работы становится принятие документов, определяющих новые задачи и цели сторон в рамках альянса [2]. В связи с этим, после одобрения правительством Японии нового оборонного плана можно было с большой степенью уверенности ожидать появления договорённостей, касающихся дальнейшей модернизации двустороннего союза безопасности.

Действительно, в ноябре 2004 г. главы военных и внешнеполитических ведомств обеих сторон приступают к переговорам, направленным на выработку конкретных предложений по адаптации альянса к изменениям как самой международной среды безопасности, так и подходов обеих сторон к вопросам её обеспечения. При этом предполагалось, что на первом этапе стороны определят новые стратегические цели альянса, после чего приступят к изучению конкретных шагов, направленных на их реализацию.

Что касается первого, в феврале 2005 года главы внешнеполитических и военных ведомств обеих сторон (Кондолиза Райс и Дональд Рамсфельд – с американской стороны, Нобутака Матимура и Йосинори Оно – с японской) провели в Вашингтоне встречу в формате заседания Консультативного комитета безопасности [3]. По итогам встречи было подготовлено Совместное заявление [4] (далее – Февральское заявление), которое можно считать первым программным документом альянса, принятым в 21-м веке.

Если рассматривать внешние факторы, побудившие стороны перейти к расширению сотрудничества в области безопасности, то здесь необходимо исходить из того, что в течение почти десятилетия после окончания холодной войны японо-американский союз безопасности трансформировался с целью лучшего соответствия новым реалиям региональной среды. Так, по мнению японского эксперта Кэна Дзимбо [5], сотрудника токийского Института глобального, индустриального и социального прогресса, альянс после завершения холодной войны эволюционировал в направлении от «ориентированного на угрозы к ориентированному на интересы». Это означает, что, в отсутствие угрозы со стороны бывшего СССР, акцент при реформировании альянса делался на общности интересов в сфере региональной безопасности. Данные интересы можно обобщить следующим образом:

✓ Сдерживание очагов конфронтации, оставшихся со времён холодной войны.

✓ Антикризисное взаимодействие (противодействие распространению ракетных технологий и ОМП, миротворческие операции).

В Февральском заявлении уже предлагается конкретный и достаточно обширный перечень региональных проблем, подпадающих под компетенцию японо-американских отношений в области безопасности:

✓ Обеспечение безопасности Японии, укрепление мира и стабильности в АТР, а также поддержание способности реагировать на события, затрагивающие интересы США.

✓ Поддержка процесса мирного воссоединения на Корейском полуострове.

✓ Поиск мирного решения для всего комплекса проблем, связанных с Северной Кореей.

✓ Развитие конструктивных отношений с КНР и позитивное отношение к возможности для этой страны взять на себя более ответственную и позитивную роль как на региональном, так и на глобальном уровне.

✓ Поддержка разрешения Тайваньского вопроса мирным путём.

✓ Содействие повышению транспарентности военной программы КНР.

✓ Содействие вовлечению России в конструктивные процессы, происходящие в АТР.

✓ Полная нормализация российско-японских отношений посредством разрешения территориальной проблемы.

✓ Содействие делу построения мирной, стабильной и развивающейся Юго-Восточной Азии.

✓ Поощрение различных форм регионального сотрудничества, акцентируя при этом внимание на важности создания открытых региональных механизмов.

✓ Противодействие неконтролируемой торговле оружием и военными технологиями.

✓ Обеспечение безопасности морских коммуникаций.

При этом подчёркивается приоритет поисков мирных путей решения для большинства из вышеуказанных проблем, из чего можно сделать вывод о постепенном переходе японо-американского сотрудничества по вопросам региональной безопасности из чисто военного в военно-политическое измерение.

В Февральском заявлении стороны впервые заговорили о переводе японо-американского военно-политического сотрудничества в глобальное измерение. При этом, из анализа выступлений участников встречи, а также текста Совместного заявления можно сделать вывод о том, что стороны окончательно перешли к расширенному толкованию самого понятия «японо-американский союз безопасности». Дело в том, что ранее под данным термином обычно подразумевались двухсторонние отношения, связанные преимущественно с обеспечением безопасности Японии, а начиная с середины 90-х гг., также и с улучшением региональной среды безопасности в СВА. Теперь же в сферу действия японо-американского союза безопасности уже включается сотрудничество в ходе постконфликтного урегулирования в Ираке и Афганистане. Двухсторонние договорённости, имеющие в своей основе Договор о взаимном сотрудничестве и гарантии безопасности между США и Японии [6] 1960 г., стороны предложили считать «стержнем» японо-американского союза безопасности.

В своём заявлении стороны признали, что Япония уже принимает участие в глобальной политике, оказывая содействие американским усилиям в Афганистане и Ираке. В качестве нового успешного направления глобального партнёрства было выделено активное участие Японии в ликвидации разрушительных последствий цунами в Индийском океане. Следующим важным направлением японо-американского партнёрства на глобальном уровне было названо активное участие Японии в международных инициативах по нераспространению ядерного оружия. Также было отдельно отмечено, что подключение японской стороны к американским планам создания ПРО способствует снижению

интереса других государств к развитию собственных ракетных программ.

В ходе заседания Консультативного комитета безопасности стороны согласились с тем, что принципиально новые вызовы международной среды безопасности, такие, как терроризм и распространение ОМП, стали общими угрозами для всего мирового сообщества, включая США и Японию. Было отмечено, что, применительно к АТР, угроза распространения ОМП осложнена наличием такого фактора, как региональная гонка вооружений. Придя к общему взгляду на изменения среды международной безопасности, стороны в Совместном заявлении от 19 февраля 2005 г. подтвердили, что их правительства будут реализовывать общие стратегические задачи, выполняя договорённости и соглашения между США и Японией в области безопасности и прилагая другие совместные усилия в рамках альянса.

В этот раз стороны решили воздержаться от прямого участия глав государств в разработке и принятии базовых документов, регулирующих основные направления общей политики в области безопасности. Дело в том, что активное участие первого лица страны в разработке базовых документов, определяющих политику безопасности, в некоторой степени «привязывает» данные документы к политической судьбе конкретного политика. Для Японии это обстоятельство особенно актуально в связи с тем, что политическая карьера японских премьеров является непредсказуемой и часто сопровождается политическими скандалами и досрочными отставками (в качестве иллюстрации здесь можно привести политические судьбы Нобосукэ Киси, Какуэй Танаки, а также Рютаро Хасимото) [7]. Подобные случаи часто негативно влияли на развитие двухсторонних отношений в области безопасности, поскольку неожиданная отставка главы правительства в значительной степени мешала реализации новых предложений и проектов. Тем не менее, необходимо признать, что в исторической перспективе это влияло только на динамику эволюции альянса, но не ставило под сомнение его ценность для обеих сторон. Частичный перевод не только оперативного, но и стратегического управления отношениями в области безопасности на уровень заинтересованных ведомств может значительно повысить реальную эффективность альянса и ускорить его эволюцию.

В итоге, стороны воздержались от пересмотра действующих Руководящих принципов, несколько нарушив сложившуюся ранее схему. Тем не менее, идея пересмотра распределения обязанностей между США и Японии в рамках двухстороннего сотрудничества в сфере безопасности была отчасти реализована путём разработки и принятия промежуточного документа, получившего следующее название: «Американо-японский союз: трансформация и реорганизация для будущего» [8] (далее – Документ). Этот Документ, получивший одобрение глав внешнеполитических и оборонных ведомств США и Японии, можно также рассматривать как попытку дать ещё один конкретный ответ на ожидания, связанные с необходимостью практических шагов по адаптации альянса к изменениям международной среды безопасности, накопившимся за более чем десятилетний период после завершения холодной войны, а также как ещё одно подтверждение Японией своего намерения более активно участвовать в глобальной политике. Документ не заменяет принятые в 1997 г. Руководящие принципы для альянса, но интегрирует их в систему двухстороннего взаимодействия по значительно более широкому кругу вопросов, связанных с обеспечением региональной стабильности, а также с улучшением глобальной среды безопасности.

Если февральское Совместное заявление было по своей сути декларацией о намерениях и напоминало по своей форме Декларацию Клинтон-Хасимото, то Документ, принятый в ходе октябрьского заседания Комитета, сильно отличается и по форме, и по содержанию от всех предыдущих соглашений. Структурно он состоит из трёх разделов (глав):

- Общий обзор.
- Роли, задачи и возможности.
- Реорганизация структуры американского контингента в Японии.

Принципиально новым в содержании данного документа является утверждение о задачах перевода отношений в рамках альянса в региональное, а также глобальное измерение, как о наиболее важных и приоритетных. В частности, в Документе предлагается, чтобы «США и Япония в рамках двустороннего диалога по вопросам безопасности изучили роли, задачи и возможности войск США и сил самообороны, для того, чтобы быть в состоянии отвечать на различные вызовы в сфере безопасности, считая приоритетными следующие задачи:

- Оборона Японии и реагирование на ситуации в районах, окружающих Японию,

включая ответы на новые угрозы и другие непредвиденные ситуации.

- Усилия по укреплению среды международной безопасности, в том числе участие в международных акциях по поддержанию мира».

Важным индикатором новых тенденций в японо-американском сотрудничестве по проблемам безопасности также является содержащийся в Документе призыв к усилению взаимодействия между Японией и США, направленного на улучшение международной среды безопасности, в том числе посредством участия в международных акциях по поддержанию мира. Успешными примерами подобного сотрудничества предлагается считать участие персонала Сил самообороны в восстановлении инфраструктуры Ирака, а также в ликвидации последствий стихийных бедствий в Индийском океане.

Согласно положениям Доклада, наиболее приоритетными и перспективными видами совместных операций, а также направлениями военного сотрудничества как в региональном, так и в глобальном контексте, стороны считают следующие:

✓ ПВО

✓ ПРО

✓ Операции по предотвращению распространения ОМП.

✓ Противодействие терроризму.

✓ Разминирование, морское патрулирование и другие операции по обеспечению безопасности морских коммуникаций.

✓ Поисково-спасательные операции.

✓ Операции по разведке и сбору информации (ISR), в том числе с использованием возросших возможностей беспилотных летательных аппаратов (UAV) и морских патрульных самолётов.

✓ Гуманитарные операции.

✓ Миротворческие операции и обеспечение миротворческой деятельности, проводимой другими государствами.

✓ Защита жизненно важной инфраструктуры, в том числе объектов американского контингента в Японии.

✓ Действия в случае нападения с применением ОМП, включая дезактивацию.

✓ Транспортное обеспечение, включая снабжение, ремонт, и, собственно, перевозки. Совместные операции по снабжению включают в себя воздушные и морские дозаправки. Сотрудничество в сфере перевозок подразумевает расширение воздушных и морских транспортных операций, включая использование возможностей высокоскоростных судов.

✓ Транспортировка, использование оборудования, медицинское обеспечение и другие виды деятельности, связанные с эвакуацией некомбатантов.

✓ Использование оборудования морских портов и аэропортов, автодорог, водного и воздушного пространств, а также радиочастот.

Большой интерес представляет также третий, заключительный раздел документа, который фактически является проектом соглашения о значительном изменении структуры американского военного присутствия в Японии.

Речь шла о значительном сокращении американского контингента в Японии. Так, семь тысяч морских пехотинцев предполагалось вывести из Окинавы на Гуам (хотя первоначально предполагалось уменьшение их числа на 4-5 тысяч). Предлагалось передислоцировать штаб Первого американского корпуса из Форт Льюиса на территорию Японии (в лагерь «Дзамма» префектуры Канагава). Представители американской стороны заявили о готовности провести передислокацию в течение шести лет. Расположенную на Окинаве вертолётную базу «Футэмма» предлагалось перевести в лагерь морской пехоты «Шваб», где японская сторона построит новую взлётно-посадочную полосу на насыпной территории прибрежного мелководья. Штаб воздушных Сил самообороны планировалось перевести на американскую базу «Йокота». Тренировочные полёты американских истребителей с расположенной на Окинаве базы «Кадэна» переводились на четыре северные базы воздушных Сил самообороны.

Итак, две встречи Комитета, состоявшиеся в 2005 году (февральская и октябрьская), имели огромное историческое значение. Конкретным результатом встречи 29 октября 2005 г. стало принятие программного документа «Американо-японский альянс. Трансформация и реорганизация для будущего». Большинство положений данного документа, также, как и принятого 19 февраля 2005 г. «Совместного заявления», основывается на новой американской стратегии обороны и трансформации вооруженных сил. Основные идеи новых документов таковы:

✓ Тесные взаимоотношения в рамках альянса играют важную роль в эффективном реагировании на глобальные вызовы и должны отражать изменения международной среды, связанные с безопасностью.

✓ На февральском заседании Комитета участники достигли взаимопонимания по общим

стратегическим целям и подчеркнули необходимость продолжать исследования ролей, задач и возможностей японских сил самообороны и вооружённых сил США в деле достижения поставленных целей. Стороны также приняли решение активизировать консультации по реформированию структуры базирования американского контингента в Японии.

✓ В октябре 2005 г. Стороны подтвердили своё намерение совместно действовать для достижения региональных и глобальных стратегических целей, обозначенных в Февральском заявлении Комитета.

В процессе работы Комитета также рассматривались усилия, направленные на улучшение международной среды безопасности, например, участие в международных акциях по поддержанию мира. Стороны подтвердили, что двухстороннее сотрудничество в деле улучшения международной среды безопасности для достижения региональных и глобальных стратегических целей стало важным элементом альянса. Причём США и Япония действуют в этом направлении, исходя из собственных возможностей.

Здесь также хотелось бы дать оценки текущего состояния японо-американского сотрудничества в рамках союза безопасности, данные представителями экспертного сообщества США и Японии. Так, Я. Окуси, полагает, что «Япония, извлекая безусловную выгоду из реорганизации американского военного присутствия на своей территории, должна при этом пересмотреть собственную политику в области безопасности, чтобы лучше соответствовать различным конфигурациям новых вызовов и угроз. Исходя из того, что Япония и США имеют общие национальные интересы, связанные со стабильностью в АТР, обе страны должны повышать практическую эффективность сотрудничества в области безопасности для защиты мира и спокойствия в регионе. Выработав скоординированную политику реорганизации американского контингента в Японии и японских Сил самообороны, стороны продемонстрировали общее видение ситуации и приступили к выработке двухсторонней стратегии. В ходе реализации Совместной инициативы по пересмотру оборонной политики (DPRI) должны быть выявлены слабые места общей оборонной стратегии, в первую очередь с учётом их соответствия угрозам со стороны Китая и Северной Кореи» [9].

Отношения в рамках альянса сохранили вертикальный характер. Задача оказания японскими Силами самообороны так называемой «тыловой поддержки» своему союзнику была по своей сути скорее «хозяйственной», а не военной функцией. Тем не менее, в США и Японии, можно констатировать, появляются силы, заинтересованные в построении более горизонтальных и равноправных отношений путём более тесной координации между военными, в том числе при планировании небоевых операций.

Американское военное присутствие в Японии будет сокращаться не только в целях уменьшения неудобств, причиняемых принимающей стороне, но прежде всего, ради сохранения союза безопасности. Американские военные и дипломаты понимают, что, например, практика ночных учений с высадкой десанта в Ацуги является тяжёлым бременем для местного населения и поэтому должна быть прекращена. Использование передовых достижений в военной и военно-технических сферах, поиск оптимального баланса между обязанностями американской и японской сторон в мирной обстановке, достижение большей степени тактического взаимодействия, совместное использование военных объектов, – подобные меры смогут компенсировать уменьшение численности американского военного контингента в Японии.

---

1. National Defense Program Guidelines. FY 2005. [Online version]/Internet. -www.jda.go.jp/e/policy/f_ work/ taikou05/fy20050101.pdf

2. Через два года после принятия первых Основных направлений программы национальной обороны в 1976 г., стороны разработали и приняли первые Руководящие принципы для альянса. Первый пересмотр оборонного плана состоялся в 1995 г., а уже через год была принята Совместная декларация по безопасности на 21-й век, а также разработаны новые Руководящие принципы. Подробнее см.: Бунин В. Н. Японо-американский союз безопасности. История и современность: (к 50-летию со дня основания). - М., 2000; Лешке В.Г. Японо-американский союз. Итоги трёх десятилетий. - М., 1983.

3. Заседания японо-американского Консультативного комитета безопасности с участием глав дипломатиических и оборонных ведомств двух стран также часто называют «Встречи два плюс два».

4. Joint Statement of the US-Japan Security Consultative Committee. February 19, 2005. [Online version]/Internet. - www.state.gov/r/pa/prs/ps/2005/42490.htm

5. Jimbo K. Evolution of Japanese Security Roles after September 11. [Online version]/Internet. -www.jiia.or.jp/pdf/ asia_centre/jimbo_0203.pdf

6. Treaty of Mutual Cooperation and Security Between Japan and the United States of America, January 19, 1960. – http://www.jda.go.jp/e/policy/f_work/anpo_.htm

7. Подробнее см.: Цветова И.А. Эволюция современной партийно-политической системы Японии». - М., 2002.

8. U.S.-Japan Alliance: Transformation and Realignment for the Future//Security Consultative Committee Docu-

ment [Online version]/Internet. –http://www.mofa. go.jp/ region/n-america/us/security/scc/doc0510.html

9. Okhushi Y. Realignment of the U.S. Forces and Impacts on Defense of Japan//DRC Annual Report, Tokyo, 2005, P.52.

* * *

XXI ғ. басындағы жапон-американ альянсы шеңберіндегі қатынастар вертикалды сипатта сақталып қала беруде. Мақалада әскерлердің арасында тығыз координациялау жолымен, әскери емес операцияларды жоспарлау арқылы тіке және тең құқықты қатынастарды құруда мүдделі АҚШ және Жапонияда күштер пайда болуы туралы кездесулердің құжаттарын сараптау негізінде қорытынды жасалады.

* * *

The relationship under Japan American alliance in the beginning of XXI century continues to conserve vertical character. On the basis of the analysis of documents of meetings it is concluded that both the USA and Japan have the forces interested in construction of more horizontal and equal relations by closer coordination between army, including the planning of noncombat operations.

А. Б. Көптілеуова

«ЖҮЗ» ТЕРМИНІ ТУРАЛЫ

Қазақ жүздері – отандық тарихымызда өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Жүздердің пайда болуының уақыты, себептері, шарттарына, тіпті «жүз» терминінің этимологиясына да қатысты ғалымдар арасында ортақ шешім жоқ. Сол себептен біз бұл мәселеге өз үлесімізді қосып, үлкен мәселенің бір тармағы болып табылатын «жүз» терминінің мәнін ашуға әрекет етіп көрмекпіз.

«Жүз», Т. Жанұзақов анықтағандай - этнотермин [1.470]. Дегенмен, бұл сөз этнотермин дәрежесіне бірден жетпеген. Мысалға, «Диуани лұғат ат–Түрк» еңбегінің авторы М. Қашқари сөздігінде «жүз» деген сөз бар. Ондағы JUZ / иуз – жүз сөзінің мағынасын автор мақалмен келтіреді: «Иузге көрме ердем тіле – Жүзге қарама, қасиет тіле. Яғни, адамның шырайлы, сұлу жүзіне қарама, оның қасиетіне, әдеп–ақлихатына қара». Бұдан біз ортағасырлық ғалымның «жүз» сөзінің баламасы бет–әлпет деген мағына беретінін айтқысы келгенін түсінеміз. Олай болса Қашқаридің тұсында «жүз» сөзі тарихи айналымға әлі енбей, тек болмыстық қолданыста болғанын және әлі этникалық дәрежеге көтерілмегенін жору қиын емес. Сонымен бірге ортағасырлық өзге де авторлардың еңбектерінде қарастырылып отырған «жүз» сөзі этнотермин ретінде қолданылмайды [2].

Жалпы қазақ тарихында ру–тайпалардың бөліктерге бөлінуін «жүз» терминімен сипаттау кейініректе қолданыла бастаған. Біз мұндай қорытындыға қазақ тарихына қатысты ортағасырлық, жаңа замандық дерек көздерін қарап шыққаннан кейін келдік. Алайда тарихи деректерде «жүз» сөзі кездеседі, бірақ ол қазақ жүздеріне қатысты айтылмайды. Мәселе Махмуд ибн Уалидің "Бахр ал-асрар" еңбегіндегі мына жолдар жайлы болып отыр: «Что касается Бахадура, сына Шайбан–хана, ... он вместо отца стал главенствовать над элем и улусом. Повелев собраться близким родственникам, племенам и четырем каучинам, он выбрал для зимовок и летовок Ак–Орду, которая известна так же как Йуз–Орда» [3. 347]. Мұндағы «йуз» сөзі «жүз» деген сөз екені айдан анық, дегенмен мәселе оның бұл контекстте қандай мағына беріп отырғанында. Назар аударыңыз «йуз» арабтың «джуз»/ бөлік сөзі емес, сандық «жүз» дегенді білдіреді. Осыған негізделіп Б. Ахмедов «Йуз–Орда» тіркесін «100 орда», орданың нешеу болғанын меңзеп тұрған тіркес дейді [4.165]. Т. Сұлтанов болса керісінше «Йуз–Орда» тіркесі «Ақ Орданың» баламасы, яғни «негізгі орда» деген мағынаны білдіретінін айтады [5.73-74.]. В. Юдин болса бұл пікірлермен келіспейді, оның ойынша «Йуз–Орданың» аудармасы «Орда Сотня» дегенге саяды, бірақ ол мұндағы «Сотня», яғни «жүз» нендей мағына беретінін сарапқа салып: «Тука Темур получил 100 юрт-хозяйств собственно монголов из тех 4000 монголов-воинов, которые были выделены Чингизханом Джучи. Основные контингенты монголов Чингиз отдал, естественно Бату и Орда Еджену. Все же прочие сыновья Джучи получили, вероятно, только по 100 монгольских юрт–хозяйств. Традиция наделения тюркской знати сотней хозяйств известна еще из древнетюркских рунических памятников» деген қорытындыға келеді [6.35]. Я, күрделі. Осы мәселенің жеңіл шешімін бізге Р.Темиргалиев ұсынады: «термин Жуз-Орда выглядит не

совсем логичным, поскольку сами казахи никогда не смешивали эти два разных понятия – "жуз" и "орда". Тем не менее, расшифровать данное название можно. Судя по всему, этот термин произошел не от слова "орда", а от имени первого хана Восточного Кипчака – Орда-Ежена. То есть, это название надо понимать как "жуз Орды". В таком случае все становится на свои места. Причем, в подобном названии нет ничего удивительного, поскольку обычай называть государство именем его первого правителя был широко распространен в Великой степи. Вспомним улус Джучи, улус Чагатая, улус Бату и т.п. Да и Казахское ханство ногайские беки в переписке с московскими царями называли "Урусовым царевым юртом» [7]. Егер В. Юдиннің «Орда Сотня» тіркесін Г. Федоров-Давыдовтың да дұрыс деп тапқанын ескерсек [8.144] оның «сотня» сөзінің мағынасы «жүздікке» тең келеді дегені тағы бар емес пе? Олай болса нәтижесінде В. Юдиннің айтқысы келгені «Йуз–Орда» деген «Жүздік Орда», яғни «Орда Сотня» болып шықпай ма? Дегенмен, бұл жерде бір шикілік қалған сияқты. Онда В. Юдин мен Р. Темірғалиевтің пікірлерін «будандастырып» көрсек қайтеді? Біздің меңзегеніміз В.Юдиннің тіркесіндегі Орда – Орда Еженнің аты болса, онда Р. Темиргалиевтің болжамы да түсінікті болар еді, яғни «Орданың Жүздігі» / «Жуз Орды». Мәселенің шешімі біздің ойымызша осы болуы әбден мүмкін.

Аталған деректен кейін «жүз» сөзі, хронология бойынша, орыс деректемелерінде кездеседі. Ондай дерек көзі – қазақ-орыс қатынастарының құжаттары болып табылады. Орыс мемлекеті негізінен Қазақ хандығына қарағанда алдымен Ноғай ордасымен елшілік қатынастар орнатқан. Міне осы қатынастардың нәтижесінде жасалған құжаттарда алғаш рет қазақ хандығының Ноғай ордасымен ара қатынасы да айтылады: 1519 жылы 9 шілдедегі «Приезд в Москву из Азова вестовых от московского посланника в Турцию Бориса Голохвастова» атты құжатта Қазақ хандығының (Казатцкой Орды) Ноғай Ордасына қысым көрсетіп отырғаны туралы хабар бар. Дәл осы жылдары, яғни Қасым ханның билік құрған заманында Мәскеу мемлекетінің билеушісі Ұлы князь III Василиймен қарым-қатынас орнатылғаны белгілі. [9.365] Егер бұл жағдайды, қазақ хандығы туралы мәліметтің орыс құжаттарында алғаш рет кезігуін, бірінші факті деп алатын болсақ, онда екінші факті 1519 жылдан бастап Қазақ хандығы орыс деректемелерінде Қазақ Ордалары деп айтылады. Мұндағы «орда» деген сөз хандық деген мағыны білдіріп отыр. Дегенмен, қазақ жүздері де кейінгі жылдардағы деректерде «орда» сөзімен сипатталады. Орыс патшалығының тарапынан жасалған құжаттарда қазақтың Кіші жүзі төмендегідей беріледі: «Киргис–кайсацкой орды Абулхаир хану, старшине и всему киргис–кайсацкому войску нашего и. в. милость...» [10. 46], осы тектес XYIII ғасырдың 40-50 жылдары жасалған құжаттарда қазақ жүздері сәйкесінше Ұлы, Орта, Кіші ордалар деп атала бастайды: «О притчине Абулхаирхановой смерти слышал я, что пред тем времянем, как убит, из Большой орды Джалаирского роду... каракалпацкого народу в Киргис–кайсацкую орду выехали... Средней же орды... Меньшей орды киргисцами...». [10.485] Бұл жердегі «Орда» сөзі, көріп отырғанымыздай тек жүздерге ғана қатысты емес, сонымен бірге қазақ хандығына да қарақалпақтарға да қатысты айтылады. Егер «орда» сөзінің анықтамасы: «түркі және моңғол халықтарындағы әскери-әкімшілік ұйым, мекен, көшпелілер тұрағы, феодалдық ірі мемлекеттері мен одақтарының атаулары» [11. 173] болса, онда жағдай түсінікті.

Үшінші мәселеміз аталған құжаттардағы «Казатцкие Орды» тіркесінің қай мағынада қолданылатынын анықтау. Бұл тіркес орыс құжаттарында, айтып өткеніміздей, 1519 жылдан бастап кездеседі және 1585 жылғы құжаттарда алғаш рет қазақтың Ұлы жүзі туралы айтылады, яғни алғашқы құжаттарда «казатцкие орды» деген тіркес берілсе, 1585 жылы «Казацкие Большие орды» деген тіркес орын алады. Дегенмен, бұл жерде анықтауды қажет ететін тағы бір мәселе туындайды. Ол құжаттардағы кездесетін осы тіркестерге байланысты. Бұл жағдайды түсіндіру үшін біз алдарыңызға үш құжатты келтірмекпіз және оларды сандармен белгілейміз. Олай болса:

1- № 93 (1519.07.09) құжаттың мазмұны: «От Нагаи, сказывают, посол приходил от Шигым мурзы х крымскому, Шакур Чабаев сын. А приходил, сказывают, с тем, что им тесно от Казатцкой Орды» [12.57]

2- № 94 (1569.11.21) құжаттың мазмұны: «А Казатцкие Орды Акназара царя и Шигая царевича и Челыма царевича, а с ними двацать царевичев приход их был на Нагаи и бой ...» [12.151]

3- № 120 (1585.09.04) құжаттың мазмұны: «А ныне прислали в государя нашего отчину в Астрахань Казацкие Большие Орды царевичи, Акназара царя дети, бити челом государю нашему о том чтоб их государь пожаловал, взял

их в свое имя и держал их всю Казацкую Орду под своею царскою рукою...» [12.182]

Алдымыздағы үш құжатта берілген «Қазақ ордаларын» салыстыратын болсақ, бірінші құжаттағы мәліметке қарап біз «Қазақ ордасының Ноғайларға қысым көрсеткені туралы» айтылып отыр дей аламыз, яғни бұл жерде «Қазақ ордасы» жекеше мағынада тұрғанын байқау қиын емес, ал екінші құжат мәліметтерінде «Ақназар хан мен Шығай және Шелым сұлтандардың Қазақ Ордалары туралы» айтылып тұрғандай ой қалдырады. Енді Үшінші құжат мәліметтеріне назар салайық, мұнда «Қазақтың Ақназар ханы өзінің ұлдарын – Қазақтың Үлкен (Ұлы) Ордасының сұлтандарын орыс патшасының қамқорлығын қабылдауға жібергені» туралы баяндалады. Соңғы құжатта Қазақтың Ұлы жүзі туралы айтылып тұрғаны даусыз, ол туралы А.И. Исин айтқан болатын. [13.106] Яғни ол Қазақтың үлкен ордасы құжаттарда алғаш рет 1616 жылы емес, 1585 жылы кездесетінін алға тартқан алғашқы тарихшы болатын. Алдымыздағы құжат оның дәлелі болып табылады да. Дегенмен, егер қазақтың ұлы жүзі туралы алғашқы мәлімет 1585 жылы кездесетін болса, қазақ хандығының жүздерге бөлінуі одан бұрын орын алған құбылыс екені де даусыз емес пе? Олай болса біз алдымыздағы № 94 құжаттың негізінде қазақтың (ұлы жүзден бөлек) жүздері туралы алғашқы мәлімет 1569 жылы кездесетінін батыл айта аламыз.

Аталған мәліметтерді келтіру арқылы біз Қазақ жүздері туралы алғаш мәліметтердің қашан пайда болғанын анықтадық, ендігі мәселе «жүз» этнотермині дерек мәліметтерінде, қазақ жүздеріне қатысты, қашаннан қолданыла бастағанын анықтау болып табылмақ.

Қазақ – орыс қатынастарының құжаттарын және орыс ғалымдарының еңбектерін қарастыра келе біз онда «жүз» этнотермині қолданылмайтынын, оның орнына жоғарыда аталған «орда» термині берілетінін байқадық. Жалпы «Орда» сөзі түркі-моңғол тектес. Оның бастапқы мағынасы – киіз үй, ханның үйі, кейін оның мағынасы «ставка хана» деп өзгеріске ұшырады. [14. 370] Орыс тіліне ол «степное кочевое обьединение» мағынасында енген. [15.447]

Ендігі мәселе «Жүз» атауының нендей мағына беретіндігін анықтау болмақ. Ол үшін біз ең алдымен қазақ халқының жүздеріне қатысты қалам тартқандардың еңбектеріндегі «жүз» этнотерминінің орын алуы мен нендей мағынада қолданылатынын анықтап көрейік. Бұл сұраққа алғаш жауап іздегендердің ішінен тарих ғылымын зерттеуге ден қойған тұңғыш қазақ ғалымы, еліміздің біртуар ғылым қайраткері Шоқан Уәлихановтың «Киргизское родословие» атты еңбегін айта аламыз, онда мынадай жолдар келтірілген: «Народ казак разделяются на три сотни – юз, которые русские называют ордами и которые по старшинству у них называются Большая, Средняя и Меньшая сотня». Бұл жерден біз ғалым «жүз» атауын «сотня» деген орыс сөзімен баламалап тұрғанын көріп тұрмыз. Сонымен бірге автор жүздерді орыстардың «орда» деп атайтынын да хабарлап тұр, олай болса «орда» деген сөздің мағынасын біз жоғарыда айтып өткен болатынбыз.

Жаңа дәуір әдебиеті бізге қазақ жүздері туралы аса ауқымды ақпарат бермейді. Дегенмен, бұл дәуір бізге қазақ жүздерінің пайда болуына байланысты орыс ғалымдарының қағаз бетіне түсірген аңыздарды қалдырған. Осы орайда аңызды оқып отырып алдыңдағы ақпаратты жай тарихты мифологизациялауға балап ығыстырып, зерттеуімізде де тарихнамалық маңыз беріп қана қоюға болады. Дегенмен, аңыздың астарында ақиқаттың да болуы мүмкін емес пе? Н.И. Гродеков өзінің «Киргизы и кара киргизы Сыр-Дарьинской области» атты еңбегінде мынадай мәлімет келтіреді: «Алаша хан послал три отряда холостых наездников разных узбекских родов пограничную область, сторожить свои владения. Находясь там долго без жен, они занимали к себе, рассказами о богатстве, 300 кибиток долы (цыган или бродяг) и подговорили жен убить мужей; затем взяли к себе жен долы. Предводителями трех орд после Алаша были его три сына: Великий – Байшура, Средний – Жаншура, и Малой – Карашура. Размножившись и разбогатев, киргизы начали распространяться во все стороны; причем заняли: Великая орда (улу юз) юг, около населенных мест, Средняя орда (орта юз) – места, удобная для табунов, а Малая орда (кши юз) – местности, пограничная в Россию» [16.44] Ал Г.Н.Потанин болса өзінің Мұса Шерманұлынан жазып алған мынадай аңыз келтіреді: «Предок всего киргизского народа был Котан; он имел трех сыновей – Акджол, Альчин и Юсун. От Акджола произошла Средняя Орда, от Альчина – Малая и от Юсуна – Болшая». [17.239] Көріп отырғанымыздай екі автордың беріп отырған аңыздарының негізгі мәні жүздердің бір атадан тарап отырғаны, олай болса біз үш жүз бауырлас, қандас болды деп қорыта аламыз. Ал бұл аңыздардың алғашқысынан біз «жүз» сөзінің мәніне байланысты мынаны түйдік: «жүз» – «орда» сөздері синоним, яғни бір мағы-

нада қолданылады және оның мағынасы әскер, жүздік дегенге саяды.

Сонымен бірге XIX ғасырдың көрнекті қайраткері, тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да қазақ жүздерінің қалыптасуын халық арасында тараған аңызбен байланыстырады. Дегенмен оның келтірген аңызының ерекшелігі жүздерді бір атадан таратпайды. Автор жүздердің қалыптасуын Майқы бидің өмір сүрген уақытымен сәйкестендіреді. Сол заманда бір Қызыл Арыстан ханның ала баласы туылған кезінде әкесінен ажырап, уақыт өткен соң оның тірі екенін білген заманда хан оны шақырып келуге үш рет жүз сарбаздан жіберіп отырады. Олардан кейін қазақ жүздері қалыптасады деседі. Сол сарбаздарды басқарып барған батырлардың аттары біріншісінікі Үйсін, Майқы бидің ұлы; екінші жүздіктің басшысы Қотан бидің ұлы Болат; үшінші жүздіктің басшысы Қоғам бидің баласы Алшын болды. Арыстан ханның баласы хан көтеріліп, Алаша хан атанғанда Үйсін «Ұлы жүз Үйсін» атанып, Түпқазық салықшы; Болат-қожа «Орта жүз Ақжол» атанып, тосқауылшы болады; Алшын беті қайтпас ержүрек болғандықтан Кіші жүз Алшын атанып, Жау шабарлар болады. [18.15-17] Осылайша қазақ жүздері қалыптасты деген өзінің уәжін келтіреді.

Алдымыздағы ақпаратты сарапқа салар болсақ, бұл жерде қазақ жүздері үш жасақтан, яғни әскерлерден қалыптасқан. Сонымен бірге мұнда тағы бір астарлы нәрсе үш жүздің бір хандықты құрауында және орталық билікке бағынуында болып тұр. Яғни бұл жерден біз мынадай қорытындыға келеміз: «жүз» атауының бұл аңыз бойынша мағынасы – жүздік немесе орыс тілінде «сотня», әскер.

Қарап шыққан деректердегі қазақтың «жүз» атауының мағынасы XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басына дейін орыс ғалымдардың танымында әскер, жүздік, яғни әскери бөлініс ретінде бейнеленген. Және бұл жағдай Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» атаулы еңбегінде де сақталады: «Үш жүздің ... үш ұлдың аты екендігі, болмаса оларды үшке бөлгенде әкімдеріне берілген мансаптың аталуы екендігі тарихи шындық. Ресейде аға сұлтан, қытайда уаң, күң сияқты, арабша жүз дегені – бөлшек, топ мағынасында» қолданылатындығын айтады [19.66]. Осы пікірді қолдайтындарға сонымен бірге С. Аманжолов, Х. Адильгереев, С.Муқанов, Т. Омарбеков, Б. Кәрібаев, У. Шәлекенов секілді тарихшыларымызды жатқыза аламыз [20].

Заманауи тарихшылардың арасында кеңестік кезең ғалымдарының еңбектеріне сын көзбен қарау қалыптасып қойған, әйтсе де қазақ елінің тарихының нақты мәселелеріне қатысты негізгі концепциялардың сол дәуірде қалыптасып үлгергені даусыз. Сол сияқты біздің тақырыбымызды зерттеудің алғышарттары да өткен ғасырдан бастау алады. Алайда, «жүз» терминіне байланысты тарихшылар бір тоқтамға әлі де келе алмады. Зерттеушілер өз тарапынан мәселенің зерттелуіне үлес қосып, болжамдарын алға тартуда, деседе ортақ пікір жоқ - бұл факт. «Жүз» терминінің этимологиясына қатысты тарихта орын алатын бірнеше негізгі пікірлерге тоқталайық.

«Жүз» терминіне байланысты алғашқы гипотизаның авторы М. Тынышбаев болса керек. Оның айтуынша «Жүз» сөзінің мағынасы ежелгі түрік тілінен аударғанда «доз», яғни «бекініс», «Орда» деген мағынаны білдіреді [21.147-149];

Келесі гипотиза В.В. Радловтікі, ол: «юз» (жүз) және гуз (уз) сөзі төркіндес екенін айта келіп: «Если моя концепция правильна, то гузы (узы) может быть, все равно, что «юз», т.е. – «сто племен» деген пікірге тоқтайды». [22.117];

Тағы бір пікірдің авторы – З. Қинаятұлы. Ол «Juz» сөзі бағыт бағдарды білдіретін ұғым» дей келе өз тұжырымын былай түсіндіреді: «Ежелгі түріктер бұл ұғымды «Juz» (жүз), «Gar» (қол), «Jiguur» (қанат) деген мағынада қолданған. Мұндағы қол дегені әскери қол (корпус), «жүз» дегені оң жақ, сол жақ немесе оң қанатым, сол қанатым деген ұғымды білдіреді» [23.584].

Айта кететін жайт, «жүз» проблемасымен тек тарихшылар айналысып жүрген жоқ. Мысалға, Е. Жанпейісов «жүз – буын, бунақ деген мағына береді, ұрпақ деген семантикаға саяды. Сонда Ұлы жүз – Үлкен буын немесе ұрпақ, Орта жүз – орта буын немесе ұрпақ, Кіші жүз – соңғы буын болып шығады» десе [24], Т. Жанұзақов «жүз» терминінің этимологиясын А. Кононовқа сүйеніп, былай түсіндіреді: «жүз» этнотермині көне түрік тіліндегі оғуз этнотерминінің фонетикалық тұрғыдан өзгерген күйі... жүз – ру, тайпа, тайпалық одақ» деген мағынаны беретін сөз дейді [1.473].

Байқап қарар болсақ барлығы да ойға қонымды, шындыққа жанасады. Дегенмен, олардың қайсысы дұрыс? Немесе басқаша шешімі бар ма екен? Бұл сұраққа жауап табуға тырысып көрелік.

Қазақ жүздері дегенде біз нені елестетеміз ол ең алмымен үш территорияда орналасқан қазақтың ру–тайпаларының бірлестіктері және оның құрылуындағы ең басты мақсаты – жаудан тиімді қорғану болып табылады. Ондағы тайпалар негізінен бір–біріне туыстығы бар немесе тағдырлас келеді. Олай болса жоғарыда «жүз»

терминіне байланысты келтірілген түсініктердің барлығын да «жүз» ұғымына қатыстыруға болады емес пе? Яғни, жүз – қазақ хандығының белгілі тайпаларының («сто племен» Радлов В.) белгілі территорияларда («бекініс», «орда» Тынышбаев М.) тайпалық одақтарға (Жанұзақ Т.) бірігіп, үш бөлікке (С. Аманжолов, Х. Адильгереев, Т. Омарбеков, Б. Кәрібаев, У. Шәлекенов), яғни қанаттарға (Қинаятұлы З.) бөлінуі. Бұл қазақ жүздерінің тарихи айналымға енгізілген анықтамасы.

Мұқият анализ жасайтын болсақ, айтылған пікірлердің барлығы қазақ жүздері қалыптасып болғаннан кейінгі, жүздердің атқаратын функциясына қарап жасалған тұжырымдар екенін байқауға болады. Ал егер қазақ жүздері әлі қалыптаспаған деп алсақ, бір бүтінді бөліктерге бөліп оны дәл солай «бөлік» деп атай салуға болар ма еді? Біздің ойымызша назарымызды ең алдымен сол кездегі жағдайға аудару керек. Жауға қарсы стратегия ойлап тауып, ел қорғау мақсатында үш тарапқа бөлініп халықты аман сақтауға тырысқан ата бабаларымыз аспаннан жаңалық тапқан жоқ, олар көшпелілердің дәстүрлі, ел қорғау әдісін ұстанды. Олай болса неге сол дәстүрлі үшке бөліну салтын дәстүр бойынша «жүздік», «жүз» деп атамасқа? [9.309-310]. Сонымен бірге біз мынаны есімізден шығармауымыз керек: қазақ жүздерінің қалыптасуына байланысты аңыздардың басым көпшілігінде «жүз» – әскер мағынасын меңзейді және Ш. Уәлиханов та «сотня» сөзін «жүз» сөзінің баламасы ретінде қолданған. Жалпы бұл жағдай, «жүз» сөзін әскери бөлініс ретінде қабылдау, XYIII–XIX ғасырлардағы (және ішінара XX ғасырдағы еңбектерде (мыс. М.П.Вяткин) орын алады. Тек кейінгі зерттеулерде ғана ғалымдардың аталмыш этнотерминге жүздің сипатын білдіретін түрлі мағына таңып жүргенін байқаймыз. Алайда бұл талпыныстар бос әурешілік емес пекен? Тарихшыларымыз «жүз» сөзінің бастапқы дұрыс мағынасынан ауытқып кетпегеніне («орда» терминін қараңыз) кім кепіл? Біздің ойымызша «жүз» сөзі эволюцияға ұшыраған. «Жүз» - бастапқыда әскери жүздік мағынасында қолданылып, кейін ол әкімшілік бірлікті білдірген, бұл орайдан «жүз» сөзін оң, сол, ортаңғы қанат, жер жүзі [25.33], «түз» (дала, степь) [26.36] деп ұғынудың да себептері түсінікті болады.

Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ жүздері туралы мағлұматтарды біз негізінен қазақ–орыс қатынастарының құжаттарынан және орыс зерттеушілерінің еңбектерінен таба аламыз. Онда «орда» сөзі «жүз» сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Жалпы құжатттардағы «орда» термині «хандық» деген мағынада да қолданылады. Ал оның «жүз» мағынасында қолданысқа енуі жоғарыда дәлелдегеніміздей 1569 жылға сай келеді және 1585 жылдан бастап Ұлы жүз – «Большая Казатцкая Орда» деп хатқа түседі. Ал «жүз» - түркі сөзі, мағынасы - «жүздік» болуы ақылға қонымды көрінеді.

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. Алматы: «Дайк-Пресс», 2007. – 524 б.

2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат–ит–түік): үш томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы ХАНТ., 600 – бет.

3. Материалы по истории казахских ханств XY–XYIII веков: (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма–Ата, 1969. – 651 б.

4. Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. М., «Наука», 1965. – 180 б.

5. Султанов Т.И. О терминах Ак-Орда, Кок-Орда и Йуз-Орда // Изв. АН Каз ССР. Сер. обществ. 1972. № 3.

6. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... / В кн. Утемиш-Хаджи. Чингиз-наме. – Алма-Ата: «Гылым», 1992 – 296 с.

7. Темиргалиев Р. Из истории казахского триединства. http://www.centrasia.ru/newsA.php

8. Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973.

9. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Т.II. – Алматы: «Атамұра», 1998. – 640 б.

10. Казахско-русские отношения в XYI-XYIII веках. Алма- ата: Издательство АН Каз ССР, 1961.–744 б.

11. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы Т.7. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 2005. – 728 б.

12. История Казахстана в Русских источниках. Т. 1. Посольские материалы Русского государства (XY–XYII вв.). – Алматы: Дайк–Пресс, 2005. – 704 с. + 16 с. вкл.

13. Исин А.И. Казахсое ханство и Ногайская рда во второй половине XY-XYI века. – Алматы, 2004.

14. Древнетюркский словарь. Л., 1969.

15. Ожегов С.И. Словарь русского языка. М., 1960

16. Қазақ қайдан шықты: Н. И. Гродековтың топшалауы // Алаш № 3(3) 2005, - Б. – 44.

17. История Казахстана в Русских источниках XYI–XX веков. Том YII. Потанин Г.Н. История и материалы. – Алматы: Дайк–Пресс, 2006. – 600 с.

18. Көпеев М.Ж. Бұл қазақ қай уақытта үш жүз атанған? // Қазақ тарихы. 1993, № 2. –Б.15-17.

19. Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» Бес тарих. Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.

20. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. –Алматы: «Санат», 1997. – Б. – 111; Адильгереев Х.М. К истории оброзования казахского народа // Вестник АН Каз ССР –С. 82-83; Омарбеков Т. Кәрібаев Б. Ғабжалелов Х. Қазақ жүздері: жаңа тарихи болжамдар // Алаш №3 (3) 2005 –Б. – 67; Шәлекенов У. Қазақтың жүзге бөлінуі // Жалын №11, 2007. – Б. – 3.

21. Тынышбаев М. История казахского народа. –Алматы: «Санат», 1998.–224 б.

22. Радлов В.В. К вопросу об уйгурах. СПб., 1893. – 130 б.

23. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Т.2.Алматы. «Тарих тағылымы», 2010. – 728 б.

24. Жанпейісов Е. М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының тілі. Алматы, 1976.

25. Есенов Д.Қ. Қазақ жүздерінің қалыптасу кезеңі және себебі // Қазіргі заманғы маңызды проблемалар. Қарағанды, 2006. 1(10). - Б. 30-35.

26. Жақсыбаев С. Қазақ жүздері қайдан шыққан? // Ақиқат. №9, 2009. –Б. 36-39.

* * *

В данной статье рассматривается термин «жуз», автор пытается определить его этимологию и выяснить его происхождение. Делается всесторонний анализ данного этнотермина по источникам и исследованиям отечественных историков.

* * *

In this article considers the term «juz», auther try to define what's it mean and eludicate it's origin. Done comprehensive analisis this ethnoterm by sources and studies of native historians.

Э. Б. Оспанова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖОСПАРЛЫ ЭКОНОМИКАДАН НАРЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ӨТУДІҢ БАРЫСЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ (1991-2004 Ж.Ж.)

Ұлттық экономиканың жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастар негізіндегі экономикаға өтуіне байланысты еліміздің қысқа мерзімді кезеңде әлем таныған дамыған елдер қатарына қосылуы үшін ұзақ мерзімді стратегиялар мен жақсы жасалған мемлекеттік бағдарламалардың алатын орны, жалпы экономиканы жоспарлауда еліміз үшін қажет басым салаларды дамыту бүгіндегі маңызды қызметтің бірі.

Экономика ұлттың дамуының басты басымдығы, ал экономикалық өсімнің тұрақты дамуы және мемлекеттің әлемдік рыноктағы орны бүгінгі жаһандану заманында ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі арқылы анықталады. Сондықтан ендігі жерде Қазақстан Республикасының және ұлттық экономика салаларының алдындағы негізгі міндеті бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру болып табылады. Мемлекеттің бәсекелестік қабілеті елдің халықаралық аренадағы ролі мен беделінің артуынан, мемлекеттің өз азаматтарының өзекті проблемаларын шешу қабілетінен, мемлекет ұсынатын қызметтер мен өнеркәсіп өнімдерінің сапасының әлемдік деңгейде артуымен көрініс табады.

Тарихтан бері келе жатқан қазақ еліміз көптеген әр қилы замандарды басынан өткізіп, Кеңес Одағы құрамында 70 жыл социалистік құрылыста болып келіп, 1991 жылы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін мүлдем басқа, адамдар психологиясына жат көрінетін нарықтық экономикаға өттік. Яғни бұл жүйеде тиімді қызметтер атқару үшін ұлттық экономикаға пайдалы, жанжақты бағдарланған экономикалық саясат, реформалар, заңдар және қысқа немесе ұзақ мерзімді стратегиялар шығару, сондай-ақ оны іске асыру керек болды. Яғни, бір сөзбен айтқан кезде, даму жоспарларын даярлап, оны іске қосу қажеттігі туындады.

Еліміздегі экономикалық циклмен дамуы егемендігін алған жылдардан бастап құлдырау және соңында 1994-1995 жылдары дағдарыстың жоғары дәрежесі көрінді. Ал 1996 жылдан бастап еліміз экономиканың жандануы, инфляцияның төмендеуі, ЖІӨ-нің өсуі сияқты көрсеткіштер оң бағытта өсіп, экономикалық жандану және өсу сатысында.

Республикадағы экономикалық дағдарыстар ең алдымен оның терең тамыр жайып, қоғамдық өмірдің барлық саласына әсер етіуімен сипатталады. Мұның өзі өндіріс құлдырауының қаусап-күйреу кейпінен, оның тиімділігінің күрт төмендеуінен көрінеді.

Жалпы еліміздегі экономикалық дағдарыс 1991 жылдан басталған жоқ, ол сонау Кеңес басшылығының 1985-1991 жалдардағы экономикалық саясаты экономиканы дағдарысқа сол кезден бастап бұрған еді. Әуелі кәсіпорындар, сонан кейін аймақтар қалыптасқан шаруашылық байланыстарын үзе бастады, бартерлік қарым-қатынастарға көшті, мемлекеттік тапсырыс бойынша өнім өткізуді тоқтатты, барлық таза пайданы тұтыну қорларына айналдырды. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы мен инфляция өсе бастады, ақша жүйесі құнсызданып, экономиканы тиімді басқару құлдырап кетті. 1990 жылдары елімізге келетін өндірістік инвестиция тоқталды. 1990 жылы өндіріс көлемі абсолютті түрде құлдырап, еліміз экономикалық дағдарысқа кірді. 1991 жылы өнеркәсіп өндірісінің құл-

дырауы 8 пайызға жетті. Экономикада жаппай аласапыран басталды.

Осылайша 70 жыл бойы экономикада ортақ меншіктік негізде, экономиканы бір орталықтан басқарып келген шаруашылық механизмі Кеңес Одағының ыдырауымен оның құрамындағы елдердің барлығына тым жат болып келетін нарықтық экономикаға өттік. Осы уақыттарда барлық буындағы басшылар нарыққа көшудің жолдары жайында ұзаққа созылған пайдасы жоқ бос шарушылыққа көшті. Сыңаржақты жасалған бағдарламалар мен жоспарлар пайда болды.

Қазақстан Республикасы өз егемендігін алып, нарықтық қатынастарға өтудегі ең алғашқы міндеті ретінде – экономиканы ырықтандыруға, шаруашылықты жүргізуді демократияландыруға негізделген, инфляцияны тежеуге бағытталған қатаң қаржы – ақша саясатымен ұштастырылған түбегейлі реформа жүргізу болатын.

Сондай-ақ, бұрыннан бері қызмет етіп келе жатқан экономикалық жүйе, елдердің экономикалық қарым-қатынасының бұзылуы салдарынан экономиканың құлдырауы одан сайын өрши түсті. Нарықтық жағдай бірден халыққа ұғынықсыз түнек болып көрінді, яғни нарықтық экономикаға сенімсіздікпен қараушылық пайда болды, ал бұл мәселе енді ғана халықтың сеніміне ие болып отырғаны баршамызға белгілі.

Осылайша еліміз тәуелсіздік алған оншақты жыл жалпы дағдарыстарға толы болды. Ол дағдарыстарды былай жіктеуге болады:

- экономикалық өсудегі дағдарыс;
- инфляциялық дағдарыс;
- төлем қабілеті дағдарысы;
- инвестициялық дағдарыс;
- әлеуметтік саладағы дағдарыс;

Еліміздің нарықтық қатынастарға өтуі барысында жалпы экономика өтпелі кезеңде болып отыр. Экономикалық өсудегі дағдарыс елдегі 1991-1998 жылдар аралығындағы ЖІӨ-нің құлдырауымен байланысты. Әлемдік тәжірибеде экономикалық өсудің дағдарысы, яғни ЖІӨ көлемі үш жылда 9%-дан асып кетсе экономикалық өсудегі дағдарыс деп аталады. Ал Қазақстанда болса ЖІӨ-нің көлемі 1998 жылы 1991 жылға қарағанда 31,2%-ға төмендеді.

Осы аралықта, экономикалық өсуде ЖІӨ-нің 1996 жылы – 0,5%, 1997 жылы – 1,7%-ға шамалы өсу қарқыны көрінді. Бірақта 1998 жылы қайтадан ЖІӨ-нің 1,9%-ға төмендеуі байқалды, яғни ол жылы әлемнің бірнеше елдерінде қаржы дағдарыстары болып еді. Бұдан көретініміз еліміздің экономикасының өсуі тұрақты емес, өйткені ол басқа экономикалық өзгерістерге тәуелді. Оның басты себебі біздің экономикамыздың шикізаттық бағытта болуы, яғни әлемдегі шикізат бағасының өзгеруі біздің экономикаға зор ықпал жасайды. Осыған байланысты еліміздің басты саясаты ұлттық экономиканы тұрақтандыру саясаты болып табылады, ол үшін өндірісті шикізаттық бағыттан жайлап өңдеуші индустриялы-инновациялы дамуға өту болып отыр.

1991-1995 жылдардағы экономикалық өсудегі дағдарыстың басты себебі инфляциялық жағдай болып табылады. Өйткені 1992-1994 жылдарда елімізде инфляция қарқыны тым үлкен болды. Инфляция деңгейі 2000%-дан асып кетіп, гиперинфляцияны құрады.

Осыған байланысты 1993 жылы ұлттық валютамыз теңгені енгізуімізге тура келді. Алайда соның өзінде инфляция белең алып отырды. Осы мәселе туралы ұлттық валюта енгізілгеннен бастап елдегі банк жүйесі нақты ақша-несиелік және валюталық реттеуге кірісті. Осының нәтижесінде экономикада 1995 жылдан бастап инфляция деңгейі төмендей басатады, ал ол өз кезегінде экономикалық өсуге жол ашты.

Қазақстанда 1991-1995 жылдары 1990 жылмен салыстырғанда ЖІӨ көлемі 38,6%-ға төмендеді, яғни жылына шамамен 8%-ды құрап отырды. 2000 жылға дейінгі ЖІӨ көлемінің өсу қарқыны байқалғандығымен 1990 жылмен салыстырғанда 69,3% құрады. Ал 2001-2003 жылдар аралығында ЖІӨ-нің жиынтық өсімі 30%-дан астам болды.

1995 жылы ЖІӨ-нің 0,5%-ға өсуімен жалпы экономикада экономикалық өсу көрсеткіштері белең ала бастады. Яғни елдегі экономикалық өсу параболалы түрде болып, оның көлемі бұрынғы 1990 жылғы көлеміне 2003 жылы ғана жетті. Қазіргі уақытта еліміз экономикалық өсудің дағдарысынан толық шықты деп айта аламыз.

Инвестициялық дағдарыс Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметтің дереу тоқталуымен белең алды. 1991-1996 жылдар аралығында негізгі капиталға инвестиция тарту тұрақты түрде кеміп отырды. Осы аралықта негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемі 10 есе кеміді. Осылайша елімізге инвестиция ағымының азаюымен қатар жоғарыда көргеніміздей, экономикалық өсуде дағдарысқа ұшырады. Жалпы экономикада өндірістер құлдырап, көбісі банкротқа ұшырады. Сондай-ақ бұрынғы құралдардың жаппай тозуы басталды. Осының салдарынан әлеуметтік салада жұмыссыздық күннен-күнге өсе бастады.

Мемлекетіміз осы мәселеге тікелей араласа бастады. Ол экономикаға инвестиция тартуды

ынталандыру саясатын жүргізді, шетелден тура инвестициялар келуіне ынғайлы жағдайлар жасады. Сондай-ақ, ішкі экономикалық инвестиция тартуды дамытты. Осылайша 1997 жылдан бастап елімізде инвестициялық қызмет өсу бағытына бет алды. Оның өсімі 1997 жылы 11,6%, 1998 жылы – 41,9%, 1999 жылы – 3,8%, 2000 жылы – 29,4%, 2001 жылы – 30%-ды құрады.

Елге келеген шетелдік инвестициялардың үлесі жылдан –жылға артып келе жатыр. 1996 жылы оның үлесі 13%-ға, 1997 жылы – 22% және 1999-2000 жылдары – 40%-ға өсті. Жалпы 1993-2000 жылдар аралығында шетелдік инвестицияның көлемі 12,5 млрд. долларды құрады. Көріп отырғанымыздай инвестицияның төмендеуі экономикалық өсуде де дағдарыстық жағдайды көрсетті. Сонымен инвестициядағы дағдарыс экономикалық өсудегі дағдарыстың бірден-бір басты себебі деп айтсақ болады.

Елімізде инфляциялық дағдарыстың орны ерекше деп те атасақ болады. Өйткені 1990 жылдан бастап өндірістің құлдырауы, бұрынғы орталықтанған экономиканың ақшаны құнсыздануға жібермей ұстап тұрған саясаты жойылып, экономика нарықтық қатынастарға бет алғанда қаржы саласы дереу дағдарысқа ұшырады. Осының салдарынан Қазақстанда 1992-1994 жылдары тұтынушылар тауарына инфляция деңгейі 2000%-дан асып кетті. Өндіріс пен инфлияцияның дағдарысқа ұшырауы әлеуметтік саланың күрт құлдырауына алып келді. Халықтың ақшалай кірістері кеми бастады, еңбек ақы төмендеді, жалпы елде кедейшіліктің деңгейі өсе бастады.

Әлемдік тәжірибеде инфляциялық дағдарыс деп екі жыл аралығында инфляция деңгейі 40%-дан төмендесе айтады. Ал Қазақстанда 1992-1994 жылдары гиперинфляция болды.

Осы мәселеге мемлекетіміз әр түрлі саясаттарды іске асыра бастады. Бірақ 1991-1993 жылдары өзіміздің ұлттық валютамыз болмауы себебінен қаржы жүйеміз ақша-несие және валюталық саясатты толық түрде жүргізе алмады. Осылайша, 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валютамыз теңгені енгізуімізге тура келді. Осыдан бастап еліміз экономиканы ақша-несиелік және валюталық түрде реттей бастады, ұлттық валютамызды тұрақтандыру саясатын жүргізуді қолға алды және жаппай мемлекеттік меншікке жекешелендіру саясаты, яғни кәсіпкерлікті дамыту реформалары жүргізілді. Бұл саяси іс-шаралардың барлығын жүргізіп, іске асырып отырған мемлекетіміздің Ұлттық Банкі болды.

Сөйтіп, 1995 жылдан бастап экономикада жүргізілген реформалардың нәтижесінде және қаржылық реттеудің арқасында инфляция қарқынының төмендеуі байқалды, ал оның төмендеуі өзімен бірге экономикалық өсудің белең алуына әкелді.

Осылайша 1995 жылы жылдық инфляция деңгейі 60,3%, 1996 жылы – 28,7%, 1997 жылы – 11,2%, 1998 жылы – 1,9%, ал өткен 2003 жыл инфляция деңгейі жоспарланған 4-6%-дан ауытқымай, жалпы 5,8%-ды құрады. Еліміз келесі жылға инфляция деңгейін 3-5% деңгейінде жоспарлап отыр. Бұлайша экономикада инфляция қарқынын жоспарлап отырғаны жалпы жүргізілген реформалардың және саясаттардың оң нәтиже бере бастағаны деп түсінеміз. Өйткені ел экономикасында инфляция қарқыны төмен және тұрақты деңгейінде болып отыруы жалпы өндірістерді дамытуға басты себеп болып табылады.

Әлеуметтік дағдарыс Қазақстан Республикасында күні бүгінге дейін орнын таппаған, басты шешілмеген мәселе болып келді. Елімізде 1990 жылдан бастап жаппай өндірістің құлдырауымен байланысты өнеркәсіп орындары жаппай банкротқа ұшырауы және өндірістің қысқаруы салдарынан жұмыссыздық жаппай орын алды. Халықтың табысы, еңбекақысы төмендеп, қоғамда кедейшіліктің өсуі орын алды. Сондай-ақ бұрынғы Кеңестік кезендегі жүйеге үйреніп қалған халық, нарықтық құрылымға бірден ене алмады. Тіпті, кейбіреулері бұрынғыдай мемлекет жұмыс тауып береді деп санаса, көбісі бұрынғысынша жұмыс істемесем де ақша табуға болады деп ойлады. Ал нарықтық экономика мүлдем мұндай емес еді, онда қаншалықты еңбек етсең, соншалықты табыс табасың.

Сондықтан, Қазақстан Республикасы осы аталған экономикалық дағдарысты шешу мақсатында сол кездердің өзінде бүгінге дейін жалғасып келе жатқан көптеген даму жоспарларын және экономикалық реформаларды жүргізді. Ол реформалардың ең алғашқысы Қазақстан Республикасын әлемдік нарықта демократиялы, әрі нарықтық қатынастағы ел ретінде құру болды. Әрине, бұл реформаның тиімді және ұқыпты жүргізілуі нәтижесінде бүгінгі таңда еліміз экономикасы толықтай нарықтық қатынастарға өткен дамушы ел ретінде танылуда.

Бұл реформалардың еліміз үшін маңыздылығы ел дамуының болашағы тәуелді болып табылатын экономиканы жоспарлы экономикадан рыноктық қатынастағы экономикаға толық қанды ауыстырып, экономиканы демократиялау болып табылады. Бұл реформада ел ішінде

негізінен 1985 жылдардан бастап Кеңес Одағы ыдырамай тұрған кезден бастап өзінің қызмет етуін көрсете бастаған.

Ал еліміз экономикасының толықтай түрде рыноктық қатынастарға өтуі 1991 жылдан бастап іске аса бастады. Осы кездерде рыноктық экономиканың қызмет етуінің ортасы болып табылатын жеке меншікті қалыптастыру үшін экономиканы жекешелендіру қажеттігі туындады. Яғни, елімізде жаппай жекешелендіру іске асырылды. Ал бұл өз кезегінде бүгінде жемісін беріп, ұлттық экономиканың рыноктық қатынастары дамыған, кәсіпкерлік қызметтің үлесі толықтай экономиканы қамтып, бәсекелестікке қабілеттілігі даму үстінде.

Еліміздің рыноктық экономикаға өтуіне байланысты нарықтық қатынастар күрделеніп, олардың қызметтерінің сан-салалы бағыттары пайда бола бастады. Әлемдік тәжірибе бойынша экономиканың өтпелі кезеңінде нарықтық экономиканың механизмі бұзылып отырады, ал оны реттеп, бір жүйеге келтіріп отыратын мемлекет саясаты мен реформалары болып табылады.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті дамыту жоспарының қалыптасуы және оның дамуы негізінен еліміздің егемендігін алған жылдардан бастап бүгінге дейін жалғасуда. Кәсіпкерлік қызметті дамытудың алғашқы реформалары Кеңес Одағы экономикасының негізі экономиканы орталықтан басқару жүйесін ыдыратып, меншіктік қатынастарды дамыта түсті. Оның алғашқы қадамы мемлекеттік меншікті жекешелендіру, яғни бұл кәсіпкерлік ортаны қалыптастырудың алғашқы кезеңі еді.

Елімізде кәсіпорындар мен экономикалық құрылымдарды жаппай жекешелендіру 1998 жылға дейін қарқынды түрде жүргізілді. Ал одан кейінгі кезеңдерде экономиканы реформалау тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін кәсіпкерліктің дамуына қолайлы орта жасау, отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, кәсіпкерліктің өнеркәсіп саласындағы үлес салмағының артуына жағдай жасау, кәсіпкерлікті инновациялық қолдау, кәсіпкерлік қызметте кластерлік жүйені дамыту сияқты басты міндеттерді шешуде. Оған бірден-бір мысал, соңғы жылы қабылданған 2003-2015 жылдарға арналған Индустриялы-инновациялы даму стратегиясы мысал бола алады. Ол стратегияның негізгі мақсаты отандық өндірістің шикізат бағытынан қол үзіп, экономикалық өсудің тиімді жолы болып табылатын дамудың индустриялы сатысына өтіп, сервистік-технологиялық қызметті дамыту болып табылады. Ал мұны іске асырудың негізі рыноктық экономиканың негізі болып табылатын кәсіпкерлік қызметті ынталандыру екені белгілі.

Сондай-ақ еліміздегі кәсіпорындардың басым көпшілігі бүгінде экономиканың сауда-саттық, делдалдық және автакөлік жөндеу сияқты салаларында орын алуда.

Қорыта келгенде, елімізде жүргізілген барлық экономикалық іс-шаралар өз өнімін беріп, мығым экономикалық өсуге қол жеткізілуде. Енді өткен шаралардың кемшілігін түзеп, дамыған ел қатарына қосылу үшін әлем жүріп өткен жолдарды саралап, ұлттық экономикаға тиімді жағын таңдап алу және соған жету үшін рыноктық қатынастардың заңдылықтарын, қызмет ету механизмін саралап, оларды ұлттық экономиканың дамуына шеберқолдана білу, біздің дамып келе жатқан еліміз үшін маңызды болып табылады.

1. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан – 2030» Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Н.Ә.Назарбаев. “Бәсеке қабілетті Қазақстан”, “Бәсеке қабілетті экономика” және “Бәсекеқабілетті халық” деген Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан, 19 наурыз, 2004 ж.

3. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдау, Астана, 2005 жылғы 18 ақпан. – Егемен Қазақстан, 1 наурыз.

4. Кенжеғали Сағадиев “Бәсекеге қабілеттілікті өзіміз жасауымыз керек” // Егемен Қазақстан, 2004 ж.

5. Стратегия / “Қазақстан Республикасының Индустриялы-инновациялы дамуының 2003-2015 жылдарға арналған ұзақ мерзімді стратегиясы” – Алматы, 2003 ж.

* * *

Данная статья рассматривает трудности возникшие во время перехода Республики Казахстан в рыночную экономику и о предпринятых мерах с целью повысить развитие национальной экономики страны.

* * *

This article considers the difficulties which was appeared on time of passeging Kazakhstan into the marcet economic and about undertook measures with purpose to increase development of national economic of country.

Н. Е. Гнеденко

ГРИФОН КАК СИМВОЛ НАРОДА АВАРОВ В ВИЗАНТИЙСКОЙ КУЛЬТУРЕ

При системном изучении взаимовлияния глобальной Византийской и локальной Аварской цивилизаций крайне важны культурно-идеологические элементы, символы, раскрывающие причинно-следственные связи.

Актуальность данного вопроса в том, что проблема взаимоотношения аваров с Византией с VI по VIII века занимает одно из ключевых мест при исследовании истории Евразии. Её изучение позволяет понять в общем плане, во-первых, влияние тюркских племён, вышедших с территории Казахстана на одно из величайших государств мира – Восточно-Римскую империю. Во-вторых, помогает проследить на конкретном примере аваров, последствия процесса Великого переселения народов. Современные Болгарское, Венгерское и Австрийское государства напрямую связывают свою средневековую историю с историей данного кочевого народа. Поэтому проблематика истории взаимоотношения Византии и Аварского каганата выходит далеко за пределы собственно европейской или отдельно казахстанской истории. Опыт её исследования важен для Мировой истории в целом. В-третьих, важен сам факт влияния кочевой локальной цивилизации, в лице Аварского каганата, на культурно-цивилизационный облик Византийской цивилизации.

Культурой Византии её наследственностью идеологии в основном занимались западные исследователи: школа «Анналов», Дэйвид и Тамара Райс [2], [3] из советских можно выделить Зинаиду Владимировну Удальцову [4] известного советского учёного-историка, члена-корреспондента АН СССР, директора Института всеобщей истории АН СССР, бывшей ответственным редактором печатного органа советских византинистов — «Византийского временника». Авторы характеризуют важнейшие особенности византийской культуры, в частности синтез восточных и греко-римских традиций, роль античного наследия, влияние государственной власти. У исследователей – византинистов совершенно разные концептуальные подходы, но в некоторых вопросах они единогласны:

- в неповторимости ромейской культуры сложившейся благодаря влиянию с начала древнегреческой, римской, а потом восточной культур.
- в символизме и его влиянии на жизнь и культуру ромеев.

Общепринята наследственность Византии от Древней Греции и эллинистических государств. Ярким примером служили переходящие греческий язык, мозаики, миниатюры, ювелирное искусство, которые вскоре приобрели христианский религиозный характер даже в светском искусстве, позже названный православным. Здесь также можно провести актуальные параллели, ведь в азиатской Республике Казахстан, последнее время активно связывающей своё прошлое с кочевыми цивилизациями, к которым относится история народа аваров, второй основной религиозной конфессией, благодаря количеству исповедующих, считается православное христианство.

Неоспоримо и «восточное наследие», на котором и будет делаться акцент в нашей работе. По-видимому, авары, как и казахи в будущем, принадлежали к глобальной Тюркской цивилизации, ментально и географически принадлежавшей азиатскому континенту. И если эллинистические элементы встречаются в основном в религиозном искусстве, то восточные, азиатские в светском и бытовом: ювелирные изделия, текстиль. [2, 179-182] Изображения символичны.

Символизм в христианском (западном) мире начинает развиваться в византийской религиозно-идеологической сфере именно с VI в. По мнению одного из ведущих историков школы «Анналов» Андре Гийу: «Символизм распространялся на всё, от синаксиса, или собрания верующих, до литургии» [1,371, 374]. Символы он относит к «истории чувств», наравне с верой и молитвой. Лучшим примером служил символизм византийских святилищ, сохраняющийся до сих пор в православных церквях и соборах. Притвор означает «земное царство», ограда хоров, иконостас, купол – «царство небесное», что богато подтверждается иконами и росписью.

Символ – от греч. «знак», «примета» - необходимый элемент культуры, воплощающий способность материальных вещей указывать на иное, идеальное содержание (в данном случае философское значение). Как правило, он представляет собой емкий чувственный образ [5,329]. Символы крайне противоречивы, т.к. каждый человек индивидуален, поэтому к

каждому символу необходимо подходить герменевтически. Воспользуемся наработками семиотики, её разделом - семантикой, чтобы глубже понять социально-психологический облик локальной цивилизации аварского народа и её влияние на глобальную Византийскую. Семантика позволит проследить генезис, характерные черты и тенденции развития, рассматриваемых нами социально-этнических общностей, что и является одним из элементов цивилизационного подхода. Рассмотрим образ грифона в культуре Византии.

Грифон, согласно современным словарям, это мифическое животное с головой, когтями и крыльями орла, а телом льва [6]. В мифической традиции Древней Греции [7,118], грифон был олицетворпением многих богов и символизировал при Афине – мудрость, при Немизиде – возмездие, по нраву был агрессивен. Всевозможные бестиарри дают характеристики и описания данного существа [10], ссылаясь, например, на Помпония Мелу, впервые в письменных источниках, упоминувшего о том, что это существо крылатое, кроме того, грифоны не просто охраняют золото, а выкапывают его из земли.

Находятся параллели, доказывающие первоначально восточное происхождение данного мифического животного, где они выполняли функцию хранителей. В «Мельпомене» из «Истории» Геродота [8,243] мы находим «грифонов, стерегущих золото» для географического описания местожительства аримаспов, которое очень уж подходит описанию сибирских земель, да и скифо-сакские золотые грифоны [9, 129-225], найденные здесь в прошлом веке, так же подтверждают величие роли данного символа в эллинистической культуре.

Этимология самого слова «грифон» напрямую связана с присущей ему символикой. Слово "грифон" происходит от греческого "Γρυψ", которое, наиболее вероятно, произошло от греческого Γρυπος — "изогнутый" или "искривлённый", тем не менее, учитывая восточное происхождение этого вымышленного существа, существуют теории о происхождении греческого слова от ассирийского "*k'rub", от которого в свою очередь произошло и древнееврейское слово "keˇrûb" (херувим), возможно, что происхождение слова связано и с древнеперсидским "giriften" — "хватать"[1]. [10] А как мы знаем, херувимы станут одним из важнейших символов христианской религиозной культуры.

Авары, так же как и грифон, пришли из азиатских долин в Восточную Европу – в Византию. Первоначальной их миссией, как и у грифонов древних греков, была задача охраны и защиты, с таким предложением они выступили, согласно Менандру [11,98] перед Юстинианом и были приняты. В 558 г. авары впервые официально появились в сфере политической истории Византии. Они были тем «разумным стражем», способным защитить империю на Востоке от славянских варваров, утигуров и кутигуров, помочь в противостоянии с Персией, в то время, пока основные силы были направлены на войну в Италии. Продолжая параллель образов общепринятой истории, авары всегда пытались что-нибудь «ухватить», например город, богатую добычу, дань и славились своей агрессией и воинственностью [12, 444-456].

Согласно мифам, грифоны умеют находить сокровища, поэтому их гнёзда выстланы золотом. В подтверждение аналогии: по сведениям доктора исторических наук, заведующего сектором археологии раннего средневековья Института археологии венгерской Академии наук, специалиста по истории и археологии кочевых народов, принимавшего участие в археологических экспедициях на территории СССР и МНР; одного из редакторов и авторов 3-томной «Археологии Венгрии» (из печати вышел т. I. М.: Наука, 1980) Иштвана Эрдели [17]: «до 626 г. аварскому кагану было выплачено около 6 млн. солидов, что соответствовало 25 тыс. кг золота». Что же, таким количеством золота можно было устлать не одно гнездо и не один аварский хринг.

Интересно, на официальном сайте Мёдлингского музей, Австрия, выложена краткая история аваров и те археологические находки, которые к ним относятся, находящиеся там, в виде музейных экспонатов [18]. Фотография захоронения со скелетом авара, бусы, гребень, диадема и бронзовые украшения, по-видимому, на пояс, с креплениями, с множеством «завитушек» и крылатых грифонов. Экспонаты ещё одного австрийского музея в Фёзендорфе так же изобилуют аварскими грифонами [19].

Примечателен венгерский золотой клад из села Надьсентмиклоша (ныне Сынниколау-Маре, Румыния) [20]. Эти 23 драгоценных предмета были найдены ещё в 1799 г. Клад составляли золотые чаши, кувшины, блюда, кубки. Их

[1] Tuczay C.A. "Motifs in the Arabian Nights and in Ancient and Medieval European Literature: A Comparision" // Folklore — 2005, Vol.115. – p.276.

украшали изображения воинов, зверей, птиц, крылатых грифонов, растительный и геометрический орнамент. Долгое время велись споры о принадлежности клада, но сегодня большинство учёных склоняется к версии, что он принадлежал богатой аварской знати, возможно и каганскому роду. В настоящее время клад из Надьсентмиклоша хранится в австрийском музее истории искусств в Вене. Создаётся впечатление, что грифон, наряду с всадником и лучником, был одним из самых популярных изображений в искусстве «европейских» аваров.

И в Византии изображение грифона не являлось редкостью. Например, в Большом дворце Дафна Константинополя на фресках времён Юстиниана, мы находим мозаику изображающую крылатого, рогатого сфинкса, с телом скорее тигра (рыжее, полосатое), терзающего животное, по-видимому ящерицу [16]. Также напольное изображение величаво идущего грифона, выполненного смальтой, датированного VI в. – периодом Юстиниана. А ведь именно в правление Юстиниана, по свидетельствам византийских историков Менандра [11], Феофилакта Симокатты [15], и Иоанна Ефесского [14], авары появились в Европе.

Возможно, поэтому уже в средневековых европейских бестиариях сохранились характеристики грифона как быстрого, опасного, свирепого, большого, сильного, враждебного, властного животного, связанного с Азией и золотом.

Автор каролингской энциклопедии Рабан Мавр, также даёт своё толкование символу «грифон»: «Они могут означать яростных гонителей и надменных гордецов, которые враждебны людям, следующим простоте христианской и живущих разумно». [10] Подобными гонителями в прошлом как раз и были авары. Некоторые авторы раннего средневековья, возможно опираясь на забытые приданья о набегах аваров, писали о «негодном народе грифов», наименование которых до XIII в. появлялось на средневековых картах.

В «Космографии» Этика Истрийского есть земля, где живёт народ грифов: «Племя это глупейшее, подобное диким зверям и страусам или крокодилам и скорпионам»[2], пришедший из Скифии, что соответствует устоявшейся гипотезе об азиатском происхождении аваров и его сыновъе-отеческой связи с Тюркской цивилизацией. А столь нелестная характеристика средневекового автора не является новинкой для «неугодных» народов, нароимер кочевников, в принципе «варваров» для европейцев. Как мы видим, грифон является устойчивым символом.

Известно, в средние века, после падения Константинополя под турецким натиском, Москва объявила себя «третьим Римом», а Рооссия в целом – приемницей Византии в политико-религиозном плане. Примером перехода, приёма служат византийская царская «шапка Мономаха» и двуглавый орёл. Но ведь подобным символом был и грифон, оставшийся на фамильном гербе Романовых. Хотя грифон это и негеральдическая фигура, на гербах он встречается достаточно часто, символизируя могущество, власть, бдительность быстроту и силу. На официальном сайте научно-просветительского ресурса о современном российском герботворчестве «Геральдика сегодня» [13] дана ссылка с иллюстрацией: «Герб Романовых, составленный бароном Б.В. Кёне: «...Герб Рода Романовых: в серебряном поле червленый гриф, держащий золотые меч и тарч (щит с отверстием в середине - *Р.П.*), увенчанный малым орлом; на черной кайме восемь оторванных львиных голов; четыре золотые и четыре серебряные» (ПСЗ. Т.32. 1857. №31720)». Что свидетельствует об активной жизни символа, даже после смерти глобальной Византийской цивилизации, он перешёл в искусство дочерней или сыновьей, по А. Тойнби.

Исходя из вышесказанного, можно сделать вывод о серъёзном влиянии аварской культуры на византийскую и на средневековую европейскую в целом, что подтверждается письменными источниками и археологическим материалом в виде совеременных австрийских музейных экспонатов. Если взять идею Освальда Шпенглера о «форме души» культуры (в смысле цивилизации), то мы увидим «картину души» народа аваров – грифона, который «то в философском, то в художественном обличье» является портретом аварской культуры, лежащий в основе телесного и духовного понимания, её прасимволом.

* * *

Жоғарыда айтылғандай, авар мәдениеті византиялық және жалпы ортағасырлық еуропа мәдениетіне әсер еткендігі туралы қорытынды жасауға болады, оны жазба және австриалық музей экспанаттары ретінде көрініс тапқан археологиялық материалдар растай түседі. Освальд Шпенглердің мәдениеттің (цивилизацияның) «жан формасы» туралы идеясын алатын болсақ, авар халқының «жан суретін» көре аламыз, бұл «біресе философиялық, біресе көркем бейнедегі» оның просимволдарын материалдық және рухани тұрғыда анықтайтын авар халқы мәдениетінің потреті.

[2] Die Kosmographie des Aeticus / Hrsg.Otto Prinz — Munchen, 1993 (Monumenta Germaniae Historiae. Quellen zur Geistesgeschtichte des Mittellalters, 14). – p. 118. [10]

* * *

Aforesaid, it can be done a deduction serious influence of awarian over Byzantine culture and all mediaeval European culture. It was provided by documentary evidence with the archaeological materials in forms of present Austrian museum pieces. If we take the idea of Oswald Shpengler about "soul form" of the culture, that "one moment in philosophical, and another one in art aspect", we will find a portrait of awarian culture lain in the basis physical and spiritual comprehension. It is an presymbol (ancestor symbol).

1. Византийская цивилизация / Андре Гийу; пер. с фр. Д. Лоевского. – Екатеринбург У-Фактория, 2007. – 545, [7] с. – (Великие цивилизации).
2. Райс Дэвид Т. Византийцы. Наследники Рима / Пер. с англ. Е.Ф. Левиной. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2009. – 204 с.
3. Райс Тамара Т. Византия. Быт, религия, культура / Пер. с англ. О.О. Дмитриевой. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2006. – 255 с.
4. Удальцова З. В. Византийская культура. Отв. ред. Е. В. Гутнова.— М.: Наука, 1988.—288 с., ил.— (Серия «Из истории мировой культуры»).
5. Кириленко Г.Г., Шевцов Е.В. Краткий философский словарь. – М.: Филол. о-во СЛОВО: Изд-во Эксмо, 2004. – 480 с.
6. Грифон // Словарь синонимов. – М., 2000. http://dic.academic.ru/dic.nsf/simvol/192
7. Кун Н.А. Мифы Древней Греции. – М.: ООО «Издательство Астрель»: ООО «Издательство АСТ», 2004. – 624 с.: ил. – (Мифы народов мира).
8. Геродот. Истори /Геродот; пер. и примеч. Г.А. Стратановского. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА, 2006. – 696, [8] с. – (Историческая библиотека).
9. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 356 с., илл.
10. Грифон // Бестиарий http://bestiary.us/grifon.php
11. Византийские историки: Дексипп, Эвнапий, Олимпиодор, Малх, Петр Патриций, Менандр, Кандид, Ноннос и Феофан Византиец, переведённые с греческого Спиридоном Дестунисом.- СПб,1860. – С. 95 - 140.
12. Успенский Ф. И. История Византийской империи. В 5 т.- Т. 1. Период I (до 527 г.). Период II (518 – 610 гг.) / Ф. И. Успенский. – М.: Астрель; АСТ, 2005 – 621 с.
13. Родовой символ Романовых // Геральдика сегодня http://sovet.geraldika.ru/article/4753
14. Иоанн Эфесский. Церковная история // Сирийская средневековая историография: Исследования и переводы. - СПб.: Дмитрий Буланин, 2000. http://www.vostlit.info/Texts/rus15/Ioann_Efess/text16.phtml?id=668
15. Феофилакт Симокатта. История // Свод древнейших письменных известий о славянах. Том 2. - М.: Восточная литература, 1995.
16. http://www.vostlit.info/Texts/rus16/Simokatta/frametext1.htm
17. Большой дворец и Ипподром // Архитектурный форум http://forum.arkitera.com/showthread.php/7004-Hippodrome-%28196-330%29-and-The-Great-Palace-%28330-338%29
18. Эрдели И. Исчезнувшие народы. Авары // Природа, 1980, № 11. http://www.kulichki.com/~gumilev/debate/Article24.htm
19. Awarische Funde // Museums Mödling Webseite http://home.tele2.at/museum/Awaren.htm
20. *Das awarische Gräberfeld von Vösendorf http://www.voesendorf.gv.at/system/web/news.aspx?detailonr=219568983*
21. Клад из Надьсентмиклоша // 100 великих кладов http://fictionbook.ru/author/andreyi_yurevich_nizovskiyi/100_velikih_kladov/read_online.html?page=6
22. Шпенглер О. Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории: Гештальт и действительность / Пер. с нем., вступ. ст. и примеч. К.А. Свасьяна. – М.: Эксмо, 2009. – 800 с. – (Антология мысли).

Н. М. Абдукадыров

ИНТЕГРАЦИЯ МЕН ЖАҺАНДАНУ ҮРДІСІ БАРЫСЫНДА ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДА ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әлемдік тарихқа назар салсақ, орта ғасырларда әлемдік дәрежедегі бірнеше алып империялар өмір сүрді. Олардың қатарында, тақырыбымыздың өзегін құрап отырған Ертоғырыл бейдің баласы Осман бей негізін қалаған Осман империясын айтуға болады. Жеті ғасырдан астам уақыт бойы Батыс пен Шығысқа бірдей, өте кең көлемде саясат жүргізген Осман империясының саяси, экономикалық, әскери және мәдени тарихын жан-жақты зерделеу, Тәуелсіз Қазақстаннның тарих ғылымындағы ең ұтымды қадамдардың бірі болып саналады.

Түрік халқы бізге түбірі бір бауырлас халық болғандықтан, тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымында, Осман империясының сыртқы саяси, экономикалық және әскери тарихын мұқият зерттеп, оны идеологиялық тұрғыдан жан-жақты қарастыру істері біз үшін жақсы нәтиже болмақ. Себебі, Осман империясының тарихы кеңестік тарихнамада кешегі күнге дейін маркстік-лениндік методологияның аясында біржақты көзқараспен бұрмаланып жазылып, мұнда, «көптеген сарапшылар» осман түріктерін «варварлар» қатарына жатқызып, біздің санамызда Осман им-

периясына деген негативті көзқарас қалыптастырды. Біз бұл келеңсіз жәйттерге қарай отырып, кеңестік кезеңде Отан тарихын зерттеумен қатар, әлем тарихын зерттеуде де үлкен бұрмалаушылықтар орын алғандығын байқаймыз, яғни кеңестік-коммунистік идеология өз кезегінде әлем тарихының беттеріне де көптеген өзгерістер енгізіп отырған. Осылайша, коммунистік идеологияның қысымына ұшыраған кеңестік тарихшылар, онымен санасуға тура келіп, өз теорияларын ашық ұсына алмады. Осман империясына қатысты, кеңестік тарихнаманың мұндай жағдайларға баруының саяси астары көп болды, алайда ол өз алдына жеке мәселе болғандықтан, біз бұл тақырыпқа тоқталмаймыз.

Әлем тарихын, оның ішінде түркілер тарихын зерттеудегі істердің тәуелсіздік кезеңіне дейінгі уақыттағы жетістіктерін жоққа шығаруға болмайтындығын атап өте отырып, алайда бұл зерттеулерде қалыптасқан тарихи көзқарастардың бүгінгі жаңарған тарих ғылымының сұранысын қанағаттандыра бермейтіндігін ескеруіміз қажет [1. 120-126].

Сонымен қатар, Батыстың тарих ғылымында түркі тектес халықтардың, оның ішінде тақырыбымызға қатысты болып отырған түрік халқының әлем тарихында алатын орнына жан-жақты зерттеу жүргізіп баға берілді деп айта алмаймыз. Осындай жәйттер орыс зерттеушілерінің еңбектерінде және сонымен бірге кеңес медиевистикасында кездеседі. Бұл орында еуропацентристік көзқарастың ықпалының айтарлықтай дәрежеде екендігін байқауға болады. Демек, олардың осман түріктеріне Еуропа мемлекеттерінің саяси және мәдени құндылықтарын қиратушы мен жоюшы деген айықпас айдар таққаны айқын көрініп тұрған сияқты.

Осы орайда, өзімізбен бауырлас болған түрік халқының, яғни Осман мемлекетінің орта ғасырлардағы тарихын қайта зерделеп, оның кеңестік-коммунистіу идеологиялық қасаң, біржақты ұстанымдарынан айрылған тарихын жаңа методологиялық қағидаттар негізінде жан-жақты талдаулар жасай отырып зерттеу және бұл империя тарихына өзіндік объективті бағасын беру, бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстан тарих ғылымының, оның ішінде дүние жүзі тарихы саласының алдында түрған міндеттердің бірі екендігін ескеруіміз қажет.

Дүние жүзі тарихында түркі халықтарының тарихын, қалыптасуы мен тарихтағы орны жайлы зерттеу жұмыстары тек 90-жылдардың басынан бастап барынша шынайы түрде қарқын алып, ғаламтану мен интеграция үрдісі аясында атқарылған оңтайлы істердің бірі болды. Сонымен қатар, осы тақырып төңірегіндегі жұмыстар, президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен іске асып жатқан Еуразиялық идеяны тарихи тұрғыдан негіздеу бағытында да берері мол деп ойлаймыз. Себебі, Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған жылдардан бастап-ақ, ғаламтану мен интеграцияның белсенді жақтаушысы ретінде көріне бастады. Дәл осыдан 17 жыл бұрын, яғни 1994 жылдың наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық Одақ идеясын ұсынған болатын. Қазіргі таңда бұл идея іс жүзінде асып, Еуразиялық, экономикалық одақ құрылды. Еліміз, 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның төрағылығына сайланды. Еуразиялық идеяның болашағы жарқын болса, бұл бағыттағы яғни дүние жүзі тарихын және Еуразия тарихын зерттеулеріміздің де бұл игілікті істі дамытуға қосатыны мол болмақ [2. 13-18].

Өркениетті елдердің негізін құраған халықтардың бірі танылған, шарушылық жүргізу тәсілдері мен әскери өнерді меңгеруде алдына жан салмаған Еуразияның бел ортасын қоныстанған түркілер өзге халықтарға әскери өнер мен мәдениеттің басқа да салаларын жеткізуші, Шығыс пен Батыстың немесе Еуропа мен Азияның мәдени-қоғамдық өмірін, тарихын бірбіріне жалғастырушы ролін мүлтіксіз атқарғаны белгілі. Бұған, дамыған орта ғасырларда ұлан-байтақ аумақты иеленген, көрші мемлекеттермен тығыз саяси-экономикалық мәдени байланыстар орнатып әлемдік тарих беттеріне өзінің үлкен ізін қалдырған Осман империясы жарқын дәлел бола алады [3. 78-79].

Түркі халықтары адамзат тарихында ірі-ірі алып империялар мен мемлекеттер құрғаны белгілі. Түркия тарихшылары бұл орайда мынадай сандарды мысалға келтіреді. Олардың есебі бойынша, түркі халықтары жалпы 16 империя, 57 мемлекет құрған екен. Сөз жоқ, бұлардың барлығы бүгінгі біздердің ортақ мұрамыз, ортақ мақтанышымыз.

Олардың ішінде өзінің тарихи орны мен өз ерекшеліктері бар құрылым және ең ұзақ ғұмырлы империя (1299-1923) Осман империясы болып табылады

Кеңес дәуірі кезінде Қазақстандағы тарих ғылымының дүние жүзі тарихы саласындағы Осман империясының тарихын оқыту ісі, кеңестік идеологияның құрсауында біржақты қарастырылып, онда тек осман сұлтандарының Еуропа елдерімен жүргізген тек басқыншылық соғыстар жайлы және осман бейлерінің (жергілікті басқарушы мырзалар) Балқан түбегі мен басқа да еуропалық аймақтарда

рухани отарлау жүргізгені туралы оқытылды. Алайда, кейіннен маркстік-лениндік идеология өмір сүруін тоқтатқан соң, Осман мемлекетінің тарихына да объективті талдаулар жасалынып, оның негізінде түрік сұлтандарының Еуропа мемлекеттерімен соғыс жүргізіп қана қоймай, ондағы көптеген елдермен түрлі байланыста болғандығы анықталды. Сонымен қатар, түрік билеушілерінің өздерінің Еуропадағы бағынышты аймақтарында, патшалық Ресей империясының Қазақстанда жүргізген рухани отарлауы сияқты саясат жүргізбегендігі де айқындалды. Мұның тағы бір дәлелі ретінде, 4-5 ғасыр уақыт бойы түріктердің қоластында болған Оңтүстік-Шығыс Еуропа халықтарының өз діні мен тілін және мәдениеті мен салт-дәстүрін жоғалтпай сақтағандығын айтуымызға болады.

Яғни, осман сұлтандары қай елді, қай жерді бағындырса да, ол елдің немесе ондағы халықтың тілін, дінін өзгертуге тырыспаған, өз арасынан басшы тағайындап, тек белгілі бір мөлшерде салық алып отырған. Осман империясы XVI-XVII ғасырларда өзінің шарықтау биігіне көтеріліп, жиһангер алып мемлекетке айналды. Ол Еуропаға, әлемдік биліктің әділ жүйесін көрсетті. Құрамына енген этностар мен халықтарды ассимиляциялауға, түріктендіруге және мұсылмандандыруға тырысқан жоқ. Яғни қоластындағы халықтарға рухани қысым көрсеткен жоқ. Мұндағы айтпақ болғанымыз, Осман империясын кешегі патшалық Ресей империясымен салыстыра қарай отырып, осман сұлтандары қоластындағы халықтардан тиісті мөлшердегі алым-салықтар жинаумен шектеліп, орыс патшалары сияқты қоластындағы бағынышты халықтардың дінін, тілін, мәдениетін жоғалтуға мәжбүр етпегендігін көреміз [4. 1-2].

Осылайша, мемлекеттік негізін, мәдениетін, дәстүрі мен салтын сақтаған көшпелі түрік халқы құрған Осман империясы, әлем тарихында айрықша құбылыс болды. Қарамағында халықтың өркениетті табыстары мен жетістіктерін қамти отырып, бұл мемлекет қысқа мерзімде ұлы державаға айнала білді [5. 68-69].

Көптеген тарихшылар Осман империясын Шыңғыс хан империясымен салыстырады. Дәлірек айтсақ, екі империяның даму процесінен ортақтастық іздестіреді. Оған қоса Осман империясы ерте көшпенді империядан орнықтылығымен, басқарудың өзара байланысқан жүйесімен айқындалатынын айтады.

Әлем тарихынан белгілі, Осман империясының әскери әрекеттерде негізгі жетістіктерде жетуіне атты әскер мен янычарлардың әрекеттері және олардың садақ пен жебені қолдануды жақсы меңгергені арқасында тарих сахнасына шыққан түріктердің көптеген жорықтарының сәтті болуы, Еуропа аспанының саяси аренасында басты роль атқаруына түрткі болды.

Осман мемлекетінің жеңістері Еуропа мен Кіші Азияда қуатты соғыс факториясының пайда болғанын көрсетті. Ал оның Еуропадағы иеліктегі жерлері оның экономикалық және саяси мүддесіне айналды. Сөйтіп, XVI ғасырдың бірінші жартысында империя қоғамдық өмірдің барлық салаларында дамудың шарықтау шегіне жетті. Нақты айтсақ, бұл кезең Қаһарлы Селім мен Кануни Сүлеймен сұлтандардың әмірлік еткен кезіне тұспа-тұс келеді. [6. 100-102]. Кануни Сүлеймен сұлтан тұсында ешкім іштен де сырттан да жапа шеккен жоқ, империя сыртқы саясатта өте белсенділік танытып, халықаралық саяси аренада өз орнын жоғарыдан таба білді [7. 85-86]. Шынында да, өкімет сауда мен қалалардың дамуына күш салды. Халық саны өсті, ішкі және сыртқы сауда жанданды. Өмірдің барлық салаларында өрлеу байқалды. Ортағасырлық еуропалық мемлекеттер онымен санасуға мәжбүр болды. Тіпті, бұл сұлтандар еуропалық билеушілерді кіріптарлыққа душар еткен болатын. Алайда, бұл кезең уақытша болып, XVII ғасырда, теңіз сауда жолдарының ашылуына байланысты, еуропалық мемлекеттер өздерінің даму стратегиясын мықтап ұстанды және соның негізінен экономикасын айтарлықтай деңгейге көтере алды. Ал Осман мемлекетінде жағдай керісінше болып, ел экономикасы мен ішкі саяси ахуалы нашарлай бастады. Осылайша, Осман империясы өз тарихында дамудың шырқау шегіне жетіп, одан кейін құлдырау кезеңі басталды. Ол осы кезеңде мемлекет көптеген қиыншылықтарды бастан кешірді. Осман империясының Шығыс және Батыс Еуропа иеліктерінде ролі мен орны көбінесе оның дамуының негізгі кезеңдерімен айқындалады.

Мұндағы айтпақ болғанымыз, еуропацентристік көзқарастағы ғалымдар мен кеңестік жүйенің қысымына ұшыраған кеңестік тарихшылар бұл кезеңді басқаша теориялармен ұсынады. Олар Осман мемлекетінің құлдырай бастауына тек ішкі саясаттағы тұрақсыздық, яғни түрік сұлтандары мен бас уәзірлерінің өзара таққа таласуын ғана себеп болды дейді. Ал, шын мәнінде тек олай болған жоқ. Оған сонымен қатар, теңіз сауда жолдарының ашылуына байланысты, түріктердің Жерорта теңізіндегі базалары мен ішкі сауда орталықтарына тауардың келмеуі мен соған байланысты са-

лықтың түспеуінен экономикасының төмен деңгейге түсуі және Рим папасы бастаған еуропалық христиан мемлекеттерінің осман агрессиясына қарсы бірігіп соғысуы болды [8. 486-488].

Бүгінгі таңда, тәуелсіз Қазақстанда тарих ғылымында түркі тектес халықтардың, оның ішінде әрине Осман империясының әлем тарихында алатын орнына, оның ішкі және сыртқы саяси тарихына, мәдениеті мен тіліне және әскери әрекетіне үлкен қызығушылық байқалуда. Сондықтан, Осман империясының құрылу тарихын, ішкі саяси, әскери, мәдени тарихын және Еуропа, Азия, Африка мемлекеттерімен саяси, әскери, сауда-экономикалық байланыстар мәселелерін зерттеу өзектілігі де дау туғызбайды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алып дербес, егемен мемлекет болғандықтан және БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдардың мүшесі болып қабылданғандықтан, дүние жүзі тарихын зерттеу мен оқытудың негізгі бағыттарын алға қоюы тиіс. Өйткені, интеграция мен модернизация және жаһандану үрдісі барысында, әлем елдерінің арасында лайықты орын табуда, Қазақстанда әлем елдері мен халықтарының, ұлттар мен ұлыстардың корольдіктер мен империялардың этникалық, мәдени, саяси тарихын зерттеп оны ЖОО мен орта мектептерде оқыту, тарих ғылымындағы маңызды шаралардың бірі болмақ. Ал соның ішінде, бауырлас түркі мемлекеттерінің бірі болып табылатын Осман мемлекетінің тарихын кеңестік және еуропацентристік иделогиялардың шырмауынан шығарып, оған шынайы зерттеу жүргізіп объективті баға беру, тәуелсіз Қазақстанда тарих ғылымының прогрессивті көріністердің бірі болып табылады [9. 5-9].

Тәуелсіз Қазақстанның тарих ғылымында, оның ішінде дүние жүзі тарихы саласында Осман империясының тарихын зерттеу мәселелері, енді ғана қолға алынған тақырыптардың бірі деуге де болады. Тарих ғылымының дүние жүзі тарихы саласының мамандары мен зерттеу орталықтары аз болғандықтан, дәл осы уақытқа дейін Қазақстанда Осман мемлекетінің тарихы туралы көлемді зерттеу жұмысы жазылған жоқ. Алайда, кеше ғана өз тәуелсіздігін алып, өзінің тарихын енді ғана бір жүйеге келтірген Қазақстан тарихшылары арасында Осман мемлекетінің тарихына қызығушылықтар көбейе түседі деген сенімдеміз.

Қазақстанның тарих ғылымында бұл тақырыптың аясын кеңейте отырып, онымен зерттеу жұмыстарын жан-жақты, ғылыми, шынайы және теориялық деңгейде жүргізіп, оған өзіміздің әділ бағамызды берсек, интеграция мен жаһандану үрдісі барысында бізбен түбірі бір болған түрік халқы мен оның тарихына деген өз елімізде жасаған үлкен құрметтің белгісі болар еді. Мұндағы біздің мақсатымыз, түріктерді басқа халықтардан үстем қойып, оларды тарихтың келеңсіз оқиғаларынан ақтап алу емес, оны тек басқа көзқарастар мен методологиялардың аясынан шығарып объективті бағасын беру. Егер, біз Қазақстанда тарих ғылымында осындай игілікті істерге қол жеткізсек, президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың түркі халықтарының ынтымақтастығы мен бірлігі идеясын жүзеге асырудағы атқарылған істердің бірі болмақ [10. 204-205].

Мұндай істерге мысал келтірер болсақ, Қазақстанда Осман империясының тарихына қатысты жоғарыдағы аталған империя тарихын зерттеу мәселелері туралы 2000 жылы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының ғалымдар үйінде «Осман империясының 700 жылдығы» атты үлкен халықаралық ғылыми конференцияда жан-жақты сөз болды. бұл конференцияны Түркиядағы Ататүрік атындағы Мәдениет, тіл және тарих қоғамының құрамына енетін Түрік тарихи қоғамы (1931 жылы Ататүрік ұйымдастырған қоғамдық ұйым) мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты ұйымдастырды. Конференцияны Ұлттық Ғылым Академиясының академигі А. Қ. Қошанов пен Түркия Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Мехмет Шынар Алдемир мырзалар ашып берді. Конференцияға Қазақстан мен Түркия Республикаларының атақты ғалымдары мен Алматыдағы түрік ұйымдары мен мәдени орталықтардың қызметкерлері қатысқан. Бұл конференцияда негізінен Осман империясының тарихын зерттеу мәселелері алға тартылып, империя тарихы туралы көптеген ғылыми мақалалар жарық көрді. Ондағы басты тақырыптардың бірі жоғарыда айтып өткеніміздей Қазақстанның тарих ғылымында, Осман империясының тарихтағы орны мен империя тарихын зерттеу жұмыстарының аясын кеңейту қажет екендігі туралы ұсыныстар қолдау тауып жатты. Осман мемлекетінің тарихы туралы мұндай ғылыми-теориялық конференциялар мен басқа да маңызды іс-шаралардың және ең бастысы ғылыми еңбектердің жарық көруі, түрік халқының бізге деген құрметі одан сайын арта түспек.

Қорыта айтқанда, Осман империясы өзінің әлеуметтік құрылымының, мемлекеттік және

әскери ұйымының сипаты, сондай-ақ қоныс тепкен халықтың әралуандығы бойынша әлем тарихында маңызды орын ала білді. 700 жыл бойы өмір сүрген Осман империясының тарихтағы орны мен маңызы, әлемдік тарихтың жарқын беттерінен орын алады. Ал, түбірі бір бүкіл түркі әлемінің ғана емес, әлем тарихындағы үлкен тарихи оқиғалардың жаршысы болған, өз заманында Еуропаны дүр сілкінтіп, Шығыс пен Батысқа бірдей кең көлемде саясат жүргізуі арқылы бүкіл әлем тарихында өзінің кең көлемдегі орнын қалдырған Осман империясының тарихын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеу жұмыстары, Қазақстанның интеграция мен жаһандану процесі барысындағы маңызды қадамдарының бірі болып табылады.

1. Жумагулов К.Т. Проблемы исследования евразийской истории. Историческая наука в XXI веке. (Материалы международных Бекмахановских чтений 24-25 мая 2001 г) Алматы, 2001. с. 120-126.

2. Евразийская доктрина Н. А. Назарбаева. Сост. А. Н. Нысанбаев В. Ю. Дунаев А. 2010 С. 404

3. Н. Ә. Назарбаев. Тарих толқынында. А. Атамұра. 1999 293 б.

4. Фадли Әли. Осман империясы. // Қазақ әдебиеті. № 5 А. 2000 1-2 б.б.

5. Әбусейітова М., Т. Нүсіпбай. Осман империясының тарихтағы орны мен маңызы. // Ақиқат № 7 А. 2007 64-69 б.б.

6. Yaşar Yücel. Ali Sevim. Osmanlı klasik döneminin üç hukumdarı Fatih – Yavuz – Kanuni. Ankara 1991 Türk tarihi kurumu basimevi 300 s.

7. Andre Clot. Muhteşem Suleyman. Fransızşadan şeviren Turhan İlgaz. İstanbul. Kitapçılık 1998 342 s.

8. Ismaıl Hakkı Uzunçarşılı. Osmanli tarihi III cilt I Kısım. 5 baski «Türk tarih kurumı basımevi» 1998 682 s.

9. Жумагулов К. Т. О важнейших направлениях в изучении всемирной и Евразийской истории в университетской науке Казахстана. // Материалы международных Бекмахановских чтений. А. 2003 5-9 стр.

10. Н.Ә. Назарбаев. Ғасырлар тоғысында. А. Өнер 1996 264 б.

* * *

В данной статье рассматривается с позиций учета происходящих в мире процессов интеграции и глобализации проблема освещения истории одного из самых крупных тюркских государственных образований – Османской империи в исторической науке независимого Казахстана.

* * *

In article the author in position of the process of integration and globalization is charactized history of Ottoman Empire and its place in the history of Kazakhstan.

РЕЦЕНЗИЯЛАР

Ж. К. Таймагамбетов

РЕЦЕНЗИЯ
на монографию и.о. доцента кафедры Историографии, источниковедения и исторической информатики факультета Истории и регионоведения Чаргынова Темирлана Таштанбековича «Памятник Юташ-Сай (Ъйташ-Сай) в палеолите Южного Кыргызстана»

Территория Южного Кыргызстана, где расположена рассматриваемая палеолитическая стоянка, занимает юго-западную часть Ферганской межгорной депрессии, входящей в горную систему Тянь-Шаня.

Представленная монография «Памятник Юташ-Сай (Ъйташ-Сай) в палеолите Южного Кыргызстана» вышла в свет с помощью Общественного фонда имени первой кыргызской женщины ученого-этнографа Какен Мамбеталиевой и является первой, единственной работой посвященной древнейшей истории Кыргызстана. Основные памятники каменного века на территории Кыргызстана представлены, как правило, подъемным материалом не имеющие стратифицированной привязки и некоторые из них даны в эпизодических работах Юнусалиева М.

В связи открытием Чаргыновым Т.Т. нового стратифицированного многослойного местонахождения Юташ-Сай возникла необходимость по-иному оценить коллекции ранее открытых не только местонахождений «открытого типа», но и пещерных.

Правомерным является постановка вопроса о хронологической интерпретации материалов пещеры Сель-Унгур. По мнению Н.К. Анисюткина и Л.Б. Вишняцкого рассматриваемую индустрию следует относить к Восточно-Азиатскому галечному палеолиту. В.А. Ранов рассматривает данную индустрию в рамках нижнего плейстоцена, но, сопоставляя с материалами лессового палеолита Таджикистана, относит к заключительному этапу каратауской галечной культуры. Ряд же исследователей на основании геохронологических, фаунистических и палинологических данных считают Сель-Унгур среднеплейстоценовым местонахождением.

В результате произведенного анализа, исследователем была указана преемственность типологического облика орудий в технокомплексах стоянки Юташ-Сай (открытого 2000 году), начиная с нижних и до верхних горизонтов, выявлены общие черты в системе обработки этих орудий.

Правомерны выводы автора монографии о функциональных особенностях объекта об использовании древней популяцией рода Homo на протяжении функционирования памятника как мастерская, привлекавшая внимание близостью к сырью и выгодным стратегическим положением. Исследователем была предпринята попытка корреляции индустрии местонахождения Юташ-Сай с другими памятниками страны и сопредельных территорий, что позволило рассматривать ее в рамках среднего палеолита с незначительным присутствием леваллуазской традиции в обработке камня.

Имеющиеся на сегодняшний момент данные позволяют предполагать, что процесс первоначального заселения древним человеком территории Южного Кыргызстана проходил в эпоху раннего палеолита и связан с носителями галечных культур в первичной и вторичной обработке камня. В дальнейшем этапе произошло наложение привнесенной ашельской культуры на более древние местные галечные, что наблюдается в материалах пещеры Сель-Унгур. Формирование и развитие среднепалеолитических индустрий, по всей вероятности, происходило на основе дальнейшего развития леваллуазской техники при значительном влиянии автохтонной традиции обработки камня, в первую очередь позднеашельской.

Вызывает большой научный интерес дальнейшее продолжения археологических исследований в данном регионе. Несомненно, потребуется обнаружение и тщательное исследование новых стратифицированных объектов с привлечением широкого круга специалистов естественнонаучных и гуманитарных дисциплин, что позволит на качественно более высоком уровне

подойти к решению многих вопросов, связанных с проблемой заселения территории Кыргызстана в древности. Предложенная схема развития палеолита Южного Кыргызстана на мой взгляд преждевременна, что объясняется отсутствием верхнепалеолитических памятников и потому требует детального рассмотрения всех имеющихся памятников Кыргызстана.

В целом, монография молодого и перспективного исследователя палеолита Кыргызстана Чаргынова Т.Т. представляет обобщающуюся работу по палеолиту Южного Кыргызстана, результаты которой могут быть использованы при решении проблем происхождения и развития не только палеолита Кыргызстана, но и всей Центральной Азии и вселяет надежду, что в будущем на указанной территории могут быть открыты еще другие подобные памятники.

СОГЛАШЕНИЕ О НАУЧНОМ СОТРУДНИЧЕСТВЕ МЕЖДУ АРХЕОЛОГАМИ КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ И ЯПОНИИ

Мы уже сообщали, что 14 мая 2010 года в единственном на территории СНГ Музее палеолита Казахстана КазНУ им.аль-Фараби побывала группа археологов из научных учреждений Японии, в частности, Национального исследовательского Института культурного наследия г. Нара, Японского центра Международного сотрудничества и сохранения культурных ценностей г. Токио с целью наладить контакты и подписания договора о научном сотрудничестве с археологами Казахского национального университета. Руководитель делегации глава региональной секции окружающей среды из Токио г-н Казуя Ямаучи, а также доктора наук, археологи Садакатцу Кунитаке, Сусуму Моримото, Канеда Акихиро ознакомились с работой Экспедиции по изучению памятников каменного века Казахстана и экспозицией Музея палеолита. Не случайно, гости приехали к нам. Ведь со времени открытия Музей палеолита стал известен в научных кругах не только ближнего, но и дальнего зарубежья. Гостями Музея палеолита были представители более 60 стран мира, о чем свидетельствуют записи из книги отзывов.

Сегодня Музей палеолита Казахстана не ограничивается только выставкой наиболее ярких каменных орудий той или иной эпохи, но и осуществляет функции научного и учебного центра, проводит полевые археологические исследования. И это обстоятельство особенно заинтересовало коллег из Японии.

Следующий приезд японских коллег состоялся 13 - 29 октября 2010 года. Помимо вышеуказанных лиц в числе археологов был еще один специалист в области палеолита, профессор Като Шинжи. Они прослушали курс лекции профессора Таймагамбетова Ж.К. об антропогенезе и палеолите Казахстана, ознакомились с новейшими достижениями и результатами экспедиции по изучению памятников каменного века Казахстана КазНУ им.аль-Фараби по итогам полевого сезона 2010 года, посетили места раскопок палеолитических стоянок, обработали и зарисовали многочисленные коллекции каменных орудий из фонда Музея палеолита.

Зарубежные ученые присутствовали на встрече ректора КазНУ им.аль-Фараби академика Мутанова Г.М. с коллективом исторического факультета, сами выступили с лекцией перед преподавателями, магистрами и докторантами.

И вот теперь, 26 февраля 2011 года состоялось подписание ректором КазНУ им.аль-Фараби академиком Г.М.Мутановым Соглашения о научном сотрудничестве между КазНУ им.аль-Фараби и Национальным исследовательским Институтом культурного наследия г. Нара, которую представил лично Генеральный директор профессор Икуо Танабе.

На основании научного контракта будет осуществляться совместная исследовательская деятельность, обмен сотрудниками и преподавателями университетов в области археологии, в частности по палеолиту, будут организовываться академические встречи и проводиться научные симпозиумы, а также публикация статей, докладов и других научных трудов членов профессорско-преподавательского состава в периодических изданиях университета-партнера и т.д.

АҚЫНЖАНОВ ОҚУЛАРЫ - 2011

2011 жылдың 23-24 ақпан аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Тарих факультетінің және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты ұйымдастыруымен біртуар ғалым, белгілі археолог С.М. Ақынжановты еске алуға, Археология және этнология кафедрасының 40 жылдық мерейтойына орайластыра өткізілген «Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, сақтау, насихаттау» тақырыбында дәстүрлі «Ақынжанов оқулары-2011» жас ғалымдарға арналған республикалық конференциясы өтті. Конференцияға елімізідің басқа да аймақтарындағы университеттер мен ғылыми зерттеу институттары және орталықтарынан, атап айтсақ Абай атындағы ҚазҰПУ, І. Жансүгіров атындыға ЖМУ, Президент мәдени орталығы, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ т.б. көптеген студенттер, магистранттар, ғылыми қызметкерлер қатысты.

Конференцияның ашылу салтанатында тарих факультеті деканы, т.ғ.д., профессор Ж.Қ. Таймағамбетов, т.ғ.к. Ж.Қ. Құрманқұлов, т.ғ.д. Ә.Т. Төлеубаев, Арнабай Нұржанов секілді белгілі археолог ғалымдар С.М. Ақынжановтың ғылыми мұрасы мен ғалым туралы естеліктер айтып, қазіргі таңдағы археология ғылымындағы өзекті мәселелер жайлы жас ғалымдар арасында баяндамалар жасады.

Конференцияғы баяндамалар негізгі екі секция бойынша қаралды: археология, тарих және этнология. Археологиялық шеңберде қарастыратын болсақ, тас дәуірі, қола мен ерте темір, кейінгі ортағасырлар кезеңіне дейінгі тарихи-мәдени, археологиялық ескерткіштер жайлы қызықты баяндамаларды ортаға салды жас ғалымдар. Бір күнге созылған секциялық отырыста конференция жинағына жарияланатын елуге жуық баяндамалар оқылды.

Конференцияның жабылуы күнінде қонақтарға т.ғ.д. прфессор Ж.Қ. Таймағамбетов «Қазақстанның палеолит музейінде» өз дәрісін өткізді. Қазақстандағы бірегей «Палеолит музейін» қонақтар үлкен ықылас-қызығушылықпен тамашалады.

Конференция қорытындысы бойынша қатысушылар тарапынан дәстүрлі «Ақынжанов оқулары» ұлттығымызды ұлықтайтын мәдени мұраларымызды жас ұрпақ бойына сіңдіруге, жас ғалымдардың қызығушылығын арттыруға қосып жатқан қомақты үлесі айтылып, конференцияны алдағы жылдары Қазақстанның басқа да аймақтарында өткізілуі туралы пікірлер қсынылды. Ұйымдастыру алқасы ұсыныстарды қолдай келе, келесі жылдарда ұсыныс келеген Ғылыми мекемелер мен ЖОО-да өткізілетіндігін мәлімдеді.

ҚҰТТЫҚТАУЛАР

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2010 жылғы **«ЖОО үздік оқытушысы»** мемлекеттік грантын тарих факультетінің бір топ оқытушылары жеңіп алды. Олар тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар – Атабаев Қамбарбек Махамбетұлы, Көкебаева Гүлжаухар Кәкенқызы және Құндақбаева Жанат Бекқызы. Тарих факультетінің ұжымы мен студенттер қауымы жеңімпаздарды жеңістерімен шын жүректен құттықтап, оларға жаңа шығармашылық табыстар тілейді.



Атабаев Қамбарбек Махамбетұлы 1947 жылы 25 тамызда дүниеге келген. 1966 жылы Тараз қаласындағы №5 орта мектепті бітіріп, 1966-1971 жылдары Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетінде оқиды. 1971-1974 жж. Жамбыл облысы мен Жамбыл қаласындағы орта мектептерде тарих пәнінен сабақ береді. 1974-1977 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының аспирантурасында оқыған. 1977-1981 жылдары Жамбыл суландыру-құрылыс институтында оқытушы, 1981-1984 жылдары Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтында аға оқытушысы қызметтерін атқарады. 1982 жылы Г.Ф.Дахшлейгердің жетекшілік етуімен кандидаттық диссертациясын қорғайды.

1984-1989 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында доцент қызметін атқарған. 1989 жылдың қазан айынан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде дәріс беріп келеді.

1998 жылдың 1 қыркүйегінде Қ.Атабаевтың ұйымдастыруымен тарих факультетінде ″Деректану және тарихнама″ кафедрасы ашылды. Қазір сол кафедраны басқарады.

2000 жылы ″Мерзімді басылым Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 жж.)″ атты тақырыпқа докторлық диссертация қорғады. Соңғы он бес жылдың көлемінде 2 ғылыми монографиясы (1998, 2000), үш оқу құралы (1999, 2002, 2007), 130-ға жуық теориялық және проблемалық мақалалары жарық көрген.

Қ. Атабаевтың жетекшілігімен 7 кандидаттық, 4 докторлық және ондаған магистірлік диссертациялар қорғалды. Қ. Атабаеав 2010 жылы ҚазҰУ-дың және Қазақстан ЖОО үздік оқытушысы атанды.

Қ. Атабаев «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру мәселесі бойынша Президент жанынан құрылған қоғамдық кеңестің мүшесі.



Көкебаева Гүлжауһар Кәкенқызы 1975 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітіріп, арнаулы жолдамамен Орал педагогикалық институтында ұстаздық қызмет атқарған. 1982-1985 жж.. КСРО Ғылым Академиясы Жалпы тарих институтының аспирантурасында (Москва қаласы) оқып, 1986 жылы сол институтта 07.00.03 – «жалпы тарих» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған соң, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында деканның орынбасары, жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде сабақ берген. Германия тарихынан докторлық диссертация қорғаған. Бүгінде Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры.

«Неміс академиялық ынтымақ қызметінің» (DAAD) гранты бойынша Рур университетінде (Бохум, Германия) ғылыми-педагогикалық істәжірибесін өткізді.

DGIA гранты бойынша Москвадағы Неміс тарих институтының ғылыми-зерттеулеріне қатысты.

Еуропа елдері тарихының өзекті мәселелеріне арналған 130 ғылыми еңбектері Қазақстан, Россия, Польша, Болгария, Чехия, Түркия, Украинаның басылымдарында жарияланған. 2009 жылы жарық көрген «Германия – Россия – СССР: политика, война и плен» атты монографиясы шетел мамандары тарапынан жоғары бағаланған. Гүлжаухар Кәкенқызы Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Халықаралық қатынастар тарихы», «Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы», «Тарихи процесс және тарихи таным теориясы», гимназиялар мен лицейлерге арналған «Жаңа және қазіргі замандағы әлем тарихы», орта мектептің 10-сыныбына арналған «Қазіргі заман тарихы», 5-сыныбына арналған «Дүние жүзі тарихы» оқулықтарының авторы.



Құндақбаева Жанат Бековна 1984 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетін бітірген. 1989 жылы тарих ғылымдарының докторы, профессор Д.И.Дулатованың ғылыми жетекшілігімен «Казахстан в системе российской экономики в конце XIX-XX вв. (на примере северо-западных областей)» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Сол жылдан бері тарих факультетінде оқытушылық қызмет атқарып келеді. Жанат Бековна 2003-2005 жылдары М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінің күндізгі докторантура бөлімін аяқтап, «Политика Российской империи в Северном Прикаспии в XVIII веке» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Ол зерттеп жүрген тақырыбы бойынша Мәскеуде жарық көрген екі монографияның, бір оқу құралының және отандық, шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған 100-ден аса ғылыми мақалалардың авторы. Ж.Б.Құндақбаева 2003 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің жас зерттеушілерді қолдауға арналған грантының иегері, «2006 жылғы ЖОО үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпазы. 2010 жылы Жапониядағы Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеу орталығының грантын жеңіп алып, арнайы шақыруымен профессор ретінде қызмет атқарып келді.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТТЕР

1. **Алтаев Асқар Шаухатұлы** – т.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының меңгерушісі.

2. **Көкебаева Гүлжаухар Кәкенқызы –** т.ғ.д., Дүние жүзі тарихы кафедрасының профессоры.

3. **Сабденова Гүлмира Естайбекқызы -** т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті.

4. **Сексенбаева Гүлзира Әшімханқызы –** т.ғ.д.,Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті.

5. **Шамшиденова Факия Межмедденовна -** т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті.

6. **Игибаев С.К.,** - т.ғ.д., С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры.

7. **Телеуова Эльмира Дүйсебайқызы -** т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

8. **Байдавлетова Мәдина Досбергенқызы** – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты

9. **Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** – т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

10. **Ноянов Еділ Ноянұлы** - т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

11. **Атабаев Қамбарбек Махамбетұлы** – т. ғ. д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті деректану және тарихнама кафедрасының меңгерушісі

12. **Қарасаев Ғани** - т.ғ.д., Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ профессоры

13. **Аманжулов А.С. -** соискатель СГПИ

14. **Асымова Дария** - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың гуманитарлық мамандықтар кафедрасының докторанты

15. **Жанбосинова Альбина Советовна –** т.ғ.к., Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті.

16. **Таштанов Ж. -** Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекттік университетінің аға оқытушысы.

17. **Турданова Мадина -** Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекттік университетінің аға оқытушысы.

18. **Мұхатова Оразкүл Хасенқызы** - т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ–дың профессоры,

19. **Нұсқабаев Шуақ** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ–дың 4-курс студенті

20. **Кенчинбаев Рефкат Рахимович –** Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің аға оқытушысы.

21. **Хабижанова Гүлнар Болатқызы -** т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

22. **Дадабаева Гүлнар Рахимқызы** - т.ғ.д., КИМЭП профессоры

23. **Оспанова Алия Абдужапаровна -** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты

24. **Оспанова Эльмира Бериковна -** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 2-курс магистранты

25. **Абдимомынов Нұртас Талгатжанұлы** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ–дың PhD докторанты

26. **Орхан Камран оглы Алиев –** Әзербайжан Республикасы

27. **Исаева Әлия** - т.ғ.к., ҚазМемҚызПУ-дың доценті

28. **Зейналов Низами Диланчи о.** - А.А.Бакиханов атындағы Әзербайжан Ұлттық Ғылым Академиясының аспиранты

29. **Гаджиева Аида -** Әзербайжан Республикасының ҰҒА тарих мұражайының ізденушісі

30. **Адил Бахшалиев, Рафаель Мамедов** – Сумгаит мемлекеттік университетінің оқытушылары, Әзербайжан Республикасы

31. **Асекова Салтанат Урумовна –** И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің аға оқытушысы.

32. **Ровшан Улдуз оглы Мамедли -** Әзербайжан Республикасы ҰҒА тарих институтының ізденушісі

33. **Исламова Хошгедем –** ізденуші**,** Әзербайжан Республикасы

34. **Ашимова Үміт Әлиякпарқызы** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс магистранты

35. **Кеңесов Ж.К. -** Приозерск қаласының мемлекеттік мұрағатының директоры, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінің ізденушісі

36. **Мұсабаев Сапарғали Бейбітұлы -** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты

37. **Искакова Ғалия Зейділдақызы -** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің 2 курс магистранты

38. **Егеубаев Әділет-** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2 курс магистранты.

39. **Хазретәліқызы Райгүл -** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2- курс магистранты

40. **Оралова Ақнұр Амангелдіқызы -** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты

41. **Бакитжанова Алия Магазовна -** Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің магистранты

42. **Көптілеуова Айдана Болатқызы** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2- курс магистранты

43. **Гнеденко Н.Е**. - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2- курс магистранты

44. **Абдукадыров Нұржігіт** - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты

45. **Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы –** т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, тарих факультетінің деканы, профессор.